

әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті
заң факультеті

Қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу және криминалистика кафедрасы
Оқу - әдістемелік кешен әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
Шифр: 05B030400

Пән: Кеден ісі саласындағы криминалистика

I Модуль. КРИМИНАЛИСТИКАНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

1. КРИМИНАЛИСТИКАНЫҢ ПӘНДІК СИПАТТАМАСЫ ЖӘНЕ МЕТОДОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗІ

1.Криминалистика тергеу және басқа құқыққорғау органдарының жұмысының іскерлігін арттыруға үлкен әсер етеді, өйткені криминалистика тергеу тәжірибесін талдап, қорыту арқылы, қылмысты ашуға бейім тәсілдерді тауып, оларды қолдану үшін керекті техникалық құралдарды тергеу қызметкерлеріне дайындап береді.

Қылмысты оқиға бір адамның, немесе бірнеше адамдардың белгілі бір әрекет қимылдарынан тұрады.Сондықтан қылмыс қандай жедел жасалса да ол айналадағы ортаға әсер етіп, сол қылмыс жасалған жерде көптеген іздер қалдырады.

Заң әдебиеттерінде криминалистикаға әр түрлі пәндік сипаттама беріледі.

Криминалистика - қылмысты ашуға және тергеуге керекті заттай дәлелдемелерді процесуалдық заңға сүйене отырып, іздеп табу, алу, бекіту, зерттеу үшін пайдаланатын техникалық құралдар, тактикалық тәсілдер мен тергеу әдістемелері жөніндегі ғылым.

Қылмысқа қарсы күрестің нәтижелігі және табысы тергеуші мен тергеу мекемесінде (бөлімінде) жедел-ізвестіру органдарының өзара қарым-қатынасының дұрыс қалыптасуына да көп байланысты. Бұл көрсетілген екі органның өзара қарым-қатынасы қылмысты іс жүргізу кодексінің тиісті баптарына негізделеді.

Криминалистика басқа да өзі тектес заң ғылымдарымен тығыз байланысты.

Криминалистика ең алдымен қылмыстық істер жүргізу заңымен тығыз байланысты. Себебі криминалистиканың зерттеп дайындаған тәсілдері мен әдістері қылмысты ашуға, тергеу әрекеттерін тиімді жүргізуге негізделсе, қылмыстық істер жүргізу заңы осы тергеу әрекеттерінің жүргізілу тәртібін заңды түрде регламентациялайды. Атап айтқанда екі пәннің де зерттейтіні бір объект – тергеу әрекеті. Бірақ олардың осы процесуалдық әрекеттерді оқып, тексеру аспектісінің мазмұны әр түрлі. Криминалистік тәсілдер мен әдістер тергеу әрекеттерінің тиімді және нәтижелі жүруіне бағытталған. Олар қылмыстық процесуалдық заңда көрсетілмеген, заң қалпының мазмұнымен камтылмаған. Бірақ криминалистика ұсынған қандай әдіс, тәсіл, не құрал

болса да ол қылмысты істер жүргізу заңының шеңберінен шықпауға тиісті және заңға қайшы болмауы керек.

Криминалистиканың қылмыстық құқық ғылымымен де тығыз байланысы бар. Қылмыстық құқық ғылымында қоғамға қауіпті қандай әрекеттердің қылмыс қатарына жататынын көрсетіп, әр қылмыстың құрамындағы белгісін талдап баяндайды.

Криминалистикаға тектес ғылымдардың бірі – криминология. Бұл ғылым қылмыстың болу себептерін, оның әлеуметтік негіздерін және белгілі жерде тарауын, оған қарсы сақтандыру шараларының қолдану тәсілдерін зерттейді.

Келтірілген ғылымдар мен пәндерден басқа криминалистика басқа да криминалдық ұғымға кіретін сот - медицинасы, сот - психиатриясы, сот - психологиясы пәндерімен де көп байланысы бар, өйткені қылмысты ашу, оны тергеуге арналған криминалистік тәсілдер, тергеу әрекетін жүргізу әдістері осы жоғарыда айтылып отырған пәндердің қағидаларын пайдаланады.

Криминалистика тек заң ғылымдары ғана емес, басқа ғылымдармен де, атап айтқанда: физика, химия, математика, педагогика, психология ғылымдарымен де байланысы бар, себебі криминалистика қылмысты тез арада ашу үшін, өз тәсілдерінің нәтижелігін арттыру үшін, жоғарыда айтылған ғылымдарда қолданылатын тәсілдер мен әдістер, техникалық құралдарды өз қажетіне бейімдеп пайдаланады.

Криминалистикада қолданылатын тәсілдер мен әдістер, заттай дәлелдемелерді іздеп табу, оларды бекіту, алу, зерттеуге бағытталады.

Заттай дәлелдемелерді іздеп табу дегеніміз – ол тергеу органдарының қылмысты ашуға, керекті дәлелдерді іздеуге байланысты жүргізілетін жұмыс әрекеті. Заттай дәлелдемелерді іздеуге арнаулы әдістер мен тәсілдер жеке криминалистік құралдар қолданылады, себебі кейбір іске қажет дәлелдер, атап айтқанда: іздер, өте кішкентай заттарды жай көзбен қарап тауып алуға болмайды (мысалы, майлы тер шығу арқылы пайда болатын қол іздерінің үлгісі).

Бекіту және алу дегеніміз – криминалистік аспектіде іздеп тауып алынған заттай дәлелдемелерді, іздерді сол күйінде сақтап қалу үшін, оларды арнайы криминалистік тәсілдермен белгілеу және алу.

Әр ғылымның пәндік сипаттамасы, мазмұны ол ғылымның міндеттерімен тығыз байланысты. Жоғарыда талданған криминалистиканың пәндік сипаттамасы оның арнаулы міндеттерін көрсетуге мүмкіндік береді. Сонымен криминалистиканың мына төменде көрсетілгендей негізгі міндеттері бар:

1. криминалистиканың ғылым ретінде дамуы;
2. заттай дәлелдемелерді іздерді тауып, бекіту, алу және зерттеу үшін керекті жаңа криминалистік әдістер мен тәсілдерді одан әрі өңдеп жетілдіру және осы әдістерді пайдалануға лайықты техникалық құралдар жасау;
3. алдын-ала тергеудің ұйымдық, тактикалық негіздерін жетілдіру. Әрбір тергеу әрекетінің тактикалық әдістерін өңдеу арқылы оның нәтижелігін арттыру;

4. жекелеген қылмыстарды тергеу әдістемелерін өңдеп жетілдіру үшін жаңа ұсыныстар енгізу;

5. қылмысты болдыртпау үшін криминалистік сақтық шараларды құқыққорғау органдарына ұсыну.

2. Криминалистиканың жүйесі.

Криминалистика ерекше, дербес ғылым бола тұра, өзі жеке бөлімдерден құралады: криминалистиканың теориялық және методологиялық негіздері, криминалистік техника, тергеу тактикасы, әр түрлі жеке қылмыстарды тергеу методикасы.

Сонымен қатар, криминалистер кейінгі жылдары криминалистика жүйесінде қылмысты ашу мен тергеуді ұйымдастыруға арналған тағы бір бөлімді бөліп көрсетеді.

Олардың пікірлері бойынша бұл бөлімнің ұғымына криминалистік болжаулар, сондай-ақ, тергеу процесіндегі тергеушінің әртүрлі қызметпен өзара байланысын жоспарлау жөніндегі ілімдер кіруі қажет.

Бірінші бөлімде криминалистиканың пәндік сипаттамасы беріледі, оның жеке бөлімдерінің қысқаша мазмұны мен бөлімге жіктеу. Осы бөлімде криминалистикада пайдаланылатын жалпы ғылымдық және арнаулы әдістер көрсетіле отырып, идентификация мен диагностика ілімдері теориялық жағынан қарастырылады.

Екінші бөлімде заттай дәлелдемелерді және іске керек деректерді іздеп табуға, бекітуге, алуға зерттеуге керекті тәсілдер мен әдістер, осыған байланысты қолданылатын техникалық құралдар жөнінде айтылады.

Бұл бөлімнің жеке тарауларында криминалистика техникасында қолданылатын тәсілдер мен құралдар көрсетіледі.

Шішінші бөлімде криминалистік тактика тергеу әрекеттерін жүргізгенде қолданылатын тиімді, нәтижелі әдістері, оларды қолдану принциптері баяндалады. Тергеу тактикасы криминалистік техникамен тығыз байланысты. Егер криминалистік техника техникалық тәсілдер мен құралдарды пайдалану жөніндегі жалпы ұғым берсе, тергеу тәжірибесі бұлардың тергеу әрекетінің ерекшелігіне байланысты қолдануға болатынын айтады.

Бір пәннің жеке бөлімдері болғандықтан криминалистік техникамен, тактика бірімен – бірі ұштаса отырып, олар криминалистиканың келесі, төртінші бөлімі жекелеген қылмыстарды тергеу әдістемесімен де тығыз байланысты.

Бұл бөлімде жекеленген қылмыстар бойынша жүргізілетін тергеудің әдістемелік тәртібі көрсетіледі және криминалистік тергеу болжауларының теориялық негіздері, анықтама органдары, тергеушінің қылмыстық іс жүргізгендегі қарым-қатынас принциптері сипатталады.

Әр қылмысты тергеудің өзінше ерекшеліктері бар. Осыған байланысты жеке бір істі тергегенде қолданылатын техникалық және тактикалық тәсілдер мен әдістер тергеліп жатқан қылмыстың ерекшеліктеріне бейімделеді.

Сондықтан техникалық тәсілдер, әр тергеу әрекеттерінің техникалық әдістері осы ерекшелікке байланысты қолданылады және осы қылмысты ашуға, іс бойынша дәлелденетін барлық мәселелерді шешуге бағытталады.

Қай қылмысты болса да тез арада ашып, оны толық тергеу үшін оны криминалистік тұрғыдан талдап, оған криминалистік сипаттама беру керек.

3. Криминалистиканың әдістері

Криминалистика өзінің алдына қойған міндеттерін ғылыми жолмен зерттеген тәсілдерді қолдану арқылы шешеді.

Криминалистикада жалпы ғылыми және жеке тәсілдермен қатар арнайы тәсілдер де қолданылады.

2модуль. Криминалистикалық техника

Криминалистикалық техниканың жалпы ережелері

1. Криминалистік техниканың түсінігі, оның құрылымы.
2. Тергеуші маманның қолданатын ғылыми – техникалық құралдары.
3. Сарапшылардың қолданатын ғылыми – техникалық құралдары.

1.

«Криминалистік техника» деген атау екі ұғымда қолданылады. Біріншіден криминалистикалық техниканы криминалистиканың бір бөлімі ретінде ұғынылады.

Екіншіден, криминалистік техника деп криминалистік зерттеуде қолданатын ғылыми – техникалық құралдарының жиынтығын атайды.

Криминалистік техника – бұл қолданатын ғылыми – техникалық құралдар мен табу, бекіту, алу, зерттеу, тергеліп жатқан жағдай туралы мәліметтерді жинап, толықтыратын тәсілдерді, сонымен қатар қылмыстардың алдын алу тәсілдерін қолданудың теориялық ережелері мен соларды жүзеге асыру жолдары. Анықтамаға зер салатын болсақ, одан криминалистік техника бөлімінің шешетін мәселелерін байқаймыз.

1-мәселе- қылмыстың ізін қалай және қандай техникалық құралдардың көмегімен табуға болатыны.

2-мәселе- олар делел болуы үшін , оларды қалай және қандай техникалық құралдармен белгілеп, бекітуге болатыны.

3-мәселе- бұл дәлелдерді, қалай және қандай техникалық құралдардың көмегімен алуға болатыны.

Мысалы, қылмыс ісіндегі саусақтың басылған ізін, криминалистер ХХ ғасырда, ұнтақтың көмегімен табуға болатынын, оны да дактилопенкаға бекітіп, бирка жасап, сол пленканы алуға болатынын анықтаған.

4-мәселе- бұл дәлелдер қалай және қандай тәсілдермен зерттелінгені. Бірақ көбінесе бұл мәселені экспертология зерттейді.

5-мәселе- қылмыс ісі жайлы, қолданылған қару жайлы, қылмыскерлер жайлы, қолданылған іздері жайлы және т.б. мәселелер жайлы мәліметтерді қалай және қандай тәсілдер арқылы жинауға болатындығы.

б-мәселе- қандай техникалық құралдар қылмыс жасауға кедергі жасай алатыны.

Аталған мәселелер арнайы болып табылады, ал осылардың әрқайсысында нақты мәселелер бар және әлі де бола береді.

Ғылыми – техникалық құралдар КТ ұғымының басты ұғымы болып табылады. Бұл ұғым мыналарды көрсетеді: құрал жабдықтар, аппараттар, приборлар, саймандар, материалдар, заттар, тәсілдер, әдістемелер. Неге бұлардың тізімі сондай көп? олар табу, белгілеу, бекіту, алу, зерттеу, мәліметтерді жинау және т.б. көптеген маңызды мәселелерді шешеді.

Мұндай әртүрлі мәселелерді шешу, әртүрлі құралдарды қолдануды талап етеді және оларды әртүрлі субъектілер қолданады. Оларды қолданатындар – тергеуші, маман, сарапшы, жедел қызметкер. Тергеу кезінде қолданылатын ғылыми – техникалық құралдар былай бөлінеді:

- басқа ғылымдарда ауысып келген;
- криминалистиканың қажетіне икемделген;
- криминалистерді өздері ойлап шығарған;

2-сұрақ

Тергеуші мен маманның қандай ғылыми – техникалық құралдарды қолданатынын қарастырайық, тергеу әрекеттерін жүргізу барысында ҚР ҚІЖК - бабына сәйкес тергеушінің өзінің тобына маманды қатыстыруға құқығы бар. Оның міндетіне мыналар кіреді: техникалық құралдардың көмегімен заттай дәлелдемелерді табу, бекіту, алу, оларды хаттау.

Егер маман жоқ болған жағдайда бұл ғылыми-техникалық құралдарды тергеуші өзі қолданады.

Техникалық құралдарды қолданудың барлық жағдайында жоғарда аталып кеткен негіздерге сай келуі керек.

Іс жүргізуде бекіту, қалай болуы керек? мысалы, фотосуретке түсіру жұмысы жүргізілетін болса, онда хаттамада міндетті түрде мыналар жазылуы керек - «Ұстамдығы (выдержка) 100-дік БСТ 65-тік фотопенкаға, гелиос объективті, диафрагмасы 8-дік Зенит ТТМ-нің көмегімен, өлшегіш сызғышты қолдану арқылы аяқ-киімнің көлемдік ізі фотосуретке түсіріледі.

Маман криминалистің қатысқан жағдайында, ол тергеушінің тапсырмасы бойынша қажетті техникалық құралдарды талғап, алып, дайындайды, ал жұмыс кезеңінің барысында іздестіру және т.б. әрекеттерімен айналысады.

Тергеушінің немесе маманның қолданатын техникалық құралдарының барлығы нендей нәрселерге арналғандығына байланысты, мынадай топтарға бөлінеді:

- Жарық беруші құралдары;
- Өлшеуіш құралдары;
- Іздестіру құралдары;
- Алу және қаптағыш құралдары;

КТ – ның ішкі құрылымы бар, ол екі бөлімнен тұрады:

Біріншісі, жалпы бөлім-мұнда КТ-ның ұғымы, оның шешетін мәселелері, құқықтық негіздері, техникалық құралдардың сипаттамасы, техникалық құралдарды қолдану тәртіптері қарастырылады.

Екіншісі, - ол мынандай болып келеді,

1. Криминалистикалық фотосуреттерді түсіру, дыбыс, бейне жасау.
2. Трасология.
3. Қарулардың криминалистикалық ілімі, ал ол кезінде мыналарға бөлінеді:
4. Криминалистік баллистика.
5. Суық қаруды криминалистік зерттеу.
6. Жарылғыш заттарды криминалистік зерттеу.
7. Құжаттарды, заттарды криминалистік зерттеу, мұның өзі бірнешеге бөлінеді:
8. Соттық қолжазба тану ілімі.
9. Соттық авторды ілімі.
10. Құжаттарды техникалық зерттеу.
11. КТ-ның өзіне тән емес бағыттары:
12. Материалдар мен заттарды зерттеу.
13. Одорология.
14. Фоноскопия.
15. криминалистік бет-әлпетті бейнелеу (габитоскопия).

3 – сұрақ

Заттық дәлелдерді зерттеу кезінде сарапшылардың қолданылатын ғылыми-техникалық құралдардың көлемін, олардың ең негізгі белгілерін сіздер білулерің керек. Заттың қандай қасиеттері зерттелетініне байланысты оларды 4-ке бөледі:

1. морфологиялық қасиеттерді зерттеу мақсатындағы тәсілдер мен құралдар.
2. Заттың құрамы мен құрылымын зерттеу мақсатындағы тәсілдер мен құралдар.
3. Жеке қасиеттерді зерттеу мақсатындағы тәсілдер мен құралдар.
4. Алынған мәліметтерді өңдеу тәсілдері.

Бірінші топқа мыналар жатады – жарық микроскопы, интроскоптар, профилографтармен электрондық микроскоптар. Ең кең таралған приборлар - жарық микроскоптары және т.б. Бұлар барлық өркендеген мемлекеттерде бар (криминалистикалық орталықтарда). өкінішке орай бізде олар жоқ. Интроскопия кедендік бақылауда – тексеруде қолданады.

Екінші топтағы қолданылатын тәсілдер біршама, олар зерттеу мақсатына қарай мыналарға бөлінеді:

- а) құрамын зерттеу;
- ә) қосындыларын зерттеу;
- б) әр компонентті бөлу және зерттеу;
- в) заттардың құрылымын зерттеу;

2а тобының тәсілдері – эмиссиялық және микро-спектральды талдау (анализ), атомдық- абсорбациялық талдау, рентген-спектральдық талдау, ПМР тәсілі, ЯМР тәсілі, нейтронды активациялық талдау және т.б.

2ә тобының тәсілдері – инфроқызыл спектрометрия, рентгенді спектрометрия, масс- спектрометрия, рентген фазалық талдау және т.

Трасология, КТ бір саласы.

Жоспары:

1. Трасология ұғымы, мәселелері, ғылыми негізі.
2. Трасологияда іздерді жіктеу (классификация).
3. Іздермен жұмыс істеудің жалпы тәртібі.

Трасология – бұл КТ бір саласы болып табылады. Сонымен қатар, Трасология-іздер туралы криминалистикалық ілім ретінде қарастырылады, теориялық ілім ретінде КТ басқа да бөлімдеріне өте маңызды, олар криминалистикалық баллистика, құжаттарды зерттеу техникасы, қол жазба тануда және сот медицинаға, кейбір жағдайларда археологияда, палеонологияда, тарихта және басқа да ғылыми-техника салаларында қолданылады.

Трасологиядағы барлық ойластырылып табылған тәсілдер, көзқарастар негізінен криминалистикалық болып табылады. Трасологиялық тәсілдер тек криминалистикада болады.

Енді олардың қандай маңызы бар немесе іздердің бейнесі арқылы қандай мәселелерді шешуге болатындығын қарастырайық.

1) Тергеуші мен маман-криминалист мынадай мәселелерді шеше алады:

- қылмыскердің немесе қылмыскерлердің жеке тұлғалары жайлы мәліметтерді жинап алуға;
- қылмыскердің қолданған қарулары мен құралдары жайлы мәліметтерді жинап алуға;
- қылмыскердің әрекеттері жайлы мәліметтерді жинап алуға- қанша уақыт кетеді және т.б.;
- осы іздер арқылы қылмыскердің соңына түсуді ұйымдастыру және т.б.;

Ал егер тергеушінің тапсырмасы бойынша криминалистикалық сараптама тағайындалған болса, онда мыналарды дәлелдеуге болады:

- дәл осы адамның немесе осы заттың ізді қалдырғанын;
- қылмыскердің қолданған қарулары мен құралдары қандай топқа жататынын анықтауға;
- із қалдыру жолын анықтауға;

Сонымен қатар, алдын-алу сипатындағы жайларды анықтауға болады. Бұл мәселелерді шешудің маңыздылығын күнделікті тәжірибе көрсетіп отыр. Трасологиялық зерттеудің құндылығының тағы бірі мынада, оның күрделі еместігі, біршама қарапайымдылығы. Ал дәлелдік жағынан өте бағалы.

Нысанының қалдырған іздік бейнесінің ұқсастығын, нендей нәрсеге сүйеніп анықтауға болады. Бұл криминалистикалық ұқсастыру теориясына байланысты негізделген, олар:

1. Материалдық әлемдік объектілердің сырт құрылысының өзіне тәндігі, қайталанбастығы. Трасология ілім ретінде барлық өзінің нысандарын, қайталанбас нысандар деп есептейді. Нысандардың сырт құрылысының көрінісі де сондайлық жеке өзіне тән. Сондықтан ізден

кателесуге болмайды және ізді тек осы нысан қалдырды деп нақты айтуға болады.

2. Екінші бір негіз мынада, материалдық әлемдегі жүріп жатқан күнделікті өзгерістерге қарамай, трасологиялық нысандардың сырт құрылысының біршама тұрақтылығында. Сырт көрінісінің белгілері белгілі бір кезеңге дейін сақталады. 19 – 20 ғ. ішінде трасологтардың зерттеулері сырт құрылысының сырт құрылысының қасиеттері мен олардың тұрақтылығын анықтауға бағытталған.

Қазіргі таңда трасологияның негізгі нысандарының қасиеттері мен өзгеру деңгейлері белгілі.

Трасология іздерін зерттейтін барлық нысандары қандай?

1. Адам
2. Бұзу құралы
3. Көлік құралдары
4. жануарлар
5. Өндіріс механизмдері.

Адам және аталған нысандар әртүрлі іздерді қалдыра алады. Бірақ, трасологиялық із бола алатыны тек сырт құрылысының бейнесі.

2 - сұрақ

Жоғарда айтылып кеткендей, іздік-бейне біршама қатты нысандардың өзара механикалық әсер еткен кезде ғана пайда болады деп.

Нысандардың қаттылығы мен олардың қандай жағдайда екендігіне байланысты трасология іздерді классификациялайды.

1. Қандай нысандар өзара әсер ететіні мен қандай із пайда болатынына қарап, бір нысанды із қалдыратын және із қабылдайтын деп атайды.
2. Егер із қалдыратын нысан із қабылдайтын нысаннан қаттырақ болса, онда көлемді із пайда болады.
3. Егер екуі де қатты болса, және қабаттасу болса онда үстіртін іздер пайда болады. Бұл жағдайда үстіртін іздің пайда болуы із қабылдаушы нысанның үстіңгі қабатының алынып кетуінен немесе із қалдырушының бетінің қабаттасуына байланысты болады.
4. Егер із қалдырушы нысан бір орында тұрса, онда із тұрақты(статикалық) болады, ал егер жүріп бара жатқан болса, онда із қозғалысты (динамикалық) деп аталады.
5. Іздер көрінетін, шамалы көрінетін, көрінбейтін болады.
6. Үстіртін, көлемді және тұрақты іздердің маңызды кезінде өте жоғары , ал қозғалыстағы іздерді іздестіру мақсатында маңызды.

3 – сұрақ

Трасологиялық зерттеу мақсатында, іздерді табу, бекіту және алу көп жағдайларда оқиға болған жерді қарау кезінде жүргізіледі. Сонымен қатар, мұндай қажеттілік, тінту, СЭ, куәландыру, жауатарды оқиға болған жерде жүргізілген кезде пайда болуы мүмкін.

Қандай іздер және оларды қай жерде іздеу керектігі, қылмыс ісінің түріне байланысты болады. Ұрлық ісіне қатысты - әдеттегідей қолдың іздері, бұзу құралдары іздестіріледі, ал жол көлік оқиғасында машинаның іздері және т.б.

Іздер, есіктерде, терезелерде, қаруларда, құлыптарда, еденде, қабырғаларда, және т.с.с болуы мүмкін.

Тергеуші белгілі бір жағдайды көріп, логикалық және үлгілеу жолын құру арқылы, қандай іздерді және олардың қай жерден іздестіру керектігін, ойластыру керек. табылған қандай да бір із тергеушінің логикалық ойлау тізбегіне тура келмеген жағдайда, оны тергеу ісінен шығарып тастауға болмайды. Сол немесе басқа іздің маңызын ешқашан алдын ала білу мүмкін емес. Осыған байланысты мынадай ұсыныстары бар:

1. іздерді қажымай, талмай, шаршамай, табандылықпен іздестіру.
2. Іздің бір түрін тапқаннан кейін басқаларын да қажымай, талмай, шаршамай, табандылықпен іздестіру.
3. Іздің бұл жерге түскенің , не себептен екенін кімнен екенін зерттеу, осы ізбен қылмыс жайының арасында байланыс бар ма, әлде жоқ па соны ойластыру.
4. Айналасындағы заттарды ескере отырып, өте сақтықпен ізді өлшеп алу, белгілеп бекіту керек.

А) детальды түнді түсіру арқылы фотосуретке түсіру;

Б) сақтықпен өлшеп алу;

В) хаттамаға мазмұнын жазу;

Г) жоспарда, схемаларда көрсету;

Д) содан кейін көшірмесін жазу, іздің нұсқасын түсіріп алу;

1) егер ізді өзінің бейнесі түскен затпен бірге алуға болатын болса, онда ең жақсысы осы затты алу керек, бұл туралы хаттамада көрсету керек.

2) көшірменің, нұсқаның із түскен заттардың биркалары болуы керек, онда мыналар көрсетілу керек - қашан, қай жерден, кімнің алғаны, сонымен қатар куәгерлердің қойған қолдары болуы керек.

2б тобының тәсілдері – хромотография-газдық, сұйықтық, жұқа қабатты, пирометтік, қағаздық және т.б.

2в тобының тәсілдері – рентген құрылымдық талдау, электронды диффракция.

Үшінші топтың тәсілдеріне жататындар – компьютердің көмегімен жасалған бағдарлама, ол инфроқызығиот-спектрометрдің хромотографпен, спектографпен және т.б. алынған нәтижелерді өңдейді.

Жедел іздестірушілердің де қолданатын техникалық құралдарын атап өткен жөн.

Бұл негізінен бақылауға , тыңдауға, жазуға, бейне түсіруге арналған құралдар, яғни жедел іздестірушілердің шешуге қажетті мәселелеріне сай келетін құралдар. Бұл байланыс құралдары – дыбыс жазу, бейне жазу камералары, микрофотоаппараттар, оның көруге арналған приборлар, метал іздегіштер, бағытталған телефондар.

Бұған мыналарды да қосу керек полиграфты яғни детекторлар қысымды, демді, температураны тіркейтін приборлар.

АДАМНЫҢ ТРАСОЛОГИЯЛЫҚ ІЗДЕРІ

Жоспар

1. Қолдың іздері, оларды табу, бекіту, алу.
2. Аяқтың, аяқ-киімнің іздері оларды табу, бекіту, алу.
3. Адамның тісінің іздері.

1 сұрақ

Адам қатыспаған бірді-бір қылмыс жоқ – қылмыскерлер немесе жәбірленуші адамсыз. Адам көптеген іздерді қалдырады. Бірақ трасологияға жататындары – қолдың іздері, аяқтың, аяқ-киімнің іздері, тістің іздері сирек кездеседі.

Қолдың іздері – 4 топқа бөлінеді, олар алақанына :

- ірі флексорлық иілген сызықтар.
- Қатпарлар.
- Папиллярлық сызықтар
- Терінің саңылаулары.

Осылардың барлығы нысан. Негізінен папиллярлық сызықтар жиі кездеседі. Олар біздің саусақтарымыздың тырнақ фалангасында орналасқан.

Терінің папиллярлық сызықтарды бар екендігін біз жоғарыда айтқанбыз тырнақ фалангасының ортасында бұл сызықтар өрнектерді жасайды. Ағылшындық Гальфтан мен Генри папиллярлық өрнектердің мынандай түрлерін жекелеп бөліп көрсеткен.

Доға тәріздес – бұл жағдайда папиллярлық сызықтар бір шеттен басталып, ортасына қарай көтеріледі, содан кейін төмендей отырып, екінші шетке қарай бағытталады.

Ілмек тәріздес – папиллярлық сызықтар бір шеттен басталып, ортасына таман иіліп қайтадан сол шетке оралады. Ілмекте басы мен аяғы бар, ал жоғарғы және төменгі сызықтар дельта деп аталатын үшбұрыштар құралады.

Шеңбер тәріздес - өрнектердің ортасында папиллярлық сызықтар сопақша, дөңгелек, спираль сияқты, ілмек тәрізді және т.б. сияқты болуы мүмкін, ол жоғары, төменгі және орталық сызықтар дельта деп аталатын үшбұрыштар құралады.

Ілмек тәріздес өрнекте бір дельта болады, бұрама тәріздесте екі мүмкін одан да көп дельта болуы мүмкін. Ілмектік өрнектер ультнарлық және радиальдық болуы мүмкін, бұл ілмектің аяқ жағына қалай қарағанына байланысты болады. Егер үлкен саусаққа қарай болса, радиальдық болады, шынашаққа қарай-ультнарлы болады.

өрнектердің кездесу жиілігі мынадай болады. Доға тәріздесі – 5% , ілмек тәріздесі – 65%, шеңбер тәріздесі – 30%.

Көрсетілген өрнектер және дельталар жалпы белгілерге жатады. Жеке белгілерге жататындар, айыр тәріздес – Y, саңылау тәріздес – O, нүкте тәріздес - ., көпір тәріздес - //, қысқа сызық - /, және т.б.

Қолдық саусақ іздері тегіс заттардың беттерінде қалады. Осындай өрнектер қандай беттерде қала алмайды – майлы, суланған, қатпарланған заттарда, маталарда, теріде.

Папиллярлық өрнектердің мынандай қасиеттері бар екендігі анықталған:

- олар жеке, қайталанбайды. Гальтон жүздеген саусақтардың басылымдарына жиналған және солардың ішінен бірде-бір қайталанған өрнек табылмаған.

- Олар тұрақты, ана құрсағында пайда болып, өмір бойына қалады.

- Олар өз қалпына қайта келе алады. 30-шы жылдары көптеген қауіпті қылмыскерлер саусақтарына қышқылдармен күйдірген терісін ауыстырған, бірақ өрнектер өз қалпына келеді.

Папиллярлық өрнектер жеңіл салаланады. 1901 ж. Генридің жасаған жүйелеу, қазіргі кезде де қолданады.

Папиллярлық өрнектердің осы қасиеттерін ескере отырып, алғашында Англияда, содан кейін барлығы бастайды және оқиға болған жерде табылған қолдың іздерін, қылмыскерді ұстау мақсатында идентификациялай бастайды. Қолдың іздері көлемде үстіртін, көрінетін, шамалы көрінетін және көрінбейтін болуы мүмкін.

Үстіртін іздердің маңызы зор, себебі ол жерде папиллярлық өрнектері жақсы бейнеленеді. Олар әдеттегідей көрінбейтін болады.

Папиллярлық өрнектер адам даму кезінде пайда болып, өмір бойы өзгеріссіз сақталады, көлемі ғана өзгереді.

Қолдың іздерін табу

Қай жерден оларды табу керек - әрине тергеуші логикалық жолмен олардың қай жерде болуы мүмкін екендігі туралы ойлану керек. болған жайға қарай олар терезеде, терезенің алдында, есікте, оның тұтқасында, құлыпта, шам сөндіргіште, және т.б. болуы мүмкін. Бұл объектілердің беті тегіс болуы керек, олар тегіс емес немесе суланған болса ондай іздерді табу қиын.

Қалай іздестіру керек? бірінші тәсіл – бұл әртүрлі жолмен жарық сәулесін түсіру арқылы көзбен қарап шығу. Шамалы көрінетін іздерді табуға болады. Егер із қалуы мүмкін деп ойлаған зат кішігірім болса, онда оны алған дұрыс, қаптаған кезде, іздер бар жерлер еш нәрсемен жанаспауы керек.

Тауып, анықтаудың тәсілдері:

1-тәсіл – механикалық, яғни әр жерлерге ұнтақтарды себеді. Ол ұнтақты – дактилоұнтақ деп атайды. Қазіргі кезде олардың саны 20-дан астам, SiO₂, ZnO, PbO, қола,күйе, темір, алюминий және т.б.

Ұнтақтар қандай болулары керек –

- Олар өте ұсақ болуы керек, қаншалықты ұсақ болса, соншалықты нәтижелі болады.
- Бояулар құрғақ болулары қажет.
- Олардың түсі із бар жердің түсінен басқа болуы керек. Егер столдың беті күңгірт болса, ұнтақтың түсі ақ болуы керек.

Барлық ұнтақтар не ашық, не күңгірт болады.

Ұнтақты қолдану тәсілі – кистьтың көмегімен, шашу, себу арқылы. Маманның олардың қандай түрін қолданылатынын, оның өз еркінде.

2 – тәсіл – йодттың буымен буландыру. Йод буланып, із бар жердің үстіне түседі. Бұл тәсілдің артықшылығы неде, ұнтақ сеуіп қайталауға болады. Тергеу шамаданында йодтты буландыруға арналған приборлар бар.

3 – тәсіл – химиялық реактивтермен өңдеу, екі реактив белгілі:

1. ацетондағы нингидрин ерітіндісі.

2. ацетондағы аллаксон ерітіндісі.

Оларға іздер ізделіп жатқан жерлерге, тампонмен жағады, біраз уақыттан кейін олар пайда бола бастайды.

Ұнтақтармен, йодпен өңдеудің механизмі майдың тергеу сiңуінде, жабысуында.

Іздерді реактивтер арқылы шығарудың механизмі, химиялық реакцияның жүруінде, соның себебінен түсі бар басқа қосынды пайда болады.

Іздерді тапқаннан кейін оларды бекітудің тәртібі мынадай:

А) ұзартушы дөңгелектің көмегі арқылы масштабты, детальды, түйінді фотосуретке түсіру:

Б) іздер қай жерде табылды, қай затта, сол заттың нақты қай жерінен, өрнек түрі және көлемі, көшірмесі немен алынды, ненің көмегімен іздер табылды және т.б. барлығын хаттамада жазып көрсету қажет.

В) көшірмесін жасау;

Бұл үшін тергеу шамаданында дактило-пленка бар. Оның бір жағы жабысқақ-ізді сақтап қалу үшін, ол пленканы із табылған жерге біркелкі жабыстыру керек сонда із пленкаға көшеді. Пленкалар ашық, мөлдір, күңгірт болуы мүмкін. Егер ұнтақ қара түстес болса, пленка ашық болуы керек, пленканы алу кезінде пленка мен беттің арасында ауа қалмауы шарт. Бирка қою керек, онда, іздің қай жерден табылғанын, уақыты, күні, тергеуші мен куәгерлердің қолдары қойылуы тиіс.

Саусақтардың іздерін тапқан кезде, тергеуші анықтауға мүмкін жайлар:

- кімнің іздері қалғанын (үлкен кісі немесе бала, ер адам немесе әйел, қандай ерекшеліктер бар екенін т.б.)

Сарапшының көмегімен анықталатын жайлар, тергеушінің сарапшы алдына қоятын мәселелері.

- қолдың іздерін табуды тапсырады.

- Қолдың іздері арқылы тұлғаны ұқсастыруды тапсырады.

Мына қолдың іздерін күдікті қалдырды ма деген сұрақтар қойылады.

2сұрақ

Аяқ пен аяқ киімнің іздері – олардың криминалистикалық маңызы ертеден белгілі. Қылмыс ісін тергеу кезінде аяқ іздерін айғақ ретінде, қай кезде қолданылғанын дөп басып айту қиын. Дегенмен, оларға көне заманның өзінде көңіл аударған деп айтуға болады.

Іздерді табу – оларды табу үшін ең алдымен қылмыскердің кірген және кеткен жолдарын анықтап алу керек. Іздер, ылғалды жерде, қарда, шаң басқан жолда қалады. Жалаң аяқтың іздері – линолиумде, паркетте, былғары жиһазда және басқа да жылтыр заттардың бетінде қалады. Аяқ киімнің

іздері, оқиға болған жерден тыс аумақта табылуы мүмкін. Жалаң аяқтың үстүртін іздері, қол іздерін іздеуге ұқсас жүргізіледі.

Белгілі, бекіту:

1. жеке ізді тапқан кезде, бірінші кезекте, оның түйінді және детальдық фотосуретке түсіріп алу керек.

2. содан кейін хаттамада – оның қай жерден табылғаны, бұл іздің қандай екені көрсетіледі. Ұлтандық, орталық, өкшелік, бөліктерінің ұзындығы мен ені аса абайлылықпен өлшенеді, табанының бейнесінің, ерекшеліктері көрсетіледі.

3. егер іздің жолы табылған болса, яғни жүру кезіндегі іздер, онда қосымша өлшеу жүргізіледі – сол жақ адымның ұзындығы, оң адымның ұзындығы сол және оң башпайлардың ені бұрылу бұрышы – осының бәрі хаттамаға жазылады. Жүру жолын, тек бағыттық, панорамалық тәсілмен фотосуретке түсіруге болады. Детальдық түсіру үшін аяқ киімінің табанының анық түскен іздері талғап алынады.

4. содан кейін техникалық түрде бекітуге кірісеміз. Қалай бекіту керектігі ізге байланысты болады, үстіртін немесе көлемді. Үстүртін ізді дактило-пленкаға, резиналық пленкаға, фото қағазға, қағаздың бетіне көшіріп алуға болады.

Көлемді ізді гипс арқылы көшіріп алуға болады. Оның жолы мынадай: көшірме бедерді дайындау алдында – іздің ішін үлкен абайлылықпен тазартады. Пинцетпен ағаштың сынықтары мен жапырақтар, алынып тасталады. Сарғыш қағазбен сулар дайындалады, жазатын бирка дайындалады. Табаққа гипс салып оған су құяды, ол сұйық кілегей тәріздес болуы керек. олардың мөлшері 1:1 болуы керек. содан кейін аса ептілікпен іздің ішіне құйылып толтырылады. Оның үстіне шырпылар қойылады, бирканың жібі қыстырылады, содан кейін екінші қабат гипс құйылады. 20 минуттан кейін гипс көшірмесі абайлылықпен алынады және сумен жуылады.

Шырпылармен жасалған каркас, көшірменің мықты болуы үшін керек.

Көшірмені дайындау, іздің нендей затта табылғанына байланысты. Егер із жаңа жауған қар үстінде, ұнда, цементте, шаңда табылған болса, бұл жағдайда шаңның бөлшектерін, цементті, ұнды қарайту керек, ал қардағы із үшін – гипсті қарға қосу арқылы еріту керек, бұл гипсті суытады. Бұл іздердің криминалистикалық маңызы неде? Бұл іздер арқылы тергеуші мыналарды анықтай алады: шамамен бұның кім екені – ер адам, әйел, бала, оның бойының ұзындығы, қандай ерекшелігі бар екендігі (ақсақтығы), қай бағытта жүріп бара жатқандығын, жүк көтергендігін немесе жүксіз жүргендігін, тоқтағандығын және т.б.

Сарапшының көмегімен жалаң аяқ із арқылы адамды ұқсастыруға болады, ал оқиға болған жерде табылған аяқ киімнің ізі арқылы, аяқ киімді ұқсастыруға болады.

3-сұрақ

Тістердің іздері 2-түрлі болады: тістеу және қыршу.

Тістеу іздері – жұмсақтау заттарға тістердің батуынан пайда болады, бірақ заттардың бір бөлшегі жұлынып алынбайды. Тістеу кезінде іздер екі доға тәріздес болып орналасады, олардың екі шеті бір-біріне қарай орналасады.

Қыршу іздері – бұл заттың бір бөлшегінің бөлінуі. Бұл жағдайда, жоғарғы және төменгі алдыңғы тістердің, алғы беттерінің іздері қалады.

Іздерді табу. Олар әр түрлі жұмсақ азық-түлік заттардан табылуы мүмкін (шоколад, қатайған май, ірімшік, жеміс, көкөніс), шылым түрінен (папирос, сигарет), заттан (мундштук), сонымен қатар адамның денесінен, бұл жерде олар – жара, сүрлеген, көгерген сияқты болады.

Іздерді алу және бекіту. Тістердің іздері, әдеттегідей біраз бөліп алуға болатын заттарда қалады. Тек бір ғана ескеретін мәселе: тез бұзылатын азық-түлікті, сапшыға мүмкіндігінше тез жеткізу – оны, әйнек банкаға, із қалған жері ештеңемен түспейтін етіп салу керек, ал жемістер мен көкөністерді матаға орап, ішінде 40 градустық спирт немесе арақ бар ыдысқа салуға болады.

- іздер қандай заттардан табылды.
- іздер бар нысанның түрі және оның іздері бар беті қандай жағдайда.
- іздердің жанында орналасқан орыны.
- іздердің түрі, олардың саны.
- іздің жалпы көрінісі нысаны және мөлшері.
- түскен тістердің саны.
- әр тістің ізінің түрі, мөлшері және өзара орналасуы.
- іздердің өздеріне тән ерекшеліктері (арқашықтығы, тіс ізінің болмауы, дұрыс орналаспауы).
- іздерді бекіту мен алу тәсілдері.
- нысандарды қаттау тәсілдері, не жазылғаны.

БҰЗУ ЖӘНЕ БАСҚА ДА НЫСАНДАРЫНЫҢ ІЗДЕРІ ЖОСПАР

1. Бұзу құралдарының іздері, табу, бекіту, алу
2. Көлік құралдарының іздері.
3. Жануарлардың іздері.

1-сұрақ

Қылмыскер бұзу арқылы кірген кезде, алдыңғы кедергілерде – есік, құлып, терезе, қабырғалар, сеф, пломбада және т.б. әрқашан іздер қалады.

Бұзу үшін қолданылатын құралдар үшке бөлінеді:

1. арнайы дайындалған.
2. өндіріске арналған.
3. кездейсоқ.

1. Бірінші топқа жататындар: ашқыштар, ломик-фомка, кілттер. Ашқыштар, ломик-фомкалар – бұл бұзушының құралдары. Ашқыштардың ұшының старжиндер түрі мен мөлшері әр түрлі болады. Ломиктің жиналғыш түрі де болады, оның бір жағының ұшы үшкірленген, ал екіншісі жалпайтылып және иілген болуы мүмкін.

Кілттер шамаланып алынуы мүмкін немесе көшірмесі арқылы немесе құлыпты тексергеннен кейін дайындалады.

2. Екінші топқа жататындар - өндірісте, үйде әркімде болатын белгілі құралдар: бұрғы, жоңғыш, лом, балта, балға, ара, және т.б.

3. Үшінші топқа жататындар – бұлар қолға кездейсоқ түскен әр түрлі заттар: тас, құбырдың бір бөлігі, кірпіш, сым, темір, және т.б.

бұзу іздерінің пайда болуы қылмыскердің қандай құралдарды қолданғанына, қандай тәсіл қолданғанына және алдында қандай кедергі болғанына байланысты.

Бұзу құралдарын табу.

Іздер – есік қорабынан, есіктің қабырғасынан, құлыптың ригелінде, терезе қорабында байлауында, форточка саңылауында, қабырғада, еденде және т.б. табылуы мүмкін. Ашқыш, басқа кілтті қолданған кезде, сырт жағынан бұзу ізі көрінбейді. Бұл іздер құлыптың ішінде болады. Осындай тәсілмен ашылған құлыптағы ізді табу үшін, құлыпты толығымен алып сараптамаға жіберу керек.

Көрінетін бұзу іздері былай болып бөлінеді: басылған, сырылған, кесілген, қыздыру әсерінен, бұрғыланған.

Табылған бұзу іздерін бекіту –фотосуретке түсіруден басталады (алдымен негізгілерін, содан кейін жік жігімен түсіреді). Осыдан кейін бұл іздердің қай жерден, қай бөлігінен, қай жағынан табылғаны туралы бейнелеп жазады. Олардың қандай екендігі, мөлшері қалай алынғаны жайлы көрсетіп жазады.

Бөлініп қалған бөлшектер табылған кезде олардың қандай екендігі , қандай сипаты бар екендігі көрсетіледі. Осылардан кейін сараптаушы -маман іздері техникалық бекіту мен алуға кіріседі.

Ең тиімді алу тәсілі –бұл бұзу ізі бар затты алу немесе заттағы бұзу ізі бар жерін кесіп алу. Басылған, сырылған, кесілген, бұрғыланған іздері бірдей кездескен жағдайда екі бөлігі де алынады. Олар неден жасалады:- платилинмен, әртүрлі смоладан. Пластикаға смола сығылып салынады, оған толықтырғыш қосылып араластырылады, содан кейін ол іздің үстіне басылып жапсырылады, оны биркамен белгілеп қояды.

Металл ұнтақтарын магнитпен тартып, жинап алуға болады. Бояудың, ағаштың бөлшектерін скопчен немесе пинцетпен жинап алуға болады.

Бұзу қаруының іздерінің криминалистикалық маңызы:

1) Тергеуші бұзу қаруының қандай екендігін, оның түрін, бұзу әрекеті қай жағынан жасалғанын, қанша адамның бұзуға қатысқандығын, қанша қақыт керектігін, бұл жерде әдейі істеу (көз бояушылық) әрекеті болған жоқ па, қаруда, киімде, аяқ киімде қылмыскердің қандай іздері қалуы мүмкіндігін және т.с.с. анықтай алады.

2) Сараптаушының көмегімен тергеуші қандай қарумен бұзу әрекеті жасалғанын, құлыптың өз кілтінсіз қалай ашылғанын, пломбаның бұзылған, бұзылмағандығына, осы қарумен бұзу әрекеті жасалған, жасалмағандығын және т.с.с. анықтай алады.

2 сұрақ

Көліктің көптеген түрлері бар. Рольсіз жүретін көліктердің іздері криминалистикада маңызы зор.

Олар мынадай болады:

-өздігімен жүретін (а/м, автобус, троллейбус, мотоцикл, мопед);

-өздігімен жүрмейтін (арба, шана, велосипед)

Көлік іздері әртүрлі болады:

- жүретін бөлігінің іздері (дөңгелек, шана табаны, трактордың шынжыры);

- жүрмейтін бөлігінің іздері (бампер, артқы бөлігі)

- көліктен бөлініп қалған бөлшектердің іздері (картердің майы, ЛКП бөлшектері, әйнек, сусыма жүктер және т.с.с.)

Көліктің іздері-жолдың үстінде, басқа көлікте, жол белгілерінде, өсіп тұрған ағашқа, қар үстінде, киімде, жәбір шеккеннің денесінде, оның заттарында, сөмкесінде және т.с.с. қалуы мүмкін.

Трасологияға жататындар: дөңгелектің іздері, бөлініп қалған бөлшектер (фардың сынған әйнектері, ЛКП сынықтары)

Дөңгелек іздері-көлемді, тұрақты және қозғалыста болуы мүмкін. Ұқсастыру үшін тұрақты және көлемді іздердің мәні бар.

Дөңгелектің іздерін табу үшін тек оқиға болған аймақты ғана қарап қоймай, қылмыскердің келген және кеткен жолдарын да қарау керек. Дөңгелектің іздері табылған кезде бірқатар жайларды анықтау үшін ол іздерді тыңғылықты зерттеп шығу керек.

Бекіту- ең алдымен фотосуретке түсіріп алу керек-шолып, түйінді, детальды, яғни панорамалық және бір бағытта суретке түсіру.

Содан кейін өлшеу жұмыстары жүргізіледі. Қандай өлшеулерді жүргізу керектігі табылған іздерге байланысты болады:

1. Дөңгелек ізінің ені өлшенеді, егер екі дөңгелек болса.
2. Олардың ара қашықтығы өлшенеді, бұрылып бара жатқан із болса, онда автокөліктің дөңгелегінің табанын, алдыңғы дөңгелек пен артқы дөңгелектің ара қашықтығының ұзындығын өлшеу керек.
3. Дөңгелектің жүру жолының ұзындығын өлшеу керек.

Қалай өлшеу керек:

Протектордың өрнегінің ерекшелігін көрсету керек, содан кейін оның қайталап келген жеріне дейін өлшенеді.

Тежеуге байланысты ізді, сол із арқылы өлшейді. Автокөліктің табанының өлшемі шығарылып тасталады.

Хаттамада осы өлшемдердің бәрі көрсетіледі, сонымен қатар із табылған жердің түрі көрсетіледі (топырақ, асфальт, қар т.с.с.), ол жердің жағдайы (кебу, тегіс, тегіс емес, су), іздің түрі (тұрақты, қозғалыста көлемді), қай жерде орналасқан, қандай қашықтықты (бордюрден, белгіленген сызықтардан, т.с.с.) протектордың өрнегі, оның ерекшелігі т.с.с. қозғау бағытының белгілері.

Тергеуші осы іздер арқылы не болғанын

1. Жүру бағытын
2. Автокөліктің моделін, көлік құралының түрін

3. Қандай жағдай болғанын
4. Не нәрсені алып келе жатқанын және т.с.с. анықтай алады.

Сараптамашының көмегімен автокөлікті ұқсастыруғы болады.

Криминалистік баллистика

Жоспар:

1. криминалисті баллистиканың түсінігі, оның мәселелері.
2. атылатын қару, оның сипаттамасы.
3. оқ\дәрілер, құрамының сипаттамасы.
4. ату іздері, олардың сипаттамасы.

Соттық (криминалистикалық) баллистика – бұл криминалистикалық техниканың өзіне тән дәстүрлі саласы. Ол қылмыскерлердің ату қаруды қолдануына, дайындалуына, өздеріне алып жүруіне, сақтауына байланысты зерттеулерді жүргізеді және іс жүзінде қолдануға мәні бар тәсілдерді қарастырады.

Соттық баллистика негізінен 19 ғасырдың ортасынан дами бастады. Оны зерттеу Англия мен АҚШ басталады. Бірақ, негізінен ату қаруы, адамзат тарихында едәуір ерте пайда болған.

Соттық баллистиканың негізі болып табылатыны әскери\техникалық ғылымының ілімі, ол Баллистика деп аталады. Баллистика снарядтың ұнғыдағы қозғалысын және одан шыққаннан кейінгі жолын зерттейді.

Баллистика тікелей өзінің мәселесін шешумен қатар, басқа да мәселелерді шешу үшін трасология іліміне сүйенеді. Ол өзінің пайда болуы туралы, нысандардың сырт құрылымының жеке өзіне тәндігі мен олардың тұрақтылығы туралы ілім.

Соттық баллистика соттық медицинамен тығыз байланыста. Атылғыш қаруды қолдану арқылы өлтіру ісіне байланысты пайда болған көптеген мәселелерді соттық медицина мен соттық баллистика бірігіп отырып шешеді. Бұдан басқа, кейбір мәселелерді шешу кезінде, соттық баллистика материалдарды, заттарды зерттеу криминалистикасымен тоғысады.

Соттық баллистикасының шешетін мәселелері әр қилы. Негізінен екі топқа бөлінеді:

1. ұқсастырылатын;
2. ұқсастырылмайтын.

Соттық баллистиканың тәжірибесінде көп кездесетін мәселелерді қарастырайық. Сонымен, мынандай ұқсастырылмайтын мәселелерді анықтауға болады:

1. оқ атылды ма?
2. неше рет атылды?
3. қай жақтан атылды?
4. қандай қарудан атылды?
5. қару жарамды ма?
6. заводтан немесе қолдан жасалған ба?
7. қару оқталған ба?
8. гильза, оқтар қай жерде болуы мүмкін?

9. атылған дауысты кім естуі мүмкін және т.с.с.

Бірақ, әр қашан емес. Сол себептен, осы және тағы басқа да мәселелер сараптаушылар арқылы шешіледі. Мәселелерді шешу ісіне ғана маңызды емес, іздестіру мақсатында маңызы бар. Аталған мәселелерді басқа бір тобы, ұқсастыру, дәлелдеу үшін қажет. Оның тізімі шамамен мынандай:

1. оқ, гильза күдіктінің атылатын қарудан атылды ма?
2. оқтар, әр түрлі қылмыс ісіндегі бір қарудан атылған ба?
3. оқ\дәрі, күдіктіден алынған материалдардан дайындалған ба, жоқ па?
4. қару, күдіктіден табылған құралдардың көмегімен жасалған жоқ па және т.б.

Міне, көріп отырсыздар шешетін мәселелер өте көп екенін. Осылардың барлығына, соттық баллистика шындықты анықтау үшін өзінің қажетті ұсыныстарын береді.

Соттық баллистика зерттейтін нысандар үш топқа бөлінеді:

1. атыс қаруы;
2. оқ\дәрі, шикі зат, материалдар, құрал\саймандар қару, оқ\дәрілер жасауға арналған патрондар.
3. атылу іздері.

Ату қарулар. Қылмыскерлер көбінесе қолданатын атылғыш қарулар заводта дайындалғанын қолданады. Бірақ оларды қылмыскерлер қолдан да жасауы мүмкін немесе басқа мақсатта қолдануға арналған қаруларды басқаша өзгертіп жасаулары мүмкін. Айталық, құрылыс\монтаждық пистолет, газ пистолеті, пневматикалық мылтық.

3-ші сұрақ.

Оқ\дәрілер немесе оқталған патрондар.

Қарудың түрлеріне қарай, патрондар әр түрлі болады: әскери және спорттық. Әскери патрон – ол, гильзадан, капсюлден, дәріден, оқтан, тығыннан, бытыра немесе картечтен, тұрады. Барлық патрондардың өзегі – гильза.

1. Әскери гильзалар цилиндр, конус, шөлмек сияқты болулары мүмкін. Олар тек металдан жасалады. әр қарудың гильзаларының көлемі, диаметрі, биіктігі, жиегі, саңлауы, әр түрлі болып келеді. Гильзаның түбінде әрқашан оның калибрді шығарылған жылы және басқа да белгілері көрсетіліп жазылады. Гильза – денелен (корпус), қалпақшықтан, гильза аузынан тұрады. Саяттық гильза, тек цилиндр сияқты болып келеді. Ол металдан, полимерден, картоннан жасалуы мүмкін. Егер полимерден немесе картоннан жасалса, қалпақшығы әрқашан металдан жасалады. Гильзаның көлемі, диаметрі, калибрі 12, 16, 20, 28, 32 болуы мүмкін. Қалпақшығында маркелік белгілер болады. металдан жасалған гильзаны бірнеше рет қолдануға болады. бұл гильзада денесі және қалпақшығы болады.

2. бытыра мен картечь – бұлар мылтықтың оқтары. Олар заводта және қолдан жасалады. Бытыра мен картечь заводта қорғасыннан жасалып шығарылады. Олар шар сияқты болып келеді, жылтырақ болады. бытыраның диаметрі 2-ден 5мм-ге дейін, ал картечь – 5-тен 10-ға дейін. Бытыра мен картечті қолдан құйып немесе кесіп жасайды. Олар алмұрт сияқты немесе домалақ және кесілген сым темір немесе шегелер қолданылады.

3. Тығындар - саят қарулары үшін заводтан немесе қолдан жасалған шығарылуы мүмкін. Заводта тығындарды киізден, кейбір жағдайларда полиэтиленнен жасайды. Ал қолдан жасалған тығындар, кез келген материалдардан болуы мүмкін: газет, шүберек, картон бөліктері және т.с.с. Тінту кезінде қылмыскерден қару, патрондар, бытыралар, кречтер, тығындар және оларды дайындау үшін қолданған материалдары, шикі заттары, құрал\саймандар, қылмыс ісін дәлелдеуде өте маңызы зор.

4-сұрақ.

Обьктілердің келесі тобы – ату іздері.

Іздер атқан кезде пайда болады. Ату жолы үш кезеңнен тұрады:

1. Боектің гильзаның капсюлясына соғылған кездегі дәрінің жануы;
2. Дәрі газы пайда болуы, оның қысымы 300 атм.дейін жетеді және атылғыш қарудың стволының каналынан оқты итеріп шығару;
3. Кеңістіктегі оқтың ұшуы.

Атылуы үшін, қару оқтаулы болуы керек, яғни патронникте болуы керек, ал соғатын және басатын механизм атуға дайын болуы керек.

Оқ кеңістікте ұшып келе жатып, жлодағы кедергілермен байланысады. Дене және адамның киімі, терезе әйнегі, есіктің ағашы, қабырғалар және т.с.с.

1. ату – тақаудан таяп ату.
2. жақын арадан ату.
3. алыстан ату болып келеді.

Кедергілерде қалған оқтың іздерін - негізгі және қосымша деп бөледі. Негізгі із деп - оқтың, бытыраның, картеттің кедергімен түйіскен ізін айтады. Оқ кедергіге тиіп тұрып қаруы мүмкін немесе өтіп шығуы мүмкін.

Сол себептен бір немесе екі тесік болуы мүмкін. Оны кіру және шығу тесіктері деп атайды. Бір тесік болған жағдайда, оқ каналдың аяғы жағында болады, ал кіру және шығу тесіктері болған жағдайда, оқ басқа жақта болады.

Қосымша іздерге мыналар жатады:

1. шала күйген, күйдірілген іздер. Дененің терісінде күйген із қалады. Тақап тұрып атқан кезде, мылтықтың аузының басылған ізі қалады – штанцмарка. Атқан кезде патронниктің ішіндегі температура 2000-ға дейін жетеді.
2. кіру тесігінің айналасында күйеннің іздері қалады, алыстаған сайын, бірақ 5-10 м.артық болмауы керек, күйе ізінің диаметрі ұлғая береді. Күйенің көп жері кіру тесігінің айналасында болады да, шетке қарай азая береді.
3. толық жанбаған ұнтақтардың орналасу іздері де оның қашықтыққа байланысты болады.
4. оқтың жағылған майының ізі. Бұл бірінші рет атқан кезде болады. тақап тұрып атқан кезде барлық осы заттар оқтың каналына бағытталады. Ату іздерінің едәуір криминалистикалық маңызы бар. Олар, тергеушіге, оқиға болған жерден оқты, гильзаны іздестіруге қажет және олардың қылмыс ісін жасаудың жолы мен мән\жайын анықтап, дәлелдеуге маңызы аз емес.

Оқ пен гильзадағы іздер.

Ату кезінде негізгі және қосымша іздердің пайда болуынан басқа, оқ пен гильзаның атылғыш қарудың бөлшектерімен байланысуы орын алады. Осы байланыс нәтижесінде оқ пен гильзада қарудың бөлшектерінің іздері қалады.

1. оқта – стволдағы каналдың ішіндегі қозғалысқа байланысты із қалады. Оқ гильзадан шыққаннан кейін, каналдағы оқтың бетінде сол ойық сызықтардың іздері қалады. Мұның мәні бар.
 2. гильзада көп іздер пайда болады. Олар оқтаған кезде, атқан кезде және патронниктен шыққан кезде пайда болады.
- а) патронды магазинге салған кезде, магазиннің ернеуіне тиген сызықтар.
- ә) патронның патронникке қарай ауысқан кезінде, гильзаның қалпақшасында затвордың іздері қалады.
- б) атылған кезде бірнеше іздер пайда болады:
- гильзаның бойында патронниктің қабырғасының іздері;
 - қалпақшасында затвордың табақшасының іздері;
 - түбінде патронның қысқан ізі;
 - капсюляда боектің соққышының ізі.
- в) гильзаның шығару кезінде шығарып тастағыштың керттіктерінің (тістерінің) іздері.

Соттық баллистика объектілерін табу, бекіту, алу

Жоспар:

1. атылғыш қаруларды табу, бекіту.
2. оқ\дәрілердің құрамдарын табу, бекіту.

1-ші сұрақ.

Статистика, атылғыш қару қолдану арқылы жасалынатын қылмыстардың жылдан\жылға өсіп бара жатқанын көрсетеді.

Қылмыскердің оқиға болған жерде, өзін\өзі өлтіру немесе өзін\өзі өлтіреді деп көрсетпек болған жағдайларда, әрқашан қару болады.

Атылғыш қару әрқашан өте маңызды дәлел болып саналады. Барлық жағдайда қаруды тыңғылықты қарап шығу керек. Сонымен қатар, тінту кезінде, іздестіру әрекетін өте мұқиятты және тыңғылықты жүргізу керек. Атылғыш қару бұл өте көзге көрнекті нысан, егер ол оқиға болған жерде немесе тінту орнында болса, онда ештеңе жібермей сол аймақты жан\жақты және мұқият қарап шығу керек. Егер үй ішінде болса, онда барлық жиһаздар, еденнің асты мұқият қаралады, ал ашық далада болса – ағаш араларынан, шөптердің ішінен, үйілген бұтақтардың астынан, шалшықтардың ішінен, арық, тоғандардан қаралады.

Атылғыш қаруды табу үшін, тергеуші, металл іздеуішті, магнитті қолдана алады. Табылған атылғыш қаруды қалай бекіту керек:

1. оны айналасындағы заттармен бірге суретке түсіріп алу керек.
2. оны жеке түсіріп алу керек, бірақ жатқан орнын ауыстырмау керек.
3. пистолеттің тұтқасының шетінен және стволдың аузынан екі жақын тұрақты бағдарлыққа дейін өлшеу керек.

ОБЖ табылған қаруды бекіту керек:

1. фотосуреттер жасалынады (шолу, түйінді) детальды болады. бірақ, оның жағдайын өзгертпей жасалынады.
 2. өлшенеді.
 3. осындай бекітуден кейін, қаруды қарауға болады.
 4. қарау кезінде міндетті түрде тәртіп талаптар сақталуы тиіс.
- А) іздермен байланысты қаруда қалған іздерді жойып жібермеу . ОБЖ қаруы абайсызда атылмасын.
- Б) қаруды адамдарға қаратып ұстауға болмайды.

Осылардан кейін хаттамаға енгізіледі: қарудың қай жерден табылғаны; оның қалай жатқаны; түрі; системасы; калибрі; бар белгілері; нөмірі; шығарылған жылы; фирмасы; сырт құрылысында қандай ақау бар екендігі; ерекшелігі; стволдың қандай екендігі; қан дақтарының бар, не жоқ екендігі; басқа да бөтен заттар туралы; түтін иісінің сезілетіні; оқтаулы екендігі; шаппасының қалай тұрғандығы; куроғы; соққышы; патронникте патронның бар, не жоқ екендігі, магазиндегі патрон нешеу екендігі көрсетіліп жазылады.

Қарау кезінде мынандай тәртіпті сақтау керек:

1. абайсызда атып жібермеу үшін немесе өздігінен атылып кетпеу үшін сақтық шарасын қолдану;
 2. қаруда өзінің бармағының ізін қалдырмау үшін, атылғаннан кейінгі қосымша іздерді жойып жібермеу үшін, сақтық шарасын қолдану;
 3. ол үшін, атылғыш қарудың із қалмайтын жерінен, қолға өте ептеп алу керек. Пистолеттің аузы жоғары қарап тұруы керек. Пистолетті қатысушыларға қарай бағыттамау керек.
 4. қаруды қарау үшін, ақ қағаз түсеу керек.
 5. курокты сақтық орнына ептеп ауыстырып қою керек. Қарудан патронды алып тастау керек. Егер бұл мүмкін болмаса, патронның түбі мен соққыштың шаппасының арасына төсегіш салынады.
 6. стволдың каналы оқ алынып тасталғаннан кейін қаралады. Егер олай істеуге болмаса, стволдың каналына немесе қалпақшығына тығын салынып қойылады.
 7. қаруды қаптау алдында бөтен ұсақ\түйек бөлшектер алынып тасталынады, олар пинцетпен, жабысқыш лентамен биркаға, флаконға салынады.
 8. қару таза қаптау қағазына оралады, түсініктемелер жазылады, қол қойылады.
 9. магазин, патрондар, гильзалар, оқтар, барлығы жеке қапталады. Түсініктемелер жазылады, тергеуші мен куәгердің қолдары қойылады.
- Атылғыш қаруды мәйіттің жанынан тапқан кезде, бекіту былай жүргізіледі:
1. мәйіт пен атылғыш қару фотосуретке түсіріледі (шолып, түйінді, детальды).
 2. оқпанның аузы мен тұтқаның шетінен жәбірленушінің қолына дейін мұқият өлшенеді.
 3. стволдың аузы мен тұтқаның екі жақын бағдарлыққа дейін өлшенеді.
 4. мәйіттің жатқан жері де осылай өлшенеді.

5. атылғыш қарудың жатқан жері де қаралады, ол жерден атылған орнынның, бояудың ұшқыны бар ма, жоқ па екендігін анықтайды, ал егер бар болса, онда қарудың қолдан ұшып түскенін білдіреді.
6. бұларды суретке түсіріп алып, хаттамаға негізіп, жазады. Атылғыш қарудың тінту кезінде құпия жасырын жерден тапқан кезде, оны алдымен фотосуретке түсіріп алып, содан кейін қаруды ол жерден шығарып алады да, оны жеке фотосуретке түсіріп алады. Хаттамаға мән\жайдың бәрі толық жазылады.

2-ші сұрақ.

Оқ\дәрілер мен олардың құрамын табу ерекше қиындықтар туғызады. Оқиға болған жерде, бірыңғай патронды құратын құрам мынандай: егер ойық сызығы бар өздігінен атылатын қару қолданған болса, оқтар, гильзалар, ал тегіс саят қаруын қолданған болса, бытыралар, картель, якан оғы, тығындар, кейбір жағдайларда ильзалар. Бұлар өте маңызды дәлелдік заттар болып табылады. Сол себептен, бұл объектілерін іздестіру үшін, қажетті шаралар қолданылуы керек.

Оқтарды, гильзаларды, бытыраларды, тығындарды іздестіру үшін, мыналарды анықтауды естен шығармау керек:

1. атылу бағытын.
2. атқан адамның қай жерде тұрғанын.

Гильза арқылы ату қаруын ұқсастыруға болады және оның түрін, системасы мен моделін анықтауға болады.

Гильзаларды іздестіру. Атылған гильзаларды табу үшін - атушы тұрады деп ойлаған жердің немесе еденнің айналасының радиусы 12 метрге дейінгі жер мұқият қаралып шығады.

Кейбір жағдайларда бомаса, атылғыш қарудың гильзалары әрқашан оң жаққа қарай лақтырылады. Бірақ, соған қарамай жан\жақты түгел қаралып шығуы керек. Ашық алаңда – күл\қоқыс, құм, қар, сабандар, шөптер және ағаштардың түптері. Қажет жағдайларда оларды елегіштен өткізеді.

Іздестіруді металл іздегіштермен жүргізілген дұрыс. Үй ішінде – аяқ\киім ішінен, шкафтың үсті мен астынан, плитустардың жанынан және т.с.с.

Гильзалар табылған кезде, олардың ең алдымен фотосуретке түсіріп алады, содан кейін олардың қалай жатқаны белгіленеді, түсіріп алады, содан кейін олардың қалай жатқаны белгіленеді, олардың екі тұрақты бағдарларына дейін көрсетіледі – оларға дейінгі ара қашықтық өлшенеді және хаттамада, жоспарда көрсетіледі.

Бармақтардың іздерін кетіріп алмау үшін, олар аузы жіне түбі жағынан ұсталынады.

Хаттамада мыналар көрсетіледі:

- гильзаның түрі (пистолеттікі, мылтықтікі, автоматтікі, винтовканікі);
- құрылысы (цилиндрлік, сөлмек сияқты, ернеулі, ернеусіз);
- материалы (металл, картон);
- корпусы мен капсуляның түсі;

- гильзаның мөлшері (ұзындығы, ішкі, сыртқы);
- маркировкасы (калибр, шығарылған жылы, заводтың нөмірі);
- оқтың гильзаның орнықтыру белгілері;
- боектің, патрон тіркеушінің, серпілгішінің, шығарып тастаушының, магазиннің, патронниктің іздерінің бар екендігі, олардың орналасуы мен сипаты;
- гильзада ақаулардың бар екендігі;
- гильзаның іші мен сыртында ыстық бар екендігі, толық жанбаған дәрі ұнтағы, жанған дәрі ұнтағының иісі.

Оларды қаптау. әр гильза ақ қағазға жеке\жеке аралары немесе полиэтилендік пакетке, мақтасы бар қорапқа салынады.

Тығындарды іздестіру. Тығындарды, атушы осы жерде тұрды\ау деген жерден іздестіру керек. Олар атылған жерден алысқа түспейді. Қағаздан тығындар шашырап кету мүмкіндігі – естен шығармау керек. Киіз тығын 50 метрге дейін ұшып кете алады. Жақын арадан тығын бытырамен тескен тесігінде болуы мүмкін.

Табылған жерді белгілеп, бекіту керек. Қолдан жасалған тығындардың ерекше маңызы бар – оларда (егер ол қағаз болса) іздер, қолжазбалар немесе машинкамен жазылған текстер, тіпті мекен\жайы болуы мүмкін, әр түрлі белгілер.

Қағаз тығындарды пинцетпен алып, бирқаға немесе таза қағаз пакетіне салу керек. Сонымен қатар, тергеуші мен куәгердің қолдары көрсетілуі керек.

Оқтарды, бытыраларды іздестіру. Олардың қай жерге қарай атты, сол жерден іздестіру керек. Ол үшін, ең алдымен мыналарды анықтап алу керек:

1. ату бағытын;
2. тұйық жарақаттың бар екендігі – ол үшін, мәйітті қарау керек;
3. тұйық тесіктің бар екендігі;

Егер жарақат болса, оқтың бытыраның, картечті сот\медициналық сараптаушы шығарып алады. Ал егер тұйық тесік болса, кедергілерден олар былай алынады:

1. ағаш кедергіден - кесу, аралау арқылы;
2. металл кедергісінен – кесу, аралау арқылы;
3. кірпішпен салынған қабырғадан – оқтың диаметрінен 2-3 см үлкен металл трубасының көмегімен. Техникалық құралдар – қашау, ара, пышақ және т.б.

Егер оқ денеден тіреліп қалды деп ойлаған жағдайда, сарапшыларға алдымен ренгенге түсіріп алуды тапсырады, содан кейін барып оқ алынады. Оқты алу кезінде, оның бетіне қандай да бір дақ түсіріп алмауға тырысу.

Ешқандай кедергісіз атылған оқтарды іздестірген кезде, олардың қаншалықты алысқа ұшатынын ескеру керек.

Бытыраның ұшатын қашықтығы 400 м тең, сонда да кейбір бытыралар (d-5 мм) 500 метрге дейін ұшып кете алады.

Картечь – 600-ден 1000 м дейін.

Оқтар табылған кезде, олардың жатқан орны белгіленіп, бекітіледі. Тергеуші оларды мұқият қарап шығады. Табылған оқ туралы, мыналар көрсетіледі:

- оқтың түрі, неге арналғандығы (қабатталғаны, жартылай қабатталғаны, автоматтікі, пистолетке және т.с.с. арналғандығы);
- маркелік белгілері;
- мөлшері, құрылымы (цилиндр сияқты дөңгелек, биіктігі, ені, диаметрі, сопақ және т.с.с.);
- гильзаға орналастыру белгілері;
- деформация, түрінің өзгеруі;
- басқа заттардың қосарлануы – штукатурканың, бояудың, қанның, бұлшық;
- оқпанның ойық іздері бар ма.

Бытыра мен картель

- құрылымы (дөңгелек, алмұрт тәріздес, кесінді, т.с.с.).
- мөлшері.
- түсі және беткі түрі (жылтыр, күңгірт, сұрғылт, қара).
- деформация.

Іздерді табу

Егер атқан кезде, оқпан аузының алдында, қандай да бір зат болған жағдайда онда сол затта ату салдарының іздері қалады. Мен жоғарыда айтқандай, атқан кезде оқтың соңынан оқпан дәрінің ізі, қызған дәрі газы және толық жанбаған дәрі ұнтақтары шығады.

Бұлардың ұшып бару қашықтығы, қарудың патронға салынған дәрінің түрлеріне байланысты болады - пистолеттен 10м см-ге дейін, мылтықтан – 30-50 см-ге, майлаушы зат 45-тен- 150 см-ге дейін. Сондықтан, жанудан шыққан заттарды басқа бір заттардың бетінен табу, оқпен қандай қашықтықтан атылғанын анықтауға мүмкіндік береді.

Оларды қалай табуға болады? ол үшін, оқ тиген жердің айналасын:

1. қарап шығу керек;
2. лупамен қарау керек;
3. электр жарығымен қарау керек;
4. экаспертиза жасау керек;
5. УФ сәуле көмегімен қарау керек;
6. сарапшылардың көмегімен химиялық зерттеу жүргізу керек.

Алдын - ала зерттеудің мақсаты. Тергеуші, оқиға болған жерден кейбір мән\жайларды анықтауы мүмкін. Мылтықтың қай жерден атылғанын анықтауды қарастырайық.

Бұл үшін мыналарды табу керек:

- екі тесілген жарықшақты (кіру,шығу);
 - бір тесілген жарықшақ пен оқтың бір ізін (кейін серпілмегенгек дейінгі);
- Осы екі тесілген жарықшақты немесе бір темілген жарықшақ пен оқтың ізін қосу арқылы, оқтың ұшқан бағытын анықтаймыз. Ал оның жалғасу жолы, ату орны қай жерден екенін көрсетеді.

Егер бұл екі тесілген жарықшақ терезеден болса, онда бұл тесікке қағаздан жасалған түткішені енгізіп қараған кезде, ату орны қай жерде екені көрінеді.

ҚҰЖАТТАРДЫ КРИМИНАЛИСТИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ

Жоспар

- 1. Құжаттар криминалистикалық зерттеудің объектісі ретінде.*
- 2. Криминалистикалық қолжазбатанудың түсінігі, объектісі, ғылыми негіздері*
- 3. Қолжазба белгілерінің түсінігі*
- 4. Қолжазба үлгілерінің түсінігі*

Қандай да бір әдіспен фактілі мәліметтер жөнінде жазылған объектілер құжат болып табылады. Осыған байланысты жазба құжаттары, кино, фото және электрондық болып бөлінеді.

Құжаттар – мөлшері, пішіні, материалдардың түрлері, қорғау әдістері, мәтіні (адресат), қолтаңбасы, мөртаңбалары бойынша және бұрыштамалардың болуымен сипатталады. Кәсіпорындар мен мекемелер атынан берілетін көптеген ресми құжаттардың міндетті элементтері (реквизиттері) белгілі бір мемлекеттік стандарттарға және нұсқауларға сәйкес болуы керек. Ресми емес құжаттардың элементтері олардың қолдануына байланысты анықталады. Кейбір жағдайда қылмыстық процеске түсетін құжаттар, бір элемент – «мәтіннен» ғана тұрады.

Тәжірибеде кездесетін құжаттарды келесідей түрлерге бөлуге болады: тағайындалуы бойынша (қандай да бір фактілер мен құқықты куәландыратын және белгілі бір мәліметтерден тұратын құжаттар, мысалы: анықтамалық сипаттағы); шығу тегі бойынша (мемлекеттік мекемелерден шығатын, ресми және жеке тұлғалардан шығатын – ресми емес); дайындау тәсілі бойынша (қолмен, машинкамен, компьютермен жазылған, баспаханалық, құрама, жеңіл баспаханалық құралдармен дайындалған және фотосурет көмегімен жасалған); шығу кезектілігі бойынша (түп нұсқа және көшірме).

Кейбір жағдайда сараптамаға құжаттық емес сипаттағы объектілер де түседі (жазбалары бар – бөшкелердің ағаш қақпақтары, тақтай бөліктері, жәшіктердің бөлшектері, маталар, металдан жасалған пластиналар). Аталған объектілерді құжаттардың нақты түсінігі бойынша құжаттарға да, олардың жасалу әдісіне де жатқызуға болмайды. Бұл объектілер құжаттардың криминалистикалық сараптамасында зерттеледі, өйткені құжаттарды жеке зерттеуге өңделген әдістер құжаттық емес сипаттағы объектілерді зерттеген кезде жақсы нәтиже береді. Құжаттар қылмыстың құралы болған немесе қылмыстың іздерін сақтап қалған немесе қылмыстық әрекеттің объектілері болған жағдайда Қылмыстық Іс Жүргізу кодексінің баптарына сәйкес заттай дәлелдеме бола алады.

Заттай дәлелдеме болып табылатын құжаттар Қылмыстық Іс Жүргізу кодексіне сәйкес қарау хаттамасында толық сипатталып жазылып, мүмкіндігінше суретке түсіріліп және іске тіркелуі керек. Қандай да себептерге байланысты құжаттар қылмыстық істе сақталына алмаса, олар

міндетті түрде суретке түсіріледі, буып-түйіледі, мөрленеді және анықтаушы, тергеуші, сот көрсеткен жерлерде сақталады.

Егер оқиға болған жерді қарау, тінту және т.б. да тергеу әрекеттерін жүргізу барысында құжат табылып, оған қарау әрекеті жүргізілмеген немесе құжатты тергеушіге – сезікті, айыпкер, жәбірленуші немесе куә ұсынған жағдайда құжаттарға жеке тергеу қарауы жүргізіледі.

Тергеушіден алынатын құжаттар, яғни заттай дәлелдемелердің бұзылып, зақымдануынан немесе қандай да бір өзгеріске ұшырауынан сақтауға барлық шараларды қолдануын талап етеді. Мұндай құжаттарды іске тігуге болмайды, олар бүктеме сызығы бойынша бүктеліп, жеке конвертте сақталады. Ескірген және жыртылған құжаттарды қағаз беттерінің астыңғы жағына жабыстыруға, қыстырғышпен қысып қоюға, қарындаш, қаламсап немесе үшкір затпен оларға белгі салуға болмайды. Көне (ескірген) және жанған (өртенген) құжаттарды мүмкіндігінше екі әйнектің арасына салып сақтау қажет.

Құжаттарды сараптамаға жібергенде оларды таза қағаздың арасына қойып тығыз конвертке салу ұсынылады.

Құжаттарды қарауды екі кезеңге бөлуге болады: біріншісінде – қайшылықтардың болу мүмкіндігін анықтау мақсатында құжаттардың мазмұны зерттелінеді, ал екінші кезеңде – оның қандай да бір өзгерістерге ұшырағандығы анықталады.

Құжаттың мазмұнындағы қайшылықтар, оның жекелеген реквизиттерін салыстыру жолымен анықталады. Атап айтқанда: бланктерін, мөр және мөртаңбаларын, құжатты беру және бланкті дайындау мезгілдерін. Құжаттағы қайшылықтар, дұрыс дайындалған құжат үлгісімен салыстыру арқылы ғана анықталады. Егер құжат бірнеше данадан жасалған болса, олардың барлығын салыстыру қажет.

Бухгалтерлік құжаттарды қарау кезінде оған байланысты құжаттармен салыстырып, ондағы сандық мәліметтерге арифметикалық тексеріс жүргізу қажет.

Құжаттардың мазмұнын зерттеу кезінде – берілген мезгіліне көңіл бөліп, оларды күнтізбемен ал, кейбір жағдайда құжаттарды беру орныменен салыстыру қажет.

Құжаттың мазмұнын мұқият талдау арқылы құжатта берілген және көпшілікке танымал фактілер арасында, сондай-ақ істің нақты жағдайларындағы қайшылықтар анықталуы мүмкін.

Құжаттың мазмұнын зерттеу барысында интеллектуалдық және материалдық жалғандық анықталады. Құжаттағы материалдық жалғандықты, құжаттың мазмұнындағы өзгерістерді куәландыратын белгілерді анықтау үшін тергеуші қолда бар барлық техникалық құралдарды (лупаларды, инфрақызыл және ультракүлгін сәулелердің көздерін өлшеу құралдарын, жарықфилтрлерді, электрооптикалық құралдарды) пайдаланғаны жөн.

Құжаттар шашыраңқы жарық, сондай-ақ тік және қиғаш түсетін бағыттағы жарық арқылы зерттелінеді.

Баспа мәтіндерін, мөр және мөртаңбаларын қарау кезінде сызғыш, циркуль өлшеуіштерін пайдалану тиімді. Олар әріптердің өлшемдері мен (биіктігін, енін) олардың арасындағы арақашықтығының айырмашылығын анықтауға мүмкіндік береді.

Мемлекеттік мөр-бедерлік шеберханада дайындалған мөр мәтініндегі әрбір сөздегі әріптердің арақашықтығы бірдей, ал дөңгелек мөрді бойлаған осьтер шеңбер радиусы бойынша орналасады. Құжаттарды қарау жағдайлары мен нәтижелері Қылмыстық Іс Жүргізу кодексінің баптарына сәйкес хаттамада: құжаттың атауы, оның нөмері, берілген күні, кімнің атына берілгендігі, құжаттың өлшемдері, оның жиектерінің (шеттерінің) сипаты, жыртылған жерлерінің, дақтарының, бүктеулердің болуы, құжатты дайындауға қолданған материалдардың түрлері (қағаздың түсі мен тығыздығы, бояғыш заттардың түсі), транскрипцияның, қолтаңбалардың және мөр мен мөртаңбалардың орналасуы, қарау кезінде анықталған жалғандық белгілер сипатталып жазылады.

Хаттамада қарау кезінде қолданылған техникалық құрал-жабдықтар, оларды қолдану шарттары мен тәртібі, техникалық құралдар қолданылған объектілер көрсетіледі. Қарау барысында табылған құжат және құжаттың белгілері фотосурет әдістерімен де бекітілуі мүмкін.

Тергеушіге құжаттарды қарау, бекіту және алу кезінде, әсіресе, электрографиялық көшірмелерді, құжаттық емес сипаттағы компьютермен теріліп принтерде басылған құжаттарды, ерекше жағдайларда мөртаңбалары басылған құжаттарды т.б. қарау кезінде мамандар үлкен көмек көрсетеді.

Құжаттарды криминалистикалық зерттеудің үш түрі қарастырылады:

1. қолжазуды криминалистикалық зерттеу (қолжазбатану);
2. мәтін авторын криминалистикалық зерттеу (автортану);
3. құжаттарды техника-криминалистикалық зерттеу.

Қолжазуды криминалистикалық зерттеудің міндеті қолжазбаны орындаушыны немесе оның қасиеті мен қолжазуды орындау кезіндегі хал-күй жағдайын (жынысын, жасын, жеке және кәсіптік ерекшеліктерін, мас болу жағдайын т.б.) анықтау болып табылады.

Криминалистикалық автортанудың міндеті қолжазба немесе баспа мәтінінің авторын анықтау.

Техника-криминалистикалық зерттеудің мақсаты тергеуге маңызды құжаттың алғашқы мазмұнын өзгертудің және құжатты дайындаудың әдісі мен жағдайларын анықтау. Осы аталған міндеттерді шешу үшін арнайы ғылыми білімдерді және криминалистикалық әдістеме негізінде әртүрлі ғылым саласындағы әдістерді қолдануды талап етеді.

Құжаттарды криминалистикалық сараптаудың пәніне құжаттың түп нұсқасын немесе жалғандығын анықтау жатпайды. Бұл құқықтық мәселе болып табылатындықтан, оны тек қана тергеуші мен сот шешеді. Құжаттардың криминалистикалық сараптамасы – анықтама өндірісінде, алдын ала тергеуде және қылмыстық істер бойынша сот талқылауында және істерді азаматтық процесте қарау кезінде тағайындалады. Егер де ұсынылған құжаттың түп нұсқасына күмән келтірілетін жағдайлар туындаса, мұндай

сараптаманы тағайындау құқығы мемлекеттік нотариусқа және нотариалдық әрекетті жүзеге асыратын лауазымды тұлғаларға (мемлекеттік нотариат туралы заң) беріледі.

2. Криминалистикалық қолжазбатанудың түсінігі, объектісі, ғылыми негіздері

Жазу тілі адамның жазу барысында пайда болатын криминалистикалық зерттеу объектісінің кеңінен таралған түрлерінің бірі болып табылады.

Қолжазбаны зерттеу криминалистикалық техника бөлімінің маңызды әрі дәстүрлі саласының біріне жатады. Қолжазбатанудың ғылыми негіздері А.И. Винберг, С.И. Тихенко, Л.Е. Ароцкер, В.Ф. Орлова, Р.М. Ланцман, А.И. Манцветова және басқа да кеңес ғалым-криминалистердің еңбектерінде зерттелінген. Ғалым-криминалистердің арасынан қолжазбатану теориясын қалыптастырған қазақстандық ғалымдарды да көрсете аламыз: В.А. Хван, Н.А. Жангельдин, А.М. Агушевич, Т.Т. Культелеева, Л. Шегебаева, А.С. Калимова және т.б.

Қолжазбаны криминалистикалық зерттеу объектісіне жазба мен қолжазбаның жекеленген және тұрақты белгілері көрініс табатын кең көлемді қолжазбалар (хат, күнделік және т.б.), сонымен қатар, қолтаңба, қолмен орындалған сандық немесе символдық белгілер жатады.

Қолжазуларды зерттеу барысында қарастырылатын мәселелер екі топқа бөлінеді:

1. идентификациялық;
2. идентификациялық емес.

Осы сұрақтар қылмыстық және азаматтық істерді қарастыру кезінде шешіледі.

Идентификациялық мәселелерді шешу кезінде мынандай сұрақтар анықталады: Қолжазуды немесе қолтаңбаны орындаған кім? Орындаған осы тұлға ма әлде басқа ма? Егер тергеу барысында орындаушы тұлға анықталынбаса, бірнеше құжаттағы қолтаңба немесе қолжазулар бір адаммен әлде бірнеше адаммен орындалған ба?

Идентификациялық емес мәселелерге: Жазу, қол қою сол қолымен не оң қолымен орындалған ба? Жазу, қол қою осы адам үшін қолайсыз жағдайда орындалған ба? Бұл адам өз жазуын әдейі өзгерткен бе? Жазу, қол қою осы адамның қолжазуына ұқсастырылып жазылған ба?

Осындай зерттеулер арқылы қолжазба мәтінін орындаудың қажетті шарттары қатысты орындаушының жазу барысындағы жағдайы, жазуды өзгерту тәсілдері, орындаушының жынысын анықтау және т.б. сұрақтар шешіледі.

XX-ғасырдың екінші жартысында қолжазбаны орындаушының психофизиологиялық, мінездемелік, кәсіптік, біліми, интеллектуалдық және басқа да қасиеттерін анықтауда теориялық және экспериментальдық зерттеулер қарқынды түрде жүргізіледі. Қолжазуды криминалистикалық

зерттеудің теориялық негіздерін – криминалистикалық идентификация теориясының, адамның жоғарғы жүйке қызмет жүйесінің психофизиологиялық, лингвистикалық және педагогикалық мәліметтері, сонымен қатар математикалық, кибернетикалық және басқа да бірқатар ғылымдардың ұғымдық, әдістемелік, техникалық ақпараттары құрайды.

Жазу процесі – саналы, ерікті түрде жасалған әрекет, бірақ кең түрде автоматты реттеліп, ұзақ уақыт жаттығу нәтижесінде қалыптасады. Қозғалыс туралы ой саналы түрде меңгерілмейді.

Жазу процесі әдетте тез, автоматты түрде жасалынып жатқан қозғалыстар болғандықтан, оларды жоспарлау орындаушы тарапынан еленбей жүзеге асырылады.

Қолжазбаны орындаушының жүйелі түрде жаттығуы қолжазу дағдысының тұрақты қалыптасуына ықпалын тигізеді.

Жазба дағдысының түрлеріне:

1. **техникалық дағды** (орындаушының жазу құралын ұстауы, қағаз бетінің орналасу жағдайы, жазу барысында адамның отыру қалпы);

2. **графикалық дағдылар** (жазба белгілері және олардың байланыс тіркестері);

3. **жазба тіл дағдылары** (сөздегі әріптердің орналасу құрамын анықтау, сөздік қор құрамын сөз байлығы сөйлемінің қажетті түрлерін қолдану жатады.

Қолжазбаның жекелігі мен тұрақтылық белгісіне байланысты графикалық және техникалық қалыптасқан дағдылардың маңызы зор.

Қолжазу – қолжазбадан көрініс табатын әр орындаушы адамға тән және оның жазба қозғалыс дағдысына негізделген қолжазудың қозғалысы мен тәсілдерінің жүйесі. Қолжазуда қолданылатын қозғалыс жүйе элементтері қатаң түрде жаттыққан, үйлесімді жүйе. Қолжазудың тұрақтылығы мен жекелігі сарапшының алдына қойған мәселелерді шешуге мүмкіндік береді.

Қолжазудың тұрақтылығы И.П. Павловтың динамикалық стереотип ілімін зерттеу нәтижесінде анықталған. Оны кейіннен Н.А. Бернштейн, П.К. Анохин және т.б.-да кеңестік ғалымдар зерттеп дамытқан. **Динамикалық стереотип дегеніміз**, қозғалыстың тиімді режимді іздестіруді қамтамасыз ететін және ұқсас жағдайларда қозғалыстың қайталануын қамтамасыз ететін шартты-рефлексті байланыс жүйесі. Динамикалық стереотип туралы ілім - идентификациялау үшін маңызы бар қолжазудың өзіндік қасиетін, яғни қолжазудың **салыстырмалы тұрақтылығын** көрсетеді. Қолжазудың алғашқы қалыптасу кезеңінде оның тұрақсыздығына байланысты идентификациялау мәселесі қиынға түседі.

Қалыптасқан қолжазу тұрақтылық қасиетке ие болып, идентификация процесін жеңілдетеді. Адам қартайған кезде қолжазу келесідей өзгеріске ұшырайды: координация төмендейді, қозғалыс баяулайды, көбінде әріптерді қысқартып жазады.

Орындаушының жазу кезінде жаңа үйреншікті емес жағдайлар пайда болса, жазу өзгеріске ұшырап жаңа жағдайға бейімделеді.

Өзгеріске ұшырау себептері:

1. Үйреншікті емес, қалыптан тыс жағдайда қолжазбаның орындалуы (орындаушының тұру немес отырыс кейіпі үйреншікті емес жағдайда болуы, сондай-ақ жазба материалдары, жазба құрал-жабдықтары);

2. Сүйек бұлшық ет қызметі мен жүйке жүйесінің бұзылуы (қол жарақаты, көз ауруы, жүйке және т.б. аурулар);

3. Орындаушының әдеттен тыс психикалық және физиологиялық жағдайы (жүйке қозуы, мас болуы және т.б.);

4. Мақсатты түрде қолжазуды қасақана өзгерту (өзінің қолжазуын әдейі өзгертіп жазуы, басқа біреудің жазуына ұқсатып жазу).

Қолжазбаны әдеттен тыс жағдайларда орындау кезінде қолжазу қозғалысында төмен координация белгілері пайда болады: қолжазбаның иреленуі және тіке штрихтардың бөлінуі, әріптің иіліп келетін жерлерінің бұрыштануы, әріп өлшемінің қисаюының және орналасуының біркелкі еместігі.

Қолжазбаны орындаушының қозғалыс координациясының бұзылуы идентификациялауға кедергі келтірмейді, себебі идентификацияға қажетті белгілер сақталынады. Дегенімен кей жағдайларда (адамның жарақат алуы, психикалық-жүйке ауруына шалдығуы және т.б.) қолжазбаның түпкілікті өзгеріске ұшырауы салдарынан идентификация жасауға мүмкіндік бермейді.

Әріп белгілерінің жүйелі түрде өзгеріп отыруы қолжазбаның әртүрлі вариантта орындалуын көрсетеді. Мысалы: ресми құжат толтырудағы қолжазу, күнделікті лекция жазғандағы немесе басқа да жазулар. Жазу варианттылығын ескеру салыстырмалы зерттеуді дұрыс жүргізуде ерекше орын алады.

Салыстырмалы тұрақтылық белгісімен қатар қолжазбаны идентификациялау үшін өте маңызды белгілерінің біріне оның **жекелігі** жатады.

Қолжазу дағдысының қалыптасуына әртүрлі факторлар өз әсерін тигізеді. Бұл оның психикасы, анатомиялық құрылысы, физиологиясы, мектепте және үйде жазуды үйрету шарттары мен әдістемесінің әртүрлі болуы, кейінгі жағдайлар, әсіресе мамандығы, кәсібі. Қолжазудың кейіннен жекеленіп дағылануына келесідей факторлар әсер етеді: қолжазу кезінде жұмыс істеу мен оқу барысындағы қалыпты жағдайдың болуы, орындалатын құжаттардың сипатына және тағы басқа жағдайларға байланысты.

Сонымен, ғалым-қолжазбатанушылар өз зерттеулерінде қолжазбаға тән заңдылықтарды анықтады:

1. әрбір адамның қолжазбасы жекеленген;
2. ол салыстырмалы тұрақты;
3. әрбір қолжазбаның вариациялығы болады.

Бұл әр адамның қолжазуының қалыптасуындағы өзіндік, қайталанбайтын ерекше жеке белгілер жиынтығынан тұрады.

3. Қолжазба белгілерінің түсінігі

Әрбір адамның жазба тіл дағдысын сипаттайтын белгілер жиынтығын екі топқа бөлеміз:

1. жазба тілінің белгілері;
2. жазба белгілері.

Жазба тіл белгілері жазудың мағыналық жағын сипаттайтын тілдің бір түрі. Ал, жазба белгілері жазба тілінің қозғалып сызылу жағынан қарастырады.

Жазба тілі – грамматикалық, лексикалық және стильдік жағынан сипаттайды. Егер де мәтін компьютер, жазу машинкасымен емес қолмен орындалған болса, бұл белгілер қолжазба белгілерін толықтырады. Мәтін компьютер, жазу машинкасымен орындалса, оның авторы немесе орындаушысы анықталады. **Грамматикалық белгілерге:** сөздердің әріптік құрылым ерекшелігі, сөйлем құрастыру мен сөйлем белгілерін қою жатады. **Лексикалық белгілер** адамның тіл байлығындағы сөз қорына байланысты зерттеледі. **Стильдік жағынан** зерттеген кезде сөйлемнің жүйелі, кезекті немесе орынсыз қолдануы, жергілікті немесе таңдамалы сондай-ақ, жай немес күрделі, анықтаушы, салыстырмалы және пысықтаушы сөздерді қолдану және т.б. жағдайлары анықталады.

Жазба тілінің мағыналық және қозғалыс жақтары бірге қарастырылады. Сауаттылықтың белгілері бір дәрежесіне қозғалыс координациясының белгілі бір дәрежесі сәйкес келеді және қолжазбаның мазмұны мен оны қолдану мақсаты қолжазба белгілеріне әсерін тигізеді. Осыған байланысты жазба тілді зерттеу идентификацияға маңызы бар жазба белгілерін дұрыс анықтауға мүмкіндік береді. Қолтаңбалық зерттеуде қолжазу белгілері басты рөл атқарады.

Қолжазбаны сипаттайтын қолжазу белгілері жалпы және жеке болып екі түрге бөлінеді. Жалпы белгілеріне қолжазбадан көрініс тапқан жазба қозғалыс дағдысының жалпы қасиеттері туралы мәліметтер жатады. Бұл мәліметтер жалпы жазу қозғалыс жүйесінен көрінеді.

Жеке белгілер – жазба қозғалыс дағдысының жекеленген жақтарын, ерекшеліктерін сипаттап, жеке әріптерді немесе олардың тіркестерін орындау кезінде көрініс табады.

Қолжазбаны қозғалыс жүйесі ретінде жалпы белгілер сипаттайды. Оларға төмендегідей белгілер жатады:

1. Қолжазбаның маңызды белгісіне **қалыптасу дәрежесі** жатады. Яғни, жазба техникасын меңгеру деңгейін анықтау. Осыған сәйкес қолжазудың қалыптасу деңгейін төмен, орташа және жоғары деп бөлеміз. Қолжазбаның қалыптасуы орындаушының мәтінді жылдам, үйлесімді және тұрақты қозғалыспен орындау қабілетінен тұрады. Қолжазбаның қалыптасу деңгейі тек қана мәтінді орындаушы арқылы ғана төмендеуі мүмкін. Қолжазбаның жоғары деңгейде қалыптасуы үшін орындаушы ұзақ уақыт жаттығулар жасауы қажет. Осыған байланысты зерттеліп отырған құжаттағы қолжазу дәрежесі тексеріліп отырған адамның әдеттегі қалыптасқан жазуынан жоғары деңгейде болса, күдіктеніп отырған орындаушы бұл мәтінді орындамады деген шешімге келуге болады.

Қалыптасу деңгейі бірдей қолжазбаларды құрылысына байланысты ажыратамыз. Қолжазбаның жазба белгілері ресми жазбаға сәйкес болған жазу қарапайым болып саналады. Егер ресми жазуда ауытқулықтар болса, ал жазудың ауытқу сипатына сәйкес – күрделенген немесе қысқартылған болады.

2. Жазудың қисаюы – жазба белгісінің бойлық осі мен жол сызығының арақатынасы арқылы анықталады. Жазулар тік, оң және сол жаққа қарай қисайған болып бөлінеді. Жазудың қисаюы тұрақты белгілер қатарына жатпайды, сондықтан да жазбаны бүркемелеу мақсатында жиі өзгертіледі. (РИСУНОК 35, 35-1, 35-2: Сурет 35, 35-1, 35-2 Әріптердің вертикальді элементтерінің қисаюы: Сурет 35. солға қарай Сурет 35-1. тік орналасқан Сурет 35-2. оңға қарай)

3. Қолжазудың әеіііәііәі әріптерді орындау кезіндегі тік және көлденең жасалған қозғалыстың өзара қатынасын көрсетеді. Төмен әеіііәі жазылған қолжазбадағы әріптердің ені, оның биіктігі тең немесе биіктігінің жартысына тең. Жоғары әеіііәә орындалған қолжазба әріптерінің ені

биіктігінен жоғары түрде орындалады. Ал, өтпелі көрсеткіштерге ие қолжазбалар орташа әеіііәә орындалу болып табылады. .

(РИСУНОК 36, 36-1, 36-2: Сурет 36, 36-1, 36-2. Қолжазбаның екпінділігі: Сурет 36. төмен екпінді (қысыңқы) Сурет 36-1. орташа екпінді Сурет 36-2. жоғары екпінді (созылмалы))

4. Қолжазбаның көлемі - әріптердің орташа биіктігіне қарай анықталады. Ірі көлемде әріптердің орташа биіктігі – 4мм-ден жоғары, орташа – 4мм-әә әәеіі аралығында, ұсақ көлемде әріп биіктігі – 2мм-ге дейін (РИСУНОК 37, 37-1, 37-2: Сурет 37, 37-1, 37-2. Қолжазбаның өлшемі: Сурет 37. кіші өлшемді (2 мм-ге дейін) Сурет 37-1. орташа (4 мм-ге дейін) Сурет 37-2. ірі (4 мм-ден жоғары))

5. Жазбаның жылдам шапшаңдықпен орындалғандығы жазу құралын қағаз бетінен алмастан, әріптерді, олардың тіркестерін және сөздерді үзбей жазуды көрсетеді (жазбаның жоғары байланыстылығы), әріпті конструкцияда жеңілдетіп жазу, штрихтардың басталуы мен аяқталу жақтарының үшкірленуінен көрініс табады.

Баяу жылдамдықта жазылған қолжазбадан жазу құралының қағаз бетінен жиі үзіліс алуын, сондай-ақ әріп конструкцияларының күрделілігін, штрихтардың басталуы мен аяқталу жақтарының доғалдануын байқаймыз. Жазба құралын қағаз бетінен үзбей орындалған әріптердің саны бойынша қолжазу төмен, орташа, жоғары **байланыстағы** деп бөлінеді. Біріншісінде 3 әріпке дейін, екіншісінде 3-6 әріпке дейін, ал соңғысында 6 әріптен жоғары орындалады. Бұл белгі тұрақты болып табылады, себебі жазба байланыстылық деңгейін ұзақ жаттығуларсыз көтеру мүмкін емес. (РИСУНОК 38, 38-1, 38-2: Сурет 38, 38-1, 38-2. Қолжазбаның байланыстылығы: Сурет 38. төмен (3 әріпке дейін) Сурет 38-1. орташа (3-6 әріпке дейін) Сурет 38-2. жоғары (6 әріптен жоғары))

6. **Әріптердің қағаз бетіне батып жазылуы** – жазба құралдарына салынған салмақ арқылы сипатталады. Қолжазбаның қатты, орташа және әлсіз басып жазу түрлері бар. Әріп штрихтарының ені тек басып жазумен ғана емес, сонымен қатар қағаздың сапасына, жазу құралының ерекшелігіне байланысты сипатталады.

7. Әріптердің, олардың тіркестерінің, сөздердің дұрыс орындалуынан көрініс табатын қозғалыстың кеңістікте тура орындалуы **үйлесімділік** болып табылады. Төмен үйлесімділікті келесілер көрсетеді: тік штрихтардың бөліну салдарынан әріптердің ирелеңдеп түсуі, әріптің иілген жерінің бұрыштануы, жекеленген элементтердің бір-біріне сәйкес келмеуі, әріптің басталуы мен аяқталуы кезіндегі штрихтардың (дәлме-дәл) тура келмеуі.

8. Қолжазбаны орындау **қозғалысының құрылысы, формасы, бағыты, созылуы, саны, кезектілігі, үзілмеулігі және үдетілуі** жағынан қарастырылады. Қолжазбада жиі кездесетін қозғалыс формасы – тіксызықты-бұрышты, дөңгеленген, доғал тәріздес, ілмек тәріздес болып келеді. Жазбалар қозғалыс бағытына қарай оң жақты және сол жақты болып бөлінеді. Әдетте сағат тіліне қарсы бағытталған сол жақты қозғалыстар жиі кездеседі. Керісінше оң жаққа қарай бағытталған қозғалыстағы қолжазбалар сирек кездеседі. (**РИСУНОК 39-39-5: Сурет 39-39-5. Жазу кезіндегі қозғалыстың жалпы формасы: Сурет 39. иректелген Сурет 39-1. дөңгеленген Сурет 39-2. бұрышты-дөңгеленген Сурет 39-3. иректеліп-дөңгеленген Сурет 39-4. ілмекті Сурет 39-5. бұрышты**)

Әріптердің бойлық осінің орналасуы тік және оңға бағытталған, тұрақты емес қолжазба түрін көрсетеді.

Қолжазба тұрақтылығының көрсеткішіне, жазба белгілері формасының, өлшемдерінің, қисаюының қайталануы және әртүрлі жағдайда жазуды орындау барысында қағаз бетінде мәтіннің орналасу ерекшеліктері жатады.

Сонымен, барлық ғалым-криминалистердің еңбектерінде қолжазбаның мынандай жалпы белгілері көрсетілген: қалыптасуы (жазудың жылдамдығы), қолжазбаның өлшемі, шапшаңдығы, тігінен тұрған элементтердің қисаюы, байланыстылығы, жазбадағы қозғалыстың жалпы бағыты, жазбадағы жалпы қозғалыс формасы. Кейбір криминалистер жалпы белгілер қатарына басып жазу белгісін де жатқызады.

Жеке белгілерге жеке жазу белгілерін орындау барысындағы ерекшеліктер және олардың мектептегі жазу үлгілері нормалары мен қолжазбаның жалпы сипаттамасынан ауытқуы жатады. Мұндай ауытқулар әріптің кез-келген штрихтарынан көрініс табады: бастапқы және аяқтаушы, негізгі және байланыстыратын, сопақша және жартылай сопақталған, жол үсті және жол асты, сол және оң жаққа қарай бағытталған қозғалыстар; ілмектеліп және бұрышталып өзара байланысқан элементтер.

Жеке белгілерді 4 топқа бөліп жіктеуге болады:

1. жазу белгілері мен олардың элементтерін орындау кезіндегі қозғалыс бағыттарының ерекшеліктері; Мысалы, суреттерде “д” әрпінің орындау кезіндегі қозғалыс бағыты көрсетілген. 40-суретте “д” әрпінің дөңгелек

элементі сол жақтан төмен қарай бағыттталып оң жақтан жоғары қарай көтеріледі, содан кейін оң жаққа және төмен қарай бағытталады, (**РИСУНОК 40: Сурет 40.**) 40-1-суретте “д” әріпінің дөңгелек элементі сол жақтан оң жаққа қарай жоғары бағыттталып, содан кейін төмен қарай бағытталады. (**РИСУНОК 40-1: Сурет 40-1.**)

2. жазу белгілері мен олардың элементтерінің байланысу ерекшеліктері; суреттерде әріптер мен әріп элементтерінің байланысу ерекшеліктері көрсетілген. Мысалы, 40-2-суретте “ф” әріпі элементтерінің үздіксіз орындалуы, (**РИСУНОК 40-2: Сурет 40-2.**) 40-3, 40-4-суреттерде “ж” және “т” әріптері элементтерінің бөлек жазылуы көрсетілген, (**РИСУНОК 40-3: Сурет 40-3.**) (**РИСУНОК 40-4: Сурет 40-4.**), 40-5, 40-6-суретте “б-е”; “ы-р”; “у-р” және “т-р”; “б-у” әріптерінің үздіксіз жазылуы көрсетілген. (**РИСУНОК 40-5: Сурет 40-5.**) (**РИСУНОК 40-6: Сурет 40-6.**)

3. жазу белгілері мен олардың элементтерінің өлшемі, қисаюы бойынша өзара қатыстылығының ерекшеліктері. Мысалы, 40-7-суретте “н” әріпінің оң жағының вертикалды элементі сол жақ элементінен кішірек екендігі және “а” әріпінің соңғы элементі жазу жолының ортаңғы бөлігінде орналасқандығы көрсетілген. (**РИСУНОК 40-7: Сурет 40-7**)

4. жазу белгілері штрихтарының басталуы мен аяқталу нүктелерінің орналасуы және оларды орындау әдістері. Мысалы, суреттерде “р” әріпінің әртүрлі жазылу түрлері көрсетілген. 40-8-суретте “р” әріпінің вертикалды элементінің дөңгелек элементінен төменірек орналасуы, (**РИСУНОК 40-8: Сурет 40-8.**) 40-9-суретте вертикалды элементтің дөңгелек элементінен жоғары орналасуы және басталуы ілмек формасында жазылған “р” әріпі көрсетілген, (**РИСУНОК 40-9: Сурет 40-9.**) 40-10-суретте “р” әріпінің вертикалды элементі штрих ретінде сол жақтан оң жаққа қарай бағыттталып төмен кеткендігі белгіленген, (**РИСУНОК 40-10: Сурет 40-10.**) ал 40-11-суретте “р” әріпінің вертикалды элементінің дөңгелек элементімен бір деңгейде орналасқан. (**РИСУНОК 40-10: Сурет 40-10.**)

Жеке белгілердің идентификациялық маңыздылығы мен мәнділігі, олардың басқа адамдар орындаған қолжазбаларында кездесу жиілігіне байланысты. Жеке белгілердің кездесу жиілігі төмендеген сайын, орындаушыны анықтау кезіндегі қолданылатын белгінің маңыздылығы соғұрлым жоғарылайды.

Қолжазбаны зерттеу орындаушының әлеуметтік-демографиялық сипатына байланысты жорамалдау мақсатында (жынысы, жасы, кәсібі), сонымен қатар олардың психикалық жай-күйін анықтау (ауруға жалдығуы мен көңіл-күйінің бұзылуы) және идентификациялау мақсатында жүргізіледі.

4. Қолжазба үлгілерінің түсінігі

Сот сараптамасын жүргізуге қажетті материалдарды дайындау келесі операциялардан тұрады: 1. Сараптамалық зерттеуге жататын істің жағдайларын, заттай дәлелдемелерді және басқа да объектілерді бөліп сараптаманың түрін және мақсатын анықтау. 2. Қажетті материалдарды

жинау (салыстырма үлгілерін), оларды тиісті тәртіппен буып-түю және дайындау. 3. Сараптамалық мекемені немесе сарапшыны таңдау. 4. Сараптаманы тағайындаудың процесуалдық жағынан дайындау. 5. Сараптама тағайындау туралы қаулыны және материалдарды сараптамалық мекемеге жіберу немесе оларды сарапшының өзіне беру.

Тергеуші сараптаманы тағайындау қажет деп тапқаннан кейін белгілі бір дайындық шараларын жүргізеді. Бұл дайындық сатысының дұрыс әрі толық болуы сараптаманың жүргізілуіне, сондай-ақ іс бойынша дәлелдемелер қатарына жататын сарапшының қорытындысының объективті, сенімді болуына үлкен әсерін тигізеді. Яғни, іс бойынша қандай жағдайлар, объектілер зерттеуге жататынына толық көз жеткізу. Сараптаманың міндеттерін дәл әрі нақты анықтау керек. Бұл мәселені шешу кезінде қиындықтар туындаса, тергеуші маманды шақыру арқылы шеше алады. Қолжазбатану материалдары болып сарапшының дұрыс және негізделінген қорытынды беру үшін қажет болатын фактілі мән-жайларды алып анықтайтын және сараптамалық зерттеуге жіберілетін, зерттелінетін, салыстырылатын объектілер мен қылмыстық істің материалдары жатады. Сарапшыға зерттелінетін оқиғамен, объектімен себепті байланыста болатын фактілі мән-жайлар көрсетілген материалдар жіберілуі тиіс. Қолжазбаны зерттеу үшін үлгілерді алу ҚІЖК-не тергеу әрекеті болып және жеке тарау ретінде кіргізілініп отыр. Қолжазбатанудың объектілері болып - арнайы білім қолдану нәтижесінде дәлелдемелерді алудың қайнар көзі болып табылатын, тергеуші және сотпен жиналып сарапшыға ұсынылатын дәлелдемелік ақпараты бар материалдық заттар табылады. Қолжазбатану сараптамасының заты тергеуші мен соттың қойған сұрақтарымен анықталады. Оған белгілі ғылыми-техника саласының арнайы білімінің көмегімен анықтайтын мән-жайлар жатады.

Сараптаманы тағайындап отырған адам сараптамаға сапалы және нақты материалдардың жіберілуін қамтамасыз етуге міндетті. Сарапшы ұсынған материалдар шеңберінде толық, жан-жақты және объективті зерттеу жүргізу үшін тағайындалады. Зерттеудің толық және объективті болуына сарапшы жауапты болса, қолжазбатану материалдарының сапалылығына, шынайылығына және толықтылығына сараптама тағайындаушы адам жауапты.

Сараптама тағайындаған адам қолжазбатану зерттеуіне жіберілетін мәліметтердің жеткіліктілігі жөнінде, қылмыстық істің қандай материалдары қажет екенін анықтауы үшін сарапшыдан кеңес алуға, сонымен қатар, қолжазбатану объектісін қарауға, алуға, салыстырмалы үлгілер алуға сараптамалық кеңес үшін маманды шақыруға құқығы бар. Сарапшының сараптаманы дайындау мен жүргізуде осындай белсенді роліне қарамастан ол өз бетімен басқа мекемелерден сараптамалық қорытынды беру үшін материалдарды талап етуге құқығы жоқ. Қолжазбатанудың барлық материалдары сарапшыға тек қана сараптама тағайындаған адам атынан берілуі керек. Қажет материалдары жеткіліксіз

болған жағдайда сарапшы тергеушіден (соттан) талап етуге құқығы бар, ал өз бетімен іріктеуге құқығы жоқ.

Криминалистика ғылымында салыстырмалы үлгілерге — белгілі бір түрдің, топтың объектілерінің қасиеттеріне ие болатын немесе жекеленген заттармен қарым-қатынасқа түсудің салдарынан олардың белгілерін өзінде бейнелейтін әртүрлі материалдық заттарды жатқызады. Сондықтан, олар бейнесін қалдырған заттарды анықтаудың делдалы болып пайдалануы мүмкін. Идентификациялық белгілердің пайда болуына байланысты салыстырмалы үлгілер екі түрге бөлінеді. 1. Белгілі бір топтар, құрамдар, құрылыстар объектілерінің тікелей өкілі ретінде. 2. Қарым-қатынасқа түсудің нәтижесінде жекелеген объектілердің материалды белгілерін өзінде қалдыруы.

Бірінші топтағы салыстырмалы үлгілердің ерекшеліктері бұл — зерттелетін объектілер сияқты олардың да сондай қасиеті, құрамы және құрылысы бар. Сондықтан, олар пайда болуы немесе бір классификацияланған топқа жатуына байланысты ортақтығын анықтау үшін қолданылуы мүмкін. Сараптамалық зерттеулерде мұндай салыстырмалы үлгілерді қолданудың басты шарты болып, зерттелінетін объектілермен химиялық құрамы, физикалық қасиеттері, биологиялық шығу тегі, технологиялық белгілерінің сәйкестігі. Екінші топтағы үлгілер зерттеу процесінде идентификациялау объектілері ретінде қолданылады. Бұл үлгілердің ерекшелігі — шығу тегінің белгілі болуында. Олар арнайы тергеушілермен салыстырмалы зерттеу үшін алынады. Екінші топтағы үлгілерді сараптамалық зерттеуде пайдаланудың мүмкіндігін көрсететін басты шарт — тексерілетін объектілердің үлгілерде күмәнсіз бейнеленуі. Салыстырмалы үлгілер пайда болуына байланысты еркін және эксперименталды болып бөлінеді. Қолжазбатану сараптамасы бойынша салыстырмалы үлгілердің үш түрі бар: еркін, эксперименталды, шартты-еркін. Қолжазбатану сараптамасына байланысты салыстырмалы үлгілерді қарастырайық. Мәтін, қол таңбаның орындаушысын анықтау тек қана салыстырмалы материалдарды дұрыс жинау кезінде мүмкін болады. Сондықтан да салыстырмалы зерттеу үшін үлгілерді дайындау мәселесі өте маңызды. Сарапшының жоғарғы біліктілігі, көп жылдық тәжірибесі, зерттеу кезінде жоғарғы дәрежелі әдістерді қолдануы, сараптама үшін қажетті, керекті салыстырмалы үлгілері болмаса, оған ешқандай да көмегін тигізбейді. Үлгілерді жинау кезінде жіберілген кемшіліктер сараптамалық қателіктерге әкелуі мүмкін, ал бұл өз кезегінде тергеу мен сотты жалған жолға бұруы ықтимал. Ұсынылатын үлгілерге қойылатын басты талаптар: олардың анықтылығы, яғни қолжазбаның күмәнсіз орындаушымен жазылуы, үлгілердің сапалылығы мен қажетті сандық көлемі. Тиісті сапалылығы — зерттелінетін құжат пен үлгінің жасалу уақытысына, жазу шапшаңдығына (темп), тілі, орындалу амалы, мәліметтері, құжаттың мазмұны мен орындалу жағынан салыстыруға келуімен байланысты. Үлгілердің қажетті көлемділігіне зерттелінетін мәтіндегі белгілердің

барлығына толық, жан-жақты салыстырма жасауға мүмкіндік беретін үлгі көлемі жатады.

Енді үлгілердің түрлеріне тоқталайық. Еркін салыстырмалы үлгілер арнайы сараптама үшін орындалмайды. Олар мүлдем тергелінетін қылмысқа қатысты болмауы да мүмкін. Қылмыстық істің жағдайына, зерттелінетін объектінің сипатына, сарапшының алдына қойылған мәселелеріне байланысты еркін үлгілер – құжат мәтіндері, қол жазбалар, автобиографиялар, арыз, анкета, жеке хаттар, конспектілер т.б. түрінде айыпкердің (сезіктінің) орындалуымен жүзеге асырылады. Олар қылмыстық іс қозғалғанға дейін пайда болады және қылмыстық іске ешқандай қатысы жоқ. Еркін үлгілерді тергеуші тергеу әрекеттерін жүргізу барысында (тінту, алу) немесе мекемелер мен жеке адамдардан алады. Бұл үлгілер әдеттегі жазумен орындалады және қасақана бұрмаланбайды. Қолжазбаның эксперименталды үлгілерінің еркін үлгілерден айырмашылығы – олар сараптама жүргізу үшін арнайы алынады.

Эксперименталды үлгілердің алынуының қажеттілігі әртүрлі себептерге байланысты болуы мүмкін. Мысалы: тергеуші зерттеуге қажетті көлемде еркін үлгілерді жинай алмауы. Кей жағдайларда қажетті еркін үлгілер саны жағынан жеткілікті, бірақ олар зерттелінетін объектіден өзгеше (зерттелінетін құжат мәтіні қарындашпен, ал ерікті үлгілер сиямен жазылған).

Эксперименталды үлгілерді алудың ерекшелігі – олар арнайы дайындалған жағдайларда алынады және жасандылық элементтерін жою үшін, кездейсоқ жағдайлардың әсерін жою үшін үлгі алуда сан жағынан шек қойылмайды. Эксперименталды үлгілерді тергеушінің жеке өзі немесе маманның қатысуымен алады. Тергеуші қолжазбатану зерттеулері үшін үлгілер алу туралы қаулы мен қолхат ала отырып, сезіктіні, айыпталушыны, жәбірленушіні, куәні таныстырады, тергеу әрекетіне қатысушы өзге адамдарға олардың құқықтары мен міндеттерін түсіндіреді. Қолжазбаның эксперименталдық үлгілерін жасау процесі кезінде зерттелінетін құжатты үлгі алынып отырған адамға көрсетуге не көшіруге беруге болмайды. Бұл зерттелінетін құжатқа ұқсастырып немесе керісінше, зерттелінетін құжаттың орындаушысының жазуын өзгертуіне әкелуі мүмкін. Ал бұл өз алдына қолжазбатану зерттеулерін қиындатады. Эксперименталды үлгілер мәжбүрлеу арқылы алынуы мүмкін. ҚІЖК-де сараптамалық зерттеу үшін үлгілер алудың хаттамасын дайындауы туралы көрсетілген. Үлгілерді орындаушысына көрсетіп, оның өз қолымен жазғанын растайтын қолы қойылады. Сараптамаға жіберілетін зерттеу объектілері мен үлгілері тиісінше буып-түйіп, мөрмен бекітіліп, хаттамаға қоса тіркеледі.

Шартты-еркін үлгілер – қылмыстық іс қозғалып, оның пайда болғаннан кейінгі жазылған қол жазбалар. Көбінесе олар іспен байланысты (түсініктемелері, арыз, шағым т.б.), бірақ арнайы сараптама үшін орындалмаған. Бұл үлгілер ерекше түрдегі үлгілер болып есептелінеді.

Өйткені оларды не ерікті, не эксперименталды үлгілер қатарына жатқыза алмаймыз.

Енді қолжазбаның еркін үлгілеріне қойылатын талаптар туралы айтып кетейік. Ерікті үлгілер ретінде алынатын мәтіндер мен қолжазбалардың белгілі сапалы қасиеттер болуы керек. Салыстырмалы материалдардың сапасы жөнінде айтқанда, терең және жан-жақты зерттеу жүргізуге мүмкіндік беретін қасиеттері қарастырылады. Бұл үлгілердің зерттелетін құжатпен салыстыруға болатын жағдайда ғана мүмкін. Үлгілер зерттелетін құжатқа сәйкес келуі тиіс:

1. Жазуы мен тілі бойынша. Зерттелетін құжаттағы әртүрлі жазу мен тілде жазылған мәтіндердің, атап айтқанда: жазу белгілерін, сөйлем құрау ерекшеліктерін, баяндау стильдерін салыстыру мүмкін емес.

2. Жазылу уақытысына қарай. Зерттелетін құжат пен еркін үлгінің жасалу уақытының үзілісі минималды болу керек. Қолжазудың белгілері мен тұрақтылығы уақыт өтуге байланысты өзгереді. Мектеп кезінде қол жазудың тұрақтылығы туралы шартты түрде ғана айтуға болады. Бұл қолжазудың қалыптасатын кезеңі. Сондықтан, үлгіні зерттеу құжаты жазылған уақыт аралығындағысын алу қажет. Ересек адамның қолжазуы қалыптасқан болып табылады. Үлгі мен зерттеу құжаты арасында бірнеше жыл болуы мүмкін. Ал жасы ұлғайған, кәрі адамдардың жазу дағдысы ішінара бұзылып, қол жазудың өзгеруіне әкеледі. Әрі бұл процесс тез жүруі мүмкін. Сондықтан қартайған адамдардың жасаған құжаттарын зерттегенде салыстырмалы материалдар сол кезеңге байланысты болуы тиіс.

3. Мазмұны жағынан және белгіленген мақсатына байланысты болуы қажет. Мысалы: бланк бетіне жазылған мәтіннің салыстырма үлгісінің осындай бланкке жазылуы.

4. Қолжазбаның материалына байланысты. Үлгілерді жазу материалдарының сәйкес келуі маңызды мәселе (қалам не қарындашпен, бірдей қағаздарға жазылуы).

5. Жасалу амалдары бойынша. Зерттелінетін мәтін белгілі бір шрифтке сәйкестендіріп жазылса. Мысалы: баспа әріптері формасында, сызба ретінде немесе сол қолмен.

6. Құжатты жасау шарттары бойынша. Ерекше жағдайларда жасалса: отырып, тұрып.

7. Жазуды орындаған адамның хал-күйіне байланысты.

8. Жазудың шапшаңдығына байланысты болуы керек. Тез жазылған қол жазбаларға – лекция конспектілері т.б. Жай шапшаңдықпен жазылған – ресми құжаттардың мәтіндері.

Жоғарыда көрсетілген шарттар орындалмаса, сарапшы өз міндетін орындай алмауы мүмкін. Маңызды мәселелердің қатарына берілген үлгілердің сандық көлемі де жатады. Еркін үлгілер саны 10-15 болуы керек.

Қолжазба мен қол таңбаның эксперименталды үлгілерін алу.

Эксперименталды үлгілер еркін үлгілер сияқты зерттелетін объектіге жазылуы жағынан, тіліне, мазмұны, хат материалдары, жасалу амалына, мүмкіндік болса құжатты жасау жағдайына және жазудың шапшаңдығына қатысты салыстыруға келетіндей болуы қажет. Бірақ эксперименталды үлгілерді алудың өз ерекшелігі бар. Эксперименталды үлгілерді алу кезінде жазатын адамға әдеттегі жағдай жасалынуы тиіс (көзілдірік киетін болса). Эксперименталды үлгілер тергеушінің айтуы бойынша (диктовка) жазылады немесе тергеушінің ұсынған тақырыбына шығарма жазу нәтижесінде алынады. Алдын-ала айту шапшаңдығы белгіленеді. Мүмкіндік болса, зерттелетін құжат мәтінін 3-4 рет жазғызу керек. Ал, егер мәтіннің мазмұнын жазатын адамның білуі қажет емес деп тапса, онда кездесетін сөздерді басқа байланыста келтіріп, жазғыздыртады. Арасына уақыт салып қолтаңба үлгілерін бірнеше рет алу қажет. Эксперименталды үлгілерді алу кезінде зерттелінетін объектілердің жасалу жағдайының бәрін ескерту керек. Қолтаңбаның үлгісін алу барысында жазатын адамның қолтаңбасының барлық варианттарын жазуды сұрайды. Ал біреудің атынан қол қойғанын тексеру кезінде, сол кісінің фамилиясын бірнеше қатар жазғыздыру қажет.

Еркін үлгілерді алғанда маман-қолжазбатану тергеушіге іздеу жоспарын құрып бергені дұрыс. Онда: қай тілде, қай графика негізінде, қандай құжат түрінде, қай мерзім кезіндегі үлгілерді жинау керек екендігі көрсетіледі.

5. Криминалистикалық автортанудың түсінігі, міндеттері және ғылыми негіздері

Құжаттағы мәтіннің авторын анықтау мақсатында жүргізілетін криминалистикалық зерттеулер, криминалистикалық автортанудың құзыреттілігіне жатады. Криминалистикалық автортанудың бұл түрі қолжазуды криминалистикалық зерттеу барысында жазба тіл заңдылығын зерттейтін нақты бір арнайы ғылымды қолдану негізінде қалыптасқан.

Мәтінді орындаушы жөніндегі мәселені шешу кезінде жазу тіл белгілері көмекші маңыздағы ғана рөлді атқарады. Ал автортану зерттеулерінде, олар басты рольді атқара отырып құжатты толтырған автордың жеке басы туралы белгілі бір қорытындыға келуге негіз болады. Бұл әсіресе мәтінді орындаушы мен автор әртүрлі тұлғалар болған жағдайдағы іс үшін өте маңызды болып табылады.

Жазу тілдің қызмет етуінің негізін тілдік және интеллектуалдық дағдылар кешені құрайды. Тілдік дағдыға жоғарыда көрсеткендей - тарау, бөлім, пункттік, орфографиялық, лексико-фразеологиялық, синтаксистік және стилистік дағдылар жатады.

Интеллектуалдық дағды әр адамға тән болмысты тану әдісін сипаттайды және қабылдау, ойлау, есте сақтау дағдыларынан тұрады. Бұл дағдылардың мазмұнын адам психикасынан көрініс табатын меңгерілген

және жекеленген тілдік және ойлау нормалары мен одан ауытқулықтар құрайды.

Дағдылар мазмұны, олар нақты тұлғаларда қалыптасу жағдайы мен ерекшелігіне тікелей байланысты болады және де қабылданған мәліметтерді сол тұлғаның қолдануымен анықталады.

Жекеленген тілдік және интеллектуалдық дағдылар ойлау, сөйлеу нормаларының белгілі бір жиынтығының әрбір адамда қалыптасуы мен оларды сөйлеу барысында қолдану ерекшелігінен көрініс табады.

Мұнда адам қандай да бір норманы қолданып сөйлеуге үйреніп, қалыптасады және ол әдетте өзінің ойын жеткізу кезінде сөз құрамының барлығын емес, жартылай ғана жеткізуге дағдыланады. Осыған байланысты әр адамда сирек кездесетін қайталанбайтын тілдік жиынтықтар мен интеллектуалдық дағдылар пайда болады. Осы жекелей қалыптасқан дағдылар арқылы зерттелетін құжат мәтінінің авторын идентификациялауға болады.

Криминалистикалық автортанудың ғылыми негізін – адам тілінің сөйлеу шарты мен заңдылығын, тілдің жекелену себебін, динамикалық тұрақтылығын, жазба тілінің алуан түрлілігін анықтау туралы және қылмысты тергеу мақсатында оны зерттеу әдістері жөніндегі білімдер жүйесі құрайды. Криминалистикалық автортану келесідей салааралық ғылым мәліметтерін жинақтайды: адамдар арасындағы қатынас теориясы – коммуникациялық, лингвистикалық, психологиялық және психолингвистикалық, криминалистикалық мәліметтер (идентификация теориясы, криминалистикалық қолжазба). Сонымен қатар, қылмыстық және азаматтық істерді қарастыру кезінде де қолданылады.

Жалпы анықталатын мәселелер екі топқа бөлінеді:

- Идентификациялық – бір немесе бірнеше құжаттың нақты авторын анықтаудан (идентификациялық мақсатта);
- Идентификациялық емес – автордың ұлтын, топтық қатынасын, яғни оның білім деңгейін, кәсібін, жазу тілінің стильдік дағдысының болуы, әлеуметтік-демографиялық көрінісі туралы және т.б. (классификациялық-диагностикалық мақсатта) жағдайларын анықтаудан.

Соңғы уақыттарда бұқаралық ақпараттар құралдарда (СМИ) тіл тигізуге байланысты келтірілген моральдық зиянды өтеу арыздары көбеюде. Осы саннаттағы істер бойынша ақиқатқа жету үшін соттар автортану сараптамасының негізгі құрамдас бөлігі болып табылатын лингвистикалық сараптаманы тағайындайды. Сараптаманың шешуіне идентификациялық сипаттағы сұрақтар қойылады:

- мәтінде осы азаматты қорлайтын және тіл тигізетін сөздер, сөз тіркестері кездесе ме?
- мәтін авторының азаматқа беріп отырған мінездемесі қандай?
- басылымда моральдық және т.б. қағидаларды сақтау көз-қарасымен азаматтың жеке басын, қызметін негативті жағынан сипаттайтын мәліметтер, мән-жайлар бар ма?

Криминалистикалық автортанудың объектілері – бұл әртүрлі құжат мәтіндері, жазба, жазылған мәтіндер, сонымен қатар принтер, ризографтар, баспаханалық құралдарды қолдана отырып көбейткіш тәсіл көмегімен алынған құжаттағы мәтіндер. Автортануда мәтін деген түсінікке бір ойды білдіретін сөйлемдер жиынтығы жатады. Жеке сөйлемдер мен сөз тіркестері осы автортанудың объектісі бола алмайды. Сөйлемдер мәтін материалының мазмұнын ғана құрайды. Автортану зерттеуінің бірлігі болып сөйлемдер қарастырылады, ал қолжазбатанудың зерттеу бірлігіне жеке жазба белгілері жатады (әріп және сан).

Құжаттың мәтіні күрделі жүйелі құрылым болып табылады, олардың элементтері белгілі бір өзара әрекет ету заңдылығымен байланысты. Идентификациялық зерттеу жүргізу үшін мәтіннің минималды көлемі шамамен бірнеше сөйлемдерден тұруы қажет.

Мәтіннің авторын анықтау барысында мәтіннің құрылымдық қасиетін көрсететін мәліметтер қолданылады. Бір жағынан танылатын объект ойлау заты туралы мәлімет. Бұл мәліметтерден автордың қатынасқа түсетін заттары мен құбылыстары, сондай-ақ оның араласатын адамдары туралы ақпарат алуға болады. Осы мәліметтер бойынша оның шынайы өмір сүру ортасын; әлеуметтік, этникалық, кәсіптік және біліктілік деңгейі анықталады. Мұндай ақпараттарды зерттеу мен қолдану арнайы білімді қажет етеді. Құжат мәтінін зерттеудің бастапқы кезеңінде автордың жеке басы туралы шартты моделін қалыптастырып аламыз. Автор өзінің ойын сөйлеу қабілетімен білдіреді. Осы арқылы автордың білім деңгейі, жазу тілін меңгеру дағдысы, этникалық көзқарастары, эмоциялық жағдайымен басқа да оның жеке басын сипаттайтын мәліметтерді ала аламыз. Алынған мәліметтер арнайы білімі бар адамның жазба тілі белгілерін зерттеу нәтижесінде анықталады.

6. Үлгілердің түсінігі

Автортану зерттеуінде тексерілетін тұлғалардың жазу тілінің үлгілері қажет. **Олар қолжазбатанудың еркін, эксперименталды және еркін-шартты болып келеді.**

Еркін үлгілер – сезікті және тергелетін адамдардың қылмысқа еш қатысы жоқ және қылмыстық іс қозғалғанға дейінгі жазған мәтіндері. Бұл үлгілер зерттелетін мәтіннің орындалу тіліне, уақытына, жазба тілінің стиліне, адресатына және автордың мәтінді орындау кезіндегі жалпы жағдайына сәйкес келуі қажет. Әртүрлі ұлт тілінің синтаксистік, лексико-фразеологиялық, стилистік элементтері мен құрылымдары бір-біріне сәйкес келмейді және әртүрлі көрініс тауып, ерекшеленеді. Сондықтан да зерттелетін құжат пен үлгінің бір тілде жазылуы тиіс. Адамның жазба тілінің белгілерінің тұрақтылығы салыстырмалы болғандықтан, зерттелетін құжат пен үлгілер сол бір уақыт аралығында жазылуы керек. Адамның жеке басының қалыптасып дамуына қарай және субъективті, объективті сипаттағы факторлардың (білім алуы, игерген мамандығы, әлеуметтік, ұлттық, кәсіби

және басқа да орталар) әсер етуі нәтижесінде адамның жазба тілі мәнді өзгеріске ұшырайды. Яғни, сауаттылық деңгейі жоғарылайды, лексикалық құрамы артады, синтаксис пен стильдік ерекшелігі күрделенеді. Керісінше, адамның қартайған шағында организмнің, өспелік, биологиялық, психофизиологиялық өзгеруінің нәтижесінде жазба тілі өзгеріске ұшырап тілдік баяндау құрылымы жеңілдетіледі және бұзылады.

Қолжазба тілінің еркін үлгісі зерттеліп отырған мәтіндегідей формада және функционалдық стильде орындалуы қажет (тұрмыстық, қызметтік, публицистикалық, ғылыми). Тұрмыста қолданылатын стиль көбінде жеке хаттардан, запискалардан, қызметтік баяндамалар мен түсініктеме запискалардан, рапорттардан, хаттамалардан және т.б. көрініс табады. Публицистикалық – қоғамдық-саяси тақырыптарға байланысты баяндамалар мен осы типтес мазмұндағы мақалалардан; ғылыми мақалалар мен құжат мәтіндерінен; пікірлерден және т.б. тұрады. Редакцияланып басылып шығарылған мәтін автордың сөйлеу ерекшеліктерін толығымен көрсетпейді. Сондықтан үлгі ретінде автордың қолжазбасын қолданған жөн. Адресатты есепке алудың ерекшелігі, мұнда мәтінді орындаушы автор хат алушы адамның әлеуметтік-демографиялық сипатына қарай сөз қолдану ойын жеткізу элементтерін таңдап алады. Осыған байланысты бір оқиға әртүрлі формада баяндалуы мүмкін. Мысалы: орындаушы бір оқиға жөнінде досына, туысына және т.б. жазғанда полиция қызметкерлеріне арыз, түсініктеме беруден қарағанда өзгеше баяндайды.

Автордың зерттелетін мәтін мен еркін үлгілерді жазу кезіндегі жағдайын ескеріп, тергеу барысында оны қолдану қажеттілігі келесідей жағдайларда туындайды. Мысалы: орындаушының психологиясында қатаң өзгеріске ұшырауға әкелетіндей психикалық және өзге де ауыр науқасқа ұшырау мен жан күйзеліс үстінде мәтінді орындағаны белгілі болған жағдайда.

Жазу тілінің эксперименталды үлгілері – автортану сараптамасына жіберу үшін арнайы түрде тергеуші немесе соттың қатысуымен алынатын мәтіндер. Еркін үлгілерді алу барысында қойылатын талаптар, бұл үлгілерді алу кезінде де сақталынады. Бұл үлгілер алғашқыда орындаушының еркімен таңдалған тақырыбы бойынша, ал кейіннен тергеушінің берілген тақырыбына байланысты шығарма немесе мазмұндама түрінде орындалады. Бірінші жағдайда тергеуші белгілі бір функционалдық стиль шеңберінде орындауды нұсқайды. Мысалы: хат, арыз-өтініш, шағым-арыз және т.б. Екіншіден, тергеуші жазылатын мәтіннің тақырыбын жазба тілінің белгілі бір формасында адресін ұсынады. Осы көрсетілген үлгілермен қатар, зерттелетін мәтін сипатына қатысты емес эксперименталды үлгілер алынуы қажет. Олар тексерілетін автордың жазба тіл белгілерін объективті бағалауға мүмкіндік береді.

Кейбір жағдайларда жазу тілінің шартты-еркін үлгілері де қолданылады. Бұл мәтіндер тергеу барысында пайда болған қылмыстық іс материалдарындағы түсініктемелер, өз қолымен жазған көрсетпелер, арыз-

шағымдар және тағы басқалар. Бұлар сараптамада қосымша салыстырмалы материалдар ретінде қарастырылады.

Авторлықты анықтау мәселесін шешу мүмкіндігі зерттеуге жіберілген материалдың көлемімен, сапасымен зерттеу әдістемесінің жетілу деңгейімен анықталады. Қазіргі уақытта идентификациялық криминалистикалық автортану сараптамасының теориялық және әдістемелік негізі жоғары дәрежеде өңделген, ол барлық жағдайда авторды идентификациялауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, құжат авторының ана тілін, білім деңгейін, тіл дағдысының қай елді мекенде қалыптасқандығын анықтаумен байланысты классификациялы-диагностикалық әдістемелерде қалыптасқан.

Автортанудың әдістеріне төмендегілер жатады:

1. лингвистикалық (сондай-ақ, лингвостатистикалық), тіл құрылымы мен элементтерін анықтаумен байланысты;
2. психолингвистикалық, тұлғаның сөйлеу жүйесіне әсер ететін психикалық процесс ерекшеліктері тұрғысынан сөйлеудегі тіл құрылымына талдау жүргізуге мүмкіндік беретін әдіс;
3. әлеуметті-лингвистикалық, тілдің қандай әлеуметтік факторлармен байланысты екенін анықтайтын әдіс;
4. логика-психологиялық, автордың тілдік және интеллектуалдық дағдыларының қасиеттері мен ерекшеліктерін анықтайтын мәтіннің құрылымы мен логикалық элементтеріне талдау жасауға бағытталған;
5. тіл дағдысының даму дәрежесін анықтаудың математикалы-сандық әдісі, электронды-есептегіш техника базасына негізделген жазба тілінің қалыптасқан тілдік дағдысының жалпы және жеке белгілеріне статистикалық талдау жасау.

ҚҰЖАТТАРДЫ ТЕХНИКА-КРИМИНАЛИСТИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ

- 1. Құжаттарды техника-криминалистикалық зерттеудің түсінігі және оның міндеттері мен түрлері*
- 2. Құжаттардың бастапқы мазмұнын өзгерту мен оларды қалпына келтірудің әдіс-тәсілдері*
- 3. Құжаттардың бастапқы мәтінін қалпына келтіру*

Құжаттарды техника-криминалистикалық зерттеу дегеніміз - қылмыстық және азаматтық істер бойынша заттай дәлелдеме болып табылатын құжаттарды зерттеу кезінде туындайтын мәселелерді шешу мақсатында жаратылыстану және басқа да техникалық ғылым салаларынан алынған теориялық ережелер мен арнайы әдістерді жүйелендіру негізінде қалыптасқан криминалистикалық техниканың жеке бір саласы.

Құжаттарды техника-криминалистикалық зерттеуге жататын мәселелер шеңбері, зерттеу кезінде қолданылатын әдістер сияқты кең ауқымды және

көптүрлі. Құжаттарды техника-криминалистикалық зерттеудің жалпы мәселелері идентификациялық және идентификациялық емес деп екі топқа бөлінеді. Оларға мыналар жатады:

Идентификациялық:

- құжаттар бір әдіспен жасалған ба (немесе реквизиттері);
- құжаттағы мөр таңбалары осы мөрмен басылған ба;
- құжаттағы жазбалар осы қаламмен жазылған ба;
- құжат мәтіні осы жазу машинкасында басылған ба;
- құжаттың бланкісі осы клише көмегімен орындалынған ба;
- құжаттың бланкісі осы станокта басылған ба;
- құжаттың бланкісін дайындауда осы бояулар қолданылған ба;
- құжаттың бланкісін дайындау үшін қағаз қолданылған ба;
- құжаттың бланкісін дайындау үшін материалдар қолданылған ба және

т.б.

Идентификациялық емес:

- құжат мәтінінде қандай да бір өзгерістер бар ма, бар болса қандай, қандай әдіспен жасалған және құжаттың бастапқы мазмұны қандай болған;
- құжат немесе оның реквизиттері қандай әдіспен жасалған;
- құжат қай уақытта жасалған және де оның реквизиттері қандай кезектілікте жасалған;
- құжат қандай техникалық құрал-жабдықтар мен материалдардың көмегімен дайындалған;
- мөрдің таңбасы қандай әдіспен салынған;
- өшіп қалған, түссіздендірілген және қан жұққан жазбалардың мазмұны қандай;
- жанған, жыртылған құжаттардың мазмұны қандай;
- жалған құжатты жасау үшін қолданылған материалдар қайда және қандай аяда қолданылады және т.б.

Техника-криминалистикалық зерттеудің тікелей объектілеріне төмендегілер жатады: реквизиттер, құжат материалдары және техникалық құралдар.

1. Құжаттардың реквизиттері, оларға: мәтіндер, жазба мәтіндері, қолтаңба және басқа да таңба түрлері; баспа түріндегі таңбалар (мөр, жазу машинкасының және мөртаңба, телеграфтық, кассалық және басқа да белгілерді басатын аппараттар мен құрылғылар); фотосуреттер, маркілер, бланкілер жатады.

2. Құжаттарды немесе оның жекеленген реквизиттерін жасау үшін қолданылатын техникалық құралдар: жазу құралдары (шарикті қаламның стержені, қарындаштар, фломастерлер), компьютерлер, принтерлер, сканерлер, ризографтар, клишелер, мөр және мөртаңбалар, баспаханалық техникаға жататын жазу құрылғылары: баспа машиналары және басқа да белгілерді басатын құрылғылар (кассалық, телеграфтық және т.б.);

қағаз тескіштер, компостерлер, перфораторлар; қырып тазарту жолымен штрихтарды кетіру үшін қолданылатын құралдар; қағаз кесетін машинкалар; түптейтін құрылғылар және т.б.

3. Құжат материалдарына келесідей қолжазба материалдары жатады: сия, тушь, шарикті қаламның пасталары, бояулар, қарындаш графиті, электрографикалық тонерлер; құжаттар жасайтын қағаз, картон; қосымша қолданылатын қажетті материалдар - клей, қорғағыш кабаттар, түптеуге қажетті (ледерин тәріздес) материалдар, өңдеу, түзету үшін пайдаланылатын (сұйықтықтар, «штрих» тәріздес), құралдар; уландырғыш заттар — күнделікті үй-тұрмысында қолданылатын химиялық заттар, фармацевтік препараттар және т.б.

Жоғарыда аталған тікелей объектілерге қатысты құжаттарды техника-криминалистикалық зерттеудің жеке әдістемесі қалыптасқан. Олар, құжаттарға сот-техникалық сараптамаларын жүргізу кезінде қолданылады. Құжаттарды техника-криминалистикалық зерттеудің жекеленген әдіс-тәсілдерін тергеуші құжаттарға тергеу қарауын жүргізген кезде қолдануы мүмкін.

Қылмыскерлер әртүрлі әдіс-тәсілдермен жалған құжаттар жасаулары мүмкін. Жалған жасаудың техникалық әдістері негізінен екі топқа бөлінеді: толық және жартылай. Жартылай жалған жасау қылмыскердің қолындағы түпнұсқа құжатқа өзгерістер енгізуден тұрады. Жартылай жалған жасаудың әдістеріне: тазарту, уландыру, жуу, қосып жазу, қосып басу, фотосуреттерді және қағаз беттерін ауыстыру. Құжаттарды толық жалған жасау келесідей нұсқаларда жүргізіледі. Қылмыскер мөр басылған және мекеме штампы қойылған құжаттың таза бланкісін тауып, оған тек мәтін енгізіп, басқарушының қолтаңбаларын жалған қояды. Басқа нұсқасы, қылмыскер таза бланк тауып, оған жалған мөр және қолтаңба қойып, сәйкес мәтін енгізеді. Соңғы бір нұсқасы, қылмыскер құжат бланкін қолдан дайындап, құжатқа қажетті қалған реквизиттерді енгізеді. Құжаттарды техникалық жалған жасаудан қорғау үшін әртүрлі әдіс-тәсілдер қарастырылған. Құжаттардың жалпы жүйесі бойынша қатаң тіркеудегі құжаттарды бөліп қарауға болады.

2. Құжаттардың бастапқы мазмұнын өзгерту мен оларды қалпына келтірудің әдіс-тәсілдері

Құжаттарды қолдан жасаудың барынша кең тараған түрлері: түпнұсқа құжаттың мазмұнына қырып өшіру, қосып жазу, химиялық реактивтер қолдану, құжаттың кейбір беттерін, құжаттағы фотосуреттерді ауыстыру жолдарымен өзгерістер енгізу.

Тазарту дегеніміз — мәтінді өшіргішпен немесе өткір заттармен: лезвия, пышак, скальпельмен қыру арқылы механикалық өшіру.

Қырып өшіру нәтижесінде қағаздың беткі қабатының құрылымы өзгереді, бұзылады және қағаз бетінде тікірейген талшықтар пайда болады. Олар қиғаш түсірілетін жарықтықта зерттеу кезінде мұқият бақылау жүргізу арқылы көзге

көрінеді. Қағаз бетіндегі мәтінді қырып өшіру нәтижесінде қағаз жұқарады. Пайда болған мұндай белгілер құжаттарды өткінші жарықтықта қарау кезінде анықталуы мүмкін.

Қағаздың беткі қабатымен бірге, оның қорғаушы торы, ассюре, баспаханалық сызықтар мен бастапқы орындалған мәтіннің штрихтары жойылады немесе зақымданып бүлінеді. Бұл белгілер құжаттарды үлкейткіш әйнектер (лупа) немесе микроскоп арқылы қарағанда анықталады. Сонымен қатар, қорғаныш торы мен ассюренің зақымдалған сызықтарының үстінен қайта басып жазу іздері, қырып тазаланған жерлерде қайта орындалған жазбалардың микроқұрылымдарының өзгешелік белгілері, бастапқы мәтіннен қалған штрихтар байқалады, әсіресе, сапасы төмен қағаздарда сұйық бояғыштарды пайдалану арқылы жазбаларды орындау кезінде айрықша көзге көрінеді.

Қырып тазартылған жазуларды оқу үшін физика-химиялық әдістер жиынтығы қолданылады. Бұл әдістер нашар көрінетін штрихтарды, бастапқы мәтіннің люминесценциясын қалпына келтіреді. Штрихтарын қырып тазартқан жағдайда бастапқы жазылған мәтін өткінші жарықта қарау және фотосуретке түсіру арқылы анықталуы мүмкін.

Кейбір жағдайларда құжаттың бастапқы мәтінін бастырып жазудан қалған қағаздың кері жағындағы бедері бойынша немесе бастапқы мәтінді орындау кезінде астындағы параққа басылып түскен іздері арқылы оқуға болады. Бастырып жазу іздері қиғаш түсетін жарықта қарау арқылы анықталады.

Өндеу - бұл бастапқы жазбаларды (немесе оның бөліктерін) химиялық жолдармен өшіру, яғни штрихтарды түссіздендіру арқылы жою.

Химиялық реактивтер қолдану арқылы өндеу фактісі қағаздың механикалық қасиетінің өзгеру белгілері бойынша анықталады. Химиялық заттармен өңделген қағаз жұқарып, жыртылғыш, әрі кедір-бұдырлы болып келеді. Қағаздың беткі қабатында майда жарықшалар (мелкие трещины) пайда болуы мүмкін. Қағаз бетінің оптикалық қасиеті: түсі, түрі, люминесценция сипаты өзгереді. Барлық жағдайда күмән туғызатын құжаттарды көрінбейтін ультракүлгін және инфрақызыл сәулелерде қарап, зерттеу қажет. Ультракүлгін сәулелері әсерінен көптеген химиялық өндеу құралдары мен заттары люминесценцияланады. Қағаз бетінің әртүрлі люминесценциялану сипаты (қарқыны мен түсі) бойынша өндеу әрекеті жүргізілгендігін көре аламыз. Кейбір жағдайларда ультракүлгін сәулелерінің әсерінен бастапқы мәтіндегі штрихтардың люминесценциялануы байқалады. Егер зерттелетін құжатқа спектрдің көк-жасыл бөліктерімен әсер етсе, көрінбейтін инфрақызыл сәулелердің де аумағында люминесценция пайда болуы мүмкін.

Бастапқы жазылған мәтіннің нашар көрінетін штрихтарын жарық фильтрлерді іріктеу, контрасты және түс айыру әдістерін қолдану жолымен қалпына келтіріледі.

Өндеу фактісі мен өңделген мәтіннің мазмұнын химиялық әдістермен де зерттеп: құжаттың беткі қабатының сипатын

(қышқылды және сілтілі ортасын), өңдеу үшін қолданылған заттың шығу тегін анықтауға, сонымен қатар, түссіздендірілген жазбаларды қалпына келтіруге болады.

Бастапқы жазылған мәтінді өшіру мақсатында штрихтарды сумен, спиртпен және басқа да ерітінділермен жуу әдісі де қолданылады. Бұл кезде құжаттың беткі қабатында жиегі түрлі-түсті дақ тәріздес бұлдырланған іздер қалады. Жуылған жазбаларды қалпына келтіру әдістері жоғарыда көрсетілгендей, өңдеу фактісін анықтау кезіндегі қолданылатын әдістер сияқты.

Қосып жазу – құжаттың мәтініне жаңа жазбаларды немесе жекеленген белгілерді, кейде жекеленген штрихтарды енгізу арқылы мәтіннің бастапқы мазмұны мен мағынасын өзгерту әдісі. Қосып жазу көбінесе құжаттың мәтіні жоқ бос жерлерде жазу материалдарының түсіне ұқсастырылып арнайы іріктеп алынып орындалады.

Қосып жазуды анықтаудың екі түрлі белгілері бар: жазудың белгілері және материал штрихтарының физика-химиялық қасиеттерінің белгілері. Жазу белгілеріне – қосып жазылған жеке сөздер мен сөйлемдер жатады. Қосып жазылған үзінділер жазба белгілері бойынша құжаттың негізгі мәтінінен ерекшеленеді. Қосып жазу үзінділері бастапқы мәтінді жазған тұлғамен орындалған жағдайдың өзінде де қолжазудың көлемінде, бағытында, екпінділігінде, жол сызықтары формалары мен бағыттарында, сөз арасындағы интервалдар өлшемдерінде, үзіндінің негізгі мәтінге қатысты ерекше орналасуында да айырмашылықтары болады.

Жазу материалдарының физика-химиялық қасиеттерінің әртүрлілігіне негізделген қосымша жазудың белгілері: штрихтардың бастыру дәрежесінің өзгешелігі, бұл қиғаш түсірілген жарықта, жоғарғы топ жиілігінде анықталады; өлшеуіш лупалардың, микроскоптардың, көмегімен штрихтардың жалпақтығының (енінің) өзгешелігі; штрихтардың микроқұрылымдарының ерекшелігі жазба материалдарының әртүрлілігінен, жазба құралдарының ерекшеліктерінен көрініс табады; жазба материалдар құрамын бейнелейтін белгілердің ерекшеліктері: а) жазба материалдарының түсі мен түрі түс бөлгіш, жарықфильтрлердің көмегімен түс ажырату, спектрофотометрлер, лазерлік спектроскопия, әдістерімен анықталады; б) инфрақызыл және ультракүлгін сәулелерін шағылыстыру және сіңіру қабілеттілігі; в) органикалық ерітінділер мен өңделген полимерлі пленкідегі штрихтардың және олардың баспасының люминесценциясы (адсорбционды-люминесценттік әдіс); г) штрихтардың көшірмелік қабілеттілігі анықталады. Олар жазу материалдарының құрамына немесе штрихтарды жазу уақытына негізделеді (кейінірек жазылған штрихтар жақсы көшіріледі, көшіру арнайы ерітінділермен өңделген әртүрлі материалдарына жүргізіледі); құрам бөлшектері мен қоспалары бойынша ерекшеліктері, олар: электрофорез, хроматография, талдау, лазерлі спектроскопия, микроспектрофотометрия, ультракүлгін және инфрақызыл аумағында, спектрофотометрияда қолданылатын кешенді әдістермен анықталады.

Егер салыстырылатын жазуларда штрихтардың қиылысу нүктесі болса, қосып жазуды анықтау мүмкіндігі артады. Бұл үшін микроскопияны, инфрақызыл люминесценциясының суретін, көшіру әдістерін қолданатын арнайы әдістеме құрылған. Сонымен қатар, жазбаларды орындаудың ескіру мерзіміне байланысты арнайы әдістемелер бар.

Фотокарточкаларды ауыстыру арқылы қайта жабысыру негізінен тұлғалардың жеке басын куәландыратын құжаттарда орындалады. Бұл құжаттар баспаханалық мәтіні, қорғау торлары, типографиялық клише сызықтары бар арнайы бланктерде жасалынады. Қылмыскерлер жалған құжат жасау кезінде басқа құжаттағы фотосуретті немесе жаңа суретті, мөр таңбасы бар фотокарточканың үстіне бұрышы қиылған басқа фотосуретті жабысырады. Барлық жағдайда фотосуретті жабысыру белгілері қалады: қайтадан жабыстырған фотосуреттегі мөрдің таңбасын салу; басқа құжаттан алынған фотосуретті жабыстырғанда фотосуреттегі мөр баспасының құжаттағы бөлігіне сәйкес келмеуі; бастапқы жабыстырылған фотокарточканы құжаттан алып тастағанда сызықтардың, қорғаушы тордың бүлінуі, фотосуреттің артқы жағында басқа құжат қағазының бөліктері мен талшықтарының, клейдің іздерінің болуы.

Құжаттың бөліктерін ауыстыру бірнеше бөліктерден тұратын құжаттарда (паспорт, еңбек кітапшасы, қауіпсіздік техникасының инструкциясында, журналдарда, мәміле шарттарда) жүзеге асады. Беттерін ауыстыру белгілері: парақтардың нөмірленуін, серия және нөмірлерінің, былғану дәрежелігінің әртүрлілігі, парақтардың көлемінің, олардың түстерінің сәйкес келмеуі, скрепкадан қалған артық тесу іздерінің болуы, парақтардың нөмірлерін қолдан салу, жабыстыру арқылы және басқа да өзгерту.

Әртүрлі құжаттардың бөліктерін құрастыру жолымен де жалған құжаттар жасалады. Ол әсіресе ескі, көне құжаттарды қолдан жасағанда қолданылады. Бұл айырмашылықтар қағаздарды, мәтін штрихтарын, құжаттың барлық бөліктерінде орындалған мәтіндегі қолжазбаны зерттегенде анықталады. Бастапқы мәтіні бар қағаздың беткі қабатын қиып оның орнына қажетті мәтіні бар жаңа қағаз қабатын жабыстыру жолымен кейбір құжаттарда (кассалық чектер, лотерея билеттері т.б.) белгілеулер ауыстырылады. Бұл кезде клейдің іздері, қағаз бөліктерінің шекарасы, қорғаушы тор сызықтары сәйкес келмейді.

3. Құжаттардың бастапқы мәтінін қалпына келтіру

Көрінбейтін және нашар көрінетін мәтіндерді анықтау. Құжаттағы мәтін қасақана жою нәтижесінде (өңдеу, жуу, қырып өшіру), сондай-ақ табиғи себептерге (қолайсыз жағдайларда құжаттарды сақтау нәтижесінде мәтін штрихтарының өңінің кетуі, уақыттың өтуіне байланысты штрихтардың өшіп жойылуы т.б.) байланысты көрінбеуі мүмкін. Осындай құжаттарды зерттегенде құжат қағазы мен штрихтар арасында түсі бойынша

айырмашылық (контраст) болса түс бөлу және ажырату әдістері, қарама-қайшылықты күшейту тәсілі қолданылады.

Көрінбейтін мәтінді инфрақызыл және көрінетін люминесценцияны қоздырту жолымен, сондай-ақ штрихтардың көрінбейтін оптикалық қасиеттері арқылы инфрақызыл және ультракүлгін сәулелерінде суретке түсіруде көрініс табу жолымен анықталады.

Сызылған, бояу төгілген және бояу жағылған жазуларды анықтау. Мұндай құжаттарды зерттеу әдістемесі штрих заттарының физика-химиялық қасиеттерінің әртүрлілігін және штрих бедерін анықтауға негізделген.

Айқындалып отырған мәтін штрихтарының түсі мен кедергінің түсі әртүрлі болса, құжатты зерттегенде дақ түсіне сәйкес келетін түсті жарықфильтр қолданылады. Сонымен қатар, тұсажыратқыш және контрасты күшейту әдістерімен фотоға түсіріледі, диффузды-көшірме әдісі де қолданылады.

Кедергі заты инфрақызыл сәулелерін сіңірмеген жағдайда, ал анықталатын жазу оларды сіңіретін затпен орындалса, онда құжаттағы көрінбейтін жазуларды анықтау үшін электронды оптикалық құралдар немесе инфрақызыл сәулелерде фотоға түсіру әдісін қолдануға болады.

Штрих заттарының және кедергінің көшірілу мүмкіндігі (қабілеттілігі) әртүрлі болса, көрінбейтін мәтін бірнеше ылғалдандырып көшіру әдісі немесе басқа да лабораториялық әдістерді қолдану арқылы анықталады.

Жанған құжаттардағы мәтіндерді қалпына келтіру. Жанған құжаттардың мәтінін қалпына келтіру мүмкіндігі жоғары температураның әсеріне ұшыраған қағаз бен штрихтардың жағдайымен анықталады. Егер қағаз бірнеше ұсақ бөлшектерге бөлінсе мәтінді қалпына келтіру мүмкін емес, ал егер оттегі аз мөлшерде болғанда жанса парақтың тек сыртқы, шеткі жағына жақын жерлері бүлінеді. Қағаздың қалған бөлігі кеуіп, күйіп көмірлене бастайды. Күйген құжатқа ұқыптылықпен қараған жағдайда ғана, ондағы жазылған мәтінді анықтауға мүмкін болады. Бұл кезде суретке түсірудің арнайы әдістері қолданылады, атап айтқанда шағылысқан ультракүлгін және инфрақызыл сәулелерінде түсіру, люминесценция көрінісін зерттеу, сонымен қатар, химиялық әдістер қолданылады.

Жыртылған құжаттардағы мәтіндерді қалпына келтіру осы құжаттардың барлық немесе бірнеше бөліктері болған жағдайда ғана жүзеге асырылады. Құжат бөліктері жақсылап толық қаралып, қағаздың түсіне, штрихтарға, қағаз шетінің сипатына, ондағы бүктеулердің бар-жоқтығына және басқа да ерекшеліктердің болуына байланысты топтарға бөлініп іріктелінеді. Бөліктерден бір бүтін қағаз құрау үшін қағаз бөліктері шыныға орналастырылады. Алдымен сырттары (шеттері) тегіс рамкалары жиналады, содан кейін қағаз бөліктерінде жалпы бөліп тұратын сызықтар болған жағдайда қағаздың ішкі бөліктері жиналады.

. Техникалық жалған қол қоюды зерттеу

Құжатқа заңдық күш беретін қажетті реквизиттің бірі – қолтаңба болып табылады.

Жалған қолтаңба жасау кезінде орындаушы ең алдымен жалған қойылып отырған қол мен түпнұсқаның сыртқы белгілерін ұқсатып жасауға тырысады. Бұл әртүрлі әдістерді қолдану арқылы жүзеге асырылады. Кейбір жағдайларда қолды қойған тұлғаның қолжазбасына және қойылған қолына ұқсату жолымен, ал кейде арнайы техникалық әдістер қолдану арқылы қолтаңбаның түпнұсқасына дәлме-дәл келтіріп, сол тұлғаның атынан орындалады. Осы екінші әдіс техникалық жалған қол қою деп аталады. Мұндай жалған қол қоюдың келесідей түрлері бар: алдын-ала қарындашпен салып алып, оны кейін үстінен бастыру арқылы; қолтаңбаны үстінен бастыру немесе терезеге қою жолымен көшіру қағазын қолданып бір қағаздан екінші қағазға түсіру арқылы; жоғарғы көшірмелік қасиеттегі бояғыш заттарды қолтаңба түпнұсқасынан жалған құжатқа көшіру арқылы; компьютерлік әдістерді қолдану арқылы жалған қолтаңбалар жасалынады. Жалған қол қоюдың басқа да әдістері кездеседі.

Көшіру қағазы арқылы жалған қол қоюдың техникалық белгілері: әріп элементтерінің тік немесе доғал болып қисық түсуі, штрихтардың басталуы мен аяқталу элементтерінің қисық түсуі және жазу құралдары іздеріндегі себепсіз үзілістердің болуы; біріккен екі штрихтың болуы, алдын-ала дайындалған штрихтар, екіншісі – бастырып сызу нәтижесінде пайда болған штрихтар. Қолтаңбаны көшірме қағазын қолданып бастыру нәтижесінде, алғашқы штрихтар құжат бетіне көшірме қағазының бояуымен боялып түседі, ал қойылған қолды көшірме қағазын қолданбай-ақ үстінен бастырып жазу кезінде жалған құжатта түссіз бастырылған штрихтар пайда болады.

Алдын-ала дайындалып бастырылып жазылған іздер және көшірме қағазының бояу штрихтарынан қалған іздер микроскопиялық зерттеу арқылы анықталады.

Терезеге қою арқылы бастырып көшірілген жалған қолтаңбаны, орындаушының жүргізген бояу қозғалыс белгілері арқылы, ал қаламсаппен бастырылып көшірілген жалған қолтаңба штрих бояуларының тегіс түспеу нәтижесінде пайда болған белгілері арқылы анықталады.

Барлық жағдайларда көшірме қағазын пайдалану жолымен көшірілген жалған қолтаңбаның жазу белгілері, құжаттағы түпнұсқа белгілеріне сәйкес келмейді. Себебі бастыру кезінде қозғалыс іздерін дәлме-дәл, тура түсіру мүмкін емес.

Қазіргі көшірмелі-көбейтпелі компьютерлік құралдардың көмегімен түпнұсқа қолға толық сәйкес келетін қолтаңбаларды алуға мүмкіндік береді. Мұндай қолтаңбаларды зерттеу штрихтардың құрамын (бөліктерін), олардың микроқұрылымын және оларды қағазға түсіру әдістерін анықтаумен ерекшеленеді.

Мөр және мөр таңбаларын зерттеу

Жалған мөр және мөртаңбаларын жасау әдіс-тәсілдері мен оларды анықтау әдістері. Бұл жалғандық әртүрлі әдістер қолдану арқылы жасалады. Соның ішінде қолданатын ең қарапайым әдіс – жалған құжатқа таңбаның бейнесін (суретін) тікелей салу. Ол келесідей бірнеше белгілер арқылы анықталады: алдын-ала дайындық белгілері (қарындаш штрихтары, таңба бейнесінің жекеленген детальдарын салу), белгілі бір жазу немесе сызу құралдарын қолдану (қарындаштың, циркульдің басу іздері) салынған шрифт (бірдей әріптердің конфигурациясының әртүрлілігі (сәйкес келмеуі), белгілер көлемінің, олардың өзара қашықтығының бірдей болмауы штрихтарда (қолданылған жазу немесе сызу құралдарына байланысты) бояудың жайылуы.

Сондай-ақ, жалған таңбалар суреті қағазға салынған клише қолдану жолымен орындалады.

Мұндай клишеден жасалған жалған таңбалар құжаттың қажетті жеріне штрихтарды ылғалдандырып көшіру нәтижесінде жүзеге асырылады. Клишеден түскен таңба бейнесі – біркелкі емес, нашар көрінетін штрихтармен және құжаттың жекелеген жерлерінде бояудың жайылып түсуінен көрініс табады. Сонымен қатар, құжаттағы таңба түскен қағаз бөлігі басқа участкілерден ерекшеленіп тұрады, әсіресе ультракүлгін сәулелерімен зерттеу кезінде люминесценция сипатымен ерекшеленеді. Тәжірибесі жоқ орындаушылар таңбаны бір құжаттан екінші құжатқа тікелей көшіреді, мұндай жағдайда таңба бейнесі теріс көрініс береді. Ал тәжірибелі адамдар ылғалдандырып көшіру әдісімен таңбаны алдымен "тегіс клишеге" түсіріп алып, содан соң құжатқа көшіреді.

Аралық (жалпақ жазық) клише ретінде әдетте ылғалданған фотоқағаздар, пленкілер немесе жақсы көшіру қабілеттілігі бар басқа да материалдар (піскен жұмыртқаның белогы және т.б.) қолданылады.

Мұндай әдіспен жасалған жалған таңбалар келесідей белгілері: штрихтағы бояулардың біркелкі түспеуі, бояу түсінің нашар түсуі, бояудың жайылып түсу белгілерінің болуы, штрихтарды қолымен салу немесе бастырып түсіру белгілерінің болуы арқылы анықталады. Түсу белгілерінің болуы, штрихтарды қолымен салу немесе бастырып түсіру белгілерінің болуы арқылы анықталады.

Ультракүлгін сәулелерімен зерттеп қарау барысында "тегіс клишемен" қатынаста болған қағаз бөлігінде люминесценцияның күшейтілген түрі байқалады. Мөртаңбаны жалған құжатқа көшіру кезінде көшірме қағазының көмегімен түсіру, үстінен бастырып жазу, терезе жарығына қойып түсіру әдістері қолданылады.

Клишенің өзін қолдан жасаудың да бірнеше әдістері бар. Бедерлі клише – ағашты, линолеумді, теріні және басқа да иілгіш (майысқақ), созылғыш материалды ойып немесе баспаханалық әріптерді жинақтау арқылы жасалады. Бұл таңба мәтіндерінен теріс түскен әріптер мен грамматикалық қателер де кездеседі.

Қолдан қиып жасалған клише ойықтары келесідей белгілермен сипатталады: нақты геометриялық формалардың қатаң түрде болмауы, белгілердің ара қашықтығының біркелкі болмауы, сөздердің, жолдардың, дөңгеленген элемент белгілердің дұрыс емес формада болуы, дөңгеленіп қиылған штрихтердің іздерімен және әртүрлі көлемдегі штрихтермен сипатталады. Мәтінде бұл ойықтардың жеке белгілері кездеседі. Нақты айтқанда сәулеленген бейнедегі геометриялық қателіктер кездеседі. Ойықты қарау кезінде клишенің жалғандығы баспаханалық шрифтың жиынтығы арқылы анықталады. Яғни, баспаханалық әріпті теру ережелерінің бұзылуын табу арқылы анықталады (әртүрлі шрифттердің қолданылуы, жол сызықтарының тегіс болмауы, грамматикалық және т.б. қателіктер). Сонымен қатар, штрихтердегі бояулардың біркелкі бөлінбеуі.

Мөрлерді идентификациялау. Құжаттағы мөртаңбаларды зерттеу кезінде ол осы мекеменің мөрімен басылды ма, әлде сезіктіден алынған немесе қандай да бір басқа мөрмен басылған ба, соны анықтау қажеттігі туындайды.

Мұндай зерттеу жүргізу үшін тексеріліп отырған мөртаңбаны зерттеліп отырған құжаттағы мөртаңбамен салыстырып қарау керек. Салыстырмалы зерттеуде қолданылатын мөртаңба үлгілері болуы қажет. Үлгілер зерттеліп отырған құжаттың қағазындай қағазға және қатты ақ қағазға мөртаңбаларды 10-12 рет әртүрлі дәрежеде басу жолымен алынады.

Мөр және мөртаңбаны идентификациялау салыстырмалы зерттеу жолымен олардың жалпы және жеке белгілерінің сәйкестігі мен ерекшелігін анықтай отырып жүргізіледі.

Мөрдің жалпы белгілеріне: оның формасы, көлемі, мөрдегі мәтіннің орналасуы мен мазмұны, елтаңбаның, эмблеманың, шрифттің көлемі мен суреті жатады. Мөрді жасау мен қолдануға байланысты кейбір: ұсақ деталь формалары, бір-біріне қатысты жеке элементтердің орналасуы, штрихтарды қосу бұрышының көлемі, ерекшеліктерін, жеке әріптер мен белгілердің және т.б. қисаюы мен өзгеру ерекшеліктерін жеке белгілерге жатқызамыз.

Баспа әдіспен жазылған құжаттарды зерттеу

Машинкамен басып жазылған құжаттардың тәжірибеде кездесетінін ескере отырып, бұл объектілердің өзіне тән қасиеттерін білу қажет.

Машинкамен жазылған мәтіндер техника-криминалистикалық жағынан зерттеледі және келесідей жағдайлар анықталады:

1. құжат немесе ондағы жеке бір жазбалар қандай типтегі (класс, марка, модельдегі) машинада немесе қандай маркілі шрифтпен жазылғандығы (жазба машинкасының қай топқа жататындығын анықтау);

2. машинкамен басылған мәтін осы машинкамен басылып жазылды ма (нақты жазу машинкасын идентификациялау);

3. құжаттағы мәтін бір жазу машинкасымен жазылған ба, әлде әртүрлі машинкамен бе;

4. мәтіннің жазылу мерзімі қандай;

Сонымен қатар, криминалистикалық зерттеу процесінде басқа да мәселелер шешіледі. Мысалы: құжат неше данада жасалғандығы туралы, кейбір жағдайда құжаттағы мәтінді орындаушы туралы мәселелер шешілуі мүмкін.

Іздестірудегі жазу машинкасының маркасын, моделін және оның шрифтіннің маркасын анықтау жеке мәселелердің біріне жатуы мүмкін немесе идентификациялық зерттеудің алғашқы кезеңі болып табылады.

Машинкамен жазылған мәтін бойынша машинканың маркасы мен моделін анықтау үшін жалпы белгілер қолданылады. **Жалпы белгілеріне жазу машинкасының және оның шрифт механизмінің жұмысын сипаттайтын белгілер:**

1. Әріптердің, белгілердің бір-бірінен нақты бір қашықтықта орналасуын қамтамасыз ететін жазу машинкасының басты механизмінің жазу жолы бойынша басқан қадамы. Жазу жолдарының қадамы – клавишаның біреуін басқан кездегі каретканың орналасу арақашықтығымен анықталады. Басты механизм қадамы – салыстырмалы тұрақты белгі, ол тек машинкаға жөндеу жұмыстарын жүргізгеннен кейін ғана өзгеріске ұшырайды.

2. Ынтервал жолының аралық көлемі, яғни келесі төменгі жолға көшу үшін жазу машинкасының валигін автоматты түрде бұру кезінде пайда болған жолдардың арақашықтығы. Ынтервалды механизм арқылы – 1,2,3-интервал жолдарының арақашықтығын анықтауға болады. Әртүрлі маркалі және модельді машинка жолдарының аралық интервалдары бір-біріне сәйкес келуі немесе әртүрлі болуы мүмкін, бірақ-та олар нақты марка мен модель үшін тұрақты болып табылады.

3. Әріптік калыптағы (колодкадағы) шрифт белгісінің белгілі бір саны және клавиатурадағы клавиштердің саны бойынша анықталатын клавиатура типі.

4. Қағаз бекітетін (орайтын) валиктің ұзындығы мен каретканың көлеміне байланысты жазу жолының максимальды ұзындығы. Бұл белгі зерттеліп отырған мәтіндегі жолдың ұзындығы тексерілетін машинкадағы жолдың ұзындығынан асып кеткен жағдайда ғана қолданылуы мүмкін.

5. Шрифт маркасы белгі суреті мен оның өлшемінің ерекшеліктерімен анықталады. Шрифт маркалері мемлекеттік стандарт бойынша реттеледі.

Мәтін бойынша жазу машинкасының маркасы мен моделін анықтау кезінде жоғарыда аталған барлық белгілердің жиынтығы зерттеледі.

Жазба машинкасының жекеленген детальдары мен механизмін бірыңғайлау және стандарттау қазіргі уақытта жазба машинкасының нақты маркасын анықтауды қиындатады.

Қай топқа жататындықты анықтайтын криминалистикада қалыптасқан әдістеме бойынша жазба машинкаларды келесідей топтарға жіктеуге болады: механикалық және электромеханикалық; рычагсыз монолитті литертасушы; жазу автоматтары; кеңселік; теретін-жазба машинкалары мен автоматтары; көлемі кіші – портативті және жол машинкалары.

Жазу машинкасының әрбір типінің нақты маркасы болады, ал әрбір марка бір немесе бірнеше модельге бөлінеді (мысалы: “Оптима”, “Ятрань”).

Қазіргі кезде жазу машинкасының маркасы мен моделін анықтау жұмыстарын ақпараттық-ізвестіру жүйесі жеңілдетеді. Онда барлық отандық жазу машинкаларының маркасы мен модельдері, оларға арналған шрифт маркасы, сондай-ақ шетелдік жазба машинкалары мен шрифттары туралы мәліметтер жинақталған.

Жазу машинкаларын идентификациялау. Әрбір жазба машинкалары жоғарыда көрсетілген жалпы белгілерімен қатар жазба мәтінінен көрініс табатын жеке белгілермен де сипатталады. Жазба машинкасын ұзақ уақыт қолдану салдарынан, оның механизмдерінің немесе шрифттарының өзгеріске ұшырауы нәтижесінде пайда болған белгілер жатады: а) белгінің бойлық осінің вертикальдан ауытқуы; б) белгінің вертикаль немесе горизонталь бойынша жылжуы; в) белгі таңбаларының қосарланып немесе жағылып түсуі; г) белгінің біркелкі емес боялуы, ол жұмыр біліктің сыртқы қабатының тегіс болмауына және клавиштердің айқасып қалуына байланысты; д) қағаз шығару механизмінің дұрыс істемеуі нәтижесінде жолдардың параллельді болмауы. Осы өзгерістер жөндеу жүргізу нәтижесінде жөнделуі мүмкін.

Мәтін бойынша нақты жазу машинкасын идентификациялау жалпы және жеке белгілерді салыстыру және зерттеу жолымен жүзеге асады. Бұл белгілер зерттеліп отырған мәтіннен және тексерілетін жазба машинкасының еркін және экспериментальды үлгілерінен көрініс табады.

Жаңа машинкаларды идентификациялау кезінде зерттелетін мәтіндегі таңбалардан көрініс табатын литер микрорельефінің белгілері қолданылады. Бұл белгілер жоғары жиілікті электр алаңында фотоға түсіру әдістермен анықталады (фотографирование в поле токов высокой частоты ТВЧ).

Жеке белгілердің сәйкес келуі мен айырмашылығын қамтамасыз ететін ең тиімді, әрі көмекші әдістердің бірі – проективтік геометрияда математикалық аппаратты пайдалануға негізделген графикалық идентификациялық алгоритм болып табылады.

Машинкада жазылған мәтіннің орындалу мерзімі белгілі бір уақыт аралығында еркін үлгіде машинкада жазылған мәтіннің жеткілікті мөлшерде болуына байланысты анықталуы мүмкін.

Баспаханалық өнімдерін зерттеу

Баспа құралдарының көмегімен жасалған құжаттарды зерттеу.

Кейінгі кезде баспа құралдары лазерлік, матрицалық, жылжымалы принтерлер, әртүрлі кассалық аппараттар және т.б. арқылы орындалған құжаттар саны бірден өсіп кетті.

Осындай құжаттарды зерттеу кезінде әртүрлі идентификациялық және идентификациялық емес сипаттағы сұрақтар туындауы мүмкін. Идентификациялық емес сұрақтарға – классификациялық, диагностикалық және ситуациялық сұрақтар жатады. Мысалы: нақты құжатты дайындау үшін қандай таңба басатын құралдың түрі қолданылған, осы құжатты дайындау үшін бір немесе бірнеше таңба басатын құралдардың сай келуі мүмкін бе, таңба басатын құралдың қандай ерекшеліктері (ескірген немесе жаңа жабдықтар және т.б.) бар. Тергеуші зерттелетін құжаттардан басқа материалдарды, яғни таңба басатын құралдардың таңба үлгілерін, жөндеулер, бөліктерін ауыстыру туралы және өзге де мәліметтерді жинауы қажет.

Құжаттың жалғандығы туралы күдік туған жағдайда, құжат бланкілері техника-криминалистикалық зерттеуге жатады. Тергеу және сот тәжірибесінде ақша, акциздік маркілер, қызмет куәлігі және т.б. құжаттардың бланктерін қолдан (жалған) жасау әрекеттері кездеседі. Қылмыскерлер экономикалық реформа жүргізу кезінде қатаң есептегі бланктік құжаттарды қолдан жасай бастады. Сонымен қатар, күнделікті өмірде этикеткалар, ойын-сауық билеттері, жол жүру билеттері мен басқа да баспа өнімдерін қолдан жасау кездеседі.

Бланктерді қолдан жасау – ксерокс, компьютер, принтер арқылы баспаханалық шрифт құралдарымен басу; қолдан жасалған жоғарғы баспа формасымен басу; фотомеханикалық жолмен жасалған жоғарғы баспамен басу (фотоцинкография); фотохимиялық өңдеу нәтижесінде алынған жазық баспа формасымен басу; суретін салу арқылы орындалады. Баспаханалық өндірісте мөрлердің келесі түрлері қолданады: бедерлі, жазық, терең және трафаретті. бедерлі мөрде басу элементтері баспайтын элементтерден жоғарырақ орналасқан, жазық формасында олар бір жазықтықта орналасады. Терең формада басушы элементтер әртүрлі тереңдікте болады және бояумен толтырылады, ал баспайтын элементтер жоғарырақ бір жазықтыққа орналысады.

Бедерлі мөр формасымен басылған таңбалар баспаханалық бояудың шрихтарында біркелкі орналасуымен және шығыңқы элементтерінің бедерлерімен сипатталады.

Жазық мөртаңбаларындағы штрихтардың барлық беткі қабатында баспаханалық бояу біркелкі жағылады, бастыру іздері болмайды, басушы элементтердің бейнесі нақты болады.

Терең мөрлердің формасынан алынған таңбалар бояуының біркелкі жағылмауымен ерекшеленеді.

Қылмыскерлер кейде бедерлі мөр әдісімен жалған бланкілерді жасау кезінде жарамсыз деп танылған, жиынтықсыз (комплектісіз) баспаханалық шрифтерді қолданады.

Құжат жасаушының біліктілігінің жеткіліксіздігіне байланысты жасалынған жалған бланктердің белгілеріне келесілер жатады: бедерлі

мөр белгілерінің болуы, таңбаның түпнұсқа бланкке қолданылу шрифтіне сәйкес келмеуі, баспаханалық басу ерешелерінің сақталынбауы (әріптер, сөздер, жолдардың арақашықтығының біркелкі еместігі, жолдардың қисаюы); таңбаның біркелкі боялмауы, орфографиялық қателіктердің, төңкерілген әріптердің болуы.

Фотоцинкографтық қалып (клише) арқылы басылған жалған бланк белгілеріне: фотоға түсіру кезінде масштабты сақтамау салдарынан таңбаның жалпы өлшемдерінің түпнұсқа бланктің өлшеміне сәйкес келмеуі; штрих көлемінің әртүрлілігі; түпнұсқаны суретке түсіру кезінде майда штрихтардың анық түспеуі; штрих шеттерінің біркелкі болмауы, штрихтарда үзілістердің болуы және т.б. жатады.

Жазық мөр формаларында басылған жалған бланктерде келесідей белгілер: масштабтың сақталынбауы, ұсақ детальдардың бейнеленбеуі, түпнұсқа бланк штрихтарынан бұл штрихтардың жуанырақ болуы кездеседі.

Бланктерді қолдан жасау көбейткіш-техника құралдарының көмегімен де жасалуы мүмкін (репрография). Бұл үшін электрографикалық аппараттар, кәсіби көшірме машинкалары (ксерокс және т.б.) баспаның трафаретті формалары, ЭЕМ-нің принтірлері қолданылады.

Электрография көмегімен алынған таңбаларда келесідей белгілер болады: штрих шеттерінің дәл болмауы; штрих жиегінде нүктелер мен шығыңқы жерлердің кездесуі; ашық учаскелерде ұсақ нүктелердің, дақтардың немесе штрихтардың болуы; штрихтардың кейбір белгілерінің болмауы және олардың біркелкі емес боялуы.

Сараптамаға материалдарды жібергенде түпнұсқа бланктердің үлгілерін беру қажет. Үлгі бланктері зерттелетін бланк басылған баспаханада басылып, сондай формада және сол нөмірмен орындалуы тиіс.

Құжат материалдарын зерттеу

Құжат материалдары (қағаз, картон, сия, туш, қарындаш, баспаханалық бояу т.б.) көп құрамды қосындылардан тұрады. Олар құжаттарға сот-техникалық сараптама жүргізу барысының барлық кезеңдерінде зерттелінеді. Құжаттың бастапқы мазмұнының өзгеруін анықтау, көрінбейтін және нашар көрінетін жазуларды анықтау, сонымен қатар, штрих заттары мен жалған құжаттар жасағанда құжат қағазының бояуын идентификациялау мақсатында да зерттеледі.

Құжат материалдарын криминалистикалық зерттеу күрделі әрі көп сатылы процесс. Құжаттардың материалдары идентификациялық белгілерді көрсететін талдау әдістерінің көмегімен зерттеледі. Ол рецептура ерекшелігіне және нақты материалдар мен құжаттарды өндіру, сақтау және пайдалану шарттарымен байланысты. Әдісті таңдау зерттелетін материалдардың ерекшелігіне, көлеміне, қасиетіне байланысты. Құжаттарды сот-техникалық сараптау кезінде материалдарды, жеке заттарды талдау үшін технологияның, материалды зерттеудің, химияның сәйкес салаларында қолданылатын әдіс-тәсілдердің арнайы модификациясы қолданылады.

Құжат материалдарын зерттеу сараптамасының жалпы мәселелеріне төменгілерді:

- материалдардың немесе одан жасалған өнімдердің түрлерін;
- материалды немесе өнімді тұтыну мақсатын;
- материалды немесе өнімдерді өндіру, сақтау және пайдалануына байланысты шығу тегін;
- материалдың жекеленіп бөлінген көлемін идентификациялауды;
- материалдың жасау уақытын **анықтау жатады.**

Қағаз – құжаттың негізгі зерттеу материалы болып табылады. Зерттеу барысында жыртылған қағаз қиындыларының бір бүтінге жататындығын, белгілі бір құжат немесе бланкілерді дайындау кезінде қолданылған қағаздың тобын (класын), түрін; әртүрлі сезіктіден алынған өнімдердің бір жерден шығарылғандығын; қағазды жасау уақытын анықтау мәселелері шешіледі.

Қағазды зерттегенде, оның физика-химиялық қасиеті (оның қалыңдығы, салмағы, түсі, ішкі және сыртқы бет қабатының құрылымы), жапсыру түрі мен дәрежесі, қағаздан жасалатын өнімді сипаттайтын белгілер анықталады. Әртүрлі қайнар көзден шыққан бір түрге жататын қағазды бөлшектейтін (дифференциялайтын) жеке әдістеме түрлері бар.

Құжатты жасау кезінде қолданылатын жазу құралдары да әртүрлі болады, сондай-ақ ол күрделі құрамнан тұрады. Соңғы жылдары жалған құжат дайындау барысында бұрын қолданылмаған келесідей бояулар пайда болды: полимерлі қарындаштар, түрлі-түсті борлар, әртүрлі тонерлер.

Жазу материалдарының құрамын зерттеу кезінде химиялық және физикалық әдістердің арнайы модификациялары пайдалынады. Олар сәйкес материалтану және химия салаларында криминалистикалық зерттеудің ерекшеліктерін ескере отырып қолданылады. Мамандар өңдеп шығарған әдістеме көмегімен қарастырып отырған материал топтарының санын азайтуға, ал кейбір жағдайда осы заттардың жеке бір көлемін көрсетуге болады.

Бұл жоғары сезімтал әдістері: микроспектрофотометрлік, лазерлік талдау, хроматографиялық, көрінетін және ультракүлгін, ультрақызыл, спектрометрия арқылы жүзеге асырылады.

Әсіресе жазу материалдарының микроқұрылымының дифференциация әдістерін жетілдіруде сот-техникалық сараптамасының жетістігі мол. Кеңінен тараған жазба материалдарын және (паста, сия, көшірме қағазына, жазу машинкасының лентасына арналған бояу және штемпельдік бояу) олардың штрих бояуларын зерттейтін арнайы әдістемелер бар.

Осы материалдар жөніндегі мәліметтерді Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Сот сараптамасы орталығында жиі қолдану нәтижесінде құжат материалдарын техника-криминалистикалық зерттеу мүмкіндіктері артуда.

КРИМИНАЛИСТИКАЛЫҚ ГАБИТОЛОГИЯ

1. Криминалистикалық габитологияның түсінігі және оның ғылыми негіздері

Габитология – әртүрлі көріністегі адамның сыртқы бейнесін бекіту заңдылықтарын зерттейтін және қылмыстарды ашу мен алдын алу мақсатында сыртқы бейне туралы мәліметтерді жинау, зерттеу және пайдаланудың техника-криминалистикалық құрал-жабдықтары мен әдіс-тәсілдерін жетілдіретін криминалистикалық техниканың бір саласы болып табылады.

Адамның сыртқы бейне белгілері бойынша танудағы криминалистикалық ілімді жете меңгеру – білім жетістіктерін тәжірибеде кеңінен қолданып қылмысты тергеу мен айыпкерді іздестіру жұмыстарын жүргізуге мүмкіндік береді.

Адамдарды идентификациялау үшін криминалистикада әртүрлі әдістер мен тәсілдер жетілдірілген (өңделген). Идентификациялауда кеңінен қолданылатын әдістердің бірі – адамды сыртқы бейне белгілері бойынша теңдестіру болып табылады.

Адамды сыртқы бейне белгілері бойынша идентификациялаудың әдістері мен ғылыми негіздері жаратылыстану ғылымдарының жетістіктеріне: анатомия, физиология, сот-медицинасы, математиканың кейбір бөлімдеріне, жедел-іздестіру және сараптама тәжірибелеріне сүйене отырып ұзақ жылдар бойы қалыптасқан.

Адамдарды криминалистикалық идентификациялауға мүмкіндіктің болуы, кез-келген адамның сыртқы бейнесінің басқа адамда қайталанбайтын белгілерінің болуына байланысты. Әлемде сыртқы бейне белгілері жиынтығы бойынша бірдей екі адам кездеспейді, тек бір-біріне ұқсас адамдар кездеседі. Бұл қағида криминалистикалық идентификация теориясы мәліметтеріне және тікелей анатомиялық мәліметтерге негізделеді. Барлық материалдық дүние объектілері өзіне-өзі ғана тең, тіпті бір тектес объектілердің өзінде де бір-бірінен айыратын ерекшеліктері болады.

Адамның сыртқы бейнесінің барлық белгілері тұрақты емес, олар жиі өзгерістерге түсіп тұрады.

Адамның сыртқы бейнесінің ең мәнді өзгерістері ұзақ уақыт ішінде пайда болады. Олар әсіресе адам сүйегі қалыптасқан кезеңдерде көзге қатты түседі, яғни балалық және бозбалалық кезеңдерде. Жасөспірімдердің өзгеріске ұшыраған белгілерін бейнелеу немесе суретке түсіру және теңдестіру жолдарымен бекіту аралығында айтарлықтай көп уақыт өтпейтіндіктен криминалистикада ол белгілердің мәнді маңызы жоқ. Ұзақ жылдар өтсе де, кейбір белгілер қатты өзгеріске ұшырамайды (мысалы: адамның құлақ қалқаны, оның формасы, бөлшегі).

Адамның сыртқы бейнесі зақым алған жағдайда қатты өзгеріске ұшырайды, бірақ зақым көбінде адамның бетінің жеке бөліктеріне ғана түсуі мүмкін (мысалы: тыртық, күйік), сондай-ақ ол салыстырмалы түрде аз кездеседі.

Сыртқы бейненің ең тұрақты белгілері сүйекті-шеміршек негізімен байланысты, мысалы: адам бетінің формасы, маңдай формасы мен оның орналасуы, мұрын арқалығының формасы және оның орналасуы, құлақ қалқаны және т.б.

Адамды идентификациялауға пайдаланатын сыртқы бейне белгілері:

- тұрақты (белгілі бір уақыт аралығында салыстырмалы өзгеріссіз) болуы тиіс;
- салыстырмалы түрде сирек кездесетін;
- салыстырмалы түрде басқа белгілерге тәуелсіз болуы керек.

Теңдестіру кезінде жиі кездесетін белгілерге қарағанда сирек кездесетін белгілердің маңызы зор. Сыртқы бейненің белгі жиынтығын дұрыс қолданған жағдайда ғана теңдестіру нәтижелі жүргізіледі.

Адамды сыртқы белгілері бойынша теңдестірудің ғылыми әдістемесі 1880-жылдары қалыптаса бастаған. Француз криминалисті Альфонс Бертильон қылмыскерлерді тіркеу жүйесін қалыптастырған, оның бір бөлімі адамның сыртқы бейне белгілерін арнайы термин қолдану арқылы суреттеуден тұрады. Бейнелеуді «ауызша суреттеу» немесе «сөзді портрет» деп айтады. Бұл әдіс бойынша адамның сыртқы бейнесі нақты суреттелді. А. Бертильон адам бейнесінің 49 түрін анықтаған, оның көпшілігі құлақ қалқанының әртүрлі бөлшектерінен тұрады. Дактилоскопиялық тіркеу жүйесінің кеңінен таралуына байланысты А. Бертильонның бұл жүйесі өзінің тәжірибелік мәнін жоғалтты. Дегенімен де ауызша суреттеу әдісі одан әрі дамып шарқына жетті. Қазіргі уақытта ауызша суреттеу жүйесін қылмыскерлерді, танылмаған мәйіттер мен хабар-ошарсыз кеткен адамдарды және т.б. тұлғаларды сыртқы бейне белгілері бойынша идентификациялау мақсатында қолданады. Сондай-ақ ауызша суреттеу барлық жағдайда, яғни адамның жеке басы анықталмаған (мысалы: төтенше жағдайлардың, апаттардың, табиғи апаттардың болуына байланысты адамдардың жаппай қаза болған) кезде немесе қылмыскер өзінің шын атын қасақана жасырған жағдайларда қолданады.

Сыртқы бейне белгілері бойынша сәйкестендіруді азаматтық сот өндірісі (алимент өндіріп алу ісі бойынша жауапкерді анықтау) кезінде де қолданылады. Адамның сыртқы бейнесі бойынша идентификациялауды тарихшылар, өнертанушылар, әдебиеттанушылар және басқа да ғылым өкілдері пайдаланады. Қылмыскерлердің сыртқы бейнесі белгілерін телевизор, газет және полиция мәліметтері бойынша хабарлануы арқылы олардың тез арада ұсталуына көмегін тигізеді.

Адамның сыртқы бейнесінің жекелігі (қайталанбауы) мен өзгермейтін белгілерінің жиынтығы адамның идентификациясының ғылыми негізін құрайды. Сыртқы бейнесі бойынша идентификациялау мен диагностикалаудың ғылыми негізі мен әдістемесі анатомия, адам

физиологиясы, сот-медицинасы және математика мәліметтерін ескере отырып криминалистикада жетілдірілген.

2. *Адамның сыртқы бейнесі элементтерінің жүйесі*

Адамның сыртқы бейнесінің элементтерін және олардың белгілерін негізге ала отырып, адамның сыртқы бейнесінің белгілері мен элементтер жүйесі дәстүрлі түрде топтастыру арқылы қарастырылады. Адам денесінің құрылыс белгілері мен элементтері және оның өмір сүру әрекетінің көрініс табуы - өзіндік белгілер деп аталады. Олар адамның өзіне ғана тән, оның сыртқы бейнесі бөлінбейді, тек өзіне тиесілі. Адамның сыртқы бейнесін толықтыратын белгілері мен элементтері ілеспелі болып табылады. Олар адам денесінің құрылыс элементтеріне жатпайды, бірақ қандай да бір көлемде өзіндік белгілер мен элементтерді анықтауға (жасын, жынысын, әдет-дағдысын, жүрісін және т.б.) мүмкіндік береді.

Ілеспелі элементтер мен олардың белгілеріне: киім, ұстап жүруге арналған ұсақ заттар адамның сыртқы бейнесі (немесе олардың бөлшегі) мен олардың белгілерін бейнелеуге қолданатын нәрселер.

Өзіндік элементтер мен олардың белгілері жалпыфизикалық, анатомиялық және функционалдық болып бөлінеді.

А. Адамның сыртқы бейнесінің жалпыфизикалық және демографиялық элементтеріне - оның жынысы, жасы, антропогендік типі жатады. Жалпы физикалық белгілер адамның анатомиялық, функционалдық және ілеспелі белгілерінен, адам денесінің жалпы құрылыс белгілерінен, бет белгілерінен, киімінен және басқа да белгілерден көрініс табады. Сондықтан да жалпыфизикалық элементтер мен оның белгілерін көбінде кешенді деп те атайды.

Адамның жынысы, жасы, оның түріне сырттай қарау арқылы анықталады. Мысалы: 20-25 жас аралығында, өйткені адамның сыртқы бейнесі кейде нақты жасына сай келе бермейді. Антропологиялық типі – азиат, европа, монғол және т.б. типтес деп салыстыру арқылы анықталады.

Б. Адамның анатомиялық құрылыс ерекшеліктерін сипаттайтын белгілер анатомиялық (немесе статикалық) деп аталады. Белгілердің келесі тобының физиологиялық негізі адамның динамикалық стереотип қозғалысынан туындап, қатар жүретін шартты-рефлекторлы процестері бар белгілерді құрайды. Бұл – әдеттегі, автоматтандырылған адам қозғалысы мен денесінің және оның жекеленген бөлшектерінің (жүрісі, дене бітімі, қолын бұлғап сөйлеуі, бетін қимылдатып сөйлеуі) жай-күйі. Осы топқа кіретін белгілер функционалдық немесе динамикалық деп аталады.

Ауызша суреттеу әдістемесінде адамның сыртқы бейне белгілерінің қалыпты вариациясы ғана емес, сондай-ақ патологиялық формалар да (анатомиялық және функционалдық аномалиялары) мәнді маңызға ие болады. Олар «ерекше белгілер» деп жеке топқа бөлінеді. Ерекше топты бірден көзге түсетін, яғни салыстырмалы түрде сирек кездесетін, көзге айқын түсетін, есте оңай сақталынып қалатын белгілер құрайды. Қосымша белгілер

тобына адам киімдері мен басқа да ұстап жүретін сипаттағы заттар жатады. Бұл белгілер іздестіру шараларындағы тану әрекеттерін жүргізуге қолданылуы мүмкін.

Ауызша суреттеу анатомиялық белгілерді олардың көлемімен, пішінімен, жай-күйімен қарастырады, ал кейбір жағдайларда түсін, санын және көзге көріну деңгейін (мысалы: әжімдерді) көрсетеді.

Адам денесінің пішіні оның денесінің басқа бөлшектерін көзбен шолып салыстыру жолымен анықталады. Мысалы: маңдай биіктігі мұрын және ауыз өлшемдеріне қатысты, қолдың ұзындығы адам бойына қатысты анықталады.

Ауызша суреттеу кезінде үш сатылы, бес сатылы және жеті сатылы градациялар қолданылады. Мысалы: үш сатылы градация бойынша маңдай өлшемдеріне байланысты – төмен, орташа, биік деп сипатталады. Егер де оған өте төмен және өте биік деген сипаттау мөлшерін қосатын болсақ, бес сатылы градация пайда болады. Ал, осыған тағы да екі мөлшерді: орташадан төмен және орташадан жоғары деп қоссақ, жеті сатылы градация деп аталады. Бұл градацияларды қолдану мақсатына қарай жедел-іздестіру тәжірибесінде көбінде үш сатылы градация, ал сот сараптамасында бес және жеті сатылы градациялар пайдаланылады.

Дененің сыртқы пішінін сипаттау үшін геометриялық фигуралар мен сызықтардың терминологиясы (үшбұрышты, сопақ, тік, шығыңқы, ирелеңкі және т.б.) қолданылады.

Дене бөлшектерінің өзара орналасуы тік және көлденең жазықтыққа қатысты бекітіледі.

Шашқа, көзге, бет-әлпетіне, дақтарына, тыртықтарына, татуировкаға және басқа да ерекше белгілеріне қатысты ғана түстері көрсетіледі.

Бет-әлпеті екі түрлі көріністе сипатталады: алдынан (бетпе-бет – фас) және жанынан (бір қырынан – профиль, ереже бойынша оң жағынан).

Анатомиялық (статикалық) белгілерді:

Адамның бойы қалыптасқан ереже бойынша үш деңгей шегімен анықталады: ер адамдар аласа (160 см.-ге дейінгі), орта (164-174 см.) және ұзын (174 см.-ден жоғары) бойлы. Әйел адамдарына бұл деңгей мөлшері 5-10 см-ге кішірейтіледі.

Жалпы дене бітімі бойынша адамдар мықты, орташа және әлсіз деп ажыратылады. Адам денесіндегі май қыртысының шырайлығы бойынша арық, орташа, толық, сонымен қатар, өте толық және өте арық деп бөлінеді.

Басы. Адам басының көлемі жалпы дене бітімімен салыстыра отырып көрсетіледі, ал желкесінің формасы қырынан (тік, ішке кіріңкі және шығыңқы) бейнеленеді.

Шашы. Оның қалыңдығы, формасы, маңдайының алдыңғы бөлігіндегі шаштың өсу бағыты, таз болу және ақ шаштардың таралу дәрежесі, шаштың ұзындығы, прическасы, шаштың қиылу түрі, шашты бояу белгілері бекітіледі. Ал мұрты, сақалы және бакенбардысына байланысты оның ұзындығы, түрі, түсі көрсетіледі.

Бет-әлпеті. Алдынан қарағандағы жалпы формасы (дөңгеленіп келген, сопақша және т.б.), беттің қырынан қарағандағы жалпы пішіні (тік, (дөңес) кіріңкі және шығыңқы), толықтық дәрежесі мен түсі сипатталады.

Маңдайы. Қырынан қарағандағы биіктігі, орналасуы (ішке қарай кіріңкі, тік, шығыңқы) және жалпы пішіні сипатталады. Қас имегінің алдыға қарай шығуы және маңдай дөңестерінің болуы көрсетіледі. Бетпе-бет қарау жағынан маңдайдың ені бекітіледі.

Қасы. Ұзындығы, ені, қалыңдығы, орналасуы (сыртқа немесе ішке қарай иілуі, көлденең), пішіні және өзара орналасуы бойынша бейнеленеді.

Көзі. Өлшемі, формасы, көз қиығының орналасуы, көз алмасының шығыңқылық деңгейі және түсі сипатталады. Көз түстерінің әртүрлілігі, қылылығы, ақ дақтардың болуы, көз протезінің және басқа да ауытқулықтар көрсетіледі.

Мұрны. Биіктігі мен ені, мұрын үстінің ұзындығы, кеңсірігінің тереңдігі, мұрынның шығыңқылығы, қырынан қарағандағы мұрын үстінің пішіні, алдыңғы жағынан мұрын үстінің ені мен формасы, қырынан мұрынның орналасу негізі, мұрын ұшы мен танауының орналасуы мен формасы сипатталады.

Еріні. Оның қалыңдығы, сондай-ақ үстіңгі еріннің биіктігі мен шығыңқылығы бойынша сипатталады. Алдыңғы тістер болмаған жағдайларда еріннің тартылып тұруы байқалуы мүмкін. Ал тістері болған кезде үстіңгі еріннің көтеріңкі болуы немесе төменгі еріннің салбырап тұруы көрсетіледі.

Ауызы. Алдынан қарағанда ауызының көлемі мен бұрыштарының орналасуы (көлденең, көтеріңкі, түсіңкі) бейнеленеді.

Тістері. Көлемі, формасы, орналасу ерекшелігі мен түсі бойынша көрсетіледі. Тістерінің болмауы, зақымданғаны, пломбылар мен протездердің болуы, олардың жасалған материалдарының түстері көрсетіліп бекітіледі.

Иегі. Төменгі еріннің жиектерінен иектің ұшына дейінгі арақашықтықтың биіктігі бойынша (жанынан қарағанда), ені бойынша (алдынан қарағанда), иектің жоғары, төмен орналасуы бойынша сипатталады.

Құлақ. Жанынан қарағанда оның көлемі, формасы (сопақ, домалақ, тікбұрыш, үшбұрыш). Оның орналасуы (тік, жатыңқы), сондай-ақ сырғалықтың құлақ түйіншігі және де құлақ қалқанының басқа да бөлшектерінің ерекшеліктері көрсетіледі. Құлақтың анатомиялық ерекшелігінің әр түрлі болуы және тұрақтылығы оның үлкен ақпараттық және идентификациялық мәнін білдіреді.

Әжімдер. Егер әжімдер қалыпты морфологиялық вариацияларда (жасқа сәйкес) көрсетілсе, оның идентификациялық рөлі жоғары болмайды. Ал егер бұл әжімдер жас адамның бетінде көп кездесе немесе керісінше қарт адамның бетінде болмаса онда мұндай белгілер үлкен идентификациялық мәнге ие болады. Әжімдер өздерінің орналасуы бойынша маңдайдағы, қасы арасындағы, самайдағы, құлақтың түйініндегі, ауыздағы, беттегі ерін мен мұрын арасындағы және мойындағы болып бөлінеді. Сипаттау кезінде олардың орналасуы, саны, көрініс деңгейі, формасы, бағыты көрсетіледі.

Мойын. Биіктігі және жуандығы бойынша сипатталады; жұтқыншағы болса, оның көріну сипаты көрсетіледі.

Иық. Ені бойынша және орналасуы бойынша сипатталады (төменгі түсіңкі, тік, көлденең, көтеріңкі, кейде бір иық екіншісінен төмен болуы мүмкін).

Кеуде. Ені бойынша, шығыңқылығы бойынша (төменге қарай түсіңкі, шығыңқы) және кеуде бұлшық-еттерінің көріну деңгейі бойынша (кеуденің толықтығы) сипатталады.

Арқа. Арқа тік болуы мүмкін (жалпақ). Мойын, кеуде және бел жақтағы кішігірім бүктесінің болуымен және мойын омыртқасы аумағында қисаюдың болуымен (бүкір) сипатталады. Сонымен қатар, омыртқаның патологиялық қисаюы да ескеріледі.

Аяқ-қолы. Ұзындығы мен жуандығы бойынша сипатталады. Қолдың басын сипаттау кезінде олардың ұзындығы мен ені, алақанының үстінгі бетінде түктердің болуы, саусақтардың ұзындығы мен жуандығы, жекелеген саусақтың немесе ондағы буындардың болмауы, саусақтың қисық болуы және бүгілмеуі, буындардың жуандығы, тырнақтардың формасы мен көлемі, кәсібіне байланысты қолдың ойылуы мен тыртық іздерінің болуы көрсетіледі.

В. Функционалдық (динамикалық) белгілер.

Дене бітімі. Ол әр түрлі болуы мүмкін (дененің, бастың және қолдың қалыпты жағдайы). Дененің орналасуы бойынша дене бітімі еркін, ширақ және бос болады. Дене бітімін қолдың қалыпты жағдайы да сипаттайды: біреулер қолын қалтасында ұстауды әдет қылады, кейбіреулер бүйірін таянып жүреді, қолын бос ұстайды, қолын артына және алдына ұстап жүреді, сондай-ақ, киімнің төменгі жақ ұшын ұстап жүретіндер де кездеседі және т.б.

Жүріс-тұрысы. Жүріс-тұрыс адамның жүру кезіндегі әдеттегі қимылының ерекшелігін білдіреді, және жай, тез, жеңіл, ауыр, нық, қисалаңдап және теңселіп жүретін, секіріп жүретін, адымның ені мен ұзындығы бойынша үлкен және кіші, өкше бұрылысының үлкен және кіші болуы, қолды сілтіп немесе сілтімей жүруі мүмкін.

Ақсау кезінде қай аяғына қарай және қаншалықты қатты ақсаңдайтындығы көрсетіледі. Оның таяқты, балдақты, имек таяқты пайдалану немесе пайдаланбауы көрсетіледі.

Жұлқынып сөйлеу. Сөйлеумен бірге жүретін іс-қималдар жиынтығын білдіреді. Ол негізінен сөзді мәнерлеуді күшейту мақсатында жасайтын қолдың қимылдары мен, сөйлесу кезінде адамның басының немесе барлық денесінің әдеттегі қалыптасқан іс-қимылымен сипатталады.

Бім. Бет бұлшық-етінің әдеттегі қимылы. Өте дамыған және керісінше дамымаған болуы мүмкін. «Ауызша суреттеудегі» ымдау ерекшелігі нақты көрсетіледі: мысалы, қабағын түю, маңдайын тыжырайту, ернін тістеуі, ауызын қисайту, көзін жұму, қабағының астымен қарау және т.б.

Дауыс. Ырғағы бойынша, күші, ашықтығы, жоғарғылығы бойынша ерекшеленеді.

Сөйлеу мәнері. Сипаттау кезінде оның келесідей ерекшелігі көрсетіледі: жәй, жылдам, қалыпты, қозып, бөліп-бөліп сөйлеу, нақты, анық немесе анық емес, сөйлеу ақаулығы (кекештеніп, сақауланып және т.б.) белгілі бір акцентпен, белгілі бір жергілікті диалектімен, (мысалы, күрсінү), интонация, фразеологиялық және лексикалық ерекшеліктері.

Белгілі бір әрекеттерді орындау әдісі. Функционалдық белгілердің тобына белгілі бір әрекеттерді орындаудың көптеген стереотиптік ерекшеліктері де жатқызылады. Мысалы, темекі тарту әдеті, оны ұстап - өшірудің әдеті, амандасудың, шаш түзеудің, күлудің, бас киімді киюінің және т.б. әдеттер.

Адамның сыртқы бейнесінің функционалдық белгілері де идентификациялық мәнге ие және қылмысты ашу кезінде оларды ескеру керек. Белгілі бір адамдар қалыптасқан әдеттегі іс-қимылдың стереотиптері адамдарды теңдестіру міндетін қатесіз шешуге мүмкіндік беретін тұрақты идентификациялық жиынтық болып табылады. Бірақ анатомиялық белгілерге қарағанда сыртқы бейненің функционалдық белгілері оларды қабылдау кезінде (мысалы, оқиға болған жерден кетіп бара жатқанда қылмыскер ақсақ адамның жүрісін келтіреді, дауысын өзгертуі мүмкін және т.б.). Сондай-ақ, тұлғаны тану үшін ұсыну кезінде де оңай өзгеруі мүмкін.

Г. «Ерекше белгілер» және көзге бірден түсетін белгілер. Бұл бірден есте қалатын, көзге айқын көрінетін белгілер. «Ерекше белгілерге» аз кездесетін және тұрақтылығымен ерекшеленетін әртүрлі анатомиялық және функционалдық ауытқулар жатады. Анатомиялық ерекше белгілерге – дене бітімдерінің, оның мөлшерінің сәйкес келмеуі, түсіндегі ауытқулар, тыртықтар және басқа да бірден көзге түсетін дене құрылысындағы анатомиялық кемістіктер, аяқ-қолының қысқа болуы, омыртқаның қисаюы, бүкірдің болуы, қалдың, меннің болуы, ісіктер мен күстің болуы, терінің ерекше болуы, сондай-ақ олардың жекелеген түрлерінің боялуы, тері ауруларының болуы, татуировка жатады.

Функционалды «ерекше белгілерге» – адамның денесінің жекелеген бөліктерінің қалыпты жағдайы мен қимылының ауытқулары жатады: ақсаңдау, жүру кезінде тек қана бір қолын сілтеп жүру, бет бұлшық еттерінің жыбырлауы, сөйлеу кезінде әртүрлі ақаулықтардың (дефектінің) болуы, мысалы, кекештену және т.б. белгілер.

«Көзге бірден түсетін белгілер» – де анатомиялық және функционалдық сипатта болуы мүмкін. Оларға функционалдық белгілер (мысалы, жүру кезінде қолды сілтеудің ерекше тәсілдерінің болуы) және көзге тез түсетін дененің ашық бөліктерінде орналасқан анатомиялық белгілер (өте үлкен мұрын, еріннің қосарлануы және т.б.). Ерекше белгілер мен көзге тез түсетін белгілер оның табылған жері бойынша, көрініс табу деңгейі бойынша, мөлшері, формасы, ал кейбіреулері түсі мен түрі бойынша жеке-детальді түрде сипатталады.

Татуировканы сипаттау кезінде бейненің көрінісі, жазбалар, инициалдар және т.б. ерекшелерді көрсету қажет.

Киім, аяқ-киім, сақина, білезік, алқа, сырға, қолға және қалтаға салатын сағат, түтік және т.б. тұрақсыз оңай ауыстырылатын зат болып табылатындықтан олардың идентификациялық мәні тануға ұсыну кезінде өзгеріссіз жағдайда адамда сақталғанына байланысты болады. Жеке заттардың маңызды мәні болуы мүмкін егер мүлтіксіз бақылау жағдайында олар тез қабылданып және есте тез сақталатын болса. Анатомиялық белгілерге қарағанда киім және басқа да жеке заттар мүмкіндігінше детальді түрде сипатталуы қажет (әсіресе танылмаған мәйітті қарау кезінде).

3. «Ауызша суреттеудің» әдістемесі, міндеттері және әдістері

Криминалистикада «ауызша суреттеу» немесе «сөзді портрет» арқылы адамды іздестіру және теңдестіру мақсатында арнайы терминологияны қолдана отырып, оның сыртқы белгілерін сипаттаудың ғылыми негізінің жүйесі ретінде анықталады. Мұнда анатомиялық белгілеріне, әсіресе бет-әлпетін сипаттауға ерекше көңіл бөлінеді.

«Ауызша суреттеу» - адамды белгілері бойынша тануға мүмкіндік береді, сыртқы бейнесін есте сақтауды жеңілдетеді, қысқа мерзім аралығында адам белгілерінің дұрыс сипатын құруға, сондай-ақ оның белгілерін фотокарточка арқылы сипаттауға, іздестіріп отырған тұлғалардың бейнелерін компьютердің көмегімен құрастыруға мүмкіндік береді. Бейнелеу кезінде арнайы терминдерді қолдану сипаттау белгілерін барлық адамдардың бірдей қабылдауын қамтамасыз етеді.

Жедел-іздестіру қызметкерлері мен тергеушілердің адамның сыртқы бейнесін сипаттау кезінде тұрмыстық сөздерді қолдануларына жол берілмейді, себебі ол әртүрлі түсіндірілуі мүмкін. Тергеуден бой тасалап жүрген адамды іздестіру көп жағдайда қылмысты көзімен көрген адамдардан жауап алу процесі кезінде, туысқандарынан, таныстарынан жауап алу кезінде анықталған белгілер бойынша, сонымен қатар, фотографиялық суреттерін немесе тіркеу құжаттарын зерттеу нәтижесінде алынған сыртқы белгілері бойынша ғана анықталуы мүмкін.

Көзімен көруші тұлға іздестіріліп отырған адамды сипаттау кезінде нақты емес, әрі түсініксіз жалпы тұрмыстық терминдерді қолданады. Әртүрлі жағдайларға байланысты жауап алушылар белгілерді толық қабылдамауы мүмкін, мысалы: байқау уақытының аздығынан, жарықтың дұрыс болмауы салдарынан және т.б.. Адамды идентификациялау үшін маңызды белгілердің көбісі аса мән берілмегендіктен ескерілмеуі ықтимал. Жедел-іздестіру қызметкерлерінің немесе тергеушілердің міндеттері іздестірудегі тұлғалардың сыртқы бейне белгілерін толық анықтау. Ол үшін сипаттау «Ауызша суреттеу» ережелері бойынша жүргізілуі керек және барлық ұсақ-түйектер толығымен ескерілуі тиіс. Белгілері бойынша іздестірудің нәтижелі аяқталуы сыртқы бейненің және киімнің белгілерін дұрыс және жылдам уақыт аралығында қолдануға байланысты (мысалы: беттегі пластырь, қолдағы таңылулар, көптен бері қырынбаған бет және т.б.). Осы белгілер

жылдам жойылып кететіндігін ескере отырып іздестіру жұмыстарын дер кезінде ұйымдастыру қажет.

Қылмыскердің сыртқы киімінің кейбір белгілері жайында белгілі бір қорытындыға келуге болады, кейбір жағдайларда оқиға болған жерді мұқият қараудың тигізетін көмегі мол. Табылған аяқ іздері мен қадам алысына байланысты оның бойы, физикалық кемістігі, мысалы: аяғын ақсап, сылтып басуы анықталады.

Ең алғаш рет габитоскопия жүйесі Федеративті Герман республикасында жасалған. Адамның сыртқы бейнесінің элементтерін арнайы журнал түрінде қағаздарға жапсырып жасаған. Бұл қағаздарды көзімен көрушілерге ұсынған. Сыртқы бейненің қажетті элементтерін қиып алып жабысқақ пленкілерге жабыстырған. Осыдан алынған бейнеге өңдеулер жасап, түзетулер енгізген. Одан кейін фотография қайта суретке түсіріліп, іздестіру жұмыстарын жүргізу үшін қолданылған.

Субъективті портрет құру үшін барлық жүйе тұрақты түрде үнемі жетілдіріліп отырады. Қазіргі кезде жеке компьютерлер қолданылады. Компьютер базасындағы адамның сыртқы бейнесі элементтерінің көптеген түрлері ішінен жәбірленушілерге, өз көзімен көрген куәларға таныс бейнені таңдап алуды ұсынады. Таңдап алынған элементтерден бір бейне құрастырылып, іздеудегі тұлғаның жалпы портреті жасалады. Субъективті портрет қылмыскерлерді ғана емес, сонымен қатар хабар-ошарсыз кеткен тұлғаларды іздестіру үшін де қолданылады.

Егер мәйіт табылып ол танылмаған кезде, оған алдымен әрлеу жұмыстары жүргізіліп, тиісті құжаттарға «ауызша суреттеу» ережелері бойынша бейнесі сипатталып жазылады және танытуға көрсету үшін суретке түсіріледі. Бірақ кейде мәйіт қатты өзгеріске ұшыраған (шіріп кеткен немесе әрлеп қалпына келтіруге мүлде болмайтындай) жағдайлар кездеседі. Мұндай жағдайда адамның бейнесі профессор М.М. Герасимовтың әдістерін қолдана отырып, оның бас-сүйегі бойынша қалпына келтірілуі мүмкін. Бас сүйегі бойынша адамның жынысы, жасы, бойы (бастың биіктігі адамның бойына қарағанда 8 есе қысқа болады), қай нәсілге жататындығы және басқа да белгілері, мысалы: егер сифилиспен, остеомиелитпен ауырса оның белгілері анықталады. Адамды ұстамас бұрын ол іздестіріліп отырған нақты сол тұлға ма соны анықтап алу қажет. Ол үшін оның сыртқы бейнесінің элементтерін «ауызша суреттеу» әдісі бойынша қылмыстық іс материалдарындағы мәліметтермен салыстырып, қылмыстық іс жүргізу заң талаптарына сәйкес таныту әрекеті жүргізіледі.

Адамның сыртқы бейне белгілері жөніндегі мәліметтердің қайнар көзіне куә мен жәбірленушілердің көрсетулері, оқиға болған жерді қарау нәтижелері, фотобейнелер, субъективті портреттер мен мәйіт қана емес, сонымен қатар кейбір эндокриндік және т.б. аурулар да жатуы мүмкін. Темекі шегушілердің жақтарының төменгі бөлігінің өзгеріске ұшырауынан, олардың темекіні ауыр мүштік қолданып шеккендіктері байқалады. Шыны үрлеуші мен кернейшілер тістерінің ерекше зақымданғандығын байқауға болады.

Бас сүйек бойынша, сондай-ақ суреті салынған портрет жасалуы мүмкін. Егер мәйіттің өмір сүрген кездегі суреті болса, сол суретпен бас сүйекті салыстыра отырып, «бас-сүйек» - суретке түсірілген адамға қатыстылығы жөнінде нақты қорытындыға келуге болады.

Ауызша суреттеуді тәжірибеде дұрыс әрі нәтижелі қолдану үшін міндетті түрде:

1. Адамның басының, бетінің және денесінің жеке бөлшектерінің, сондай-ақ киімінің, аяқ киімінің, күнделікті өзімен бірге алып жүретін заттарының дұрыс атауын білу;

2. Адамды сыртқы бейне белгілері бойынша ауызша суреттеу жүйесіне сәйкес сипаттау тәртібі мен кезектілігін сақтау;

3. Нақты іздеген тұлғаны басқа адамдар арасынан ажыратуға мүмкіндік беретін сыртқы белгілердің барынша ерекшеленген белгілерін іріктей білу қажет.

Адамды сыртқы бейне белгісі бойынша идентификациялау әртүрлі формада жүзеге асырылуы мүмкін. Бұл термин тану процесінде қолданылады. Ол қылмыстық іс жүргізу заңының талаптарына сәйкес жүргізіліп, оның қорытындысы қылмыстық іс бойынша дәлелдеме ретінде қолданылуы мүмкін. Теңдестірудің екінші формасы – адамды сыртқы бейнесі бойынша сараптық идентификациялау. Үшінші формасы – адамды жедел-ізвестіру мақсатында танытуға көрсету.

4. Тергеу мен жедел-ізвестіру тәжірибесінде «ауызша суреттеу» әдістемесін қолдану

Ауызша суреттеу әдістемесі тергеу, жедел-ізвестіру және сараптама жүргізу тәжірибесінде кеңінен қолданылады. Оны негізінен тергеушілер мен жедел-ізвестіру қызметкерлері идентификациялық және қылмыстық тіркеу мақсатында қолданып, хабар-ошарсыз кеткен адамдарды ізвестіруге, танылмаған мәйітті тануға көрсетуге, сонымен қатар сезікті, айыпкер, куә мен жәбірленушінің және соттан бой тасалап жүрген қылмыскердің жеке басын анықтау кезінде «ауызша суреттеу» әдістемесін басшылыққа алады.

«Ауызша суреттеу» әдістемесі қылмыскерлер мен хабар-ошарсыз кеткен адамдарды ізвестіру барысында, ізвестіру талаптарына сәйкес, олардың сыртқы бейне белгілерін атап айтқанда: «ерекше белгілері» мен «көзге бірден түсетін белгілерін» нақты сипаттау және адам бейнесін еске түсіру, есте жақсы сақтап қалу үшін қолданылады.

Ізвестіруге қажетті белгілердің (сақал, мұрт, киім және т.б.) аз уақыт ішінде (жылдам арада) өзгеріп кету мүмкіндігіне байланысты «ауызша суреттеу» әдістемесін қолдана отырып, жедел-ізвестіру шараларын жүргізу қажет. Іздеуде жүрген адамның сыртқы бейне белгілері жайындағы мәліметтердің қайнар көзі – қылмыстық тіркеу мен архив материалдарынан, жеке құжаттардан, оларды жеке бақылау, оқиға болған жерді қарау арқылы, сондай-ақ жауап алу кезінде алынған деректер мен фотосуреттерден алынуы мүмкін.

Жеке басы анықталмаған қылмыстық жазадан бой тасалап жүрген қылмыскерлерді «ауызша суреттеу» - қалыптасқан тәртіп бойынша жәбірленушілер мен көзімен көрген – куәлардың берген көрсетпелеріне байланысты, сондай-ақ қылмыстың жасалу жағдайын талдау нәтижесінде алынған деректер арқылы құрылады. Оқиға болған жерден табылған іздер мен басқа да заттай дәлелдемелерді зерттеу арқылы қылмыскердің сыртқы бейнесі және оның физикалық ерекшеліктері жөнінде қажетті мәліметтер алуға болады. Бұл жерде табылған аяқтың ізі, яғни «іздің жолы», қолдың, тістің, бұзу құралдарының іздері және басқа да іздер мен заттардың іздері маңыздырақ болады. Осы іздер арқылы шамамен қылмыскердің бойын, жасын, дене бітімін, физикалық кемшіліктерін анықтауға болады.

Идентификациялық мақсатта пайдаланатын тіркеу карталарына танылмаған мәйіттер мен хабар-ошарсыз кеткен адамдарды тіркеу барысында олардың сыртқы бейне белгілері барынша нақты суреттеліп жазылуы қажет.

Қамауда отырған адамдарды тіркеу кезінде адамның сыртқы бейне белгілері «ауызша суреттеу» тәртібі бойынша суреттеледі. Бұл суреттеу әдісі таныту үшін қолданатын фотобейнемен қатар, қылмыс жасаған адамдарды аты-жөні (алфавит) бойынша тіркеуге аса маңызды қосымша болып табылады.

«Ауызша суреттеу» әдісі белгілі деңгейде сигналитикалық фотосурет ережелерімен анықталады. Онда қойылатын талаптар: адамды бетпе-бет (фас) және қырынан (профиль) суретке түсірген кезде: ол басын тік ұстап, маңдайы ашық, құлақ қалқаны толығымен көрініп тұратындай фотосурет анық түсірілуі шарт. Бұл алдынан және қырынан (фас, профиль) түсірілген фототүсірімдері адамды фотосурет бойынша танытуға көрсету кезінде «ауызша суреттеу» әдістемесін қолдануға бағытталып, суреттегі белгілер мен «ауызша суреттеу» арқылы алынған белгілерді теңдестіруге қосымша мүмкіндік береді.

Құрамалы «фоторобот», «изоробот» әдісін өңдеу және қолдану кезінде де «ауызша суреттеу» әдісі қолданылады.

Тәжірибеде жауап алынушыдан адамның сыртқы бейнесін дұрыс сипаттауды жеңілдету мақсатында, бет-әлпеті белгілерінің бірнеше ұқсас варианттары фотосурет немесе сурет түрінде көрсетіледі. Бұл психологиялық заңдылық пен «ауызша суреттеу» әдістемесі бірлесіп құрастырылған суреттеу әдісінің негізі болып табылады. Жауап алынушыға көрген адамының портретін құру үшін басы, маңдайы, көзі, мұрыны, еріні, иегі, құлақ қалқаны, мойыны, иығы және т.б. дене құрылысының бөлшектерін жеке-жеке бейнелейтін фотосуреттердің әртүрлі варианттары ұсынылады. Сонымен қатар, қосымша белгілері: бас киімі, көзілдірігі, галстугы және т.б. заттарының ерекшелігі осы тәсіл арқылы анықталынады. Таңдап алу нәтижесінде құрастырылған портрет соңғы рет жауап алынушыға көрсетіліп, бой тасалап жүрген қылмыскерлерді табу үшін сәйкес іздестіру жүргізетін органдарға жіберіледі.

Жауап алушы тұлға іздестіріліп отырған адамның сыртқы бейнесіне неғұрлым сәйкес келетін вариантын таңдап алады. Ал оның бас киіміне, киімдері, көзілдірік, жейдесі және тағы басқа да сол сияқты заттарына қатысты мәселелер осындай жолмен жүзеге асырылады. Мұндай заттардың фотосуреттері немесе суреттері жауап алушыға бірнеше вариантта көрсетіледі. Заттардың немесе тұлғалардың фотосуреттерінің немесе суреттерінің әртүрлі бөлшектері ғана болған жағдайларда, олардың кешенді портретін алу мақсатында фотосурет құрастырылады. Құрастырылып болғаннан кейін портрет жауап алынатын тұлғаға көрсетіледі. Қажет болған жағдайда жауап алынатын тұлғаның ескертулері бойынша портретке тиісті түзетулер жасалады. Түпкілікті жасалып болған портрет іздестіруде жүрген қылмыскерлерді табу үшін пайдалануға тиісті органдарға жіберіледі.

Жауап алу кезінде «ауызша суреттеу» - әдістемесін қолдану арқылы іздестіріліп отырған тұлғаның сыртқы бейнесінің белгілерін барынша толығырақ әрі дұрыс ала аламыз. Әдетте жауап алынатын адам қылмыскерлерді бірнеше рет көрген жағдайдың өзінде де, оның сыртқы бейнесін жалпылама сипаттайды. Көбінде қылмыскердің бойы, жалпы дене бітімі, шашының түсі, киімінің белгілері және басқа да «ерекше белгілері» ғана айтылады.

Жауап алу кезінде тергеуші «ауызша суреттеу» әдістемесін қылмыскердің сыртқы бейне белгілерін түпкілікті әрі нақты сипаттауы үшін қолданады, оның мақсаты жауап алушы адамның ойында қалған бейнені детальды түрде жеке-жеке ойына түсіру. Жауап алу барысында жетектеуші сұрақтар қоюға болмайды. Адамның қабылдауына байланысты психологиялық заңдылықты ескеру қажет. Мұндай жағдайда «ауызша суреттеу» - терминологиясын пайдаланған тиімді. Бірақ кейбір жағдайларда жауап алынатын адам терминологиялық сөздерді түсінбеуі мүмкін, бұл кезде суреттеу барысында арнайы терминдерді қолданудың қажеті жоқ. Себебі бейнелеп отырған тұлға қате сипаттама беруі мүмкін. «Ауызша суреттеу» әдістемесі, сондай-ақ куәландыру процесінде – дене жарақатын сипаттау кезінде де қолданылады.

«Ауызша суреттеу» әдістемесі фотопортретті идентификациялық сипаттама жасау барысында да кеңінен қолданылады.

5. Адамды сыртқы бейне белгілері бойынша идентификациялау

Адамды сыртқы бейне белгілері бойынша идентификациялау үшін анатомиялық және функционалдық белгілерді қолданудың мүмкіндігі белгілердің тұрақтылығына байланысты. Анатомиялық белгілердің тұрақтылығы адам дене сүйегі-шеміршегінің өзгермейтіндігімен анықталады. Жасының өсуіне және ауруға ұшырауына байланысты анатомиялық белгілердің өзгеруі, тәжірибеде айтарлықтай мәні болмайды. Себебі, біріншіден, жас мөлшеріне байланысты өзгерістер баяу жүреді және де идентификациялық кезеңде сапалы өзгерістер болмайды; екіншіден, ауру (травмалық) салдарынан адамның кейбір

бөлшегінің белгілері ғана өзгеріске ұшырайды, сондықтан, адамның сыртқы бейне белгілер жиынтығы жалпы өзгеріссіз қалады. Пластикалық операциялар жасап қасақана анатомиялық белгілерді өзгерту анықтаусыз қалмайды, оны куәландыру арқылы анықтауға болады.

Функционалдық белгілер тез өзгеріске ұшырайтындығына байланысты анатомиялық белгілерге қарағанда тәжірибеде сапасы төменірек. Мысалы: адам өзі қажет деп тапса өзіне-өзі бақылау жүргізуіне байланысты жүрісін өзгертуіне және белгілі бір уақытқа дейін қолын сермеп сөйлеуіне тән барлық функционалдық белгілерін түпкілікті өзгертуі мүмкін емес. Сондықтан да әрбір адамның функционалдық белгілер жиынтығы барынша тұрақты әрі қайталанбайтын болып табылады.

Функционалдық белгілердің тұрақтылығы, белгілі бір қозғалыстың (жүрген кездегі, сөйлеу кезіндегі және т.б.) адам миында жүйелі түрде, яғни динамикалық стереотиптің (шартты рефлекс жүйесінің тұрақты) қалыптасуына байланысты.

Қозғалыс жүйесі неғұрлым күрделірек болса, ол адамда ұзақ уақыт қабылданып, белгілі бір стереотип қалыптасады.

Қалыптасқан стереотип тұрақты болады және ол адамның еркіне байланысты оңайлықпен өзгере бермейді. Осы психофизиологиялық позицияға сүйене отырып адамның сырт бейнесіндегі белгілерінің тұрақтылығын бағалауға болады.

Адамды сыртқы бейне белгілері бойынша идентификациялау кезінде «ауызша суреттеу» әдістемесін қолданудың бірнеше түрі бар:

1. Тануға көрсету арқылы адамды идентификациялау. Идентификацияның бұл түрі тергеу мен сот тәжірибесінде өте жиі кездеседі. Тануға тірі адам, мәйіт немесе олардың фотобейнелері көрсетілуі мүмкін. Идентификациялау танушының есінде сақталып қалған ой-бейнесі арқылы жүргізіледі.

2. Жауап алуға шақырылған куә, жәбірленуші, сезікті немесе айыпкердің жеке басын тексеру кезінде олардың бейнесін тікелей фотосурет немесе изосурет арқылы салыстыру жолымен адамды идентификациялау. Бұл жерде тексеріліп отырған адамның бейнесі оның жеке басын куәландыратын құжаттағы фотосуретпен теңестіріле отырып идентификацияланады. Идентификацияның бұл түрі жедел-іздігі шараларын жүргізу барысында жиі қолданылады. Яғни, жедел-іздігі қызметкерлері іздеуде жүрген адамның сыртқы бейнесін қолда бар (іздеуде жүрген адамның бейнесіне ұқсайтын) фотокарточкадағы немесе құрастырмалы фотосуреттегі бейнемен салыстыру арқылы адамды идентификациялайды.

3. Адамның сыртқы бейне белгілерін салыстырған кезде міндетті түрде «ауызша суреттеу» әдістемесін қолдана отырып, белгілерді бір-бірімен (детальды) жеке-жеке және өз жүйесімен салыстыру қажет. Мұнда сыртқы бейнелердің жалпы ұқсастығына ғана көңіл бөліп қоймай, сыртқы бейнелердің жеке белгілерінің сәйкес келуіне де аса назар аудару керек.

4.Іздестіру шараларын жүргізу кезінде адамды фотосуретпен идентификациялау көбінде «ауызша суреттеу» жолымен жүргізіледі. Яғни мұндай жағдайда іздестіріліп отырған адамға байланысты бұрын құрастырылған «ауызша суреті» тексеріліп отырған адамның құрастырмалы немесе фотосуретімен салыстырылады.

5.Егер іздестіру шараларын жүргізу барысында іздестіріп отырған адамның фотокарточкасын алуға мүмкіндік болмаған жағдайда, идентификация екі ауызша суреттеуді салыстыру жолымен жүргізілуі мүмкін. Салыстыру арқылы алынған нәтиженің ақиқаттылығы екі ауызша суреттеуде сыртқы бейне белгілерін толық әрі нақтылы сипатталып суреттелінуіне байланысты.

6.Жедел-іздестіру тәжірибелерінде кейбір жағдайларда адамдардың бас-сүйегін қалпына келтіру қажеттілігі туындайды («портретті мүсіндік қалпына келтіру» - деп аталады). Бұл әдісті профессор М.И. Герасимов (өңдеген) ойлап тапқан.

7.Портретті идентификация. Фотосурет арқылы адамның бет-әлпеті бойынша идентификациялауға болады. Мысалы, жеке басы анықталмаған мәйітті идентификациялау үшін оның тірі кезіндегі түсірілген фотосуреттері мен мәйітті тануға түсірілген фотосуреттері қолданылады. Осы суреттер бірдей жағдайда орындалуы тиіс. Мұндай әдіспен жасалған мүсіндік портрет хабар-ошарсыз кеткен адамның тірі кезінде түскен фотосуретіндегі сыртқы бейне белгілерімен немесе «ауызша суреттелген» бейне белгілерімен салыстырылады. Бірақ, құрастырылған мүсіндік портрет сараптама объектісі бола алмайды. Себебі, оны құрастыру барысында адамның бас-сүйегі негізінде адам бетіндегі топографты-анатомиялық (антропометриялық) деп аталатын нүктелерді нақты қалпына келтіру мүмкін емес.

КРИМИНАЛИСТИКАЛЫҚ ТІРКЕУ

1. Криминалистикалық тіркеудің түсінігі, мазмұны және оның құқықтық негіздері

Қылмыстылықпен күрес жүргізу мақсатында бұдан бұрын да біздің дәуірімізге дейінгі ұзақ жылдар бойы тіркеу әдістері қолданылған. Ол үшін әдетте мынандай екі түрлі әдіс қолданылды: таңбалау және мертіктіру – ол тану мен жазалау функцияларын қатарынан бір уақытта жүзеге асыру (б.д.д. II-ші ғасырдағы ежелгі үнді «Ману заңы» және ежелгі Вавилонның Хаммурапи заңы) әдісі. Қылмыскердің жасаған қылмысы бойынша жазалау, олардың денесіндегі мертіккен жерлерін ғана сипаттап қоймай, сонымен қатар қанша қылмыс жасағандығын да айқын әшкерлеп көрсететіндей етіп таңбаланды. Таңбалау кезінде шартты белгілерді, әріптерді немесе толық бір сөзді адамның бетіне, болмаса денесінің басқа да бір мүше бөлшегіне күйдіре отырып басып түсірді. Таңбалау қылмыскерлерді ұстауға біршама көмегін тигізді, бірақ оның қайда, қашан және не үшін жазаланғандығын, сондай-ак

таңбасы арқылы оның жеке басын анықтауға мүмкіндіктер болмады. Англия мен Францияда «Идентификациялық салтанаттар» - деген атпен қамаудағы қылмыскерлердің ішінен полициялар бұрын көрген қылмыскерлерді тануға байланысты қараулар жүргізді.

Криминалистикалық тіркеудің ғылыми негізін ең алғашқы рет XIX ғ. аяғында 1882 ж. А. Бертильон қылмыскерлерді тіркеудің антропометриялық, ал В. Гершель, Г. Фулдс, Ф. Гальтон 1887-1891жж. дактилоскопиялық тіркеу әдісін енгізу арқылы қалыптастырған. Қазіргі уақытта да криминалистік оқулықтарда кездесетін тіркеудің алғашқы жүйесі «қылмыстық тіркеу» - деп кездейсоқ аталмаған. Бүгінгі таңда криминалистикалық тіркеу жүйесі шеңберінде тіркеудің сан-алуан түрлері қолданылады. Мысалы: алфавиттік, дактилоскопиялық және т.б. тіркеу түрлері.

Криминалистикалық тіркеу түрінен оның формасын ажырату қажет, яғни тіркелетін ақпараттарды жинау тәсілдері. Криминалистикалық ақпараттарды бекіту әдістері де әртүрлі: сипаттайтын, бейнелейтін, графикалық, коллекциялық болып келеді. Тәжірибеде тіркеу әдісінің мынандай аралас түрлері де жиі қолданылады: ұсыныстар-альбомдармен, карточкалармен; ал ақпаратты бекітудің суреттеу тәсілі-фототүсірілім, дактилоскопиялық карта және т.б. жасау арқылы үйлестіріледі.

Криминалистикалық тіркеуді оқып білудің негізі – бізді қоршаған әлемді, материалдық танымды, диалектикалық заңдар мен таным теориясын танып білуге неізделеді. Криминалистикалық тіркеудің дамуы – криминалистикалық идентификация теориясымен, іздердің пайда болу механизімі жөніндегі ілімдермен, және қылмысты жасау тәсілдерімен, дәлелдемелі ақпараттарды бекітумен табиғи байланыста болып табылады.

Криминалистикалық тіркеулер қылмыстық процесуалдық заңдарда тікелей қарастырылмаған. Бірақ та криминалистикалық тіркеуді жүргізу тәртіптері Қылмыстық Іс Жүргізу кодексінің талаптары негізінде анықталады. Олар Қылмыстық Іс Жүргізу кодексінің баптарында бекіту тәртібіне қатысты заттай дәлелдемелерді сақтау және алу; салыстырмалы зерттеулер жүргізу үшін үлгілер алу; маманды қатыстыру; сот сараптамасын тағайындау және жүргізу көрсетілген. Сонымен қатар, полиция мен жедел-іздігіру қызметі туралы нормативтік актілері де криминалистикалық тіркеудің құқықтық негізі болып табылады.

Тіркеудің материалдарын жинау процедуралары Қазақстан Республикасының Ішкі Істер Бөлімінің заң актілерімен, Бас прокуратураның жеке бұйрықтары және инструкцияларымен белгіленеді.

Жеке тұлғаларды тіркеудің негізіне төмендегілер жатады:

- қамауға алу сияқты шараларды қолдану туралы, сондай-ақ айыпкер ретінде қылмыстық іске тартуға байланысты прокурордың, тергеушінің немесе анықтама жүргізушінің шығарған қаулылары;
- соттың үкімі немесе шешімі;
- тұлғаларды іздестіруді жариялауға байланысты шығарылған қаулылар;
- сезіктіні ұстау хаттамасы.

Тергеу әрекетінің хаттамалары қылмыстық оқиғамен байланысты басқа да объектілерді тіркеудің заңды негізінің біріне жатады.

2.Криминалистикалық тіркеудің түрлері

Алынып отырған объектілердің ерекшелігі мен оларды тіркеу кезінде сипаттайтын белгілеріне байланысты – тіркеу: «жедел-анықтамалық, жедел-ізвестірудегі» - деп бөлінеді. Осы түрлердің барлығын криминалистикалық деп атауға болады.

Жедел-анықтамалық тіркеу негізіне – адамдардың, заттар мен бұйымдардың белгілерін көру арқылы қабылдап бекітуді жатқызамыз. Мысалы, бейне және дыбыс жазба аппаратуралары, шығарылған уақыты, орны, қай заводта дайындалғандығы көрсетілген нөмірі мен белгісі бар сағаттар және сол сияқты басқа да бұйымдар. Мұндай тіркеу объектілерінің белгілеріне тергеушілер мен жедел орган қызметкерлері сипаттама береді (объектілердің ақпараттық белгілерін арнайы зерттеу немесе сараптама жүргізу жолымен анықталған кездегі криминалистикалық тіркеуді қоспағанда).

Жедел-ізвестірудегі кейбір тіркеу объектілері әртүрлі категориядағы заттар мен тұлғаларды ізвестіру мәселесін арнайы қамтамасыз ету мақсатындағы криминалистикалық тіркеуге де қатысты болып табылуы мүмкін. Осы объектілер қылмысты тергеу мен ашуға ерекше қызмет көрсетеді. Бұл жерде тергеуден және соттан бой тасалап жүрген тұлғалар мен хабар-ошарсыз кеткен адамдар, танылмаған мәйіттер; нөмірленген заттар және т.б. осы сияқты объектілер жөнінде сөз болып отыр. Жоғарыда көрсетілген әртүрлі белгілеріне байланысты бұл объектілердің бір бөлігін криминалистикалық, ал бір бөлігін жедел-анықтамалық тіркеуге жатқызамыз.

Анықтамалық-көмекші тіркеуге: қылмыстық оқиға мен тергеуге себепті байланысы жоқ объектілер жатады; ал тіркемелік белгілері көріп қабылдау арқылы, болмаса арнайы зерттеулер жүргізу көмегімен анықталады. Бұл тіркеудің түрі сараптамалық мекемелерде жүргізіледі.

Орталықтандыру деңгейіне байланысты тіркеу жергілікті, аймақтық және орталық (центральный) болып бөлінеді.

Жергілікті тіркеуді – Ішкі істер министрлігінің аудандық бөлімдерінің криминалистикалық бөлімдері жүргізеді.

Аймақтық тіркеуді – қалалық және облыстық ішкі істер бөлімдерінің криминалистикалық бөлімдері және құқықтық статистика және арнайы тіркеу комитеті жүзеге асырады.

Орталық тіркеуді – Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі және Бас прокуратураның құқықтық статистика және арнайы тіркеу комитеті жүзеге асырады. Бұлардың көпшілігі жергілікті орталықтандырылған болып табылады және де көрсетілген барлық деңгейді қамтамасыз етеді.

§ 3. Криминалистикалық тіркеудің объектілері мен мақсаттары

Криминалистикалық тіркеуге келесідей объектілер алынады: белгісіз қылмыскерлер – жазадан бас тартып тергеуден немесе соттан бой

тасалап жүрген; қамауға алынған айыпкерлер; қайыр тілеу мен босқындап жүруіне байланысты ұсталған тұлғалар; қылмыс жасаған, бірақ қоғамдық ықпал немесе жағдайдың өзгеруі бойынша шаралар қолдануға байланысты қылмыстық жазадан босатылған тұлғалар; сотталған адамдар; хабар-ошарсыз кеткен тұлғалар; өзі жөнінде мәліметтер беруге жағдайы жоқ, балалар және қарттар үйіндегі, емдеу мекемелеріндегі науқас адамдар; танылмаған мәйіттер, қылмыс салдарынан және аяқ асты қайтыс болған тұлғалар; ұрланған, жоғалған, алынған және өз еркімен өткізілген атыс қарулары; ашылмаған қылмыстық істер бойынша оқиға болған жерден табылған қару-жарақтар, патрондар, оқтар, бытыралар, гильзалар; ұрланған және іздестірілмеген, сондай-ақ ұсталған тұлғалардан алынған заттар; қылмыспен байланысты нөмірленген заттар (фотоаппараттар, бейнекамералар, сағаттар, ұялы телефондар және т.б.); анықталмаған автотокөлік құралдары; жалған ақшалар; баспаханалық әдіспен, компьютерлік және басқа да көбейткіш құралдарымен жасалған жалған құжаттар (диплом және т.б.); есірткі немесе күшті әсер ететін емдеу дәрілерін алу үшін жасалған жалған рецептер; жасырынудағы қылмыскерлерге тиесілі күші жойылған, ұрланған құжаттар; оқиға болған жерден алынған иіс іздері; ұрланған және іздестірудегі, болмаса қылмыскерлерден алынған, сондай-ақ қаңғып жүрген малдар (пригульный скот); ашылмаған қылмыстар бойынша оқиға болған жерден табылған қол іздері; осындай істер бойынша табылған бұзу құралдары мен қарулардың іздері; теміржол көліктеріндегі жүктер мен заттарды ұрлау фактілері; ашылмай қалған қылмыстарды жасау әдістері және басқалары.

Криминалистикалық тіркеу жүргізу кезіндегі бекітудің негізгі әдістеріне – ауызша суреттеу, фотосуретке түсіру және дактилокошірілімдерді жасау жатады. Соңғысы тіркелетін тұлғалардың қол саусақтарының бедер іздерін алу арқылы жүзеге асырылады. Тіркеу ақпараттарын сақтау үшін қолданылатын әдісіне байланысты - картотекалар, фотоальбомдар, іздердің коллекциялары пайдаланылады.

Қазіргі кезде тәжірибеде қылмыстық тіркеуге электронды-анықтауыш техникалары да қолданылады. Оны пайдалану кезінде тіркемелік мәліметтер белгілі бір кодпен жазылады және олар компьютерге енгізіледі.

Тіркеу бойынша тексеру кезінде негізінен мынандай мән-жайлар анықталады. Криминалистикалық тіркеудің міндеттеріне келесілер жатады:

а) көрсетіліп отырған тұлға тіркеуде тұрған жоқ па, егер тұрса, оның жеке басын (тұрғылықты мекен-жайы, бұрын сотталғандығын, қылмыс жасау түрі мен әдісін, жазасын өтеу мерзімі мен орнын, ісі қысқартылғандығын, іздестіруде жүргендігін, қайыр тілеу мен босқындап жүргендігі үшін ұсталғандығын, сыртқы белгілерін, шұғылданған кәсібін, басқа да бейімділігін, мысалы: есірткіге немесе ішімдікке) сипаттайтын мәліметтер;

ә) қандай да бір тәсілмен жасалған, ашылмаған қылмыс ретінде тіркеуде тұрған жоқ па; сезікті туралы қандай да бір мәліметтер бар ма;

б) атыс қаруы кімнің атынан тіркелген; ол ұрланған емес пе; қылмысты жасау кезінде пайдаланылған жоқ па;

в) бұл қарудан атылған оқ және табылған гильза немесе патрондар тіркеуде тұрған жоқ па; олар қашан, қайдан және кімнен алынды;

г) осы адаммен қалдырылған және ұсынылып отырған қол саусақтарының іздері тіркеуде тұрған жоқ па; бұл адам туралы қандай да бір мәліметтер бар ма;

д) танылмаған мәйіт тіркеуде тұрған жоқ па, хабар-ошарсыз кеткен тұлғамен кімнің және қандай адамның сыртқы бейнесі ұқсас;

е) осындай әдіспен жасалған және ұсынылып отырған жалған ақша белгілері тіркеуде тұрған жоқ па; оларды жасаушылар туралы қандай да бір мәліметтер бар ма;

ж) автотөлік құралының нақты иесі кім; автотөлік иесіз емес пе; автотөлік қандай да бір жол-көлік оқиғасына қатысы бар ма;

з) ұрланған ретінде көлік құралының техникалық құжаты тіркеуде тұрған жоқ па, егер тұрса ол кімнің атында тіркеуде тұр, ұрлануы туралы қандай мән-жайлар бар;

и) жүргізуші қандай да бір жол-көлік оқиғасына қатысты емес пе, ол әкімшілік жауаптылыққа тартылған жоқ па;

к) белгілі бір куәлік ұрланған куәлік ретінде тіркеуде тұрған жоқ па; бұл куәліктің иесі іздестірілуде ме;

л) мұндай баспаханалық құжат немесе осы әдіс бойынша есірткі заттарын алу үшін жасалған рецепт тіркеуде тұрған жоқ па; осындай құжаттарды жасайтын нақты тұлғалар туралы мәліметтер бар ма;

м) белгілі бір нөмірленген зат немесе оның бөлшегі (бейнекамера, фотоаппарат, ұялы телефон, автотөлік двигателі және т.б.) тіркеуде тұрған жоқ па; оның иесі жайлы қандайда бір мәліметтер бар ма;

н) қандай да бір сыртқы белгілері бойынша жеке басы анықталмаған адам науқас ретінде тіркеуде тұрған жоқ па; қандай да бір белгілері бойынша жеке басы анықталмаған науқас тұлға хабар–ошарсыз кеткендер қатарында тіркеуде тұрған жоқ па; бұл жеке басы анықталмаған тұлға кім (оның қол саусақтарының іздері дактилоскопиялық картотекаларда бар ма);

о) теміржол транспортымен тасымалданған жүктер ұрланған заттар қатарында тіркеуде тұрған жоқ па, егер тұрса, олардың: ұрланған уақыты, табылған жері, ұрлау тәсілі, оның (буып-түйілуін қосқанда) нақты сипаттамасы, қылмыстық істің нөмірі, істі қозғаған орган, заттардың қайдан табылғандығы және кімнен алынғандығы туралы мәліметтер бар ма.

Тексеруге байланысты жіберілетін сұраулар тиісті ақпараттық – іздестіру картасының тіркеу бланкілеріне тексерілетін объект жөніндегі мәліметтері толық көрсетіле отырып жазылады.

Кейбір жағдайларда заттарды тексеру үшін міндетті түрде тексерілетін объектінің өзін жібереді. Мысыалы: ақшалай белгілерді, қару, патрон, оқ, гильзалар, саусақ іздері және т.б.

Сұрауларды құрастыру қала аудандық ішкі істер органдардағы тіркеуді жүргізетін, сонадай-ақ қылмыстық–іздестіру бөлімшелерінде жұмыс істейтін тиісті полиция қызметкерлеріне тапсырылады. Орталықтандырылған

тіркеу орталығы дұрыс нәтиже бере алмаса, сұраулар жергілікті тіркеу бойынша тексеруге жіберіледі.

4. Қылмыс болған жерден қашып кеткен айыпкерлерді, ұсталған және сотталған тұлғаларды, белгісіз қылмыскерлерді тіркеу

Ұсталған, айыпталған және сотталған тұлғалар алфавиттік (фамилиясы бойынша) және дактилоскопиялық тіркеуге алынады. Ал қылмыс жасаған жерден қашып кеткен белгісіз қылмыскерлер – қылмысты жасау тәсілдеріне байланысты арнайы тіркеуге алынады.

Белгісіз қылмыскерлер және ауыр және аса ауыр қылмыстар категориясы бойынша сотталғандар сыртқы бейне белгілері бойынша тіркеуге алынады.

Алфавиттік тіркеу. Тіркеудің бұл түрі алфавиттік карточка көмегімен жүзеге асырылады. Компьютерге енгізілген мұндай карточкаларда келесідей тіркеме жасалған мәліметтер бекітіледі: фамилиясы, аты –жөні, туған жылы мен жері, ұлты, тұрақты тұрғылықты мекен –жайы, соттылығының болуы; үкім шығарған сот; Қылмыстық кодекске байланысты бабы, сотталу уақыты, жазаның түрі; бұрынғы қылмыстық әрекеті (қашан, қандай органмен және Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің қандай бабы бойынша жауапкершілікке тартылған), рақымшылық немесе кешірім жасауға байланысты үкімнің өзгеруі, жазаланған мерзімі мен орыны, сотталушының қайтыс болған күні, айы, жылы; іздестіруде жүрген тұлғаны жазадан босату негізі, қайыр тілеу мен босқындап жүруіне байланысты ұсталған тұлғалар; тіркеуге алудың заңдық негізі жөніндегі мәліметтер. Карточкада тіркелетін тұлғаның дактилоскопиялық формуласы көрсетіледі, оң қол сұқ саусағының таңбасы басылып алынады, олар алфавиттік және дактилоскопиялық карточканың өзара байланысын қамтамасыз етеді. Сонымен қатар мүмкіндік болса тануға көрсету үшін карточкаға тіркелетін (тізімге алынатын) тұлғаның фотосуреті қоса тіркеледі.

Карточкалар – тіркелетін тұлғалардың фамилиясы ескеріле отырып алфавиттік рет бойынша картотекаларға енгізіледі.

Нақты карточка арқылы тұлғаның жеке басын: оның қандайда бір сезік тудыратындай немесе ол жөнінде мәлімет беретіндей, сондай-ақ айыпталушының, сотталушының бұрын соттылығының болуы немесе болмауы туралы мәліметтерді анықтау мақсатында тексерулер жүргізіледі.

Тексерілетін тұлғалар туралы алфавиттік карточкаларда бекітілген мәліметтердің дұрыстығына күмән келтіретін жағдайларда, карточка бойынша тексеру дактилоскопиялық тіркеу арқылы тексерулер жүргізумен толықтырылады.

Дактилоскопиялық тіркеу – қамауға алынған, бас бостандығынан айыру немесе жер аудару жазасына жазаланған, сонымен қатар қайыр тілеп жүргендігі және босқындығы үшін ұсталған тұлғаларды тіркеуге алудың бір түрі болып табылады. Ол дактилоскопиялық карталар арқылы жүзеге асырылады. Арнайы бояулар көмегімен тіркелетін тұлға қолының әрбір саусағының папиллярлы өрнектері боялып, бланкінің тиісті клеткаларына оның таңбалары түсіріледі. Дактилоскопиялау кезінде келесідей әрекеттерді

орындау ұсынылады: егер дактилоскопия жасалатын тұлғаның қолы кір болса, оның қолын сабындап жууын талап ету керек; шыны немесе тегіс металл пластинкасына арнайы бояуды салып оны резеңке білікпен тегістеп жағу қажет; оның үстінен саусақты бір жақтан екінші жаққа қарай айналдыра отырып бедерін бояуға бояп, оны картотеканың тиісті жерінде көшірмесі қалатындай етіп түсіру керек. Барлық саусақтардың (бас бармақтан бастап) іздерін тексеру үшін екі қолдың да саусақ бедерінің іздерін бір уақытта жай ғана басып алу арқылы алынуы тиіс; алынған барлық саусақ таңбалары толық және анық болуы керек.

Мәйіттің қол саусақ таңбаларын дактилоскопиялық картаға түсіру үшін, оның жеке –жеке саусақтарын бөлек қағазға түсіріп алып, содан кейін оның әр саусақтарының іздерін қандай саусақтан алынғанын айта отырып, оң қолының саусақ таңбалары бір бөлек, сол қолының таңбалары бір бөлек әр саусағының аты жазылып қағазға жапсырылады. Егер мәйіттің сіресіп қатып қалуы бірден байқалса дактилоскопияға түсірмес бұрын қолдың сіңірін кесу жұмыстары сот–медициналық маманына жүктеледі. Сондай –ақ ұзақ уақыт суда жатып қалған немесе мумификацияланған (кеуіп қалған) мәйіттерді дактилоскопиялау сот –медициналық мамандарына тапсырылады.

Дактилокарталар белгілі бір тәртіппен реттеледі: он саусақ, бес саусақ және бір саусақ (монодактилоскопиялық) жүйесі бойынша. Дактилокарталарда осы аталған саусақтар бойынша бәрінің немесе әрқайсысының жеке –жеке белгілері туралы мәліметтер тіркеледі.

Он саусақ жүйесі бойынша айыпкерлер, ұсталған тұлғалар, сотталушылар тіркеуге алынады.

Дактилокарталарды жүйелеу қол саусақтарының папиллярлы өрнектерін топтастыруға негізделеді. Папиллярлы өрнектер үш түрге бөлінеді: 1) доға тәріздес; 2) ілмек тәріздес; 3) шеңбер тәріздес (шеңберлі).

Доға тәріздес өрнекте папиллярлы сызықтар саусақтың бір жақ шетінен екінші жағына қарай бағыттталып жүріп доға тәріздес суретінен тұрады, орталық ағымның папиллярлы сызықтары бір жақтан басталып ортаға келгенде көтеріледі және саусақтың екінші жағынан аяқталады. Доға тәріздес өрнекте дельта болмайды. Доға тәріздес өрнекте пирамида тәріздес (шұғыл (кілт) иілген сызықтардан тұратын) және шатыр тәріздес бірнеше түрлері болуы мүмкін яғни орталығында тік немесе еңкіш сызықтары бар пирамида тәріздес өрнектер.

Ілмек тәріздес өрнекте ішкі суреттің сызықтары әдетте саусақтың бір жақ төменгі жағынан басталып, жоғарыға және орталыққа қарай бағытталады, ортаға келгенде бірден иіліп барып ілмек жасайды және сол келген бағытына қарай қайтадан қайтады. Папиллярлы сызықтың иілген бөлігі (жері) ілмектің басы, ал қалған бөлігі ілмектің аяғы деп аталады. Ілмек басының орталық нүктесі ілмектің ұшы деп аталады.

§5. Хабар-ошарсыз жоғалып кеткен адамдар және жеке басы анықталынбаған мәйіттерді тіркеу

Бұл тіркеудің орталықтанған-жергілікті түрі белгілі бір тұлғаның жоғалып кету себебіне және жеке басы анықталынбаған мәйіттерді анықтау мақсатымен жүргізіледі. Өзара байланысатын екі картотека түрінде жүзеге асырылады, біреуінде – хабар-ошарсыз жоғалып кеткен тұлғалар, ал екіншісінде – жеке басы анықталынбаған мәйіттер тіркеледі.

Хабар-ошарсыз жоғалып кеткен тұлғаларды тіркеу карточкасы тергеуші немесе жедел қызметкерімен жоғалған тұлғаның жоғалу уақыты мен жағдайлары, тұрмыс қалпы, қарым-қатынасы, әдет-дағдысы және өзге де сипаттаушы мәліметтері анықталынғаннан кейін екі данада толтырылады. Карточкада, сонымен қатар, жоғалған тұлғаның демографиялық мәліметтері бекітіліп, жоғалған тұста көрген куәлардың көрсетпелері бойынша сыртқы бейне белгілері мен үстіндегі киім, аяқ киім белгілері сипатталады. Карточкаға қосымша: мүмкіндігіне қарай жоғалу уақытысына жақын аралықта түсірілген фотосуреттері, егер бұрын дактилокошірмелер жасалынса, солардың дактокарталарының фоторепродукциясы және де жоғалып кеткен тұлғаның ұстаған заттарынан табылған қол іздерінің фототүсірілімдері тіркеледі.

Карточкалар ең алдымен жынысының қатыстылығына қарай, одан кейін жасы және бойы бойынша жүйеленеді.

Жеке басы анықталынбаған мәйіттердің табылуына байланысты карточка екі данада толтырылады. Онда: мәйіттің табылу орыны, уақыты, жынысы, бойы, сонымен қатар өзге де сыртқы белгілері, соның ішінде: тіс аппаратының ерекшелігі, көзге түсетін (айрықша) белгілері, киімінің, аяқ, бас киімінің белгілері көрсетіледі. Осыған қоса сот-медицина сараптамасымен анықталатын мәселелер: өлім уақытысы мен себебі, қан тобы мен түрі, бұрын ауырған науқастары (сырқаттары); әйел мәйітінде – қыз абыройының, екі қабаттылығының, зорлау және түсіктің болу-болмауы көрсетіледі. Табылған мәйіттің танытуға көрсету фотосуреттері, қол саусақтарының көшірмелері және киім матасының үлгілері карточкаға қоса тіркеледі.

Хабар-ошарсыз жоғалып кеткен тұлғалардың карточкасы жеке басы анықталынбаған мәйіттердің карточкалары арқылы тексеріледі және керісінше де жүзеге асырылады.

§6. Ұрланған, жоғалған, алынған, өз еркімен тапсырылған иір оқпанды атыс қаруларын, сонымен қатар ашылмаған қылмыстар жасалынған жерден табылған оқтарды, гильзаларды және патрондарды тіркеу

Бұл тіркеудің түрі арқылы ұрланған және жоғалған атыс қаруларын іздестіру шараларын жүргізуге, сонымен қатар атыс қаруын қолданып жасалынған қылмыстарды ашу мен тергеуге мүмкіндік туғызады. Тіркеу келесідей картотекалар түрінде жүргізіледі: а) ұрланған және жоғалған ату қарулары бойынша; б) табылған, алынған

және өз еркімен тапсырылған атыс қарулары бойынша жеке оқ-гильза картотекасы жүргізіледі.

Қару-жарақ тіркеуге қойылмас бұрын оқ-гильза картотекасы бойынша тексерістен өтеді. Оқ-гильзалардың ішінде осы қарудан атылғандары бар ма, яғни ашылмаған қылмыстар бойынша осы қарудың қолданған-қолданбағандығы анықталады.

Тіркеу карточкасында қару-жарақтың түрі, жүйесі, моделі, шығарылу жылы, нөмері, сыртқы бейнесінің белгілері, құрылысының ерекшеліктері бекітіледі. Картотекадағы карточкалар ең алдымен қару-жарақтың түрі бойынша, содан соң жүйесі, моделі, нөмері және өзге де белгілері бойынша орналастырылады. Оқтар, гильзалар, патрондар калибрі бойынша іріктелініп, содан соң іздер қалдырған қару-жарақтың түрі, жүйесі және моделі бойынша тіркеледі.

Коллекцияда сонымен бірге оқ, гильза, патрондардан көрініс тапқан қару-жарақ бөліктері ерекшеліктерінің үлкейтілген фотосуреттері сақталынады.

§7. Ұрланған, табылған және алынған заттарды тіркеу

Жоғарыда көрсетілген тіркеудің бірінші түрі ұрланған заттарды іздестіруге септігін тигізеді. Тіркеуге әртүрлі заттар алынады. Олар бұрын қылмыскерлер ұрлаған, тастап кеткен немесе жоғалтқан деп жорамалдауға негіз бар кезде ұрланған немесе табылған заттар ретінде жеке немесе мемлекеттік меншіктегі мүліктер бола алады. Сонымен қатар, тінту немесе ұстау кезінде алынған иесі белгісіз заттар.

Тіркеуге алынатын заттардың белгілері толық егжей-тегжейлі жекелендірілетін белгілерімен қоса сипатталуы керек. Картотекаға сәйкес заттардың, оған ұқсас заттардың фототүсірілімдері, зат жасалынған материалдар үлгілері мүмкіндігінше қосымша тіркеледі. Карточкалар ең алдымен заттардың криминалистік маңыздылығы бойынша (ұрланған, жоғалған және т.б.), содан соң олардың атауы (алфавиттік тәртіппен), түрі және топтық белгілері бойынша жүйеленеді.

1. Қылмысты істерді тергегенде әр түрлі объектілерді қарауға тура келеді. Осы қаралатын объектілерге байланысты тергеу қарауы бірнеше түрге бөлініп, жіктеледі.

Тергеу тәжірибесінде қараудың мынандай түрлері қолданылады: оқиға болған жерді қарау, мәйітті қарау, іздерді және жеке заттарды қарау, құжаттарды қарау, көлікті қарау, жергілікті жерді қарау, басқа да айғақ заттарды қарау.

Жеке заттарды, мәйітті және басқа да объектілерді қарау бірде дербес тергеу қарауының түрі болып саналады да, кей жағдайларда олар оқиға болған жерді қараумен қамтылады. Егер айтылған объектілер оқиға болған жерден тыс жерде қаралса, бұл қарау жеке тергеу әрекеті есебінде саналады. Мысалы, ауыр жарақат алып, халсіз жатқан жәбірленуші емханаға алып барғаннан кейін қайтыс болса, оның мәйітін қарау жеке тергеу әрекеті болып саналады да, оқиға болған жерді қараумен қамтылмайды.

Оқиға болған жерді қарау, тергеудің бастапқы кезеңінде, қылмысты іс қозғалмай тұрғанда-ақ жүргізіледі. Көп қылмыстардың тергеуі оқиға болған жерді қараудан басталады. Бұл тергеу әрекетін кешіктірмей, дер кезінде жүргізген жағдайда қылмысты ашуға керекті, өте құнды дәлелдемелер жинап алуға болады.

Оқиға болған жерді қараудың тергеу әрекеті есебіндегі маңызын дұрыс ұғу үшін алдымен оның түсінігіне тоқталайық. Оқиға болған жер деген түсінікке оқиға болған жер және осы қылмыстың іздері табылған жер жатады. Сондықтан бұл ұғымға тек қана қылмыс жасалған жер ғана жатпайды. Мұнымен қатар бұл ұғымға қылмыс жасауға дайындық жұмыстарын жүргізген жер, қылмыс жасауға қолданған қару және басқа да айғақ заттарды тапқан жер де жатады. Ол — жеке үй, пәтер, ашық алаң, су айдыны, вагон, тағы басқа да объектілер болуы мүмкін.

Айтылғандарды тұжырымдайтын болсақ, оқиға болған жер дегеніміз қылмыстың жасалған жері және де осы қылмыстың іздері табылған ашық алаң, пәтер, жеке үй және басқа да объектілер.

2. Оқиға болған жердің толық, пәрменді және дұрыс қаралуы тергеушінің осы тергеу әрекетіне ұқыпты дайындалуына тікелей байланысты. Тергеушінің дайындық жұмысы екі кезеңге бөлінеді. Бірінші кезең — тергеушінің оқиға болған жерге шықпай тұрып, оқиға жөнінде хабар алысымен жүргізетін дайындық жұмыстары. Бұл бірінші кезеңде тергеуші мына төмендегі дайындық жұмыстарын атқарады:

1). өзі келгенше оқиға болған жерді өзгеріссіз сақтап қалу үшін белгілі бір лауазымды адамдарға, атап айтқанда, полиция қызметкерлеріне нұсқау береді;

2) оқиға болған жерді қарауға өзімен бірге қатынасатын лауазымды адамдарды (жедел-іздірету жұмыстарын жүргізетін), мамандарды нақтылап белгілеп, олардың оқиға болған жерге кешікпей келуіне керекті шара қолданады;

3) оқиға болған жерді қарағанда қолданатын криминалистік құрал-саймандарды және басқа да керекті жабдықтарды дайындайды.

Тергеуші оқиға болған жерге өзі келгенше оны өзгеріссіз сақтап қалу жөнінде нұсқау берумен қатар полиция қызметкерлеріне қылмыстың басында болып, оны көрген адамдарды анықтау және басқа да жедел-іздістіру жұмыстарын жүргізуге арнайы тапсырма береді.

Оқиға болған жерді қарайтын тергеу тобын құрғанда тергеуші қарауға қандай мамандар қатынасуы керек екендігін алдын ала анықтайды. Егер оқиға болған жерде мәйіт бар болса, онда қарауға міндетті түрде сот-медициналық expertті не арнайы медициналық білімі бар адам қатыстырылуы керек. Іздерді және басқа да айғақ заттарды іздеп табу, бекіту, алу және зерттеу үшін қарауға маман-криминалист қатыстырылады. Қаралатын объектілердің ерекшеліктеріне байланысты басқа да мамандардың қатысуы мүмкін.

3. Оқиға болған жерді қарау екі кезеңге бөлінеді және осыған байланысты арнайы әдіс-тәсіл қолданылады.

Тергеу әрекеті оқиға болған жерді жалпы шолып қараудан басталады да, бұл қараудың бірінші кезеңі деп саналады. Кей авторлар бұл кезеңді оқиға болған жерді бағдарлау сатысы деп те атайды. Негізінен, бұл кезеңде тергеуші оқиға болған жерді толығымен, жалпы шолып қарау арқылы осы жерді бағдарлайды. Сондықтан жалпы шолуды бағдарлау үшін пайдаланатын әдістің бір түрі деп те санауға болады.

Бұл кезеңнің негізгі міндеті — оқиға болған жерді нақтылап анықтау, ондағы орналасқан жеке объектілерді, олардың ара қашықтығын, орналасуын, жағдайын белгілеу.

Жалпы шолып қарау арқылы объектілердің орналасуын, олардың ара қашықтығын және басқа да жағдайларды есептей келіп, тергеуші оқиғаның болу механизмін болжап, көз алдына елестетіп, болған оқиғаның көрінісін ойша жасап көруі керек.

Оқиға болған жердің шетінен бастап, спиральдық әдіспен оның ортасына қарай жүргізілетін қарауды орталыққа шоғырлану концентрлік әдісі дейміз.

Жалпы шолып қарау үстінде оқиға болған жерде пайда болуы ешқандай негізсіз жат, бөгде іздер және қылмыстың болу механизмiне қайшы келетін жағдайларды байқап аңғаруға болады.

Оқиға болған жерді қараудың екінші кезеңінде жердегі әр объект бөлшек-бөлшегімен жеке-жеке қаралып, зерттеледі.

— Мәйіттің дене тұрысы және жалпы кейпінің белгілері. Мұндайда мәйіттің мүшелерінің күйі және олардың орналасу қалпы жалпы айтқанда мәйіттің тұрқы анықталып, белгіленеді;

— мәйіттің жатқан орны осы жерден тұрақты және көрнекті объект арқылы белгіленеді. Айталық, мәйіт бөлменің ортасында жатқан болса, мәйіттің басы, аяғы бөлменің қабырғаларынан қандай қашықтықта екендігі белгіленеді;

— мәйіттің үстіндегі киім, оның қандай қалыпта екендігі. Мұндай жағдайда мәйіт киімінің жыртылған, былғанған жерлері бар ма, қалталарында не бар, тағы да басқа көрінеу белгілері бар ма, міне осылар анықталады;

Мәйіт денесінде қандай жарақаттар бар, олардың түрі, өлшемі және орналасқан орны.

Мәйіт дағының және мәйіттің дене мүшесінің тырысуының криминалистік маңызы зор. Себебі бұл белгілер арқылы адамның қашан өлгенін білуге болады. Егер мәйітті қозғаса, бастапқыда ол қалай, қай қалыпта жатқандығы анықталады.

Егер мәйіттің қасында қару (ату қаруы, пышақ) жатса, оның мәйіттен қандай қашықтықта жатқандығы өлшеніп белгіленеді.

Оқиға болған жерді қараудың соңғы кезеңінде табылған іздерді, айғақ заттарды олардың жағдайын, орналасуын, бәрін есептей келе, оларды талдау жасау арқылы бұл жерде не болды, ол қалай болды, оған қанша адам және кімдер қатынасуы мүмкін, болған оқиғаның зардабы қандай деген сұрақтарға жауап алуға тырысу керек.

Оқиға болған жерді бекітудің ең негізгі және заңда нақтылап көрсетілген түрі — хаттама жазу.

Хаттама үш бөлімнен тұрады. Бірінші, кіріспе бөлімінде оқиға болған жердің қай күні және қай уақытта, кімдердің қатысуымен қаралғандығы, оқиға болған жердің мекен-жайы, (не орналасқан жері), қаралған объектілері, оқиға болған жер қандай жағдайда қаралғандығы туралы мәліметтер жазылады.

Екінші, сипаттап жазу бөлімінде қаралатын жердің ерекшелігі, үй (пәтер) болса неше бөлмеден тұратыны, бөлмелердің орналасуы, есігінің қай жақта екендігі, терезелерінің қай қабырғаға қондырылғаны, т. б. ерекшеліктері толық жазылуы тиіс.

Үшінші, қорытынды бөлімінде оқиға болған жерді қарау үстінде қандай айғақ заттар алынғаны, осы хаттамаға қандай қосымша бекіту әдістері қолданылғаны көрсетіледі. .

Хаттамаға қосымша оның кей жерлерін нақтылап көрсету үшін, оқиға болған жердің кестесі сызылады. Кестеде оқиға болған жердің жалпы көрінісі түсіріліп, ондағы әр объектінің орналасуы, олардың ара қашықтығы кестелі түрде бейнеленеді, кестеде оның белгілі өлшем көлемі, оңтүстік не солтүстік бағыты көрсетіледі.

Оқиға болған жердің жалпы көрінісін және ол жердегі жеке объектілердің орналасуын түсіндіріп, нақтылап көрсету үшін қарау кезінде арнайы сот-фотографиясының әдістерін қолдану арқылы бұл жер фотосуретке түсіріледі. Бағдарлап және жалпы шолу әдістерімен оқиға болған жердің көрінісі толық қамтылып түсірілсе, түйінді және бөлшекті әдістермен жеке объектілер, іздер, айғақ заттар түсіріледі. .

4. Куәландыру. Тергеу әрекетінің ерекше бір түрі — адамдарды куәландыру. Қылмыстық істерді тергеу үстінде кейбір жағдайларда сезікті адамның, айыпкердің не жәбірленушінің, денесінде әр түрлі дақ, ерекше белгілер, не іздер барлығын анықтау үшін оларды заңда көрсетілген тәртіпті

сақтай отырып, куәландырып қарауға тура келеді. Өзіндік міндеті бойынша және қарау үстінде қолданылатын тәсілдер бойынша куәландыру бірде тергеу әрекеті есебінде жүргізілсе, екінші жағдайда сот-сараптамасының бір ерекше түрі есебінде жүргізіледі. Осыған байланысты олар тергеулік және медициналық куәландыру деп аталады.

Адам куәландырылғанда, біріншіден, оның үстінде киген киімдері қаралады, олардың жалпы жағдайы, жыртылған жері, үзілген түймесі, дақ, таңба, тағы басқа да ерекше белгілердің бар жоғы анықталады. Киімін қарап болғаннан кейін, оның денесі қаралады. Егер куәландырылатын адамды мұндай қарау үстінде жалаңаштандыруға тура келсе, онда бұл тергеу әрекетіне басқа жыныстың адамдары қатыса алмайды. Сондықтан егер әйел адам жалаңаштандырылып қаралса, бұл тергеу әрекетін әйел тергеуші жүргізу керек те, ал еркек адам куәландырылса, еркек тергеуші өткізуі керек. Қалай болғанда да бұл тергеу әрекетін жүргізу үстінде куәландырушы адамның намысына тиетіндей, оны кемсітетіндей іс-әрекеттер жасалмай, жүргізілетін жұмыстардың бәрі моральдық нормаларға сай болуы тиіс.

Куәландыру сонымен қатар сот-медициналық сараптаманың бір ерекше түрі есебінде жүргізіледі. Сезіктінің, айыпкердің, не жәбірленушінің денесін қарағанда арнайы медициналық білім қолданылып, олардың денесінде бар жарақат тексеріліп, зерттелсе ондай куәландыру сараптамалық зерттеудің бір түрі болып саналады. Мұндай зерттеп қарау үстінде негізінен мына төмендегі сұрақтар анықталады:

- а) куәландырған адамның денесінде, қай жерінде, қандай жарақаттар бар;
- ә) жарақаттардың түрі, өлшемі, саны және олардың жалпы ауырлығының дәрежесі;
- б) куәландырған адамның денесінде бұрын жасалған операцияның белгісі бар ма.

Егер де жай қарау арқылы бұл сұрақтарды шешуге мүмкіндік болмай, оларды анықтауға медициналық зерттеулер қажет болған жағдайда сот-медициналық сараптама тағайындалады.

Тінту тактикасы

. Тінту дегеніміз үй-жайды, қора-ауланы еріксіз түрде қарау арқылы іске қатынасы бар айғақ заттарды, тығылып қалған қылмыскерді тауып алу үшін жүргізілетін, заңда көрсетілген күрделі тергеу әрекеті.

Тінтудің мақсаты — әдейі тығып қойған немесе тығулы тұрған айғақ заттарды арнайы тактикалық әдістерді қолдану арқылы тауып алу.

Кейбір авторлар тінту әрекетін жедел-іздістіру әрекеті ретінде қарастырады. Тінтуді жедел-іздістіру әрекеті деп санауға болмайды. Жедел-іздістіру әрекеті, әрине тінту үстінде, тіпті тінту басталғанға дейін де жүргізіледі. Оның мақсаты — тергеушіге тінтуді сапалы жүргізуге керекті деректер тауып беру, атап айтқанда қандай зат қай жерде болуы жөнінде, тінтілетін адамда қару бар ма, жоқ па, тінтуді жүргізуге керекті мәліметтер жинап, тауып беру. Сондықтан жедел-іздістіру жұмыстарын тінтумен тұтас күйде қарауға болмайды.

Тінтудің басқа тергеу әрекеттерінен айырмашылығы — оның еріксіздігі.

Тінтудің бірнеше түрлері болады. Ол — жеке адамды тінту (личный обыск), тұрғын үйді, жеке бөлмені тінту, ауланы немесе басқа ғимараттар мен нысандарды тінту.

2. Тінту алдында тергеуші арнайы дайындық жұмыстарын жүргізеді. Біріншіден, ол тінту жүргізілетін объект және үйі тінтілетін адам жөнінде керекті бағдарлық мәліметтерді жинап алу керек. Тінтілетін адам және пәтер болса, оның толық мекен-жайы, неше бөлмеден тұратыны, қылмыс ғимараттың қай қабатында жасалғаны, онда телефон бар ма, жоқ па, қанша адам тұрады, жеке үй болса ауласында не бар, қай мезгілде үйде кісілер болады, міне осының бәрі алдын ала анықталады. Тінтілетін адам жөнінде — оның мінез-құлқы, қаруы болу мүмкіндігі және оны сипаттайтын басқа да мәліметтерді жинап алу керек.

Екіншіден, жедел-тергеу тобын құрған кезде алдын ала тінтуге қандай лауазымды адамдардың немесе мамандардың қатысуы керек екендігін анықтап алып, оларды қай жерге орналастыру қажеттігін келісу керек.

Үшіншіден, тінтуге керекті арнайы техника құралдарын дайындау керек, айталық, темірден, не асыл металдан жасалған заттарды іздейтін құралдарды дайындау қажет.

Дайындық жұмыстары толық аяқталысымен тергеуші, жедел топқа кіретін адамдар тінтілетін үйге келеді. Осы тінтілетін жерге тосыннан, күтпеген мезгілде келу үшін де белгілі бір тактикалық әдістер қолданылады. Тінтілетін үйге жақындағанда жедел топтағы адамдар бөлініп, осы нысанға жан-жақтан жеке-жеке келуі тиіс. Үйге жақындар алдында үйдің маңайында бөтен адамдар бар ма, жоқ па, соны абайлап қарау қажет. Тінтілетін пәтер көп қабатты болса, бір қабат жоғары өтіп кетіп, тосу керек.

3. Тінтудің тактикалық әдістері тергеу әрекетінің кенеттен, тосыннан жүргізілуіне негізделеді. Сондықтан тінтуге керекті деректер жиналысымен және дайындық жұмыстары бітісімен, кешіктірілмей дер кезінде жүргізілуі тиіс. Тосыннан, күтпеген жерден жүргізілген тінту арқылы ғана іс бойынша пайдалы және маңызды деректер, дәлелдемелер тауып алуға болады. Сондықтан тергеуші, әр түрлі тактикалық әдістер қолдану арқылы, тінтетін үйге күтпеген жағдайда, кенеттен кіру тәсілін ойластыруы керек. Үйге кіргеннен кейін тінтілетін адамды тінту жөніндегі қаулымен таныстырып, іске байланысы бар объектілерді тергеу орнына өз еркімен беру тінтілетін адамның міндеті екені айтылады. Тергеушінің бұл талабы бойынша олар кейбір нысанды (заттарды) тінтуге өз еркімен беруі де мүмкін.

Бұдан кейін жүргізілетін жұмыс — тінту нысанын жалпы шолып қарау, ауланы, бөлмелерді бақылап, дайындық үстінде алған бағдарлық мәліметтерге сәйкес пе, жоқ па, соны тексеру.

Жеке басты тінтудің өзі екі кезеңге бөлінеді. Әуелі, жалпылай тінтіп, бойында қару бар ма, жоқ па соны қарап, содан кейін басынан төмен қарай киімін, денесін ұқыпты, мұқият тексеріп шығу қажет. Қалтасынан табылған құжаттар, заттар арнайы алдын ала дайындалған жерге қойылып, кейін

хаттамаға енгізіледі. Тінтуді, әрине сол тінтілетін адаммен бір жынысты адам жүргізуі тиіс. Тінтілетін адамның денесінде бинттелген, байланған жер болса оны шешіп көру үшін медицина мамандары қатыстырылып, бинтті шешу соларға жүктеледі.

Жалпылай шолудан кейін жеке объектілерді қарау кезеңі басталады. Тінтудің ойдағыдай табысты аяқталуы, оның белгілі бір тәртіппен, бағытпен жүргізілуіне, объектілерді қарау кезегін сақтауға, тағы басқа да тактикалық әдістердің толық және дұрыс қолданылуына байланысты.

Тінтуге кірісер алдында тергеуші нені іздеу керектігіне, қайдан іздеу керектігіне және қалай іздеу керектігіне айрықша назар аударады. Не іздеу керек екенін тергеуші тінтуге келер алдында анықтап, шешіп алады. Ал, қайдан іздеу керектігі тінтілетін нысанды (үйді, бөлмені) жалпы шолып қарағанда анықталады.

Тергеу әрекеті хатталады. Онда қандай заттың қай жерден табылғаны, заттың ерікті не еріксіз түрде алынғаны, ол заттардың қалай сақталғаны көрсетіледі. Заттарды бейнелегенде оның сезік тудыратын белгілерін қағазға түсірудің қажеті жоқ. Алынған заттар тінтуге қатысушылардың көз алдында қолдары қойылып, мөрленеді.

Хаттамада қай заттың кімнің жауапкершілігімен сақтауға қойылғаны, қатысушылардың арыз - өтініштері де көрсетіледі. Оған тінту барысында түсірілген фотосуреттер қоса тіркеледі. Хаттаманың көшірмесі тінтілген адамға беріледі.

ЖАУАП АЛУ ТАКТИКАСЫ

Жауап алу дегеніміз заңда көрсетілген тергеу және сот әрекеті. Ол арқылы жасалған қылмыстың мән-жайлары жөнінде керекті деректі мәліметтер алынып, олар қылмысты ашуға пайдаланылады. Іс жүргізу жағдайына байланысты жауап беретін адамнан жауап алудың бірнеше түрі бар. Атап айтқанда: жәбірленушіден, сезікті адамнан, куәден, айыпкерден жауап алу деп, бұл тергеу әрекеті төрт түрге бөлінеді. Кімнен жауап алынса да ол қылмыстық іс жүргізу заңында көрсетілген тәртіп бойынша жүргізілуі тиісті, Бірақ, іс бойынша неғұрлым көп, маңызды мәліметтер жинап, осы тергеу әрекетінің сапасын арттыру үшін жауап алғанда, бұған тиімді, ыңғайлы тактикалық әдістер қолданылады. Бірақ ол қаншалықты тиімді болғанымен ол заңда көрсетілген тәртіпке қайшы келмеуі керек.

Жәбірленушінің, куәнің жауаптары істегі басқа деректерді нақтылап, тергеушінің, соттың оқиғаның мән-жайына толық қанығып, тиісті шешім қабылдауына зор септігін тигізеді.

2. Жауап алудың пәрменділігіне және сапасына тергеушінің осы тергеу әрекетін өткізу алдында жүргізген дайындық жұмыстары көп әсер етеді.

Жауап алуға дайындық үстінде осы адамның мінез-құлқы, моральдық және интеллектуалдық қасиеттері жөнінде белгілі мәліметтер жинап, ол адамның кім, қандай адам екенін біліп, онымен қандай бағытта қалай сөйлесу керек екендігін тергеушінің алдын-ала жүйелеп алғаны жөн.

Дайындық жұмыстарын өткізу барысында жауапты қай уақытта, қай күні алу керектігін шешу керек. Бұл мәселені шешкенде, жауап алуға шақырылатын куәнің денсаулығы, жасы есепке алынуы тиіс. Әрине, егер оны біреулер өтірік жауап беруге азғырып, көндіруі мүмкін деген қауіп туса, одан уақыт өткізбей дереу жауап алған жөн.

Жауап алу уақытын белгілегенде тергеуші бұған өзінің бос уақыты бар ма, жоқ па соны мұқият ескеруі тиіс.

Жауап алуға керек жағдайда мамандар, тілмаш, ал жасы толмаған куәден жауап алғанда педагог, дәрігер, не тергеушінің қалауы бойынша жасы толмаған куәнің ата-анасы да қатысады.

Дайындық жұмысы жауап алу жоспарын құрумен аякталады.

3. Жауаптың қалыптасу кезеңдері.

Жауаптың қалыптасу процесі бірнеше кезеңнен құралады. Бірінші кезең — оқиғаны, не істің басқа бір мән-жайын қабылдау (көру, есту), екінші — осы қабылдап алған мәліметті ойда сақтау, үшінші — осы мәліметтерді есіне түсіріп, тергеушіге айтып жеткізу қабілеті.

Болған оқиғаны қабылдап алу, оқиғаға қатысты мәліметтердің толық қабылдануы белгілі бір себептерге байланысты. Бұл себептер объективті және субъективті болып екі топқа бөлінеді. Объективті себептер — көруге, естуге бөгет болатын жағдайлар, субъективті — есту, көру мүшелерінің қабілеті.

Қабылдауға субъективті түрде әсер ететін себептермен, яғни жауап беріп отырған адамның қабылдау мүшелерінің кемістігімен, есту, көру мүшелерінің қабылдау қабілетінің төмендігімен бірге, оқиғаны толық және анық қабылдауға жауап беруші адамның мамандығы, жасы, интеллектуалдық қабілеті, ол оқиғаға зер салып, көңіл аударып, бақылай алды ма, жоқ па, міне, осының бәрі әсер етеді.

Жауаптың толықтығына, шындығына, сонымен қатар куәнің, жәбірленушінің болған оқиғаны ұмытпай, ойында сақтау қабілеті де әсер етеді. Ал, ондай қабілет әр адамда әр түрлі — кейбіреулер белгілі бір қимыл-әрекетті есте жақсы сақтайды, екінші біреу — көрген жерін ұмытпайды, сондай-ақ естігенін есте жақсы сақтайтын, керісінше, өте ұмытшақ адамдар бар. Тергеуші жауап алғанда осының бәрін ескеріп, қажеттілік туса ұмытылған жәйттерді еске түсіру үшін қолайлы жағдай жасауға әрекет етуі керек.

Болған оқиғаны есіне түсіріп, жауабын толық айтып жеткізу қабілеті де әр адамда әр түрлі. Жауап алғанда бұл да мұқият ескерілуі тиіс. Жауап куәнің, не жәбірленушінің болған оқиғаның мән-жайын еркін баяндауынан басталады. Куә, не жәбірленуші, өзінің өтініші бойынша, жауап бергеннен кейін, жауабын өз қолымен жазуына құқығы бар. Тергеуші толық жауапты естігеннен кейін, жауап беруші адамға қосымша сұрақтар қойып, істің кейбір мән-жайын нақтылайды.

Қосымша сұрақ бергенде тергеуші заңда көрсетілген тәртіпті ескеруі керек:

- қойылған сұрақтардың анық және түсінікті болуы, куәні, не жәбірленушіні шатастырмауы тиіс;
- жетектеуші сұрақтарды қоюға болмайды;
- берілген сұрақтар куәні, не жәбірленушіні кемітіп, қорлауға, қорқытуға бағытталмауы керек.

Жауап алғанда осы тергеу әрекетін жүргізуге қолайлы, тиімді жағдай жасалуы тиіс. Егер куә асып-сасып, ренжіп, қобалжып отырса, оның көңілін жуатып, жайландырып, содан кейін ғана жауап алуға кірісу керек.

4. Жауап алғанда қолданылатын тактикалық әдістер. Жауап алғанда тергеуші мен жауап беруші адамның арасында белгілі бір қарым-қатынас қалыптасады.

Кейбір куәден, жәбірленушіден жауап алғанда көбінесе жауап үстінде пікір қайшылығы жоқ жағдай байқалады да, *ал сезікті* адамдардан және айыпкерлерден жауап алғанда келіспеушілік жағдай жиі кездеседі. Осыған байланысты жауап алуда қолданылатын әдістерді қалыптасатын тактикалық жағдайға сәйкес қарайық.

Біріншіден, жауап алып отырған адамға жайлы тыныш жағдай туғызса, оның асықпай, болған оқиғаны толық есіне түсіруіне жеңіл болады. Болған оқиғаны хронологиялық тәртіппен басынан аяғына дейін айтқызу арқылы да толық жауап алуға болады, себебі, мұндай жағдайда жауап берген адам болған оқиғаны белгілі бір ретпен, тізбектей, оның ұмытылған кейбір сәттерін есіне тез түсіреді. Сонымен қатар, болған оқиғаны, керісінше, соңынан басына қарай қайталатса жауап беруші оқиғаның кейбір мән-жайын есіне түсіріп, өзінің жауабын толықтыруы мүмкін.

Жауап берушінің ойында белгілі бір фактілерді қайтара жаңғыртуына сонымен қатар, жауап үстінде құжаттарды, фотосуреттерді көрсету де үлкен әсер етеді. Кейде куә көрген адамның бет-әлпетін сипаттап беруде қиналады. Мұндай жағдайда криминалистикада қалыптасқан, бет-әлпетін сипаттау терминдерін айтып көмектесуге болады.

Егер тергеуші жауапты оқиға болған жерге барып алса, жауап беруші көптеген мән-жайды қайтадан көз алдына келтіріп, оқиға жөнінде толығырақ, қанықты жауап бере алады. Естіген фактілерді де ойға түсірудің тиімді әдістері бар. Айталық, куә бір кісінің тегін, немесе есімін есіне түсіре алмай отыр дейік, бірақ ол кісінің тегі А. әрпінен басталатынын ұмытпаған.

Жауап алушы және жауап беруші адамның арасында қайшылықты жағдай қалыптасқан кезде, басқаша тактикалық әдістер қолданылады, ол әдістер жауап беруші адамның өтірік айтып отырғандығын әшкерелеуге бағытталады. Біріншіден, мұның, яғни ең елеусіз сәттерге дейін ескеріліп, жауап алынуы, олар тексерілген кезде бекімесе, жауап беруші адамның өтірігін шығаруға көмектеседі. Екіншіден, айыпкер жалпы оқиға бойынша беретін жауабын алдын ала дайындап келгенмен сұрақтың бұлай қойылатынын білмегендіктен, ол жауап бергенде абдырап өз өтірігін өзі шығарып алады. Әсіресе, қайта жауап алғанда осылай болады.

5. Беттестіру тактикасы Қылмысты істі тергеу үстінде өте жиі кездесетін жағдай — бұрын жауап алынған адамдардың жауаптарында елеулі

қайшылықтардың болуы. Мұндай жағдайда, осы қайшылықтарды анықтап, оны жою үшін оларды беттестіріп, жауап алынады.

Беттестіру өте күрделі тергеу әрекеті, сондықтан оны сапалы, нәтижелі өткізу үшін тергеуші оған мұқият дайындалып, беттесу жүргізу үстінде белгілі тактикалық әдістерді қолдануы, заңда көрсетілген қылмысты іс жүргізу тәртібін қатаң сақтауы керек. Тергеу әрекетінің мұндай түрін өткізуге дайындық кезінде тергеуші мынандай мәселелерді шешіп алуы тиіс:

1. Беттестіру үстінде қандай қайшылықтарды шешу керек;
2. Беттестіруге қатынасып отырған адамдарға қандай сұрақтар қою керек;
3. Беттесуге қатынасатын адамдардан қандай кезекпен жауап алу керек.

Тергеу әрекетін бастамас бұрын тергеуші беттесуге қатынасатын адамдардың өзара қарым-қатынасын, егер олардың бас араздығы болса оның себебін, ал егер екеуі де куә болса олардың айыпкерге, жүргізіп отырған іске қандай қатынасы бар екенін анықтап біліп алуы керек. Беттестіру мезгілінде жауапқа қатынасып отырған адамдарға ұсынылатын айғақ заттарды, құжаттарды алдын ала белгілеп, дайындап қоюы тиіс.

Заң бойынша беттестіру тек бірімен-бірі таныс адамдардың арасында жүргізіледі. Егер беттесуші адамдар куәлер болса, оларға дұрыс жауап беруге міндетті екендіктерін түсіндіріп және жауап беруден бас тартқаны немесе біле тұра өтірік жауап бергені үшін жауапты болатынын ескертіп, қолхат алу керек. Бұдан кейін тергеуші беттесуге қатынасып отырған адамның біреуіне істің мән-жайын, атап айтқанда, жауаптың қайшылықты тұстары жөнінде сұрақ қояды. Тактикалық тұрғыдан бірінші сұрақ тексеріп отырған фактіні дәлелдеп, растап отырған адамға беріледі. Ол өзінің осы факті бойынша бұрын берген жауабын растайтынын айтып, берген жауабын беттесуге қатынасушы екінші адамның көзінше қайталап, баяндап береді. Беттесуге қатынасып отырған екінші адам, бұл жауапты толық естігеннен кейін оны растайтынын немесе растамайтынын білдіреді, егер бекітпесе себебін айтып, өзінің бұрынғы берген жауабын қайталайды. Осыдан кейін тергеуші бірінші жауап берген адамға сұрақ қойып, екінші адамның жауабы жөнінде оның пікірін сұрайды. Беттестіру үстінде тергеушінің рұқсатымен беттестіруге қатынасып отырған адамдар бір-біріне сұрақ қоя алады. Бірақ мұндайда тергеуші бұл екі адамның бір-бірімен алдын ала өзара келісіп, істі жүргізуге бөгет болатындай сарында қоймауына мұқият назар аударады, егер қажетсіз, яғни іске тікелей қатынасы жоқ сұрақ қойылса, оны тоқтатып тастауы керек. Беттестіріп отырған адамдардың бір-бірімен сөз таластырып, айтысып кетуіне де жол бермеуге тиіс.

Тергеу экспериментінің тактикасы

1. Тергеу эксперименті дегеніміз ол қылмысты оқиғаның кейбір мән-жайларын осы оқиғаға ұқсас және сәйкес жағдайда әр түрлі сынақ тәжірибелер жүргізу арқылы осы жағдайдың, құбылыстың болу мүмкіндігін тексеру үшін жүргізілетін тергеу әрекеті.

Осы келтірілген тергеу экспериментінің түсінігінен туындайтын негізгі қағидалар: бұл тергеу әрекеті, біріншіден, басқа тергеу әрекеттерін жүргізу үстінде алынған, іске қатынасы бар деректердің, мәселелердің шындығын тексеру үшін жүргізіледі. Екіншіден, мұндай тексеру, осы тексерілетін құбылыс (әрекет) қылмысты оқиға болғанда қандай жағдайда өтсе, соған сәйкес, ұқсас жағдайда арнайы сынақ тәжірибелерін жүргізу арқылы өткізіледі. Жүргізілетін сынақ тәжірибелердің қорытындысының объективтігі, оның, сол тексерілетін оқиға болған жағдайға сәйкес жағдайда өткізілуімен тікелей байланысты. Әрине, тәжірибе жүргізілгенде тура болған жағдайдың өзін, тексерілетін іс-әрекетті болған күйі қайталауға болмайды, себебі ондай жағдайда жаңа қылмыс жасалған болар еді. Сонымен қатар тәжірибе арқылы болған оқиға толық қайталанбайды, тек оның кейбір бөлігі, эпизодтары ғана сынақ тәжірибе жүргізу арқылы қайталанатын.

Эксперимент арқылы іс бойынша жинақталған кейбір дәлелдемелердің, мәліметтердің шындығын ғана анықталып қоймайды, сонымен бірге жаңа деректер де алынады. Тергеу экспериментін жүргізудің нәтижесінде көбінесе жәбірленушінің, куәгердің, айыпкердің жауаптарында, сондай-ақ басқа да қосымша айғақтарда келтірілген мәліметтердің шындығы, оның болу мүмкіндіктері тексеріліп, анықталады. Тергеуші осындай жолмен өзінің кейбір болжамдарына көз жеткізеді. Яғни, оқиғаның қалай болғаны, оның мән-жайы, орындалу тетігі тәжірибе өткізу жолымен тексеріледі.

Тергеу эксперименті шешетін сұрақтарына орай үш түрге бөлінеді. Эксперименттің бірінші түрі — кейбір құбылыстың не әрекеттің айтылған, көрсетілген жағдайда болуы мүмкін бе, жоқ па, соны анықтау. Яғни, белгілі бір затты, нәрсені айтылған жағдайда көрсетілген адам көтеріп кете ала ма немесе белгілі бір қашықтыққа көрсетілген уақытта барып жетуге бола ма, айтылған жұмысты ол адам өзі атқара ала ма, ол оның қолынан келе ме, қоймадағы тесіктен белгілі бір затты алып шығуға бола ма, жоқ па, міне осындай толып жатқан сұрақтар төңірегіндегі шындықты анықтау.

Тергеу экспериментінің екінші түрі — белгілі бір жағдайда қашықтықта болған оқиғаны, құбылысты көріп қабылдауға, сөзді, дыбысты естуге бола ма, соны анықтау.

Эксперименттің үшінші түрі — із қалдыру (сындыру, соғу, аралау, т. б.) сипатын, оның механизмін анықтау. Тергеу экспериментінің бұл түрі өзінің мән-мазмұны жағынан криминалистік сараптаманың кейбір түрлеріне жуықтайды. Алайда, із қалдыру сипатын анықтау үшін ғылыми саралаудың қажеті жоқ, экспериментті тергеушінің өзі жүзеге асырады.

2. Тергеуші экспериментінің құрылымына орай оған әзірлік екі кезеңде — эксперимент жүргізілетін жерге барғанға дейін және нақ эксперимент жүргізілетін жерде өткізіледі.

Эксперимент жүргізілетін жерге барғанға дейінгі әзірлік кезінде тәжірибенің мән-мазмұнын, оны өткізу тәртібін, жағдайдың өзгерісін анықтап алу керек

Тергеушінің эксперимент өткізетін жерге шықпай тұрып жүргізетін дайындық жұмыстарын үш топқа бөлуге болады: тәжірибе өткізілетін жерді

бұрынғы қалпына келтіру; эксперимент өткізуге қатынасатын адамдарды анықтап, белгілеп алу; керекті құрал-саймандарды, материал, жабдықтарды дайындау.

а) Тергеу эксперименті кезінде тәжірибе өткізілетін жерді бұрынғы қалпына келтіру

Эксперимент болып өткен белгілі бір оқиғаны, әрекетті қайта тудыру, сөйтіп, істі тексеру барысында ақиқатты анықтау мақсатын көздейді. Эксперименттің түрі мен мақсатына сәйкес ұқсас жағдайлар ретінде — қылмыс жасалған кезге сәйкес келетіндей етіп мекен, жылдың кезеңі мен тәуліктері, ауа райы; ұқсас заттар ретінде — қылмыс жасалған кезде қолданылғандай материалдар, құрал-жабдықтар түсіріледі.

Қалпына келтіру барысында кей жағдайда өзгерістер де енгізілуі мүмкін. Мұндай өзгерістер ойластырылмаған, кездейсоқ (мысалы, оқиға болған жерде адамдардың байқаусыз қимылдарына байланысты туған өзгерістер) және мақсатты түрде ойластырылған, полиция қызметкерлерінің өздері жүргізетін (мысалы, көлік апатына байланысты жағдайды байырғы қалпына келтіру кезіндегі, зардап шегушіге көмек көрсету кезіндегі) өзгерістер түрінде болады.

ОБЪЕКТИЛЕРДІ ТАНЫТУҒА КӨРСЕТУ ТАКТИКАСЫ

Қылмысты істерді тергегенде кей жағдайда жеке адамның, заттардың, бұйымдардың және басқа да объектілердің осы тергеліп жатқан қылмысқа байланысын анықтау үшін оларды жәбірленушіге, куәге таныту мақсатымен ұсынып, көрсетуге тура келеді. Бұл объектілерді танытуға көрсету тергеу әрекетінің қылмысты ашуда, іске керекті дәлелдемелерді тауып, жинауда маңызы зор. Себебі осы әрекет арқылы қылмыс жасаған адамның кім екені анықталады, іс бойынша қажетті айғақ заттар табылады. Бұл тергеу әрекетінің мағынасы — ол қылмысқа байланысты бұрын көрген объектіні танушы адамның өзінің ойында қалған осы объектінің белгілері бойынша танып, айыруы. Яғни, психологиялық жағынан алғанда бұл да криминалистік идентификациялау процесінің бір түрі. Мұнда да танушы адам өзіне көрсетіп отырған объектідегі белгілерді, өзінің бұрын көрген объектіні ойында қалған белгілерімен салыстырып, теңестіріп, сол бойынша мына көріп тұрған объектісі бұрын көрген объектінің нақ өзі, немесе ол еместігін айырып, шешуі керек.

Тануға көрсетілетін объектілер қатарына жататындар: адамдар, мәйіт, зат, бұйым, мал, кей жағдайларда пәтер, бөлме не жеке бір жер де көрсетілуі мүмкін.

Тануға көрсету дегеніміз ол жәбірленушіге, куәге, сезікті адамға немесе айыпкерге белгілі бір объектіні көрсету арқылы, осы объектіні оның бұрын көрген не көрмегенін анықтап, егер көрген болса, қашан және қандай жағдайда көргендігін, оны нақты қандай белгілері бойынша танытындығын айырып, шешу үшін жүргізілетін заңда көрсетілген тергеу әрекеті.

Бұл тергеу әрекетін өткізудің қажеттігі тергеу үстінде алынған жауаптан туындайды. Сондықтан бұл тергеу әрекетінің жауап алумен көп ұқсастығы бар. Тіпті, бұрынырақ бұл тергеу әрекеті жауап алудың бір түрі есебінде саналып жүрді. Қылмыстық істер жүргізу кодексінде бұл тергеу әрекеті адамның кім екені, яғни, заттарды танытқанда жауап алу деп аталып, жауап алудың бір түріне теңестірілді. Бірақ бұл тергеу әрекетін өткізудің психологиялық процесіне талдау жасасақ, ол криминалистік идентификациялау процесінің бір түрі ретінде идентификациялық принциптер тұрғысында өткізіледі. Бұл тергеу әрекеті объектілерге тән белгілерді теңестіруге негізделеді. Әдетте, көзбе-көз көріп тұрған белгілерді салыстыру арқылы идентификациялық сұрақ шешілмейді. Салыстыруға негіз есебінде алған белгілердің бір тобын танушы адам көзбе-көз көріп тұрса, салыстыруға қолданатын екінші белгілер, олардың бейнесі жанағы танушы адамның ойында.

2.Объектілерді танытуға көрсетер алдында тергеуші біраз дайындық жұмыстарын жүргізу керек. Осы жұмыстардың ұқыпты, мұқият жүргізілуіне бұл тергеу әрекетінің сапасы, нәтижелілігі, қорытындысының объективтігі тікелей байланысты.

Жоғарыда айтылғандай, объектілерді танытуға көрсетудің керектігі бұдан бұрын куәден, жәбірленушіден, не айыпкерден алынған жауаптарынан туындайды. Сондықтан бұл тергеу әрекетін өткізу қажеттігін, оны өткізу мүмкіндігін шешер алдында тергеуші осы адамдардың объектіні қандай жағдайда көргендігі, оның сол объектіні қандай жеке белгілері, ерекшелігі бойынша тани алатындығы жөнінде жауап алады.

Дайындық жұмыстарының ең бір күрделісі — көрсетілетін объектіге ұқсас объектілер табу. Айталық: адамды танытуға осы адамға сыртқы тұрпаты, пішіні ұқсас адам болса белгілері ұқсас зат табу.

Бұл тергеу әрекетін жүргізгенде бұған белгілі бір мамандарды қатынастыруға тура келеді. Айталық: мәйіттің кім екенін таныту үшін оны көрсетуге тура келсе сот-медицина саласындағы маманды, ал объектіні танушы жасы жетпеген куә, жас бала болса педагогты қатыстыру керек.

Дайындық үстінде тергеуші керек құрал-саймандарды, ғылыми-техникалық құралдарды әзірлеп алуы тиіс. Суретке не бейнетаспаға түсіру керек болса, фото-бейне аппаратын дайындап, оны қолданып, түсіретін адамдарды тағайындау қажет.

Қазір жеке объектіні анықтау үшін фотосуреттерді жинақтап және бейнені қолмен салып, сондай-ақ бас сүйекті қайта құрап түсірілген суреттер де көрсетіліп жүр. Бірақ азаматтарға ұсынылған мұндай суреттерді танудың негізі ретінде қабылдауға болмайды, өйткені қылмыстық іс жүргізу заңдылығы бойынша тек тікелей объектінің өзі немесе оның фотосуреті ғана тануға көрсетілуі тиіс.

Танытуға көрсетудің нәтижелерін бекіту. Танытуға көрсетудің барысы және нәтижелері туралы хаттамада жазылады. Хаттама үш бөліктен — кіріспеден, баяндау мен қорытындыдан тұрады. Кіріспеде объектіні тануға көрсетілген жер мен уақыт, бұл әрекетке қатысқан басқа да адамдар туралы

мәліметтер көрсетіледі. Онда сондай-ақ көрсетуге ұсынылған ұқсас адамдар мен заттардың сыртқы белгілері суреттеледі. Хаттаманың бұл бөлігінде қатысушыларға бұл тергеу әрекетінің мәні түсіндірілгені, куә мен жәбірленушінің жауап беруден жалтарғаны немесе жалған жауап бергені үшін жауапты екендігін ескертілгені туралы айтылады. Жауап диктофон таспасына жазылатын болса, бұл туралы да танушыға ескертілгені баяндалады.

Хаттаманың баяндау бөлігінде танытуға көрсетілген жердегі жағдай, көрсетілген адамдардың (заттардың, малдардың) қалай орналастырылғаны, жарықтың қалай түскені мен күші, уақыты туралы мәліметтер жазылады.

ЖАУАПТЫ ОҚИҒА БОЛҒАН ЖЕРДЕ ТЕКСЕРУ ТАКТИКАСЫ

Қылмысты істерді тергеу үстінде көп жағдайларда куәнің, жәбірленушінің, айыпкердің берген жауаптарын оқиға болған жерге барып анықтап, тексеруге тура келеді.

Осындай тексеру арқылы тергеуші жауаптағы мәліметтерді оқиғаның болған жеріндегі нақты жағдаймен, ол жердегі объектілердің орналасуымен салыстырып, жауапта айтылған мәліметтер шындыққа жата ма, жоқ па деп сынап көреді.

Осындай қарау үстінде жауапта айтылған жерді, онда орналасқан объектілерді тергеуші өз көзімен көріп, олар жөнінде толық ақпарат алады. Айтылған жауапты тексеру арқылы, оқиғаның болу жолын, осы жердің ерекшелігімен, жағдайымен салыстырып, мұндайда қандай іздер қалады, олар қай жерде қалуы мүмкін деп болжап, іс бойынша жаңа деректер, дәлелдемелер тауып алуы мүмкін.

1960 жылға дейін процесуалдық заңда мұндай тергеу әрекеті жоқ болатын. Бірақ жауапты оқиға болған жерге шығып анықтау әдісі тергеу тәжірибесінде қолданылатын, оны жауап алудың жалғасы, ерекше түрі деп есептейтін. Кейінірек бұл іске керекті дәлелдеме іздеу әдісі дербес процесуалдық тергеу әрекеті есебінде заңда көрсетіліп, тергеуде жиі қолданылатын болды.

Бұл тергеу әрекетінің ең басты ерекшелігі сол, жауап алу кезінде шындықты анықтай түсу, жаңа дәлелдемелер алу мақсатында тергеуші оқиға болған жерді, жекелеген объектілерді жауап берушіні қатыстыра отырып тексереді, егер қажеттілік туса оқиға болған кездегі жағдайды қалпына келтіріп, пысықтайды. Егер тексеру кезінде айғақтық жаңа заттар, іздер табылса тергеуші оны да іске пайдаланады.

Бір мысал келтірелік: А. бір пәтерде мүлікті ұрлағаны үшін жауапқа тартылды. Тағылған айыпты мойнына алып, қылмыс жасаған жерін көрсетуге ықыласын білдірді. Осыған байланысты оқиға болған жерге келгенде А. есікті қалай бұзғанын, құлыпты қайда лақтырғанын, ондағы заттарды қай жерлерден (шкафтан, серванттан, т.б.) алғанын пәтер жабдықтарының нақты қай жерде тұрғанын көрсетіп берді.

Оқиға болған жерде тексеру, сондай-ақ алдын ала тергеу кезінде берген жауаптың шындыққа жататынын не жатпайтынын анықтауға көмектеседі.

Айталық, сезікті адам өзінің оқиғадан бұрын осы жердегі алдында тұрған ордан секіріп, тоғай жаққа кетіп қалғанын алдында берген жауабында айтқан болатын. Оқиға болған жерге келіп, қай ордан секіріп тоғай жаққа кеткенін көрсетуге келгенде 4 м. ордан секіріп кетуге болмайтындығына көзі жеткен соң шышдығын айтуға тура келді. Куәден бе, жәбірленушіден бе, жоқ әлде айыпкерден бе кімнен жауап алынатынына орай оқиға болған жерде тексеру үстінде әр түрлі әдістер қолданылады. Сондай-ақ, дайындық жұмыстары жүргізілгенде қолданылатын тактикалық әдістер белгіленіп, әдіс іріктелуі мүмкін. Тергеуге кірісер алдында тергеуші жоспар құрған кезде мұны мұқият ескеруі тиіс. Яғни, жоспарда тергеу әрекетінің мақсаты дәл анықталып, қылмысты істің жедел-ізвестіру шаралары кезінде жиналған материалдары мұқият зерттелуі тиіс.

ІҮ Модуль. ҚЫЛМЫСТЫҢ ЖЕКЕЛЕГЕН ТҮРЛЕРІН ТЕРГЕУ ӘДІСТЕМЕСІ

I. Ыриминалистік әдістеменің жалпы ережелері.

Жекеленген қылмыс түрлері мен топтарын тергеу әдістемесі – бұл криминалистиканың басқа бөлімдерімен тығыз байланыса отырып, криминалистік ілімнің бірыңғай жүйесін құрайтын қорытынды бөлім болып табылады.

Қылмыстардың жекеленген түрлері мен топтарын тергеу әдістемесі немесе криминалистік әдістеме – криминалистиканың жеке тарауы бола отырып, нақты заң талаптарына сәйкес тергеу әрекетін неғұрлым тиімді әрі нәтижелі жүргізуге ғылыми негізделген ұсыныстарды жасау мақсатында жекеленген қылмыс түрлерін ашу, тергеу, олардың алдын алу шараларын ұйымдастыру мен жүзеге асыру заңдылықтарын зерттейді.

Криминалистиканың төртінші бөлімі – адам өлтіру, зорлау, тонау, ұрлық жасау және т.б. әрекеттерді тергеу әдістемелерінде мазмұндайтын бірқатар тараулардан тұрады.

Жеке әдістемелер – бұл қылмыстардың нақты түрлері мен топтарын тергеудің ұсыныстары, бағдарламалары болып табылады. Жалпы ережелер мен жеке әдістемелер өзара тығыз байланысты, олар алдын-ала тергеудің сапасын арттыру мәселелерін, сондай-ақ қылмыстылықпен күресті күшейту міндеттерін көздейтін ұсыныстардың ғылыми негізділігін көрсетеді (жалпы негізділігінен тұрады).

Бұл бөлімнің негізгі міндеті – қылмысты тергеу мен оның алдын алу әдістерін өңдеу және жұмыс барысында криминалистік техника мен тактиканың әдіс-тәсілдерін неғұрлым тиімді пайдалану болып табылады.

Криминалистік сипаттама туралы ілім – криминалистік әдістеменің құрамдас бөлігі болып табылады. Криминалистік сипаттаманың жалпы

ережелері - криминалистік әдістеменің жалпы теориялық бөлімінің маңызды жағы. Ал жекелеген қылмыс түрлерінің криминалистік сипаттамасы осы қылмыстарды тергеудің криминалистік әдістемелерінің құрылымдық элементі.

Қылмыскер тұлғасы – криминологиялық ғылымның негізгі зерттеу объектісі. Криминалистика ғылым ретінде қалыптасқан сәттен бастап, қылмыскер тұлғасын зерттеу мәселесіне көп көңіл бөлініп келеді.

Қылмыстың криминалистік сипаттамасы үшін қылмыскердің әлеуметтік, демографиялық, психологиялық қасиеттері де үлкен маңызға ие.

Әр түрлі қылмыстар жасайтын субъектілердің тұлғасы жөніндегі осы мәліметтерді жалпылау - қылмыскер тұлғасын қылмыстың криминалистік сипаттамасының маңызды элементері ретінде нақтылауға көмектеседі.

1. Қылмыстың құрбаны

Кейбір қылмыстар бойынша криминалистік талдауда жәбірленушінің типологиялық ерекшеліктері алдыңғы орынға ие болады. Себебі, жәбірленуші алдын ала тергеу мен сот мәжілісінің орталық фигурасы болып табылады.

2. Қылмыс жасау әдісі

Көптеген криминалистердің пікірлері бойынша, бұл элемент өте үлкен маңызға ие. Әрбір жекелеген жағдайларда қылмыс жасау әдісі нақты болады.

Криминалистикада қылмыс жасау әдісі – қылмыс іздерін қайдан, кімнен іздеуді, ол іздер қандай құралдармен қалдырылғандығы, т.б. мән-жайларды анықтауға көмектесетін ақпараттың маңызды қайнар көзі болып табылады.

Қылмыс жасау әдісі деп қоршаған орта жағдайлары мен қылмыскердің психофизиологиялық қасиеттерімен анықталған, қылмысқа дайындалу, оны орындау мен ізін жасыру жөніндегі әрекеттердің жүйесін түсінеміз. Қылмыс жасау әдістерін қалыптастыруға объективтік және субъективтік факторлар негізделеді.

3. Қылмыс жасау механизмі

Криминалистік талдау жасалғанда қылмыс жасау әдісімен бірге, қылмыс жасау механизмі сияқты түсінікте қолданылады.

4. Бастапқы тергеу жағдайы (ситуациясы).

Әр түрлі қылмыс түрлерін тергеудің бастапқы кезеңіне тән тергеу жағдайлары өз сипаты мен сапасы бойынша ерекшеленеді.

5. Қылмыс жасау жағдайы.

Қылмыс оқиғалары объективтік шындық процесстерімен және қылмысқа қандай да бір қатысы бар тұлғалардың жүріс-тұрысымен өзара

байланысты болатын: уақыт, жер және қоршаған ортаның нақты жағдайларында орын алады. .

6. Қылмыстық қол сұғушылықтың пәні.

Қылмыс жасау процессінде қылмысқардың тікелей әсер етеуіне ұшыраған материалды құнды заттар – қылмыстық қол сұғушылықтың пәні болып табылады.

7. Қылмыстың материалдық іздері.

Іздер – қылмысты ашу үшін қажетті маңызды әдістер болып табылады. Бірақ барлық криминалистер криминалистік сипаттамаға іздер және оларды табуға мүмкін болатын жерлер туралы мәліметтерді енгізуге бірдей қарамайды.

8. Қылмыстың ниеті және мақсаты

Ниет және мақсат – қылмыс құрамының субъективтік жағының өзара тығыз байланысты белгілері болып табылады.

10. Қылмыстың салдары

Қылмыстың салдары немесе нәтижесі деп тұлғаның әрекетімен қамтамасыз етілген және қылмыс құрамының объективтік белгілеріне жатқызылатын, қылмыстық заңмен қорғалатын қоғамдық қатынастардағы немесе қоршаған ортада болған өзгерістерді айтамыз.

11. Қылмыс жасауға итермелейтін себептер мен жағдайлар

- Себеп – бұл тергеуді туындататын құбылыс, оның әрекет етуі салдар туындау үшін қажетті оқиғалардың белгілі бір дамуын алдын ала анықтайды.

12. Қылмыс мән-жайлары бойынша көрсетпелерді қалыптастыруға әсер ететін факторлар

- Қылмыстарды тергеу процесінде іс бойынша дәлелдік ақпараттың маңызды бөлігін тергеуші куәлардан, жәбірленуші, сезікті, айыпталушыдан жауап алу кезінде алады.

13. Қылмыс іздерін жасыруға бағытталған мүмкін болатын әрекеттер

Қылмыс іздерін жасыру бойынша жүргізілетін әрекеттер тергеуге кедергі жасауға бағытталады және жасыру (утаивание), жою (уничтожение), маскировка және жалғандық (фальсификация) түрінде көрініс табуы мүмкін.

Тергеу болжауының және тергеу жоспарының түсінігі, олардың өзара байланысы

Болжаудың мазмұны және мағынасына байланысты тергеу болжамы жалпы және жеке болып екі түрге бөлінеді. Жалпы болжау — ол нақты қандай қылмыстың болғандығы жөніндегі тергеушінің ой-пікірі.

Қылмыстық іс бойынша жасалған болжауларды және одан туындайтын сұрақтарды шешу үшін арнайы тергеу әрекеттерін, жедел-іздістіру және басқа да анықтама жұмыстарын жүргізу керек. Бұл жүргізілетін жұмыстар белгілі бір кезекпен, тәртіппен, жоспарлы түрде өткізілуі керек болғандықтан, анықталатын сұрақтарды, тергеу шараларын толық қамтитын тергеу жоспары жасалады. Тергеу жоспарын осы тұрғыдан алып қарасақ, ол негізінен тергеу болжауын тексеріп, анықтауға бағытталған жоспар екендігі айқын көрінеді. Сонымен тергеу жоспарының логикалық негізі — тергеу болжаулары. Тергеу болжауларының, оны тексеруге бағытталған тергеу жоспарының жалпы бір шығармашылық жұмыстың бірімен-бірі байланысты екі сатысы екендігі, міне, осымен сипатталады. Тергеушінің шығармашылық ой-пікірі, осыған байланысты жасалған болжаулары қағазға жоспар арқылы түсіп, жоспарда көрсетілген тергеу шараларын жүргізу арқылы жүзеге асады.

Тергеу жоспарын жасау белгілі бір принциптерге негізделеді. Жоспарды жасау үстінде тергеушінің міндетті түрде ескеретін шартты принциптері бар. Олар: жоспардың жекелігі, нақтылығы, серпінділігі, жоспарланған шаралардың іске асу айқындығы, заңдылығы және қолайлылығы.

Тергеу жоспарының нақтылығы дегеніміз ол анықтауға жататын сұрақтардың түсінікті және анық болуы, осы сұрақтарды шешу жолдарының нақтыланып көрсетілуі. Жоспарда жалпы және декларативті сипатта көрсетілген тармақтардың болмауы шарт. Егер де іс бойынша анықталуға жататын жалпы сұрақтар болса, олар нақтыланып, анықталып көрсетілуі керек. Сұрақтардың анық көрсетілуі оларды тез арада шешіп, анықтауды жеңілдетеді.

Жоспардың серпінділігі (динамикалық принципі) оның тергеудің әр кезеңінде әрқилы тергеу ситуациясына сай өзгеріп тұруы. Тергеу процесі кұбылмалы, әр уақытта өзгеріп отыратын процестердің қатарына жатады. Тергеу үстінде, әрине, бұрын жоспарды құрғанда белгілі болмаған мәселелердің, сұрақтардың туындауы мүмкін.

Анықталуы жоспарланған сұрақтар іс бойынша жасалған тергеу болжауларынан туындайды.

Тергеу жоспары белгілі бір элементтерден құралады, осы қылмыс бойынша жасалған тергеу болжамдарына негізделеді және сол болжауларды тексеруге бағытталады. Сондықтан жоспардың бірінші элементі — осы іс бойынша жасалған тергеу болжаулары. Бұл тергеу болжауларын тексеру үшін белгілі бір сұрақтарды, мәселелерді анықтауға тура келеді

Осы жоспарланған жұмыстарды кім және қай мерзімде өткізу керек екендігі де жоспарда көрсетіледі. Бұл жоспардың төртінші элементі болады. Кей жағдайларда тергеу шараларын орындайтын лауазымды адамның аты-жөні өзінше жеке жазылады. Мұндай жағдайда жоспар бес элементтен құралады.

Тергеу жоспары ойша және жазбаша түрде жасалады. Тергеудің бастапқы кезеңінде қылмыстық іс бойынша мәліметтердің аз мезгілінде

тергеуші өз жұмысын ойша жоспарлайды. Кейбір кідіртпей жүргізуді қажет ететін тергеу әрекеттері жоспарсыз да жүргізіледі. Айталық, қылмыс жөнінде хабар алысымен тергеуші оқиға болған жерге барып қарайды және осы караудың қорытындысынан туындаған тергеу әрекеттерін өткізеді. Осы тергеу шараларын жүргізіп, орындаудан жиналған дәлелдеме деректерді сараптап, оларды айқындап, анықтау арқылы тергеу болжауларын жасап, осы болжауларды тексеруді жоспарлайды.

Тақырып 15. Есірткі және жүйкеге әсер ететін заттардың заңсыз айналымымен байланысты қылмыстардың криминалистикалық сипаттамасы.

Есірткі мен психотроптық заттардың түрлері мен сипаттамасы.

Есірткі заттары шығу тегіне байланысты мынадай топқа бөлуге болады:

- табиғи есірткілік заттар;
- жинақталып жасалған және жартылай жинақталып жасалған есірткілік заттар;

Өз кезегінде табиғи есірткілік заттар, неден дайындалғанына байланысты былай бөлінеді:

- а) көкнәр (апиын) – ұйқылық көкнәр, көкнәр шыбықшалары, сығымдалып жасалған көкнәр, морфин, героин;
- ә) сора- марихуана, гашиш (анаша) майы;
- б) кокаин бұталары – кокаин бұталарының жапырақтары, крэк;
- в) эфедра (шыршалық) – эфедрин, невритин;

Жинақталған және жартылай жинақталған есірткілік заттар – аналгетиктер, депресанттар, қоздырғыштар. Адам организміне кейбір есірткі заттардың әсері өте қауіпті. Сот-тергеу тәжірибесінде көп кездесетін есірткі заттарға мыналар жатады:

- табиғи есірткі заттар: апиын, ол апиындық көкнәрден тікелей жасалады. Ол үшін піспеген көкнәрдің қабығына кесінді жолақ жасайды, одан сүтке ұқсас сұйық шығады да біраздан кейін қоңыр түске айналады. Мұны қабықтан өткір пышақпен сылып алады, бұл апиынның шикізаты. Бұдан лабораторияда морфин жасап шығарады. Оның түсі ақ, иіссіз ұнтақ, одан таблетка мен ине салу үшін сұйықтық жасайды.

Есірткі заттарына байланысты жасалған қылмыстың криминалистикалық сипаттамасы

“Қылмыстың криминалистикалық сипаттамасы” деген атпен қылмысты тергеу тәсіліне енгеніне шамалы ғана уақыт болды, бірақ ғылыми атаулар мен қылмысты тергеу ісін ұйымдастыру тәжірибесіне кеңінен қолданылатын болды. Қылмыстың белгілі бір тобының немесе түрінің өзіне тән ерекшеліктері туралы жалпылама білімді өзіне сіңіре отырып, осыған ұқсас

қылмыстардың сол, немесе басқа түрін тергеу кезінде тергеушіге бағдар ретінде қылмыстың криминалистикалық түсінігін басшылыққа алуға тура келеді. Кез келген қылмысты тергеу, ең алдымен ұғып-білу әрекеті болып табылады. Бұл жерде бұрын орын алған, нақты бір жағдайдың жайын анықтап білу қажеттілігі туындайды. Қылмыс қоғамға жағымсыз құбылыс ретінде оның әртүрлі жағынан сипатталуы мүмкін. Ол өзіндік әлеуметтік, әдет-ғұрыптық, психологиялық қылмыстық-құқықтық, қылмыстық іс жүргізулік, криминалистикалық және басқа да сипаттамалары бар. ҚР ҚК 259 бабында ескерілген қылмыстың криминалистикалық сипаттамасының ең маңызды бөлшектері болып табылатындар, қылмысты жасау себептері мен тәсілдері туралы мәліметтер.

Қылмыстың жасау тәсілі қылмыстың негізгі ерекше белгілерін айқындайды және соған байланысты оның түсінігі, ол қылмысты дайындаудағы, жасау кезіндегі және жасыру кезіндегі қылмыскердің жасаған әрекеттері. Қылмысты жасау тәсілдерін білу, оны ашу, тергеу жәе алдын алу біршама жеңілге түседі. Мұндай заңдылық тұрақты түрде көрініс беріп отырады, себебі қылмыстың әрбір сатысында жеке әрекет осы қылмысқа тән өзінің іздерін қалдырады.

Қылмыстың әрбір жеке түрелрін ұғып-білу іс жүзінде, қылмыстық іс қозғауға, немесе оқиға болған жерге баруға негіз болған мәне өте мардымсыз мәліметтерді есептемегенде, қандай да бір мәліметтердің жоқ кезінен басталады. Осындай жағдайда тергеуші мыналарды шешу керек: неден бастау керек және қай бағытта тергеуді жүргізу керек екендігінен. Міне осындай алғашқы тергеу әрекеттерінің тиімді реттілігі жайында бір ұстанымға келіп және ұғып-білу ісінде дұрыс бағытты талғап алу үшін, тергеуші қылмыстың сол түрінің белгілерінің алғашқы топтамасы бар мәліметтер арқылы жүргізілетін тергеу тәсілдерін басшылыққа алуы керек. Ал қылмыстың белгілі түрін тергеудің коллективтік тәжірибенің жалпылама қорытындылауы мен жүйеленген мұндай тәсілі криминалистикалық сипаттамадан басталады.

Қылмыстың криминалистикалық сипаттамасы ғылыми категория ретінде – бұл, белгілі бір қылмыс түріне (тобына) сипаттама беретін, криминалистикалық мәні бар өзара байланыстағы белгілер мен ерекшеліктердің жиынтығы, бұларды білу қылмыстың осы түрін (тобын) ашу, тергеу және оның алдын алу нәтижелі болуы үшін қажет. Қарастырылып жатқан қылмыстардың тобына келесі қылмыстар жатады: есірткі заттарды немесе жүйкеге әсер ететін заттарды заңсыз дайындау, сатып алу, сақтау, тасымалдау, жөнелту немесе сату (259-бап); есірткі заттарды немесе жүйкеге әсер ететін заттарды ұрлау не қорқытып алу (260-бап); есірткі немесе жүйкеге әсер ететін заттарды тұтынуға көндіру (261-бап); құрамында есірткі заттар бар, өсіруге тыйым салынған өсімдіктерді заңсыз өсіру (262-бап); есірткі заттарды немесе жүйкеге әсер ететін заттарды дайындау үшін пайдаланылатын шикізаттың, аспаптардың немесе жабдықтардың заңсыз айналымы (263-бап); есірткі заттарды немесе жүйкеге әсер ететін заттарды тұтыну үшін притондар ұйымдастыру немесе ұстау

(264-бап); есірткі заттарды, жүйкеге әсер ететін, күшті әсер ететін немесе улы заттарды ұстау ережелерін бұзу (265-бап). Халықтың денсаулығына қарсы қылмыстардың аса қауіпті түрі есірткі, психотроптық, күшті әсер ететін және улы заттарды заңсыз айналымға түсірумен байланысты іс-әрекеттер болып табылады. Осыған байланысты ҚР Қылмыстық кодекстің 259-265 баптарында осы тұрғыдағы қылмыстар көрсетілген. Есірткі, психотроптық заттар, прекурсорлар, күшті әсер ететін және улы заттарды заңсыз айналымға түсіруге байланысты қылмыстардың тікелей объектісі – халықтың денсаулығы болып табылады.

Көрсетілген санатқа жататын қылмыстардың затына – есірткі, психотроптық заттар, прекурсорлар, күшті әсер ететін және улы заттар және есірткі заттарды немесе жүйкеге әсер ететін заттарды дайындау үшін пайдаланылатын шикізат, аспаптар немесе жабдықтар жатады.

Табиғи есірткілік заттарға мыналар жатады:

а) апиын қызғалдағының туындылары: ұйықтататын қызғалдақ, мак соломкасы, экстракциялық апиын, апиын, морфин, кодеин, героин;

ә) үнді коноплясының туындылары: каннабис, марихуана, гашиш, анаша;

в) кокаин кустының туындылары: кокаин жапырақтары, кокаин пастасы, кокаин, крэк;

г) эфедраның туындылары: эфедрин, невритин

Жартылай синтетикалық және синтетикалық есірткілер: фенциклидин, псилоцибин, триметилфентанил және басқалар. Өзінің әсері бойынша олар анальгетиктер, галлюциногендер, депрессанттар және т.б болып табылады.

Бұл сипаттамалар мынадай қылмыстарды топтастырады: есірткілік немесе психотроптық заттарды заңсыз түрде дайындау, алу, сақтау, тасымалдау, жіберу немесе өткізу (ҚР ҚК 259 бап); есірткілік немесе психотроптық заттарды ұрлау немесе қоқан-лоққы жасап алу (ҚР ҚК 260 бап); есірткілік немесе психотроптық заттарды қолдануға итермелеу (ҚР ҚК 261 бап); есірткілік немесе психотроптық заттарды заңсыз өндіру мен айналысу (ҚР ҚК 262 бап); есірткілік немесе психотроптық заттарды дайындауға арналған заттарды, аспаптарды, құрал-жабдықтарды заңсыз айналымға шығару (ҚР ҚК 263 бап); есірткілік немесе психотроптық, улы заттарды ұстау тәртібін бұзу (ҚР ҚК 265 бап).

Қазіргі уақытта криминалистикалық әдебиетте қылмыстардың криминалистік сипаттамасының бірнеше анықтамалары бар. Бұл криминалистік ұғым бойынша әртүрлі аспектілеріне байланысты көзқарастардың сәйкес келмеуі зерттелетін объектінің күрделілігі туралы куәландырады.

Профессор С. П. Митричев криминалистік сипаттамаға «криминалистік маңызы бар белгілердің көп мөлшерін енгізу керектігі» туралы айтады.

А.Н. Васильев криминалистік сипаттамаға қылмыскердің әрекеттерінің және қылмыс іздерінің пайда болу механизмі туралы,

қылмысты жасау тәсілі және дәлелдемелердің қайнар көзі туралы мәліметтерді, арасында жәбірленуші болуы мүмкін тұлғалардың шеңберін анықтау үшін қажетті мәліметтерді енгізеді. (10.118б.)

В. Е Коновалов және А. Н Колесниченко криминалистік сипаттаманы қылмыстардың криминалистік маңызы бар белгілері туралы жүйе ретінде бұл белгілер олардың арасындағы заңды байланыстарды бейнелейді деп көрсетеді.

А.А Исаев қылмыстардың криминалистік сипаттамасы қылмыстарды тергеу әдістемесінің құрылымында дербес жүйе бола отырып бұл мазмұнды толтырудың тәсілі, құралы ретінде сипатталатынын көрсетеді. Криминалистік сипаттама тергеу процесін талдау тәсілі ретінде қылмыстарды тергеу әдістемесінің шеңберінде саралау процесінің маңызын дұрыс бағалауға мүмкіндік береді. (20.234 б)

Профессор Г.А Мозговых қылмыстың криминалистік сипаттамасы ғылыми санат ретінде қылмыстардың белгілі бір түрін (тобын) сипаттайтын криминалистік жағынан маңызды өзара байланысты белгілердің және ерекшеліктердің жиынтығы ретінде анықтап, оларды білу қылмыстардың белгілі бір түрін (тобын) табысты ашу, тергеу және алдын алу үшін қажет екенін көрсетеді. Сонымен, криминалистік сипаттама тергеу әдістемесінің құрылымдық элементі болып табылады және тергелетін қылмыстық оқиғаны талдауға көмектеседі. Тергеуші криминалистік сипаттаманың элементтерін анықтап, тергеу жағдайына сәйкес қылмыстардың белгілі түрін тергеу әдістемесіне сүйене отырып, нақты осы қылмысты тергеудің жеке әдістемесін белгілейді. (26.14 б.)

ҚР ҚК 259 бабында көрсетілген қылмыстың криминалистикалық сипаттамасының ең маңызды бөлшектері болып табылатындар, қылмысты жасау себептері мен тәсілдері туралы мәліметтер.

Қылмысты жасау тәсілі, қылмыстың негізгі ерекше белгілерін айқындайды және соған байланысты оның түсінігі былай болады, ол қылмысты дайындауға, жасау кезіндегі және жасыру кезінде қылмыскердің жасаған әрекеттері. Қылмысты жасау тәсілдерін білу. Оны ашу, тергеу және алдын алу біршама жеңілге түседі. Мұндай заңдылық тұрақты көрініс беріп отырады, себебі қылмыстың әрбір сатысында жеке әрекеттер осы қылмысқа тән өзінің іздерін қалдырады.

Криминалистикалық сипаттаманың қосымша бөлігін қалыптастыратын жағдайдың ерекше бөлімі болып табылатын – жабайы өсетін және қолдан арнайы өсіретін көкнәрдәң, сораның алқабы болуы, бұларды сақтайтын және өңдейтін кәсіпорынның болуы, сонымен қатар дәрілік есірткі жасап шығаратын және қолданатын өндіріс орындарының болуы.

Есірткілік заттарды заңсыз дайындау үшін, шикізатта алу көздерін, сонымен қатар оларды ұрлау мүмкіндіктері мен қылмыс недей нәрсеге байланысты жасалғандығы жайлы алынған мәліметтерді саралау, маңызды криминалистикалық деректерді анықтауға мүмкіндік береді, олар:

- қылмыстың жасалға уақыты;
- қылмыс жасау тәсілі;
- қылмыстың жасалу жолы;
- қандай бағытпен жүргені;
- қолданған көліктің түрі;
- қылмыстың жасалу себебі;
- қылмыс іздерін қай жерден іздестіру керектігі.

Қылмыстың осы түрінің өзіне тән заттық іздері,оның криминалистикалық белгілері болып табылады.Қылмысты жэасау жағдайы қылмысқа дайындалудың, жасаудың және жасырудың қылмыскер мен сол ортаның өзара байланысына қатысты болады. Қалыптасқан жағдай қылмыстың қалай өтуі мен дамуына тікелей әсер етеді.

Есірткі өткізумен айналысатын қылмыстық топтың құрамы, құрылысы немесе айналысатыны өткізілетін есірткенің түрі мен оны алу көзіне байланысты анықталатынын тергеу тәжірибесі көрсетіп отыр.

Есірткілердің заңсыз айналымы бұл ұйымдасқан қылмыстылықтың спецификалық қылмыстық қызметі. Есірткілерді сату бизнесімен айналысатын қылмыстық ұйымдар кәсіби ұйымдасқан қылмыстылыққа тән болатын келесі белгілерге ие: нақты иерархия, қылмыстық ұйым мүшелерінің функцияларының рольдік бөлу, басқарушы ядроның болуы, қатаң тәртіп және жасырын болу, мемлекеттік аппараттың әртүрлі қызметтерінің шенеуніктерімен сыбайлас жемқорлық байланыста болу, қылмыстық табыстарды заңдастырудың коммерциялық арналардың болуы; қылмыстық қызметті сол арқылы жасыру. Есірткі бизнесінің ұйымдары трансұлттық сипатқа ие болуы мүмкін. Қылмыстық қауымдастықтың ұйымдастырушылары ретінде қылмыстық бизнестің басқа да салаларымен: ойын бизнесімен, казинолардың, нәпсіқұмарлық сипаттағы притондармен айналысатын қылмыскерлер немесе бұрын сотталған қылмыстық белсенділер болады. Сонымен бірге, есірткі заттарды сатумен бұрынғы медициналық қызметкерлер, зерттеу мекемелерінің қызметкерлері айналысады. Есірткі заттарды сататын ұйымдарда арнаулы өндірістік құрылымдар, синтетикалық есірткілерді дайындау бойынша лабораториялар, тасымалдаушылар және т.б болады.

Егер қылмыстың нысаны дәрілік есірткі болса, онда ондай қылмыспен айналысатындар көп жағдайда мыналар:

- өзінің қызмет бабына байланысты айналысуға рұқсат етілген тұлғалар;
- заңды түрде айналысып жүргендер, яғни медициналық куәлікке байланысты алынған;
- дәрілік есірткелерді алу, сақтау және қолдануды бақылау, сонымен қатар соларды қолданғаны туралы есп жүргізу қызметі жүктелген лауазымды тұлғалардың қылмыстық әрекеті;
- жалған есеп беру арқылы дәрілік есірткені көптеп ұстауға мүмкіндігі бар тұлға;
- сырқаттарды тікелей емдеумен айналысатын медицина

қызметкерлері, сонымен қатар дәрігерлік қызметті есірткімен айналысуға, камтамасыз етуетін тұлғалардың қылмыстық әрекеттері;

- дәрігерлердің ұйғарымымен туыстарының ауыру-сырқаттарына байланысты дәрілік есірткені қолнауға рұқсат алғандардың сатумен айналысуы;

- есірткі қабылдаушылар жалған рецепт жасау арқылы дәріханадан және емдеу мекемелерінен дәрілік есірткені алуы.

Дәрілік есірткені шығару, сақтау және емдеу мақсатында қолдану өте қауіпті қылмыстың қатарына жатады, себебі азаматтардың денсаулығына нұқсан келтірумен қатар, мемлекеттік мекемелердің дұрыс жұмыс істеуіне нұқсан келтіреді.

Дәрілік есірткені дайындау, сақтау және қолдану кезінде ұрлаудың негізгі жолы болып, есепке кіргізбеген қосымша шығарған дәрілер. Қылмыстың бұл категориясын тиімді тергеу, құқық қорғау қызметкерінен есірткілік заттардың айналымын көрсететін әртүрлі құжаттарды мұқият оқып білуді талап етеді.

Есірткілердің заңсыз айналымының келесі түрлері болады:

А) есірткілерді шетелден Қазақстанға алып келу және оларды Қазақстанда сату;

Б) Қазақстанда есірткілерді дайындау және сату;

В) Есірткілерді Қазақстанда дайындау және шетелге сату;

Г) Қазақстан кеңістігі арқылы есірткілерді контрабандалық өткізу.

Есірткі заттарды сату бизнесімен күрес жүргізуде көршілес жатқан мемлекеттердің құқық қорғау және кеден органдары қызметкерлерінің арасында бірлескен әрекеттердің үйлестірілуін қадағалау керек. Есірткі заттар айналымының барлық буындарын: өндірушілерді, тасымалдаушыларды, қабылдап алушыларды, сатушыларды анықтау қажет.

Есірткі шикізатының және есірткілердің заңды өндірушілері мамандырылған фармацевтикалық кәсіпорындар және олардың ұйымдары; заңсыз өндірушілер – құрамында есірткі заттары бар өсімдіктерді өсіретін ауылдың тұрғындары; өсімдік шикізатын немесе жартылай синтетикалық және синтетикалық есірткілерді дайындау бойынша жасырын лабораториялар. Есірткілерді ресми ұстаушылар: есірткілердің сатылуын және жіберілуін қатаң түрде жүргізетін фармацевтикалық және медициналық мекемелер. (1.54 б)

Есірткі заттарды талан-таражға салушылар ретінде фармацевтикалық кәсіпорындардың қызметкерлері, есірткілерді алуға ақшасы жоқ нашақорлар болады.

Есірткілерді тасымалдаушылар өндірушілер және сатушылар арасындағы делдалдар, сатушылардың өздері, есірткілерді тұтынушылар, көлік қызметінің қызметкерлері, почта қызметкерлері болады. Көп жағдайда тасымалдаушылар жүктің сипатын, оның қайнар көздерін білмейді. Олар таныс адамның, бөтен адамның өтінішін орындайды.

Әдебиетте есірткі заттардың заңсыз айналымын бірнеше топтарға бөледі:

- есірткі шикізаттарын және есірткілерді дайындау;
- есірткілерді тасымалдау, сақтау және сату;
- есірткілерді тұтыну.

Бірінші топқа өсімдік шикізатының оның өсіру және сақтау орындары бойынша қалдықтары (сабақтары, гүлдері, тозаңдары және т.б), технологиялық процестің әртүрлі сатыларында қолданатын құрал-жабдықтар және заттар; кез келген технологиялық материалдар және қалдықтар; дайын есірткілер; есірткі синтезінің компоненттері, құрамында есірткі бар өсімдіктерді жинау үшін құрылғылар және инструменттер; рецептура, арнаулы әдебиеттер, жазбалар, тасымалдаушылардың мекен-жайлары және телефондары.

Екінші топтың іздері қағаз және басқа қапшықтар, арнаулы контейнерлер, көлік құралдарындағы, тасымалдаушылардың киімдеріндегі құпия жерлері, есірткі заттардың іздері және басқа да микрообъектілер.

Келесі топ – есірткілерді ағзаға шприцпен енгізген іздері, есірткі тұтынушының өміріндегі, оның жүріс-тұрысындағы өзгерістер.

Аталған қылмыстардың криминалистикалық сипаттамасының ерекшеліктері осы істер бойынша дәлелдеу пәнінің спецификасын анықтайды.

Есірткілік заттармен заңсыз айналысатын тұлғалардың сипаттамасын мынадай түрлерге бөлуге болады.

- есірткіні көтерме бағамен сатып алу және өткізумен айналысатын тұлғалар. Олар әдеттегідей қоғамдық пайдалы еңбекпен айналыспайды, қаржысына қарамай өмір сүреді. Есірткілік өсімдіктердің өсетін жерлерінде таныстары бар немесе сол жерде тұрады, кейбір жағдайларда сол жерге әдейі барып тұрады.

- Есірткіні қолданатын тұлғалар (нашақорлар)

- Есірткіні анда-санда қолданатындар, олар әдеттегідей кәмелетке толмағандар немесе жасөспірімдер. Бұлардың ішінде есірткіні қолдануды қызығушылықпен бастағандар, еліктеушіліктен бастағандар, ересек достарының әсерінен бастағандар кездеседі.

Кез келген әрекет сияқты тәсіл де әр түрлі жағдайға байланысты өзгеріп отырады. Қылмысты жасау тәсілдерінің өзгеріп отыруы объективтік және субъективтік жағдайларға байланысты болады яғни:

- нысанды күзету жағдайының өзгеруі;
- қылмыс тобынан қылмысқа қатысушылардың бірінің шығып кетуі.

Субъективтік жағдай: қылмыскердің жеке басының сипаты, қылмыс жасау тәсілін талғап алу; қылмыскердің өзіне тән қолтаңбасының болуы.

Осының бәрі қылмысты жасаған, тіпті көртеген қылмыс жасаған тұлға туралы жорамал жасауға мүмкіндік береді. Кез келген әрекеттің белгілі бір із қалдыру заңдылығы криминалистикалық сипаттамаға өзіне тән заттық іздер мен олардың табылуы мүмкін деген орындарды қосуға мүмкіндік береді, ал ол өз кезегінде қылмыскерлердің жүретін жолдары мен олардың құрбандары туралы, қылмысты жасаған адамдардың белгілері туралы, қылмыс жасау

құралдары мен басқа да жайлар туралы ойластыруға мүмкіндік береді.

Қылмысты тергеудің криминалистикалық сипаттамасында туындайтын тергеулік жағдайлар туралы мәліметтер шындықты анықтауға бағытталған.

Қылмысты тергеудің криминалистикалық сипаттамасы қылмыстық іс қозғалғаннан кейін (материалдарды алдын-ала тексеруден кейін) басталады да, іс бойынша шындықтың анықталған шегінен аяқталады.

Қылмысты тергеудің криминалистикалық сипаттамасының құрамындағы негізгі бөлімдер:

- тергеулік жағдай;
- тергеулік жорамал;
- алғашқы және содан кейінгі кезеңде туындайтын тергеу бағыты;
- тергеу әрекетінің жүйесі;
- оперативті-іздестіру әрекеті;
- техникалық ұйымдастыру;
- әдіс-тәсілділік операциялар.

Осылардың барлығы тергеу мақсатын орындауға және қамтамасыз етуге жұмылдырылады.

Есірткі заттарды ұрлаудың, заңсыз дайындау, алу, сақтау, тасымалдау, өткізу үшін жөнелтудің, сонымен қатар заңсыз өткізуді тексеру ісінің тергеу жағдайларына байланысты қалыптасатын өзіндік ерекшеліктері бар.

Тергеулік жағдай – бұл қылмыс ісін қозғау нәтижесінде және қылмыстық сот ісін жүргізу мақсатына сәйкес мәселені шешу барысында, тергеу барысы мен жайының ішкі жағдайын нақты бейнелеу кезінде қалыптасатын жағдай.

Тергеу алдында туындайтын жағдай көбінесе тергеуші белгілі бір тұлғада есірткіге жатқызылатын зат бер деген нақты мәлімет алған кезден бастап туындайды.

Мысалы: анықтау органының қызметкерлерінің есірткілік заттарды немесе психотроптық заттарды, көкнәрдің басын тасымалдау, есірткілік заттарды фармацевтік өндіріс орнынан алып шығып келе жатқан кезінде, масаң адамды медициналық анықтау орнына жеткізген кезде, заттарын қарау барысында, осылардың бабылғаны жөнінде жазған рапорттары.

Мысалы, Н.Искаковтың ісі бойынша мынадай тергеулік жағдай қалыптасты. Н.Искаковты жеке тінту кезінде одан 1 кг. мирихуана табылды. Оның тұрғын жайын тінтуге келгенде, ол өз еркімен қай жерге жасырғанан көрсетіп берді. Себебі ол арнайы үйретілген иттің оны бәрібір табатынын түсінгендіктен осылай жасады.

Бұл жағдайда қылмыс ісін қозғау үшін, алдын-ала тексеру жұмысын жүргізу қажет болды. Мұның негізгі қиындығы мен ерекшелігі екі жағдайды анықтауға байланысты:

- ұсталған адамнан алынған зат есірткі ме?
- Ұсталғанның қолының жуындысында немесе анализінде гашиш бар ма?

Бұл сұрақтарға жауап беру әрине сараптама жүргізусіз болмайды және

мамандардың көмегінсіз, олар өздерінің зерттеулерін сараптама актісімен растайды. Тексеру нәтижесінде оңды жауап алынған болса, онда қылмыс ісін қозғауға жеткілікті негіз болады.

Есірткі және жүйкеге әсер ететін заттардың заңсыз айналымымен байланысты қылмыстарды тергеудің алғашқы кезеңі

Есірткіге байланысты қылмыс ісін дәлелдеуге жататын жағдайлар.

Осы қылмыстың криминалистикалық сипаттамасын қарастырғаннан кейін, есірткіге байланысты қылмыстық істің дәлелдеуге жататын жағдайларына ерекше көңіл аудару керек.

ҚР ҚК 117 бабына сәйкес есірткілік заттардың заңсыз айналымына байланысты қылмыс ісін тергеу барысында мынадай жайларды дәлелдеу керек:

- 1.Есірткілік заттардың алынғаны, сақталғаны, өткізілгені, дайындалғаны мен тасымалданғаны жайлы дәлелдер;
- 2.Есірткілік заттардың қай жерде, қашан және кімнен табылғаны туралы;
- 3.Кімнің қылмыс жасағаны;
- 4.Есірткілік немесе психотроптық заттарды алу немесе дайындау мақсаты;
- 5.Есірткілік заттарды алу тәсілі мен алу көзі туралы;
- 6.Есірткілік заттардың кімге өткізілгені туралы;
- 7.Есірткіні дайындаған орны;
- 8.Есірткіні қанша дайындалғаны мен көлемі туралы;
- 9.Есірткіні қолдану адамның денсаулығы мен өміріне қандай залал қалдырғаны туралы.
- 10.Есірткіні аз мөлшерде заңсыз алу немесе сақтаудың қайталануы, дәрігердің рұқсатынсыз қайтадан қолдану;
- 11.Жауаптылықтың сипаты мен деңгейіне әсер ететін жайлар туралы (кінәні жеңілдететін немесе ауырлататын жайлар);
- 12.Есірткіні таратуға сонымен қатар осы қылмысты жасыруға мүмкіндік туғызған себептер мен жайлар.

ҚР ҚІЖК –нің 481 бабына сәйкес есірткімен заңсыз әрекет жасаған кәмелетке толмағандардың қылмыстық ісі бойынша қосымша мынадай жайларды анықтау керек: кәмелетке толмағанның жас мөлшері; оның өмір сүру жәе тәрбиелік жағдайы; кәмелетке толмағанның денсаулығы мен жалпы ақыл-ойының дамуы; ересек азғырушылардың және оларды есірткі заттарды қабылдауға итермелейтін басқа да тұлғалардың болуы; интеллектуалдық, жігерлілік пен психикасының даму деңгейі, мінез құлқының ерекшелігі, қажеттілігі мен қызығушылығы.

Егер есірткі почтамен, посылкамен немесе бандеролмен, әуе, темір жол көлігімен жүк ретінде жіберілген болса онда мыналарды анықтау керек: есірткіні кімнің жібергені және кімге арналған; делдалдық болғаны немесе болмағаны.

Есірткілік заттарды қолдануға азғыруға байланысты қылмыс ісін тергеу кезінде дәлелдеуге жататын жайлар: азғыру тәсілі (көндіру, қорқыту, бопсалау, жеке өнегесі т.с.); есірткі заттарды қолдану тәсілі; есірткіні қолдануға келіскен адмның мінез - құлқы.

Есірткілік заттар басқа жақтан әкелінген болса, онда мынадай жағдайларды дәлелдеу қажет: есірткіні кім және қандай мөлшерде қалай әкелді; жүру жолдары мен тәсілдері.

Бұл жағдайлар тергеудің алғашқы сатысының құжаттарына енгізіліп, бекітіледі. Бұл жағдайда ішкі істер органының қызметкерлерінің бірінші жүргізетін әрекеттері мыналар:

- кінәліні ұстау;
- ұсталғанға жеке тінтуді жүргізу;
- куәландыру;
- тұрған жері мен жұмыс орнында тінтуді жүргізу;
- тергеулік қарау;
- жауап алу;
- сараптама тағайындау;
- криминалистикалық және басқа да есепке алу түрлерін қолдану.

Есірткі заттардың заңсыз айналымы бизнесімен шұғылданатын қылмыскерлерді ұстау.

Ұстау дегеніміз — қылмысты жасауы мүмкін деген сезікті адамды, оның кінәсі анықталып, айып жариялағанша тұтқынға алуға байланысты кідіртпей жүргізілетін, заңда көрсетілген тергеу әрекеті.

Қылмыс үстінде немесе кейін қылмысқа тікелей қатысты қолға түскен, көзімен көргендер, оның ішінде жәбірленушілер, жаңағы адамды қылмыскер ретінде көрсеткен, сезік келтірген адамның денесінен не киімінен немесе оның тұрған үйінен жасалған қылмыстың іздері табылған жағдайда ол адам тұтқынға алынады.

Заң бойынша егер қылмыс жасады деуге негіз болатындай басқа да деректер кездескен, ол адам қашуға әрекет еткен немесе оның тұрақты мекені болмаған, сондай-ақ сезік келтірушінің аты-жөні анықталмаған жағдайда ғана ол күзетте ұсталуы тиіс. Сондай-ақ егер анықтау органдары жедел-ізвестіру немесе қылмыстық іс жүргізу заңына сәйкес басқа да шараларды жүзеге асырғанда қылмыс жасаған адам анықталса оның ұсталуы мүмкін.

Мұндай жағдайларда қылмыс жасады деп сезік тудырған адамды ұстау үшін прокурордың рұқсаты талап етілмейді. Анықтау органы тек сезіктелушінің қандай негізде ұсталғанын көрсетіп хаттама жазуға және бұл жөнінде заңда көрсетілген мерзім ішінде прокурорға хабарлауға міндетті.

Негізсіз ұстау заңдылықты өрескел бұзғандық болып есептеледі. Сондықтан бұған мейлінше сақ болу керек. Егер қылмыстық іс тергеу үстінде болса, онда қылмыс жасағаны туралы сезік тудырған адамды ұстау мәселесін, ең алдымен тергеуші шешеді.

Ұстаудың тактикалық әдістері криминалистика ғылымында тәжірибеге негізделіп жасалады. Тактикалық жағынан, сезік тудырушылар жеке-жеке және тобымен ұсталуы мүмкін.

Ұсталуға тиісті сезік тудырушының жеке басын зерттегенде қылмыс жасаған кездегі оның әрекетінің қаншалықты қатыгездігі, қауіптілігі, оның бойында қаруының бар-жоқтығы, бұрын ауыр қылмыс жасаған не жасамағандығы, сондай-ақ бұған дейін «полиция қызметкерлеріне қарулы қарсылық көрсеткен жоқ па екен, дәл қазір оның осындай әрекетке баруы мүмкін бе», міне осы мәселелердің бәрі егжей-тегжейлі

зерттеледі. Осыған қоса, оның күнделікті тұрмыс-тіршілігі, өмір салты, мінез-құлқы, уақытын қайда, қалай өткізетіні, әдетте, қайда, қалай жүріп баратыны, қылмыстық байланысы, т.б. тексеріледі. Аталған әрекеттер ұстау кезінде қылмыскердің қалай әрекет ететінін дәл болжап, соған орай тиімді қимыл жасау, яғни жедел топтың, әрекет мәнерін дұрыс жоспарлау, ұсталатын жер мен ұстау уақытын дұрыс белгілеу, тиімді тактикалық әдісті іріктеу, жедел топтың сандық құрамын дәл анықтау үшін қажет. (4. 35б)

Қылмыскерді ашық жерде кенеттен ұстаған жеңіл. Өйткені ол құқық қорғау органдарының қызметкерлерін көпшіліктің арасынан айыра алмай қалады. Дегенмен, сонымен бірге, мұндайда қылмыскердің қарулы қарсылық көрсетуі, сөйтіп, айналадағы адамдардың өміріне қауіп төндіруі мүмкіндігін де ескерген жөн. Сондықтан сезік келтірушінің оқшауланып, жеке шыққан сәтін пайдаланып кенеттен қолға түсіру керек. Ол үшін полицияның кем дегенде үш қызметкері сезіктелушіге жақындап, оған ойда жоқта тап береді де, оны қарусыздандырады, ал үшіншісі қаруын әзірлеп, қандай жағдайға болсын дайын тұрады. Өйткені, қылмыскер қарсы қарулы әрекет жасауы немесе бойындағы айғақтық заттарды, құжаттарды жоқ қылып жіберуге тырысуы әбден мүмкін. Мұндайда, әрине қылмыстының күш-қайратын алдын ала ескеріп, оған сан жағынан да, айла жағынан да басым күшті жұмылдыру қажет.

Есірткі заттардың заңсыз айналымымен шұғылданатын қылмыскерлерді қылмыс үстінде ұстау жақсы дайындықты, әрекеттерді жоспарлауды қажет етеді.

Қылмыс жасады деп сезік келтірілген адамды ұстау – оның қылмысқа қатыстылығын анықтау және оған қамауға алу түріндегі бұлтартпау шарасын қолдану туралы мәселені шешу мақсатында қолданылатын іс жүргізушілік мәжбүрлеу шарасы.

ҚР Қылмыстық кодексінің 132-бабына сәйкес қылмыстық ізге түсуді жүзеге асырушы орган мына негіздердің бірі болған жағдайда:

- ол адам қылмыс жасау кезінде немесе тікелей оны жасағаннан кейін ұсталғанда;

- көрген адамдар, оның ішінде жәбірленушілер қылмыс жасаушы ретінде ол адамды тура көрсетсе не ол адам ұсталса;

- ол адамда немесе оның киімінде, өзінде немесе оның тұратын үйінде қылмыстың анық ізі табылған кезде;

4.жедел іздестіру қызметінің заңға сәйкес алынған материалдарында ол адамға қатысты ол жасаған немесе дайындап жатқан ауыр немесе аса ауыр қылмыс туралы анық деректер болған кезде бас бостандығынан айыру түрінде жаза қолданылуы мүмкін болатын қылмыс жасағандығына күдік келтірілген адамды ұстауға құқылы.

Ұстауды жүзеге асырған адам ұсталған адамда қару бар деп ұйғаруға негіз болған не ол өзінің қылмыс жасағандығын айғақтайтын дәлелдемелерден құтылуға тырысқан жағдайларда немесе өзге де қажетті жағдайларда процессуалдық ережелерді сақтай отырып, ұсталған адамға

дереу жеке тінту жүргізуге құқылы. Мысалы, өткен айдың басында “Алматы-Харгос” автотрассасының бойында қылмыстық топ мүшесінің басқаруындағы “Мазда” шетелдік автөкөлігі тоқтатылып, тексеру барысында оның автокөлігінің ішінен аңшы қару пневматикалық пистолет, екі дана гранат, суық қарулар, винтовка және Макаров пистолетінен патрондар алынған.

Есірткі заттардың заңсыз айналымымен айналысатын адамдарды ұстаудан бұрын келесі әзірлеу шаралары қажет:

1. ұсталуға жататын, есірткі заттардың заңсыз айналымымен шұғылданатын қылмыскерлердің тұлғасын зерттеу;

- ұстаудың уақытын және орнын белгілеу;
- қылмыскерді ұстау тобының сандық құрамын анықтау;
- ұстауға қатысатын тұлғаларға нұсқаулар беру;

5. ұстауға қатысатын қатысушыларды қажетті ғылыми техникалық құралдармен, жеке қорғану құралдарымен қамтамасыз ету.

Тактикалық жағынан жеке адамдарды және топ адамдарды ұстауды ажыратады. Топтық ұстау кезінде есірткі заттарды сатумен айналысатын бірнеше адамдарды ұстау ретінде саналады.

Топтық ұстау күрделі және қиын болып келеді, сондықтан қылмысқа қатысушыларды бір-бірінен ажыратып, әрқайсысын бөлек ұстау ыңғайлы болып келеді.

Есірткі заттардың заңсыз айналымымен шұғылданатын қылмыскерлерді ұстаған кезде олардың тұлғасын зерттеу қажет. Ұсталатын адам туралы жиналатын мәліметтер: қылмыскердің сыртқы бет-әлпеті, пішіні, ұстау кезінде қарсылық көрсетіп қандай әрекеттерді жасау мүмкіндігі; дене құрылысы, дене шынықтыру дайындығы қандай; шығыс жекпе-жек күрестерін біле ме, агрессивті ме; өзімен бірге суық, ату қаруын алып жүре ме. Егер бұрын сотталған адамды ұстау қажеттігі болса, онда оның жеке басы туралы мәліметтер қылмыстық істің архивтерінен алынады.

Ұстаудың уақытын және орнын анықтаған жағдайда ұсталатын адамның өмір сүру салты ескеріледі, оның уақытының күн тәртібі, жүрудің бағыттары және құралдары. Тұрғын-жайдың жоспары, кіретін және шығатын жерлері, өрт кезінде пайдаланылатын сатылар, жасырынып қалатын жерлер зерттеледі. Ашық кеңістікте, далада ұстауға дайындықты әзірлегенде сол жердің рельефі, жолдардың, орман екпелерінің орналасуы, есік алды аулалардың шығып кететін жерлері; подъездің шығатын екі есігі бар үйлер зерттеледі.(4.273 б)

Есірткі заттардың заңсыз айналымымен шұғылданатын тұлғаларды ұстау әрқашанда қызметкерлердің тобымен жүргізіледі. Ұсталатын қылмыскерлердің тұлғасына, олардың қарсылық көрсетуіне, қарулануына, дене шынықтыру дайындығына байланысты ұстауды жүргізуге ішкі істер органдарының Барыс, Сұңқар секілді арнаулы бөлімдері қатысуы мүмкін. Ұстауға қатысатын топтың саны кем дегенде бір адамға екі адамнан есептеледі. Ұстауға қатысатын құқық қорғау органдарының қызметкерлері

тиісті дәрежеде қарулануы керек. Егер ішінде әйел адам болса, онда ұстауға әйел – жедел қызметкерін қатыстыру қажет.

Ұстау қатысушылары ұсталатын адамға жасырын түрде келіп, жәй өтіп бара жатқан адамдар секілді оған қандай – да сұрақпен, өтінішпен тікелей қатынасқа түседі. Кейінірек тосыннан, кенеттен басу жүріп, қылмыскердің әрекеттер жасау еркіндігі тойтарылады, қарсылық көрсетуге, қашуға, заттарды тығуға, жасыруға бағытталған әрекеттері тойтарылады. Ұсталған адамды қоршаған адамдардан оқшаулау және бірден арнаулы көлікке отырғызу қамтамасыз етіледі.

Жедел топтың әрекеттері мұқият, ұсақ-түйегіне дейін ойластырылған, басқа бөгде адамдар зардап шекпейтіндей болуы керек.

Есірткілердің заңсыз айналымымен шұғылданатын қылмыскерді тұрғын-жайда ұстау әлдеқайда қиын болып келеді. Бұл кезде ұстау тобының міндеті – ол жерге ұсталатын адам білмейтін есіктер, подвал, үйдің төбесі, балкондар арқылы кіру болып табылады.

Ұстау жүргізілгеннен кейін қылмыскерді жеке тінту басталады. Есірткі заттар қылмыскердің киімінде тығылуы мүмкін, сондықтан оның қалталарын тінтіп шығу керек. Есірткі заттармен байланысты қылмыстарды тергеу тәжірибесі көрсеткендей есірткі заттар қылмыскердің киімінің жасырын, құпия жерлерінде, ішкі қалталарында, бас киімнің ішкі жағында, куртқа, пальтолардың матасының ішкі жағында, белдіктің темірінде, аяқ киімде, кейде әйел адамдардың көкірегiнiң ішкі киімінде, жыныстық мүшесінде болады. Әйел адамдарда жеке тінту жүргізгенде сол жынысты ішкі істер қызметкері тінтуді жүргізу керек.

Заңсыз есірткі және психотропты заттармен заңсыз айналысып жүргендер көп жағдайда, есірткіні денесіне жасырады, міне осы жағдайларда тінтілушіге куәландыру жүргізу қажеттігі туындайды. Бұдан басқа куәландырудың мақсаты ұсталғанның есірткіні пайдаланғанына байланысты көңіл-күйінің қандай екенін анықтау. Бұл жағдайда куәландыру маманның қатысуымен жүргізіледі.(31. 71 б)

Ұсталғанды куәландыру үшін, тергеушінің келтірген дәлелдері арқылы жасалған қаулысы шығуы керек.

Куәландыру дәрігердің немесе басқа маманның қатысуымен жүргізіледі. Куәландыру жүргізу кезінде міндетті түрде куәлар қатысуы керек. Егер куәландыру ұсталғанды шешіндіру арқылы жүргізілетін болса, онда куәландырушы, ұсталған адам қандай жыныста болса, ол да сол жыныстағы адам болуы керек.

Соттық-медициналық куәландыру маманның, дәрігердің және куәгерлердің қатысуымен жүргізіледі. (ҚР ҚІЖК 226 б.)

Куәландыру мақсатында мынадай әрекеттер жасалады:

- алақаннан, бармақтан, ауыз қуысынан алынған заттар қаралады;
- тырнақ астынан ұсақ заттарды қырып алады, ал қажетті жағдайда тырнақты қырқып алады;
- ине салынған іздерді және олардың орналасқан жерін анықтау мақсатында куәланушының денесі қаралыа шығады;

- есірткінің іздерін табу мақсатында куәланушының денесінен қан мен зәр алынады.

Куәландыру жүргізілгені туралы хаттама жасалады. Куәландыру барысында алынған үлгілердің барлығы, ережеге сәйкес хатталады. Өз уақытында жүргізілген куәландыру өте маңызды, себебі ол тергеу бағытын анықтауға үлкен көмегін тигізеді. (10.28 б.)

Болжамдарды құру және тергеуді жоспарлау

Адамның қызмет етуінің кез-келген саласында жоспарлау қызметтің нақты мақсаттарын және міндеттерін қоюды, оларға жетудің жолдарын және құралдарын, орындаушыларың және белгіленген әрекеттердің орындау мерзімдерін анықтауды талап етеді. Жоспарлы түрде жұмыс істейтін, өзінің қызметінің мақсаттарын дер кезінде және нақты анықтайтын тұлға табысқа жетеді.

Жоспарлау криминалистік қызметтің барлық бағыттарына тән. Тергеуді жоспарлау тергеуді ұйымдастырудың тиімді тәсілі және шарты, бұл қызметтің сапасын жақсартудың күшті алғышарты болып келеді.

Жоспарлау тергеушінің жұмысына мақсатқа бағытталғандық сипатын береді. Жоспарлауды тек жазбаша жоспарды құру ретінде ғана түсінуге болмайды. Жоспарды құру жоспарлаудың нәтижелерін аяқтау және ресімдеу болып табылады. Шын мәнісінде, жоспарлау – тергеудің ең бірінші қадамдарынан басталатын және ол аяқталғанға дейін жалғасатын тергеушінің күрделі ойлау жұмысы. (7. 39 б)

Барлық ұйымдастыру шаралары тергеу жоспарында талқыланады және жоспардан туындайды.

Тергеудің жоспарсыз жүруі іс бойынша ақиқатты дер кезінде анықталуына кедергі жасайды, өйткені іс бойынша мәнді мән-жайлар ескерілмеуі мүмкін немесе үстіртін зерттелуі мүмкін, ал заңмен көзделген тергеудің әдістері және тәсілдері қолданылмауы мүмкін. Мұндай жағдайда өзара әрекет етуші субъектілерінің тұрақты ақпараттық қамтамасыз етілуі мүмкін емес.

Жоспарлау топтың басшысына топтың әрбір мүшесі жұмысының мерзімдерін белгілеуге және бақылауға көмектеседі, қажетті ақпараттың мақсатты бағытталғандық түрде жинауды, оны бағалауды, қажетті тергеу әрекеттерін және жедел іздестіру шараларын дер кезінде жүргізуді, пайда болатын ситуацияларды ескеріп, тергеу болжамдарын шығаруды және тізбекті тексеруді қамтамасыз етуге көмектеседі. Жоспарлау топтың мүшелері арасында тергеудің барысы және нәтижелері туралы өзара ақпаратпен алмасуды, тергеуші мен жедел қызметкерлердің өзара байланысын күшейтуді қамтамасыз етеді, жедел іздестіру әрекеттерінің нәтижелерін дер кезінде пайдалануға жағдай жасайды. (19.86 б)

Іс бойынша тергеу жұмысын жоспарлау кезінде тергеушінің тергеліп жатқан оқиғаға қатысты құбылыстарды және заттарды мақсатқа сай және сын көзбен қабылдаудың маңызы өте зор. Осы

құбылыстарды және заттарды зерттеу процесінде тергеушіде тергеу бағытын таңдау шешімі, дәлелдеудің тәсілдері, әрбір фактіге түсіндірме қалыптасады. Жұмысты жоспарлағанда дәлелдемелердің бір тобынан, дәлелдемелердің екінші тобына зейін салудың маңызы зор. Психологиялық жағынан тергеуші ситуацияға сәйкес қабылдаған шешімдерін өзгертуге дайын тұру керек.

Тергеуді жоспарлау техникасының ең маңызды құрамдас бөлігі-бұл жоспар құру. Жаңа мәліметтер пайда болған сайын, ол өзінің жұмыс істеу жоспарын өзгертіп отырады. Тергеуді жоспарлау өз нысанына қарай жазбаша немесе ауызша болуы мүмкін. Жоспардың ауызша түрі тергеудің ең басында оқиға болған жерде кезек күттірмейтін әрекеттерді орындау кезінде құрылады, кейінірек тергеуші жазбаша жоспар құруға кіріседі. Онда өзінің болжамдары, олардың әрқайсысы бойынша анықталуға жататын сұрақтар, мәселелер шеңбері, болжамды тексеруге қажетті тергеу әрекеттері және іздеу шаралары көрініс табуы керек, бұған қоса олардың мерзімдері және орындалу реттіліктері көрсетілу керек. Әрбір шара, жүргізілетін әрекет нақты орындаушыға жүктелуі керек.

Л.А Соя-Серко тергеушінің жұмысында жоспарлаудың маңызын көрсете отырып жазбаша жоспар тергеушіні ұсақ-түйекті үнемі есте сақтаудан босататынын, барлық зейінін тергеу әрекетінің өзіне, оның психологиялық аспектісіне, дәлелдемелердің ізделуіне және тексерілуіне салынатындығын, сондай-ақ жазбаша жоспарда пайымдауларындағы және жорамалдарындағы қателіктер тез білінетіндігін айтады,

Тергеудің ең бастапқы кезеңінде жедел-тергеу топтың басшысы қылмысты ашудың және тергеудің жалпы ортақ жоспарын құрады. Жоспарда барлық ұйымдық, тергеу және жедел әрекеттер көрсетіледі. Әрекеттерді тиімді үйлестіру үшін жоспарда әрбір қызметкердің жұмыс істеу учаскелері және топ мүшелерінің арасында міндеттер бөлінеді. Барлық тергеу әрекеттерінің және жедел іздестіру шараларының жүргізілуін жедел тергеу топтың басшысы бақылайды.

Тергеу барысында тергеу әрекеттерін жоспарлауда тергеуші жедел қызметкерлерден келіп түскен мәліметтерді ескереді. Өзара ақпаратпен алмасуды күшейту, тергеушінің және қылмыстық іздестіру қызметкерлерінің келісімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету мақсатында бірлескен ортақ жоспар құрылу тиіс. Жоспарда тергеудің негізгі бағыттары, дәлелденуге жататын мән-жайлар, іс бойынша болжамдар мен оларды тексеру бойынша тергеу және жедел шаралар көрсетіледі.

Бірлескен ортақ жоспарды құру кезінде барлығын ұсақ-түйегіне дейін, берілген қосымша күштерді, техникалық құралдарды, көлік құралдарын, байланыс құралдарын, ішкі істер бөлімінің басқа бөлімшелерінің әрекеттері ескеріледі. Жедел тергеу топтың кейбір мүшелері алдымен өзінің жеке жоспарын жасап, кейін тиісті нысанда, тергеудің ортақ жоспарына енгізуді кейбір заңгерлер ұсынады. (16. 46 б)

Жедел тергеу топтың мүшесі – жедел қызметкер, осы топтағы жедел қызметкерлердің басшысы жалпы жоспарға сәйкес өзінің жоспарын құрады.

Жедел қызметкердің жоспарын жедел қызметкерлердің басшысы бекітеді, оның қызметін бақылайды, сондай-ақ өзі жеке жедел іздестіру шараларын жүргізеді. Жедел топтың басшысы жедел іздестіру сипатындағы барлық құжаттарды жинақтайды, талдайды және жүйелейді.

Жедел тергеу топтың тергеушілері ортақ жоспарға негізделіп әрқайсысы өзінің жоспарын құрады. Олар барлық орындалатын тергеу әрекеттер және қабылдаған шешімдер бойынша жедел тергеу топтың басшысымен кеңеседі. Олар келесі қағидалар: жекелік, динамикалық, реалдық және нақтылық.

Кейде тергеу жоспарларына жоспарлаудың негізі ретінде тергеу болжамдары енгізілмей, тергеу әрекеттерінің және жедел іздестіру шараларының тізімімен ғана шектеліп қалады.

Тергеуді жоспарлаудың түйінді мезеттерінің бірі – болжамдарды құру, ол дәлелдеу процесінің негізін құрайды және жоспарлаудың логикалық орталығы болады.

Қылмыстың тез арада ашылуы, тергеудің сапасы, тергеушінің істі тергеуге байланысты жұмысының мақсатты және ұйымды түрде жүруі тергеудің белгілі бір жоспармен жүргізілуіне тікелей байланысты. Қылмысты іс қозғалғаннан кейін тергеу жоспарын жасау арқылы тергеуші тергеу үстінде шешілетін сұрақтарды толық айқындап алып, осы сұрақтарды нақтылы қандай тергеу әрекеттерін, жедел-іздестіру және басқа да ұйымдық жұмыстарды жүргізу арқылы шешуге болатынын анықтап, белгілейді.

Сұрақтар тергеп отырған қылмыстың мән-жайын анықтауға байланысты болу керек. Сондықтан жоспарға кіретін сұрақтар осы қылмыс жөнінде тергеушінің ойша жасаған болжауынан туындайды. Тергеп отырған қылмыстың қалай, қандай жағдайда болғанын тергеуші, әрине, өз көзімен көрген жоқ. Бірақ қылмысты толық және объективті тергеу үшін тергеуші қылмыстың қалай болғанын ойша болса да болжап, қылмыстың жасалу жолын көз алдына елестетіп көріп, оның бейнесін ойша жасап көруі керек. Осындай ойша шығармашылық талдау процесінің үстінде осы қылмыстың қандай жағдайда болғандығы, қылмысқа қатынасқан адамдар және де қылмысты оқиғаның басқа да мән-жайлары жөнінде белгілі бір болжаулар пайда болады. Тергеушінің бұл ойша талдау арқылы жүргізетін шығармашылық, белгілі бір сұрақтарды шешуге бағытталған іздеу процесі логикалық гипотеза әдістеріне негізделеді. Сондықтан тергеу болжауы логикалық табиғаты жағынан алғанда гипотезаның бір түріне — жұмыс гипотезасына жатады.

Болжаудың мазмұны және мағынасына байланысты тергеу болжамы жалпы және жеке болып екі түрге бөлінеді. Жалпы болжау — ол нақты қандай қылмыстың болғандығы жөніндегі тергеушінің ой-пікірі. Айталық, оқиға болған жерде өлік табылған жағдайда тергеуші осы оқиға жөнінде мына төмендегідей болжаулар жасай алады: жәбірленушіні біреу қасақана өлтірді, абайсызда өлтірді, не өзін-өзі өлтірушілік. Атап айтқанда, мұндай жалпы болжауда қандай қылмыс жасалғандығы жөнінде белгілі бір пікір туындайды. Осы жасалған жалпы болжаудың әрқайсысынан сұрақтар

туындап, олар жөнінде жеке болжаулар жасалады. Мысалы, қылмысты белгілі бір адамның жасағандығы, қашан, қай мезгілде және қандай қару пайдаланғандығы жөніндегі, т. б. сұрақ-болжаулар. Осындай шығармашылық талдаудан туындаған тергеу болжауларының бәрі бірдей тексерілуі керек. Бастапқы кезде жасалған болжаулардың қайсысы дұрыс екенін біліп аңғаруға болмайды. Сондықтан жасалған болжаулардың бәрін бір кезекте қосарлы түрде тексеріп анықтау керек. Егер тергеуші осы сәтте шындыққа жатады деп тапқан бір болжауды ғана тексерумен айналысса, кейін ол болжау бекітілмей қалған жағдайда, басқа болжаулардың тексерілуін кешіктіріп алады.(11.72 б)

Сонымен тергеу болжауы тергеудің белгілі бір кезеңдерінде туындаған жағдайларға, жиналған айғақты дәлелдемелерге негізделген қылмыстың түрі, оның болу тетігі және қылмыстың басқа да мән-жайлары жөніндегі тергеушінің ой-пікірі. Қылмыстық іс бойынша жасалған болжауларды және одан туындайтын сұрақтарды шешу үшін арнайы тергеу әрекеттерін, жедел-іздістіру және басқа да анықтама жұмыстарын жүргізу керек. Бұл жүргізілетін жұмыстар белгілі бір кезекпен, тәртіппен, жоспарлы түрде өткізілуі керек болғандықтан, анықталатын сұрақтарды, тергеу шараларын толық қамтитын тергеу жоспары жасалады. Тергеу жоспарын осы тұрғыдан алып қарасақ, ол негізінен тергеу болжауын тексеріп, анықтауға бағытталған жоспар екендігі айқын көрінеді. Сонымен тергеу жоспарының логикалық негізі — тергеу болжаулары. Тергеу болжауларының, оны тексеруге бағытталған тергеу жоспарының жалпы бір шығармашылық жұмыстың бірімен-бірі байланысты екі сатысы екендігі, міне, осымен сипатталады. Тергеушінің шығармашылық ой-пікірі, осыған байланысты жасалған болжаулары қағазға жоспар арқылы түсіп, жоспарда көрсетілген тергеу шараларын жүргізу арқылы жүзеге асады.

Есірткі заттардың заңсыз айналымы туралы ақпараттар азаматтардың есірткілерді тұтыну туралы хабарламаларынан, есірткілердің және жүйкеге әсер ететін заттардың заңсыз айналымы туралы фактілерінен, талан-таражға салу немесе қорқытып алушылық туралы лауазымды тұлғалардың хабарламаларынан, есірткі заттарды жалған рецептер бойынша алуға әрекет жасаған тұлғалар туралы аптека қызметкерлерінен келіп түседі.

Мысалы, 2005 жылдың шілде айында Алматы облысы ІІБ – сы Департаментінің Талғар аудандық ІІБ-сы “Есірткі саудасына қарсы күрес тобының” қызметкері, полиция капитаны Бағдат деген өзінің қызмет бабын есірткі саудасының көзіне айналдырған деген күдікпен қолға түсті. Алғаш өзін Талғар аудандық ІІБ-нің “Есірткі саудасына қарсы күрес тобының” қызметкері деп таныстырған Бағдат бірден Розаға жармасып ”есірткі саудасымен айналысайық” деп келгіштей берген соң, Талғар аудандық ҰҚК-не жүгініп мән-жайды баяндап береді. ҰҚК-нің қызметкерлері Бағдатты қылмыс үстінде қолға түсірудің амалын ойластырып Розаның келісімімен оның үйіне дыбыс жазғыш ұнтаспалар мен бейнетаспа құралдарын қондырып “қақпан” құрады. Алматыдан арнайы шақырылған ҰҚК-нің қызметкерлері Бағдаттың айыбын толығымен әшкерелеп, жататын бөлмесінен тінту

барысында есірткі тектес ұнтақтар төсегінің астынан ақтарылып жатты. Сот-криминалистік сараптамасы №5189 1 тамыздағы қортындысы тәркіленген есірткінің жалпы салмағы 3,45 грамм екенін анықтап үлгерді. Бәрінен де қылмыскерді тырп еткізбей әшкерелеген жасырын “бейнетаспалар” мен “ұнтаспалар” жазылған куә жайлар болды. Осылайша барша қызметтестерінің абыройын айрандай төккен полиция капитаны Бағдат 12 жылға бас бостандығынан айрылды.

Аталған қылмыстарды тергеу кезінде келесі типтік болжамдар құрылады: аталған объектілердің заңсыз айналымы ұйымдасқан топпен жүзеге асырылады; есірткі заттар оларды дайындайтын адаммен сатылады; талан-таражға салу немесе қорқытып алушылық пайдакүнемдік мақсаттарда ұйымдасқан топпен жүзеген асырылған немесе нашақормен өзінің мұқтаждықтарын қанағаттандыру үшін жасалған.

Тергеудің алғашқы кезеңінде көп жағдайларда қылмысқа қатысушыларды қылмыс үстінде ұстау жоспарланады, сонымен бірге ұсақ-түйегіне дейін жауап алу, тінту, есірткілерді дайындау орындарын, оларды тасымалдау көліктерін, есірткілерді сату және тұтыну орындарын қарау, қылмыскерлерде тінту жүргізу, кұәлардан жауап алу жүргізіледі.

Тергеудің кейінгі кезеңінде әртүрлі сараптамалар, куәлардан, есірткілерді тұтынушылардан жауап алу, айыпталушыларды, тұрғын-жайларды, қылмыс құралдарын танытуға көрсету. Сонымен бірге, мүлікке қамау салу, әсіресе есірткі заттарды сату бизнесімен айналысатын қылмыскерлердің мүлкіне қамау салу, соның ішінде шетелдегі жылжымайтын мүліктеріне, банк есеп шоттарына, антиквариаттарына қамау салынады.

Кейбір жағдайда қылмыстық іс есірткілік затқа байланыссыз қозғалады. Мысалы, А. Сабырхановтың үстінен қылмыстық істің қозғалуының басты себебі үйді тонау жағдайы болды. Оның үйін тінту барысында заңсыз сақталған есірткілік зат табылды, сонымен есірткі табылуына байланысты қылмыстық іс қозғалды.

Тергеу ісіне көп қиындық тудыратын жағдайлардың бірі, есірткілік заттарды қайдан алғаны мен қайда өткізілгенін анықтаудың қиындығы.

Есірткі және жүйкеге әсер ететін заттардың заңсыз айналымымен байланысты қылмыстарын тергеуде куәдан, айыпкерден жауап алу

Жауап алу дегеніміз заңда көрсетілген тергеу және сот әрекеті. Ол арқылы жасалған қылмыстың мән-жайлары жөнінде керекті деректі мәліметтер алынып, олар қылмысты ашуға пайдаланылады. Іс жүргізу жағдайына байланысты жауап беретін адамнан жауап алудың бірнеше түрі бар. Атап айтқанда: жәбірленушіден, сезікті адамнан, куәден, айыпкерден жауап алу деп, бұл тергеу әрекеті төрт түрге бөлінеді. Кімнен жауап алынса да ол қылмыстық іс жүргізу заңында көрсетілген тәртіп бойынша жүргізілуі тиісті, Бірақ, іс бойынша неғұрлым көп, маңызды мәліметтер жинап, осы

тергеу әрекетінің сапасын арттыру үшін жауап алғанда, бұған тиімді, ыңғайлы тактикалық әдістер қолданылады. Бірақ ол қаншалықты тиімді болғанымен ол заңда көрсетілген тәртіпке қайшы келмеуі керек. ҚР ҚІЖК 211 б.-219 б.

Жауап алғанда қылмысты оқиғаға қатысты мынандай мәліметтер: қылмыстың болған уақыты, оның орны, амал-әдісі, қылмысты кімдердің жасағаны, оған қанша адамның қатысқаны, істеген қылмыстың зардабы, залалы, сипаты мен мөлшері және қылмысты оқиғаның басқа да мән-жайлары анықталады. Бұлар — заңда көрсетілген, міндетті түрде дәлелдеуге тиісті жағдайлар, қылмысты оқиғаға тікелей қатысы бар деректі мәліметтер. Сондай-ақ, жауап алу арқылы тікелей қылмысты оқиғаға қатысы жоқ, бірақ қылмысты ашуға керекті аралық мәліметтер де алынады. Айталық, қылмыскердің қайда жүргенін, оның мекен-жайын білу үшін қылмыскердің ең жақын адамдарынан да жауап алуға тура келеді. Жауап алудың мұндай аралық түрінің, қылмысты оқиғаға тікелей қатысы болмаса да, істі тез ашуда, қылмыскерді тауып ұстауда, істің кейбір мән-жайын анықтауда үлкен маңызы бар. Жауап алу көп тараған, сондай-ақ күрделі тергеу әрекеті, кейде қарама-қайшы мүдделері бар тұлғалардың психологиялық күресі. (12. 54 б)

Жауап алуды жүргізу тергеушіден психологияның ережелерін білуді талап етеді.

Тергеуші сезіктіден, айыпталушыдан жауап алғанда қайшылықты жағдай қалыптасады. Бұл кезде қылмыскер қылмыстың ізін жасыруға, ал тергеуші кінәліні әшкерелеуге тырысады. Тергеушінің және айыпталушының қарым-қатынасының мұндай қарама-қайшы негізі оған күрес сипатын береді.

Жауап алуға байланысты қылмыстық іс жүргізу, криминалистік, сот психологиясы әдебиеттерінде көп көңіл бөлінген.

Тактикалық әдіс тұтастай бүкіл тергеу әрекетін, оның жеке бөліктерін немесе нақты тергеу кезеңін қамтуы мүмкін. Ең толық және шынайы көрсетулерді алуға мүмкіндік беретін және жауап алудың ең рационалды жүргізілуін қамтамасыз ететін тактикалық әдістер жауап алудың тактикасын құрайды. Жауап алудың тактикасы бұл тәжірибе түрінде жүзеге асырылатын әдістердің жиынтығы.

Тергеуші жауап алу кезінде тактикалық әдістерді істің барлық мән-жайларымен танысып, жауап берушінің тұлғасын ескеріп тергеу жағдайына байланысты тандайды.

Криминалистикада өтіріктің диагностикасын өтірік айтушының психологиясына негізделген жалған көрсетулердің объективті ерекшеліктерімен, оның жүріс-тұрысының стратегиясымен, өтіріктің нысандарымен және болған оқиғаны бұрмалаудың әдістерімен байланыстырады. Жауап алу барысында криминалистикамен даярланған тактикалық әдістерді қолдану табысты нәтижелерді береді.

Жасалған қылмыстың мән-жайлары жөнінде деректі мәліметтер жауап алу арқылы алынып, қылмысты ашуға пайдаланылады. Аталған қылмыстар бойынша куәлар ретінде келесі тұлғалар болады:

- есірткі заттарды дайындау бойынша жасырын лаборатория бар екендігі туралы хабарлаған тұлғалар: мекеменің ішінде спецификалық иіс бар екендігіне, табельді емес ыдыстардың, заттардың, өндірістік жайларда, қоймаларда әдеттен тыс қоқыстардың бар екендігіне көңіл бөлген техникалық персонал;

- есірткі заттардың талан-таражға салынғанын анықтаған тұлғалар;

- жәбірленушіден немесе кінәлі тұлғадан қорқытып алушылық фактісін естіген куәлар;

- электроэнергияның, газдың тым көп мөлшерде жұмсалғанына, шығарылатын қоқыстардың және ыдыстардың ерекше болып келетініне назар аударған коммуналдық қызметтердің қызметкерлері;

- шекара, кеден қызметінің қызметкерлері;

- есірткі және жүйкеге әсер ететін заттарды тұтынатын нашақорлар.

Жауап алудың пәні ретінде тергелетін оқиғаның кез келген мән-жайлары, сондай-ақ қылмыстың жасалуына көмектескен жағдайлар болып табылады.

Бұл тұлғалардың көрсетулері жасалған қылмысқа қатысты фактілерді түсіндіруге, болған оқиғаның суретін толықтыруға мүмкіндік береді.

Болған оқиғаны қабылдап алу, оқиғаға қатысты мәліметтердің толық қабылдануы әртүрлі себептерге байланысты. Бұл себептер объективті және субъективті болып екі топқа бөлінеді. Объективті себептер — көруге, естуге бөгет болатын жағдайлар, субъективті — есту, көру мүшелерінің қабілеті. Қабылдауға объективті түрде бөгет болатын себептер оқиғаны шұғыл уақытта қабылдау, жарықтың көріну жағдайының нашар болуы, қатты шудан нашар естілу, болып жатқанды оқиғаны алыстан көру, ауа райының жаман болуы, қар не жауын жауып тұрғанда оқиғаны қабылдау оқиғаны толық және анық көруге, естуге бөгет жасайды, оқиға жөніндегі ақпараттың толықтығына, сапасына кері әсер етеді. Сондықтан жауап алғанда тергеуші осыны ескеру керек. (14. 11 б)

Болған оқиғаны жақсы қабылдауға жауап беріп отырған адам қабылдау мүшелерінің кемістігі, есту, көру мүшелері қабілетінің төмендігі, интеллектуалдық қабілетінің төмен болуы, оқиғаға зейін салмауы, дұрыс көңіл аудармауы кері әсер етеді.

Байсалды, сабырлы адамның оқиғаны қабылдау қабілеті аңғалақ, жеңілтек адамға қарағанда жоғары болады. Сабырлы, байсалды адамдар оқиғаның кейбір көзге көп іліне бермейтін маңызды сәттерін аңғарып қалуы мүмкін, ал аңғалақ адамдардан мұны күту қиын. Жасы толмаған куәлардан жауап алғанда олардың фантазиясы күшті екенін, көрген оқиғаға қиялындағысын қосып, өсіре айтуы ескерілу керек.

Жауаптың толықтығына, шындығына, сонымен қатар куәгердің, жәбірленушінің болған оқиғаны ұмытпай, ойында сақтау қабілеті де әсер

етеді. Ал ондай қабілет әр адамда әр түрлі — кейбіреулер белгілі бір әрекет қимылды есте жақсы сақғайды, екінші біреулер-көрген жерін ұмытпайды, сондай-ақ естігенін есте жақсы сақтайтын, керісінше өте ұмытшақ адамдар бар. Тергеуші жауап алғанда осының бәрін ескеріп, қажеттілік туса ұмытылған жерлерді еске түсіру үшін қолайлы жағдай жасауға әрекет етуі керек.

Есірткі заттардың заңсыз айналымы қылмыстарын тергеу кезінде куәларға қосымша сұрақ бергенде тергеуші заңда көрсетілген тәртіпті ескеруі керек:

- қойылған сұрақтар анық және түсінікті болуы, куәгерді не жәбірленушіні шатыстырмауы тиіс;

жөн сілтейтін сұрақтарды қоюға болмайды; берілген сұрақтар куәгерді не жәбірленушіні кемсітуде, қорлауға, қорқытуға бағытталмауы керек.

Айыпкерден жауап алу

Есірткінің заңсыз айналымын тергеу жемісті болу үшін, мынадай маңызды тергеу әрекетін жүргізудің маңызы зор, ол күдіктіден (айыпкерден) жауап алу. Жауап алу барысында тергеуші мынадай нәрселедрі анықтауы керек:

- есірткінің заңсыз айналымына қатысушыларды;
- есірткіні және оның шикізаттарын алған жерлерін;
- дайындау, сақтау және есірткі өткізу орындарын;
- тасымалдау тәсілдерін;
- қылмысқа қатысушылардың өзара байланыстарын;
- есептесу тәсілдерін.

Сезіктіден жауап алу ол ұсталғаннан кейін немесе бұлтартпау шаралары қолданғаны жайлы қаулы шығарылғаннан бастап 24 сағат ішінде жүргізілуі керек. Сезікті өзінің қорғаушысының қатысуымен жауап беруге құқығы бар.

Жауап алу алдында тергеуші жауап берушіге күдіктің мән-жайын түсіндіреді, оның қандай құқығы бар екенін түсіндіреді, сонымен қатар оның жауап беруден бас тартуына болатындығын ескертеді. Жауап алу, жауап берушіге күдік туғызған және тергеуші іске мәні бар деп есептейтін басқа да жайлар туралы мазмұндап беруді ұсынудан басталады. (ҚР ҚІЖК 216, 217 баптары)

Жауап алуды қандай ретпен жүргізу керектігі шешілуі керек, яғни ұйымдасқан қылмысқа қатысушылардың қайсысынан жауап алуды бастау керектігі. Бұл мәселе ұйымдасқан қылмысқа қатысқандардың әрқайсысының алатын орнына және қолда бар дәлелдерге байланысты шешіледі. Көптеген авторлардың (Л.М.Карнеева, Н.И.Порубов т.б.) ғалымдардың пікірі бойынша қылмыстық жауапқа бірінші рет тартылып отырған қылмыс жасау тәжірибесі аз қатысушылардан жауап алуды бастау керек, себебі олардың қылмыстық әрекетке қосатын үлесі шамалы, сондықтан оларды шындықты айтып беруге көндіру жеңіл. Осылардан алынған деректер бойынша басқа қатысушылардан жауап алу реті өзгеріп отыруы мүмкін. Жауап алу барысында тергеуші қылмысқы қатысушылардың жалған мәлімет беруге

келісіп алған жоқ па, соны байқап отыруы керек, соның ішінде олар кәмелетке толмағандарға жала жауып отыр ма және т.с.с. Осыларды ескере отырып тергеуші жауап берушілердің әрбір мәліметтерін тыңғылықты талдау тәсілін қолдануы керек, қажетті жағдайда белгілі бір ретпен алынған заттық дәлелдерді көрсетіп отырғаны дұрыс болады, тіпті кейбір жағдайда қайтадан жауап алу, беттестіруді жүргізген жөн.(25. 128 б)

Жауап алу алдында, тергеуші жауап берушінің есірткіден масаю жағдайында екендігін көз жеткізіп алуы керек. Сол себептен, тергеуші есірткінің адам организміне қандай әсер ететінін білуі қажет. Егер оның жағдайы күдік тудыратындай болса, онда жауап алуды кейінге қалдыра тұру жөн. Тергеуші жауап алуға дайындық кезеңінде есірткілік өсімдіктерді өсіру және жинауға арналған оқулықтармен, есірткіні шығару технологиясымен алдын-ала танысып алғаны дұрыс. Сонымен қатар сезікті жөнінде мәліметтер жинап алуы керек:

- оның жасы;
- бұрын сотталған ба;
- наркодиспансерде немесе полицияда есепте тұр ма;
- есірткіні пайдаланып жүргеніне қанша уақыт болды;
- от басының құрамы мен олармен қарым-қатынасы қандай.

Тергеуші сезіктіден жауап алғанда жауап берушінің өмірбаянын сұраудан бастап, кейін қаза болған адаммен қарым-қатынасы қандай болғанын және олар соңғы рет кездескенде не туралы әңгімелескенін, адам өлтіру қылмысы болған күні сезікті немен айналысқанын, сол күні қандай киім кигенін және ол киім қайда екенін сұрағаны жөн.

Жауап алудың нәтижесі көп жағдайда жауап берушінің тұлғасы қаншалықты дәрежеде зерттелгеніне және жауап алу барысында қаншалықты олардың дұрыс қолданылуына тәуелді болады. Жауап берушінің тұлғасын зерттеу эмоционалды әсер ету әдістерін қолдануды жеңілдетеді. Тергеуші келесі эмоционалды әсер ету әдістерін қолдана алады: жауап берушінің жақсы жақтарына әсер ету; шын жүректен өкініп, барлығын айтудың маңызын түсіндіру. Өсімдік есірткі заттарды дайындайтын қылмыскерлерден жауап алғанда келесі мәселелер анықталады: есірткі өсімдіктері қай жерде және қандай мөлшерде өсірілді; оларды өсіруге тапсырма болды ма; дайын шикізатты кімге сату жоспарланды; есірткі шикізаты бұл тұлғаға қандай бағамен сатылды; есірткі затты өсірушіге күкық қорғау органдары тарапынан қандай да бір әрекеттер (ескерту жасау, егілген өсімдіктерді, шикізатты жою және т.б) қолданылды ма. Егер синтетикалық есірткілерді және жүйкеге әсер ететін заттарды дайындау бойынша жасырын лаборатория табылса, ұсталған адамдардан келесі мәселелер анықталады: ұсталған адамдардың тұлғасы, лабораториядағы олардың функциялары, білімі, мамандығы, мұндай қызметпен айналысқанына қанша уақыт өтті, технологиялық процестің барлық детальдары; шикізатты алудың және олардың компоненттерін алудың детальдары; сатудың арналары; алынатын продуктінің көлемі; қызметтің қаржылық жағы қандай болды және т.б.(3. 58-59 б)

Есірткілерді тасымалдайтын адамдардан жауап алғанда келесілер анықталады: жүк қайдан келді және оның орналасуы; тасымалданатын жүктің сипаты; қабылдап алушы кім; шекара және бақылау орындарынан өту қалай жоспарланды; тасымалдау үшін қандай сыйақы берілді; сыйақы кімнен алынды; бұрын мұндай тасымалдаулар жүргізілді ме; тасымалдаушының өзі есірткі заттарды тұтынады ма; көлік құралының иесі кім; көлік құралындағы құпия орындарды кім жасады; есірткілерді тапсырған және оларды қабылдап алатын адамдармен қандай парольдермен хабарласады.

Есірткі заттарды сататын адамдарды ұстаған кезде келесілер анықталады: есірткілер және жүйкеге әсер ететін заттар кімнен алынды; есірткілердің расфасовкасын өзі жасады ма, әлде басқа біреу жасады ма; есірткілер кімге сатылады және қандай бағаға; тұрақты сатып алушылар бар ма; оларға сатушыны кім ұсынды; сатып алушы алынған есірткілерді қай жерде сақтайды; қашаннан бері есірткілерді сатумен айналысады.

Аптекаларда есірткі заттарды алуға рұқсат ететін құжаттарды қолдан жасау істер бойынша есірткілерді және тиісті құжаттарды алған адамдардан жауап алынады. Рецептін иесі сол құжат бойынша қандай есірткілерді немесе жүйкеге әсер ететін заттарды алатындығы, қандай мөлшерде алатындығы сұралады. Мұндай жалған құжаттарды жасаушылардан жауап алғанда олардың қандай мақсатпен жасағандығы және қолдан жасаудың тәсілдері сұралады.(36. 83 б)

Нашақорлар және токсикомандар үшін притондарды ұстайтын адамдардан жауап алғанда притонды құрудың барлық мән-жайларын; келетін тұлғалардың шеңберін, есірткілерді немесе жүйкеге әсер ететін заттарды қай жерден алғандығы, қай уақытта олар притонға келетіндігі, сол үшін қанша ақша төлейтіндігі сұралады.

Сезіктіден жауап алу кезінде қайшылықты жағдай қалыптасқанын ескеріп келесі әдістерді қолданамыз:

- көрсетулерде қарама-қайшылықтарды анықтау үшін жауап алу барысында барлығын ұсақ-түйегіне дейін сұрау;
жауап берушінің аңыз айтуына жол беру;
- 1. дәлелдемелерді көрсету;
- 2. басқаша тәртіпте қайтадан жауап алу;
- 3. жанама сұрақтарды қою;
- 4. жауап алудың темпін жылдамдату және басқа да әдістер.

Егер жауап алу өңдеуге тиым салынған есірткелік өсімдіктер жайлы болса, тергеуші жауап берушіден мынадай деректерді анықтап алуы керек:

- есірткілік дақыл қандай мақсатпен және кімнің басшылығымен өсірілді;

- олардың ұрығы немесе көшеттерді қайдан алды, оны кімдер отырғызды, кімдер қарады және өнімді кімдер жинады;

- егу және өсіру үшін қандай құралсаймандар қолданғаны, оны пайдаланғанға қанша уақыт болғаны, қазіргі кезде олардың қайда екендігі; жиналған өсімдіктерден есірткілік затты кімнің жасағаны және қандай мақсатқа арналғандығы.

Сезіктіні қылмыс үстінде ұстаған кезде мынадай мәселелерді анықтау қажет:

есірткі кімдікі екендігі, ол ұсталған адамның қолына қалай түсті, бұл зат қашаннан бері қандай мөлшерде және қандай түрде, қай жерде шығарылды;

шикізаттың немесе жартылай дайын өнімнің технологиясы; бұл үшін қандай құрылғылардың қолданғаны, олардың қазіргі кезде қайда екендігі.

Есірткі және жүйкеге әсер ететін заттардың заңсыз айналымымен шұғылданатын қылмыскерлердің тұрғын-жайында тінту жүргізу

Қылмысты ашу және тергеу барысында тінтуді жүргізу қажеттілігі пайда болады, ал, ол жүргізіліп отырған тұлғаға айқын мәжбүр ету сипатында болады. Тергеудің сапалылығы, көп жағдайларда, тергеу әрекеті қаншалықты тыңғылықты және шебер жүргізілгендігіне байланысты болады. Дәлелдерді жинап және тексеруге бағытталған тергеу әрекеттерінің бірі тінту болып табылады.

Тінту - тергеу әрекеті болып табылады және ғимараттарды, басқа да нысандарды еріксіз түрде тексеру екендігімен, оны іске асыру барысында қылмыс құралы болып табылатын немесе қылмыстық нысан ретіндегілерді алу екендігін көрсетеді. Сонымен қатар, тінтудің мақсаты, заттық дәлелдерді, мәйіттерді, тергеу мен соттан жасырынып жүрген тұлғаларды тауып және алу болып табылады.

Тінтудің көптеген басқа тергеу әрекеттерінен өзіне тән айырмашылығы, оның еріксіз жүргізу сипаты. Қажет болған жағдайда - ғимараттарға еріксіз кіру; іске мәні бар дәлелдік заттарды еріксіз тексеру және алу. Бұл әрекеттердің барлығы азаматтардың конституциялық құқығына нұқсан келтіреді, себебі тінтілушінің жеке мүддесіне қол сұғумен байланысты болып отыр.

Қазақстан Республикасының Конституциясы азаматтардың жеке өміріне және тұрғын үйіне қол сұқпауды, хат жазысу, телефонмен сөйлесу мен телеграфтық хабарлардың құпиялылығының сақталуын қамтамасыз етеді. Тұлғаның тұрғын үйі тек оның еркінсіз, ешкімнің кіруіне хақысы жоқ.

Тұрғын үйге кіруге байланысты тінту және басқа да әрекеттерді, тергеуші негізделген қаулы арқылы жүргізеді, сонымен қатар, кейінге қалдырмайтын жағдайларда, айталық, белгілі бір ғимаратта немесе басқа жерде, немесе қандайда - бір тұлғаның қолында қылмыстық қарудың, қылмыстық жолмен тапқан заттар мен бағалы заттардың бар екендігі туралы, немесе іске мәні бар басқа да заттар мен құжаттардың бар екендігі туралы жеткілікті негіз тергеу ісін жүргізуші немесе анықтаушы тұлғада болса, қылмыстық іс жүргізу заңына сәйкес, ол тінту ісін жүргізе алады.

Ғимаратта тінту жүргізу деп мынаны айтады: азаматтың еркінсіз тұрғын үйін тексеру немесе жасырылған қылмыстық дәлелдерді немесе іздестірудегі тұлғаларды табу мақсатында мемлекеттік мекемелер мен

өндірістердің ғимаратын тексеру. Мұндай дәлелдері бар қылмыскер, егер олар табылған жағдайда, оның қылмыс жасағаны әшкереленетінін ол толығымен ұғынады, сол себептен ол бұл дәлелдерді құқық қорғау органдарының тауып алу мүмкіндігінен тайқуға тырысады. Тінтуді жүргізу ісі екі мәселені жүзеге асыруға мүмкіндік береді, бұл жәбірленушінің бұзылған құқығын қалпына келтіру және қылмыскерді жазаға тарту, немесе оған бөтен біреудің мүліктерін жасыруға немесе заңсыз заттарды сақтауға көмектескен тұлғаларды жазаға тарту. Сол себептен, тінту өз уақытында, жоспарлы және дәйекті жүргізілуі керек. (3.7 б)

Есірткі және жүйкеге әсер ететін заттар қылмыскердің үйінде немесе басқа тұрғын жайда болған кезде тінту тергеу әрекетін жүргізу қажет.

Тінтудің мақсаты - әдейі тығып қойған немесе тығулы тұрған айғақ заттарды арнаулы тактикалық әдістерді қолдану нәтижесінде тауып алу.

Тінтуге кірісер алдында тергеуші нені іздеу керектігіне, қайдан іздеу керектігіне айрықша назар аударады. Не іздеу керек екенін тергеуші тінтуге келер алдында анықтайды, шешеді. Дәлелдемелерді қайдан іздеу керектігі тінтілетін үйді, бөлмені жалпы шолып қарағанда анықталады. Әрбір қылмыстық іс бойынша тергеуші не іздеу керектігін шешеді. Инсценировкамен жасырылған адам өлтіру қылмысы болған кезде, сезікті тұлға қарақшылар жәбірленушіні өлтірді деп мәлімдесе, онда сезіктінің үйінде жәбірленушінің оқиға болған жерде жоғалған киімдері, ақшалары, құжаттары ізделеді.

Жеке басты тінтудің өзі екі кезеңге бөлінеді. Әуелі, жалпылай тінтіп, бойында қару бар ма, жоқ па соны қарап, содан кейін басынан төмен қарай киімін, денесін ұқыпты, мұқият тексеріп шығу қажет. Қалтасынан табылған құжаттар, заттар арнайы алдын ала дайындалған жерге қойылып, кейін хаттамаға енгізіледі. Тінтуді, әрине сол тінтілетін адаммен бір жынысты адам жүргізуі тиіс. Тінтілетін адамның денесінде бинттелген, байланған жер болса оны шешіп көру үшін медицина мамандары қатыстырылып, бинтті шешу соларға жүктеледі.

Жедел іздестіру қызметі барысында тінтуді сапалы етіп жүргізуге қажетті ақпарат алынады, атап айтқанда қандай заттың қай жерде болуы жөнінде, тінтілетін адамдарда қарудың бар-жоқтығы анықталады. Тінтілетін пәтер болса, оның толық мекен-жайы, неше бөлмеден тұратыны, телефон бар ма, қанша адам тұрады, үйге қай мезгілде жұмыстан келетіндігі жөнінде мәліметтер жиналады. Жедел-тергеу тобы құрылғанда тінтуге қандай лауазымды адамдардың немесе мамандардың қатысу керектігі, оларды қай жерге орналастыру қажеттігі белгіленеді. Тінтуге керекті арнайы техника құралдары дайындалады.

(4. 183-193 б)

Дайындық жұмыстары толық бітісімен тергеуші, жедел топқа кіретін адамдар тінтілетін үйге кіреді. Осы тінтілетін жерге тосыннан, күтпеген мезгілде келу үшін белгілі тактикалық әдістер қолданылады. Тінтілетін үйге жақындағанда жедел топтағы адамдар бөлініп, осы объектіге жан-жақтан, жеке-жеке келуі керек. Тінтілетін адам тінту жүргізілетінін білмеуі керек, тінту

кенеттен, тосыннан басталады.

Тінтуге келгенде үйде қанша адам болса, бәрі де тінту біткенше орнында болады, кетуге рұқсат етілмейді. Бірнеше бөлме болса қай бөлмеден тінту бастау керек екені бірден шешіліп, анықталуы керек. Кей жағдайда тергеуші өзі бір бөлмені тінтсе, екінші бөлмені тінту өзімен бірге келген полиция қызметкеріне тапсырылады. Тінтілетін объект тек бір бөлме болса іздеу есіктен басталып, қабырға бойымен бір бағытта оңнан солға, не керісінше жүргізіліп, одан кейін бөлменің ортасында тұрған объектілер қаралады.

Тінту үстінде тінтілетін адамның көңіл күйін, іс әрекетін, психологиялық құбылысын бақылап, осының бәріне сын көзбен карау керек, себебі мұндай жағдайда тінтілетін адам асып-сасып, заттың табылған жерін өзі білдіріп қоюы мүмкін. Керекті затты қай жерден іздеу керек екенін табу үшін тергеуші бірден тінтілетін адамның орнына қойып, мен өзім қайда тығар едім деп өзіне сұрақ қойып, ойлап, болжап көруі керек. Жиіркеніп толық қарамайды деп, ізделетін затты қылмыскер қоқсықтың арасында, сыпырғыш жәшікке, тағы басқа бір лас жерге тығуы да мүмкін. Мұны да тергеуші есінен шығармауы керек. Егер құпия, жасырын жер еденде болса, оны да зер салып, мұқият тексеру арқылы табуға болады, Мысалы, еденге жаңадан қағылған немесе жаңадан сырланған тақтай не шеге еден тақтайларының арасындағы саңылаулар шындықты ашуға көмектеседі. Сондықтан осындай күдік келтіретін белгілер болса, осы жерді үстіртін қарамай, неғұрлым зейін салып, қолдағы бар техникалық құрал-саймандарды пайдалана отырып карау керек.

Есірткі заттар өзінің көлемі бойынша көп орын алмайтындықтан кез келген жерде болуы мүмкін. Қылмыскерлер есірткі заттармен ұсталса көп жылға бас бостандығынан айырылатынын білетіндіктен оларды мұқият жасырады. Есірткі заттар, әсіресе героин секілді күшті есірткілер көп орынды алмайды. Героин ұнтақ зат және көп жағдайда целлофан пакеттерінде болады. Тергеу тәжірибесі көрсеткендей, есірткі заттар туалетте унитаздың, унитаз бөшкесінің ішінде целлофан пакеттерінде, компот, варенье банкілерінде, целлофанның ішінде, тұз, бұрыш сақтайтын қораптарда, құпия жерлерде, сейфтердің ішінде, подвалда, қоқыс жататын бөшкелерде табылған. Сонымен бірге, тұрғын үйдің жанында орналасқан қораларды, гаражды, көлік құралдарын қарап шығу керек. Бұл заттарда есірткілер көліктің қосымша баллондарында, көліктің қуыс жерлерінде, есіктердің ішінде болуы мүмкін. Тінту тергеу әрекетін жүргізгенде биологиялық детекторды – қызметтік итті қолдану көп табыстарға қол жеткізеді. Есірткі заттар өсімдік түрінде болса, оларды шөп жинайтын қораларда табуға болады.

Ұсталғанның үйінде, жұмыс орнында және басқа да жерде тінту жүргізу барысында, тінтуші мыналарға көңіл аудару керек:

- есірткілік заттарға;
- есірткі заттардың бөлшектеріне;
- есірткіні қолдан жасауға арналған құралдар мен заттарға;

- қан тамырына, ет арасына салуға арналған ине мен шприцтерге;
- қылмысқа қатысты хаттарға, рецептерге, арналған бланк және басқа да құжаттарға;
- есірткіні дайындауға және өңдеуге қолданылған киімдерге;

Тінтуді әдеттегідей тергеу-оперативтік топ жүргізеді, оның құрамына кіретіндер:

А) тергеуші;

ә) оперативтік қызметкер;

б) маман, ол көбінесе криминалистика бөлімінің сарапшысы.

Көп жағдайда тінту ісіне іздестіру иті қатыстырылады, ол есірткіні табу үшін арнайы үйретіледі.

Тінту жүргізу кезінде ішкі істер қызметкерлері есірткі бар болуы мүмкін деген жерлердің бәрін мұқият қарап шығуы керек.

Тінту тергеу әрекетін сонымен бірге, есірткі заттарды дайындайтын, оларды қораптарға бөлетін лабораторияларда, есірткілерді жасырын өсіретін теплицаларда жүргізуге болады.

Есірткі заттарды тұтынатын адамдардың притондарында тінту кезінде келесі заттар ізделеді:

- есірткі және жүйкеге әсер ететін заттар, олардың қораптарының қалдықтары, оларды қолданудың іздері: ампулалар, есірткі заттың қалдықтары бар шприцтер, құрамында анаша бар темекілер;
- бинттер, марлялар және сары дақтары бар басқа да объектілер;
- есірткілерді дайындау және өндіру үшін қолданылған заттар: лабораторлық заттар, таразы, елегіш, әртүрлі аппаратура;
- есірткі заттарды дайындау үшін шикізат, синтетикалық есірткілердің немесе жүйкеге әсер ететін заттардың компоненттері;
- арнаулы әдебиеттер, рецептер, инструктивті сипаттағы жазбалар және басқа да құжаттар;
- есірткі заттарды тасымалдау үшін қолданылған контейнерлер.

Есірткілік заттар сақтау кезінде өзінің құрамын өзгертетінін, сонымен қатар микробөлшектері жойылуы мүмкін. Мұндайды болдырмау үшін мынадай шаралар қолдану керек:

1. Есірткі сақтаушы заттарды алған кезде, оларды жеке ыдысқа қаттау қажет, мысалы, целофан пакет, әйнек банка, флакон, пробирка;
2. Алынған сұйықтықты әйнектен жасалған ыдысқа құйып, аузын тығыз тығындап, воск немесе парафинмен жапсыруа тастау керек;

Тінтуге қатысушылардың көзінше хаттау ыдыстары мөрленеді және оларда қандай заттардың бар екендігін көрсетіп жазады, сонымен қатар қандай әрекет жасау арқылы алынғаны туралы көрсетіледі, содан кейін

тінтуді жүргізуші куәгерлер мен тінтілуші қолдарын қояды.

Есірткі және жүйкеге әсер ететін заттардың заңсыз айналымымен байланысты қылмыстарды тергеудің кейінгі кезеңі

Есірткілердің және жүйкеге әсер ететін заттардың заңсыз айналымымен айналысатын тұлғаларды танытуға көрсету.

Бұрын байқалған адаммен немесе объектімен ұқсастықты немесе айырманы анықтау мақсатында тергеуші тану үшін куәға, жәбірленушіге, сезіктіге немесе айыпталушыға адамды немесе затты көрсете алады.

Тануға қатыстырылатын адамдардан тиісті адамды немесе затты қандай жағдайда байқағаны туралы, қандай белгілеріне және ерекшеліктеріне қарай тани алатыны туралы алдын-ала жауап алынады.

Жауап алу кезінде танушы адамға есірткі және жүйкеге әсер ететін заттарды сатумен айналысатын қылмыскерді қашан, қай жерде көргендігі, қандай есірткі заттарды сатқандығы туралы сұрақтарды қояды. Сонымен бірге, тергеуші есірткі заттарды сататын адамды суреттеп беруді ұсынады. Хаттамада ең алдымен оның жынысы, шамамен жасы және бойы көрсетіледі. Одан кейін оның бетінің пішіні, өлшемдері және орналасуы (маңдайдың, қастың, көздің, мұрынның, ауыздың, құлақтардың орналасуы) жазылады. Егер есірткі сатушы адам бас киімсіз болса, онда оның шаштарының түсі және пішіні, шаш алудың сипаты көрсетіледі. Қылмыскердің бет-әлпетінің ерекше белгілеріне көп көңіл аударылады: тыртықтарына, меңдеріне және қалдарына, татуировкаларына, дене мүшелерін қисық немесе тіпті болмауына.

Жауап алу кезінде қылмыскердің бет-әлпетінің белгілері толық сипатталған жағдайда тергеуші таныту туралы шешім қабылдайды.

Танылуға тиіс адам тануға қатыстырылатын адамға жынысы бір, сыртқы пішіні мен киімінде айтарлықтай айырмашылық жоқ басқа адамдармен бірге көрсетіледі. Тану үшін көрсетілетін адамдардың жалпы саны кем дегенде үш адам болуы керек.

Тергеу іс-әрекетіне арасында танылуға тиіс адам орналасқан өзге адамдардың қатысуы тек олар ерікті түрде келіскен кезде және тануға қатыстырылған адам олармен бұрын таныс болмаған жағдайда мүмкін болады.

Егер танитын адам, куә немесе жәбірленуші болса, оған танудың алдында айғақ беруден бас тартқаны үшін, көрінеу жалған айғақ бергені үшін қылмыстық жауаптылығы туралы ескертіледі, оған сондай-ақ өзіне, еріне (зайыбына) және өзінің жақын туыстарына, ал діни қызметшіге тәубе үстінде өзіне ішкі сырын сеніп ашқан адамдарға қарсы куәлік етпеу құқығы түсіндіріледі. (9. 28 б)

Тану жүргізу алдында тергеуші танылуға тиіс адамға өзге адамдардың

арасында кез келген орынды таңдап алуын ұсынады, бұл хаттамада көрсетіледі.

Танушының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында, сондай-ақ дауыс, сөйлеу, жүріс ерекшеліктері бойынша тану кезінде адамды тану үшін көрсету танылуға тиіс адам танитын адамды көрмейтіндей жағдайда жүргізілуі мүмкін. Бұл жағдайда куәгерлер тануға тартылған адаммен бір жерде тұрады. Тануға тартылған адам мен куәгерлерге тану үшін көрсетілген адамдарды жеткілікті көріп байқау мүмкіндігі қамтамасыз етілуге тиіс.

Адамды көрсету мүмкін болмаған кезде тану оның фотосуреті бойынша жүргізілуі мүмкін, ол бет әлпеті танылуға тиіс адаммен мүмкіндігінше ұқсас, кемінде үш адамның фотосуретімен бірге көрсетіледі, тану сонымен бірге дыбыс және бейнежазба бойынша да жүргізіледі.

Танытуға көп жағдайда есірткі заттарды сататын тұлғалар көрсетіледі. Бірақ тергеу тәжірибесінде есірткілердің заңсыз айналымымен айналысатын басқа да тұлғалар, әсіресе қылмыстық қызметтің ұйымдастырушылары да танытуға көрсетіледі. (8. 83 б)

Ұйымдасқан топтың қатысушылары әрекеттерінің конспиративтілігі қылмыстық топ мүшесінің қылмыстық топ мүшелерінің екеуін немесе үшеуін көруге мүмкіндік береді. Көп жағдайларда, ұйымдасқан қылмыстылықта төменгі деңгейде тұратын қылмыскерлер жоғары деңгейде тұратын қылмыскерлерді, қылмыстық қауымдастықтың басшысын, ұйымдастырушысын тіпті білмейді.

Беттестіру, көрсетулерді өз орнында тексеру және нақтылау тергеу әрекеттері

Есірткі заттардың заңсыз айналымы қылмыстарын тергеу кезінде тергеу тәжірибесі көрсеткендей қылмысты істі тергеу үстінде өте жиі кездесетін жағдай — бұрын жауап алынған адамдардың жауаптарында елеулі қайшылықтардың болуы. Осы қайшылықтарды анықтап, оны жою үшін оларды беттестіріп, жауап алынады. Яғни, беттестіріп жауап алу дегеніміз бұрын жауап алынған екі адамды бірге отырғызып, бір мезгілде екеуінен қатар, қайтадан жауап алу. (15.86 б)

Беттестіру тек бұрын жауап алынған адамдардың арасында жүргізіледі. Куәгер мен куәгер, сондай-ақ куәгер мен айыпкер немесе айыпкер мен айыпкер беттестіріледі. Жауаптағы қайшылықтардың себептері әр түрлі болуы мүмкін.

Есірткі және жүйкеге әсер ететін заттардың заңсыз айналымы қылмыстарын тергеуде беттестіру тергеу әрекеті есірткілерді сататын және есірткіні тұтынатын нашақор арасында, есірткілерді сататын тұлғалар, есірткілерді тасымалдаған және есірткілерді белгілі бір жерге жеткізуге тапсырған тұлға, есірткілерді тасымалдаған және есірткілерді қабылдап алған тұлға арасында, есірткілерді және жүйкеге әсер ететін заттарды лабораториялық жағдайларда дайындайтын және оларды өткізетін тұлғалар

арасында, есірткі затты жалған рецепт бойынша аптекадан алған және аптекада дәрілерді сататын тұлғалар арасында жүргізіледі.

Беттестіру күрделі тергеу әрекеті болғандықтан, оған мұқият дайындалып, тактикалық әдістерді қолдану керек. Тергеу әрекетінің мұндай түрін өткізуге дайындық кезінде тергеуші мынадай мәселелерді шешіп алуы тиіс:

1. Беттестіру үстінде қандай қайшылықтарды шешу керек?

2. Беттестіруге қатынасып отырған адамдарға қандай сұрақтар қою керек?

3. Беттесуге қатынасатын адамдардан қандай кезекпен жауап алу керек?

Тергеу әрекетін бастамас бұрын тергеуші беттесуге қатынасатын адамдардың өзара қарым-қатынасын, егер олардың бас араздығы болса оның себебін, ал егер екеуі де куәгер болса олардың айыпкерге, жүргізіп отырған іске қандай қатынасы бар екенін анықтап біліп алуы керек. /1/ Беттестіру мезгілінде жауапқа қатынасып отырған адамдарға ұсынылатын айғақ заттарды, құжаттарды алдын ала белгілеп, дайындап қоюы тиіс.

Заң бойынша беттестіру тек бірімен-бірі таныс адамдардың арасында жүргізіледі. Егер беттесуші адамдар куәгерлер болса, оларға дұрыс жауап беруге міндетті екендіктерін түсіндіріп және жауап беруден бас тартқаны немесе біле тұра өтірік жауап бергені үшін жауапты болатынын ескертіп, қолхат алу керек.

Қылмыстық істі тергегенде екі айыпкерден жауап алынды делік. Жауап алу нәтижесінде олардың жауаптарында елеулі қайшылық байқалады. Бір айыпкер өзінің кінәсін мойындап, қылмысты екінші айыпкермен жасағанын айтады. Ол ұйымдастырушы мен қылмыстың орындаушысы болдым дейді. Сондай-ақ қылмысты қалай жасағанын айтады. Ал, екінші айыпкер қылмысқа қатысым жоқ, деп кінәсін мойындамайды. Осы тергеу әрекетін жүргізу арқылы, айыпкерлерді бетпе-бет беттестіріп тергеуші олардан жауап алады. Беттестіру кезінде тергеуші кінәлігін мойындамаған айыпкер екінші айыпкерге теріс әсер етуіне мүмкіндік бермеу керек. Бұл тергеу әрекетін жүргізу кезінде тергеуші қарсыласу субъектісіне бірқатар әшкерелеу тәсілдерін тиімді қолдану керек. Беттесуге қатынасатын адамдардан қандай кезекпен жауап алу керектігі белгіленеді. Іске тікелей қатынасы бар сұрақтар қойылады. Әртүрлі тактикалық амал тәсілдерді қолдану жолымен жасыру субъектісінің қарсылығы басылады.

Дәлелдерді алудың және зерттеудің тиімді әдіс-тәсілдерінің бірі айғақтарды оқиға болған жерде тексеру мен нақтылау саналады. Бұл дербес тергеу әрекетінің маңызы өте жоғары, себебі оның мақсаты бар дәлелдемелерді толықтыру, зерттеу ғана емес жаңа дәлелді деректерді алу болып табылады.

ҚР ҚІЖК 238 бабында жәбірленушінің, куәнің, сезіктінің, айыпталушының тергелетін оқиғамен байланысты жерде берген айғақтарын тексеру мен нақтылау:

- айғақтардың растығын оларды болған оқиғаның жағдайымен

салыстыру арқылы анықтау;

- тексерілетін іс-әрекет болған бағытты және орынды анықтау;
- жаңа нақтылы деректерді анықтау мақсатында жүргізіледі делінген.

Оқиға болған жерде айғақтарды тексеру мен нақтылау бұрын жауап алынған адам зерттеліп отырған оқиғаның жай-жапсары мен мән-жайларын оқиға болған жерде жаңғыртуу; іс үшін маңызы бар заттарды, құжаттарды, іздерді тауып, көрсетуі; белгілі бір іс-қимылды бейнелеп көрсетуі; зерттеліп отырған оқиғада қандай заттардың қандай роль атқарғанын көрсетуі; оқиға болған орынның өзгеруіне назар аудартуу; өзінің бұрынғы айғақтарын нақтылауы және айқындауы болып табылады.(4.480 б)

Заң нормаларына сәйкес айғақтарды тексеру мен нақтылау жауап алынып отырған адамға оның айғақтары тексерілетін бағыт пен орынды ерікті түрде көрсетуді ұсынудан басталады.

Бірқатар заңгерлер өздерінің еңбектерінде айғақтарды оқиға болған жерде тексеру мен нақтылау кезінде тактикалық әдістерді қолданудың тиімділігі жөнінде жазды. А.Н Васильев және С.С Степичев осы тергеу әрекетіне тән келесідей бірқатар әдістерді және ұсынымдарды ұсынды: а) тексерушіге оқиға болған жерге барудың бағытын таңдауға еркіндік беру және ол жерде жасаған кейбір әрекеттерін көрсету; б) тексеру жүргізу барысында ол қалған барлық қатысушылардың алдында жүруі керек; в) бұл тергеу әрекеті әрбір тексерушімен бөлек жүргізіледі және әрбір жағдайда жаңа куәгерлер шақырылады.

Аталған тактикалық әдістердің мақсаты бұл тергеу әрекетінің барысын қамтамасыз ету, қылмыстың қандай-да мән-жайы жөнінде толық және шынайы ақпарат алу.

Тексерушінің еркін және инициативті жүріс-тұрысын қамтамасыз ету әсіресе ол келу, кету және кіру жолдарын, оқиға болған жерді, қылмысты жасыру үшін қандай әрекеттер жасағанын көрсеткенде өте маңызды.

Есірткілердің және жүйкеге әсер ететін заттардың заңсыз айналымы қылмыстары бойынша көрсетулерді өз орнында тексеру және нақтылау тергеу әрекеті барысында есірткі және жүйкеге әсер ететін заттарды лабораториялық жағдайларда дайындаған тұлғалар есірткілерді қандай тұрғын-жайларда дайындағанын, есірткілерді дайындау процесі қандай болғанын, есірткілерді дайындау үшін қандай заттар, ыдыстар қолданылғанын көрсетеді;

- өсімдік есірткі заттарды дайындаумен айналысатын тұлғаның есірткі үйінде теплицада өсіретіндігі әлде ашық даладан теріп келетіндігі көрсетіледі; есірткі заттар үйінде өсірілсе теплицаның қай жерінде оның өсетіндігі, оларды өсіру үшін қандай дәндер пайдаланғандығы көрсетіледі; есірткі және жүйкеге әсер ететін заттарды аптекадан ұрлаған немесе жалған құжаттарды, рецептті пайдаланып есірткі заттарды алса жалған құжаттарды қалай дайындағаны және т.б өз орны да көрсетіледі.

-
Есірткілік заттардың заңсыз айналымының қылмыс ісін тергеу барысындағы тергеуші мен анықтау органының өзара байланысы.

Қылмысқа қарсы күресте ең маңызды нәрсе – ешбір қылмыс ашылмай қалмауы керек. Сол үшін тергеуші мен оперативтік қызметкерлер қылмысқа қарсы күресте бір-бірімен тығыз байланыста жұмыс істеуі қажет.

Тергеуші мен анықтама жүргізуші органдардың бірлесіп жұмыс істеуінің қылмысты ашуда және оның алдын алуда маңызы зор.

Сонымен тергеу және анықтама жүргізуші органдардың тергеу үстінде қалыптасатын қарым-қатынасының түсінігі — қылмысты істі тергегенде бір-біріне әкімшілік тұрғыдан тәуелсіз тергеу және жедел-ізвестіру органдарының қылмысты ашуға, оны сапалы тергеуге, қылмыстың алдын алуға бірлесіп, іскерлікпен істейтін жұмыстары. Бірақ мақсаттары мен міндеттері бірдей, ортақ болғанмен аталған органдардың қызметтерінде өзіндік ерекшеліктер бар. Бұдан бұрынғы жедел-ізвестіру жұмыстары жөнінде заңда өте қысқа, мәлімдеме есебінде ғана айтылған болатын. Қазір арнайы жедел-ізвестіру жұмыстары жөніндегі заң қабылданғандықтан бұл органның өкілеттігі заң жүзінде толық бекітіліп көрсетілген. Осы заңға байланысты жедел-ізвестіру органдарына жоғарыда айтылған жалпы міндеттермен қатар өзіне нақтылы жүктелетін міндеттері бар. Оның ішінде негізгісі - қылмыстың белгілерін, іздерін тауып, оған қатысқан қылмыскерлерді анықтап, оларды дер кезінде ұстау. Бұл өзінің алдына заң жүзінде қойылған міндеттерді анықтама жүргізуші органдар өзінің өкілеттігіне тән әдістермен, тәсілдермен жедел-ізвестіру жұмыстарын жүргізу арқылы анықтап орындайды. Тергеуші істің кейбір мән-жайларын анықтау жөнінде бұл органдарға нұсқау бере отырып оны қандай әдістермен, қандай жедел-ізвестіру жұмыстарын жүргізу арқылы шешетіндігіне араласып кіріспейді.(18.473-474)

Тергеуші мен анықтама жүргізуші органдардың арасында екі түрлі қарым-қатынас қалыптасуы мүмкін: тұрақты және бір жолғы. Тұрақты қатынас жағдайында тергеуші мен жедел-ізвестіру органдарының қызметкерлері бір істі басынан аяғына дейін бірлесіп, бір жедел топ құрып тергейді. Қарым-қатынас қылмыс осы органдарға белгілі болған кезеңнен, тіпті іс қозғалмай тұрып-ақ қалыптасады. Мұндай жағдайда жедел-ізвестіру органдары іс қозғауға негіз бола алатын фактілерді, мәліметтерді жинап, оны тергеушіге береді. Бұл мәліметтер тергеушінің қылмысты қозғау кезеңінде дұрыс шешім қабылдауына көмектеседі. Қылмыстық іс қозғалғаннан кейін жедел топ құрылып, оған тергеуші және қылмыстың түріне байланысты бірнеше жедел-ізвестіру органдарының қызметкерлері кіреді. Жедел топқа кірген тергеуші және жедел-ізвестіру органдарының қызметкерлері жалпы тергеу жоспарын жасап, онда көрсетілген іс-әрекеттерді нақтылы кім орындайтынын көрсетеді. Кей жағдайда тергеуші өз алдына жоспар жасап, жедел-ізвестіру органдарының қызметкерлері өзінше жоспар жасаулары мүмкін. Мұндай жағдайда жедел топтың кеңесінде екі жоспарда да көрсетілген іс-әрекеттер салыстырылып, екі жоспарға да белгілі бір дәрежеде

өзгерістер енгізілуі керек. Анықтама жүргізуші органдар жедел-іздістіру жұмысын өткізгенде алынған мәліметтерді дереу тергеушіге хабарлап отыруы тиіс. Тергеу әрекетін жүргізу үстінде алынған дәлелдеме фактілерді тергеуші анықтама жүргізуші органдардың қызметкерлеріне хабарлап отыруы керек. Бір-біріне осындай мәлімет беріп, іскерлік қарым-қатынаста болғанда ғана тергеу дұрыс бағыт алып, жедел топтың жұмысы нәтижелі аяқталып, қылмыс дер кезінде ашылады. Мұны осы екі орган да өз-өзімен жеке жұмыс жасайды деген мағынада түсінбеу керек. Бір тергеу әрекетін бірігіп өткізетін де жағдай болады. Айталық, оқиға болған жерді қарау үстінде тергеуші оқиға болған жерді қарап жатқанда, анықтама жүргізуші органдардың қызметкерлері қылмыскердің кім екенін анықтап, оны ұстауға, осы болған қылмысты көрген адамдарды табуға және басқа да қылмыстың мән-жайы жөніндегі мәліметтерді біліп, анықтауға бағытталған жедел-іздістіру жұмыстарын жүргізеді. Жедел топқа кіретін жедел-іздістіру органының қызметкерлеріне тергеуші кейбір жеңіл тергеу әрекетін өзі жеке өткізуді де жүктеуі мүмкін. Сонымен, тергеуші мен жедел-іздістіру органдарының тергеу үстіндегі тұрақты қарым-қатынасы жедел топты, сондай-ақ, жалпы тергеу жоспарын құрумен және кейбір тергеу әрекеттерін бірігіп өткізумен сипатталады.(4.338)

Тергеу үстінде осындай тұрақты қатынаспен бірге, көбінесе жеңіл қылмыстарды тергегенде, эпизодтық, былайша айтқанда, бір жолғы қарым-қатынас та қалыптасуы мүмкін. Мысалы, қылмыстық заңға сүйеніп тергеуші істің кейбір мән-жайларын жедел-іздістіру жұмыстарын жүргізу арқылы анықтап беру жөнінде осы органға нұсқау береді. Айталық, қылмысқа сезікті адамның тұрмыс жағдайын, кіммен қарым-қатынаста екендігін, кімнің үйіне және қай жерлерге жиі баратындығын, тағы да басқа мәліметтерді жинап беру жедел-іздістіру органдарының қызметкерлеріне тапсырылады. Осымен қатар тергеуші кейбір күрделі тергеу әрекеттерін өткізуге көмек беру үшін жедел-іздістіруші органның қызметкерлерін шақырып, тергеу әрекетін өткізу үстінде оларға арнайы тапсырмалар береді.

Күрделі тергеу әрекеттерін тергеуші жедел-іздістіру органдарының қызметкерлерімен бірлесіп, іскерлікпен өткізуі бұл тергеу әрекетінің нәтижелігін сөзсіз арттырады.

Есірткілердің заңсыз айналымының қылмыс ісімен табысты күресуге қол жеткізетін алғы шарттың бірі болып, алдын ала тергеу мен анықтау органдарының өзара байланысы.

Байланыс түрлері екіге бөлінеді:

- Қылмыстық іс жүргізу;
- Ұйымдастырушылық – қызметтік.

Қылмыстық іс жүргізу байланысының мәні мынада:

- тергеуші анықтау органының қызметкеріне жеке бір тергеулік әрекеттерді орындауды тапсыруы;
- орган іздістіру әрекетін орындауды тапсыруы;
- тергеулік әрекет кезінде, тергеушінің анықтау органының қызметкерлеріне өзінің көмегін тигізу.

Ұйымдастырушылық – қызметтік байланыстың мәні:

- мәліметтермен өзара алмасу;

- келісілген жұмыс жоспарын құру;
- бірге атқарған жұмыстың қортындысын шығару.
- Ұйымдастырушылық – қызметтік байланыстың мысалы ретінде мынадай әрекеттерді келтіруге болады:

1. Алғашқы тергеу ісінің материалдарымен бірге танысып, саралап және талқылап, содан кейін қылмыс ісін ашып, тергеу шараларының келесі жоспарын жасау.

2. Тергеуші мен анықтау органының оперативтік қызметкерлерінің тергеулік-оперативтік топта бірігіп жұмыс істеуі.

3. Тергеуші мен анықтау органының оперативтік қызметкерлері арасында тұрақты түрде мәліметтермен алмасып отыру.

Тергеуші мен анықтау органының өзара байланысының ең тиімді түрі тергеулік оперативті топ құру, бұл мыналарға мүмкіндік береді: тергеу барысының басынан аяғына дейін тергеуші мен оперативтік қызметкер әрекеттеріне келісіп отырып істеуіне; тергеуші мен оперативтік қызметкердің міндеттерін анық айыруға; тергеулік-оперативтік қызметкері арасында мәлімет алу жеңілденеді; тергеулік және іздестіру әрекеттерін міндетіне алғандарды бақылау оңдалады; топқа қатысушылардың өзара қарым-қатынасы жақсарады, себебі олар бірлесіп жұмыс істейді, сондықтан өзара сыйластық туындайды.

Қаралып отырған қылмыс бойынша тергеушінің анықтау органына беретін тапсырмасы мынаған бағытталған:

1. қылмыстық топтың ұйымдастырушыларын, есірткіні дайындаушыларды, өткізушілерді, есірткіні сақтап және тасымалдаушы тұлғаларды анықтауға. Бұл топтың басқа топтармен, үкімет басындағы қызметкерлермен, медициналық мекемелермен байланысын анықтау;

2. қылмыстық топтың арасындағы қолданылатын барлау құралдарын бүркемелеуді, белгі беруді, хабарлауды, ақшамен есеп айырысу жүйесін, тасымалдау тәсілдерін, кезекті есірткелік заттың өткізілетін уақыты мен орнын анықтау;

3. Қылмыстық топтардың арасындағы қолданылатын барлау құралдарын бүркемелеуді, байланысты, белгі беруді, хабарлауды, ақшамен есеп айырысу жүйесін, тасымалдау тәсілдерін, кезекті есірткілік заттардың өткізілетін уақыты мен орнын анықтауға;

4. Қылмыспен тапқан байлықтардың бөлісу тәртібін анықтауға;

5. Өзінде есірткілік зат бар тұлғаларды анықтап және ұстау үшін оперативтік-іздестіру шараларын қолдануға;

6. әлі іздестіруге есірткелік заттың сақталатын орнын анықтап, табуға;

7. Есірткілік затты дайындау үшін реактивтермен, жартылай дайын шикізатпен қамтамасыз ететін жүйені анықтауға;

8. Есірткілік заттарының өту жолдарын анықтауға.

Сонымен қатар анықтау органының міндетіне, тергеушінің тапсырмасы бойынша сезіктілерді ұстау, басқа да қылмыстарды анықтау, есірткі қабылдаушы тұлғаларды анықтау, есірткі шегу үшін қолдануға барушыларды анықтап, олардың сол жерде қанша уақыт болатынын және сол жерге қаншалықты жиі болатындығын, жасалған қылмыстың бар не жоқ екендігін анықтау жатады.

Сонымен, тергеуші мен оперативтік қызметкерлердің есірткі заттардың айналымының қылмыс ісін тергеудегі ең маңызды байланыс түрі – тергеулік-оперативтік топ құру. Бұл топтың тұрақты түрде құрылғаны пайдалы себебі: бұл топтың әрқайсысының міндеті өздері не белгілі болады; екіншіден бір топта тұрақты қызмет атқырып жүргендіктен өзара сенім арта түседі; үшіншіден шұғыл жағдай өзгергенге байланысты бірінің міндетін бірі орындауға мүмкіндік туады; төртіншіден бұл ең бастысы мәліметтік кеңістіктің бір болуы, олар дәлелдік және

бағдарлық мәліметтер, бұл мәліметтерді есірткелердің заңсыз айналымының қылмыс ісін ашу және тергеу мақсатына кеңінен қолданылады.

Есірткіге байланысты қылмысты болдырмау мақсатындағы ішкі істер органдарының шаралары.

Қаралып отырған мәселе бойынша республикада ішкі істер органдарының қатысуымен бірқатар шаралар қолданылып жатыр.

Өсімдіктен дайындаған (сора, көкнар) есірткілік заттардың таралуын болдырмау үшін жалпы мемлекеттік шара қолданылуда, ол үшін осы өсімдіктердің табиғи өсіп жатқан (Шу алқабында) жерін жою іске асырылып жатыр, олардың вегетациялық және пісіп-жетілу кезінде сол жерге тұрғындардың баруы шектелуде, сонымен қатар сора мен көкнарді заңсыз өз бетімен өсірумен айналысытындары анықтап, сол өсімдіктерді жоюға әрекет жасалуда.

Есірткінің заңсыз айналымымен айналысқан Алматы, Ақмола, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан және Ақтөбе облыстарының қылмыстық топтары жойылды. Жамбыл облысындағы қылмыстық топтан былтырғы жылдың тамыз айында 4 тоннадан аса марихуана есірткі заты алынды. Батыс Қазақстан облысында Жайық өзені бойында орманды жерде қара сора екен. Оның өсіміне күндіз-түні қарулы күзет қойып қараған 4 адамнан тұратын қылмыстық топ қолға түсті.

Аумақаралық байланыстардағы қылмыстық топтар бойынша жедел мәліметтерді жүзеге асыру нәтижесінде және жүйкеге әсер ететін есірткі құралдарын тасымалдайтын Қазақстан арқылы Ресейге транзиттік жол көрші республиканың ішкі істер органдарының қызметкерлерімен өткен жылы Тәжік қылмыстық топтарынан байланысы бар адамдарды анықтауда есірткі тасымалдайтын 3 канал жойылды.

Қазақстан Республикасы Ішкі Істер министрлігінің Есірткі бизнесіне қарсы күрес және есірткі айналымын бақылау жөніндегі комитет қызметкерлерімен Тәжікстан, Қырғызстан және Қазақстан азаматтарынан тұратын қылмыстық топтарды анықтауда тиімді жұмыстар жүргізілуде.

Ұжымдық қауіпсіздік Хатшылық кеңестің бастамасымен болып өткен “Канал-2006” жедел профилактикалық іс-шаралары операция барысында Ұжымдық қауіпсіздік жөніндегі шартқа қатысатын мемлекеттердегі каналдарды жою, есірткі құралдарының, психотропты заттардың және қылмыстық топтарды анықтау және жолын кесу қаралды.

Есірткілік және жүйкеге әсер ететін заттарды Қазақстан Республикасының территориясынан өткізбеу мақсатында аэропортта, вокзалда, автомобиль, теміржол көліктерінде тексерілу жүргізілуде.

Сонымен қатар есірткіге байланысты қылмысты болдырмау үшін ішкі істер органдары нашақорларды анықтап, олармен күрес жүргізуде. Ол үшін мынадай шаралар қолданылады:

- есірткіні жаңадан қабылдап, әуестене бастағандарды анықтап, есепке алу;
- әкімшілік, қоғамдық және емдеу-алдын-алу шараларын анықтап және қолдану;
- есірткіні жаңадан қолдана бастаған жасөспірімдердің ата-аналары арасында тәрбиелік жұмыс жүргізу;
- жасөспірімдерге теріс өнеге көрсетуші бөгде тұлғаларды анықтап және шеттетіріп бейтараптандыру;
- осы категориядағы тұлғаларға тұрақты түрде бақылау жасау.

Алдын-алу шаралары: барлық есірткі қабылдаушыларды анықтау және есепке алу; әрқайсысымен жеке тәрбиелік жұмыс жүргізу; дәніккен нашақорларды еріксіз емдеуге жіберу; есірткілік заттарды заңсыз алатын көздерін жабу; тұрғындар арасында медициналық мекемелерде, өндірістерде, оқу орындарында профилактикалық жұмыс жүргізу; есірткілерді ұрлауға және барлау мақсатында қоймалардың, дәріхана, поликникалардың, емханалардың күзетін күшейту.

Есірткі құралдарының, психотраптық заттардың және прекурсорлардың контрабандалық жолмен, темір жолдармен өтуіне жол бермеу мақсатында 167 “тосқауылдар” құрылды.

Сараптаманы тағайындау және жүргізу.

Сараптама – қылмыстық немесе азаматтық істерді дұрыс шешуде маңызды, нақты деректер мен жағдайларды анықтау мақсатында тергеушінің (соттың) тапсырмасымен заттай айғақтарды және материалдарды зерттеуге сарапшы қатыстырылатын іс жүргізу әрекеті. Криминалистік сараптама көп жағдайда қылмыс жасалған қару мен құралды оның сыртқы түрі бойынша бейнелейді.

Сараптама іс жүргізуге қатысатын, өздерінің немесе құқықтары мен мүдделерін қорғайтын адамдардың бастамасы бойынша тағайындалуы мүмкін. Өздерінің немесе құқықтары мен мүдделерін қорғайтын адамдардың бастамасы бойынша тағайындаған кезде, тергеушіге өз пікірінше сарапшының қортындысы берілуге тиіс мәселелерді жазбаша түрде ұсынады, зерттеу объектілерін көрсетеді, сондай-ақ сарапшы ретінде шақыруға болатын адамды атайды. Бұл ретте шешуге ұсынылған мәселелер қылмыстық іске жатпайтын немесе сарапшының құзіретіне кірмейтін жағдайлардан басқасында тергеушінің сараптама тағайындаудан бас тартуға құқы жоқ.

Сараптама тергеушінің не соттың тапсыруы бойынша заңда көрсетілген іс жүргізушілік нысанға әртүрлі объектілерді тиісті мамандардың зерттеуіне және сол зерттеулердің негізінде арнайы сұрақтар бойынша қортынды беруден тұратын іс жүргізу әрекеті. Сот-сараптамасы – шешілуі үшін маңызы бар жағдаяттарды анықтау мақсатында, арнаулы ғылыми білім негізінде жүргізілетін қылмыстық, азаматтық немесе әкімшілік істердің материалдарын зерттеу болып табылады. Сот сараптамасы арнайы білім ретінде қарастырылады, яғни бұл білім мен техниканың негізін құрушы, сонымен қатар басқа да әртүрлі білімдердің белгілі бір әрекетке тиісті бағытта қолдануға болатын ілім. Қылмыстық сот өндірісінде арнайы білім – табу, бекіту, алу, айғақ заттарды зерттеумен және оны бағалауда қолданылады. Сараптама тағайындау үшін қаулы шығарылады (ҚР, ҚІЖК-ң 169 бабы), онда сараптама тағайындау үшін негіздер көрсетіледі; сараптама жүргізетін мекеменің аты және сарапшының фамилиясы; шешілетін сұрақтардың тізімі және сарапшының қарамағына берілетін материалдардың тізімі көрсетіледі.

Егер сараптама жүргізуді сот сараптамасы органының қызметкері болып табылмайтын адамға тапсыру ұйғарылса, оны тағайындау туралы қаулыны шығарғанға дейін тергеуші сараптама тапсыруды белгілеп отырған адамның

жеке басын, оның құзіреттілігін анықтауға, оның сезіктімен, айыпталушымен, жәбірленушімен, сараптау жүргізілетін адамман және іс жүргізуге басқа да қатысушылармен ара қатынасын анықтауға және сарапшыдан бас тартуға негіздердің бар-жоғын тексеруге міндетті.

Зерттеу мақсатын ескере отырып, жүргізетін мекемені таңдайды. Тергеу органдары мен соттың тағайындаған сараптамасын жүргізу үшін Әділет министрлігінің құрамында арнаулы сараптамалық орталық жұмыс істейді. Сараптаманы сот сараптамасы органының қаулысында көрсетілген қызметкері жүргізеді. Егер қаулыда нақты бір сарапшы көрсетілмесе, сараптама жүргізу мекемесінің басшысы сараптама жүргізуді жеке сарапшыға тапсырады. Бұл туралы сараптама тағайындалған тұлғаға хабарлайды. Сот сараптамасы органының басшысы сараптама жүргізуді ұйымдастырады, оны жүргізу мерзімін белгілейді, сараптамалық зерттеудің сапалы жүргізілуіне және материалдардың сақталуын қамтамасыз етеді. Зерттеудің нәтижесін және қортындысының мазмұнын алдынала белгілейтін нұсқаулар беруге басшының құқығы жоқ.

Есірткі немесе психотроптық заттардың заңсыз айналымына байланысты қылмыс ісін зерттеу кезінде, арнайы ғылыми білімді қолданудың ең көп тараған түрінің бірі соттық сараптама тағайындау және жүргізу болып табылады. Есірткі немесе психотроптық заттардың түсін, салмағын анықтау қажеттілігінен, олар есірткі заттар туралы тізімге сәйкес мемлекеттік бақылауға жатады және еркін айналымғы шығару ісіне тиым салынған.

Есірткі немесе психотроптық заттарға сараптама жүргізу үшін қылмыс ісінің жайына қарай, ұқсастыратын нысан нақты көрсетілуі өте маңызды.

Есірткі немесе психотроптық заттардың заңсыз айналымына байланысты қылмыс ісі бойынша іс жүзінде кез-келген сараптаманы тағайындауға болады. Дегенмен есірткі заттарды анықтау мақсатында өзіне тән және ең көп тағайындалатын сараптама мыналар болып табылады:

- *соттық –фармакологиялық;*
- *соттық-химиялық;*
- *соттық-биологиялық (ботаникалық)*
- *соттық-медициналық;*
- *соттық-психиатриялық;*
- *соттық-агротехникалық.*

Ал криминалистикалық сараптама жағынан: трасологиялық, дактилоскопиялық, қол жазбалық.

Есірткілік заттарды сараптаудың шешетін мәселесін шартты түрде екіге бөлуге болады. Олар:

1. *Ұқсастыру мәселесі.*
2. *ұқсастырылмайтын мәселе.*

Ұқсастыру бойынша қойылатын сұрақтар:

- *зерттеуге арналған заттың шыққан тегін анықтау;*
- *зат есірткіге жата ма, солай болса оның нақты қай түрі;*
- *тапсырылған құрал-жабдықта есірткі дайындауға қолданылған заттың қалдығы бар ма;*
- *тексеріліп отырған заттың топтық құрамы қандай;*

Сараптамаға тапсырылған заттардың дайындалуына қарай ортақ шығу көзі бар ма, немесе есірткілік зат дайындаған өсімдік шикізатының шыққан жері біреу ме?

Ұқсастырылмайтын бойынша қойылатын сұрақтар:

- *тапсырылған заттардың, материалдар мен құрал-жабдықтардың көмегімен есірткі дайындауға бола ма?*
- *Көрсетілген синтез тәсілі бойынша есірткі зат алуға бола ма?*

- *Есірткіні дайындау үшін қандай заттар, материалдар мен құрал-жабдықтар қажет?*
- *Сараптамаға тапсырылған есірткі зат қандай тәсілмен дайындалған?*
- *Осындай мөлшердегі есірткі дайындау үшін, қандай мөлшерде өсімдік шикізаты қажет?*

Қолдан дайындаған есірткіге криминалистік сараптама тағайындаудың ерекшелігі.

Кейбір жағдайларда қолдан дайындаған өсімдік есірткіге ботаникалық және топырақтану сараптамалары тағайындалуы мүмкін. Мысалы, айыпкердің айтуымен психотроптық құрамында бар саңырауқұлақ терілген жерді тексеру керек болады, себебі ол саңырауқұлақтың төменгі жағынан алынған жердің топырағы жабысып қалады. Бұл топырақтану сараптамасы.

Астыртын өндіріс орнанда немесе жасырын лабораторияларды жинақталып алынған есірткілік заттарға сараптама тағайындаудың ерекшелігі. Мұндай қылмыс ісін тергеу кезіндегі негізгі мақсат алынған бастапқы химиялық реактивтерден, химиялық қосындылардан, құрал-жабдықтардан табылған есірткілік заттарға сараптама жасаудың өзіндік мынадай ерекшелігі бар:

1. *Белгі басылған өзгермейтін үлгідегі хаттаудан табылған заттарға сараптама тағайындаған кезде қойылатын сұрақтар:*
 - *тапсырылған зат есірткілік зат па, егер солай болса ол қайсысына жатады, мөлшері қандай?*
2. *Белгі басылған өзгермейтін үлгідегі хаттауда ашылған немесе қайтадан дәнекерленген белгілері бар заттарға сараптама тағайындаған кезде қойылатын сұрақтар:*
 - *тапсырылған зат есірткілік зат па, егер есірткі болса ол қай түріне жатады, мөлшері қандай?*
3. *Табылған есірткі заттың хаттауы жоқ болып шыққан жағдайда, бірақ өндіргені туралы мәлімет бар сонымен қатар ол ошық сақталған.*

Бұл жағдайда салыстырмалы химиялық сараптама жүргізу керек. Соттық-химиялық сараптаманың негізгі міндеті – тексеріліп жатқан заттың қандай зат екенін, атап айтқанда ол дәрілік пе, егер дәрі болса есірткі затқа жата ма, соларды анықтау.

Бұл сараптаманың шешетін мәселелері: дәрілік заттар, солардың ішінде есірткілік заттар, психотроптық заттар, улы және күшті әсер ететін заттар, сонымен қатар қалдықтары қалған заттар – шприц, ине, ампула, флакон қағаздан жасалған хаттау т.б.

Соттық-биологиялық және соттық – агротехникалық сараптамалар өсімдіктерді, олардың бөліктерін, дәндерін, вегетация фазаларын, өсу жағдайы мен орнын, белгілі бір өсімдіктің алқапта егілген сипатын зерттеу үшін жүргізіледі. Химик, биолог сарапшылардың алдына мынадай сұрақтар қойылады:

- *осы зат есірткілік зат па, егер солай болса, ол қай түріне жатады, қандай тәсілмен дайындалған және оның салмағы қандай?*
- *тексерілетін затта есірткінің мөлшері қандай және ол қай жерден шықты?*
- *салыстырып отырған есірткі заттары бір жерден шыққан ба (фармакологиялық өндіріс, шығарылған партиясы, өсімдік шикі заттың өскен жері)?*
- *бұл өсімдіктің түрі қандай және ол есірткілік пе?*
- *бұл есірткілік заттардың өндіру технологиясы бірдей ме?*
- *Мына затта (егер зат микробөліктермен алынған болса) есірткінің ізі бар ма? Егер өсімдіктің өсу және вегетация фазасын анықтау қажет болса, бұл шикізаттың үлгілері тапсырылуы керек. Бұл өте қысқа мерзімде жасалған*

қылмыспен сараптамаға жіберу арасында олардың өсіп тұрған жерінен алынуы керек.

Егер есірткіні дайындау тәсілін анықтау қажет болса, онда салыстыру үшін қолданылуы мүмкін деген заттарды сараптамаға жіберу керек, олар пресс формалар, елегіштер, маталар, пышақтар, қырғыштар, кофе ұнтақтағыш, таразылар және т.с. болуы мүмкін.

Соттық-фармакологиялық сараптама мынадай мәселелерді шешуі мүмкін: заттық дәрілерде қоспа бар екендігі, оның қандай және қанша мөлшерде екендігі; егер бұл зат дәрі болса, емдеу мекемелеріне жіберу тәртібі, дәріханада бұл дәрілерді беру тәртібі қандай екендігі анықталады; есірткі дәрілердің емдеу мекемелерінде сақтау тәртібі қандай екендігі; затта (флакон, шприцт.б.) фармацевтік заттардың қалдығы (ізі) қалғанын оның нақты қайсысы екендігі.

Соттық-медициналық және соттық-психиатриялық сараптамаларды тағайындаған кезде, сарапшылар мынадай сұрақтарға жауап беруі мүмкін: осы адамда жақын арада есірткі қабылдаған белгі бар ма, болса ол қандай белгі; ол адам нашақор ма, болса оны еріксіз емдеуге жіберуге бола ма; бұл адам қылмыс жасау кезінде есі, қабілеттігі қандай еді (есірткілік психоз, патологиялық аффект) болды ма; есірткісіз тұра алмайтын жағдайға (мүдделіктің) душар болуына қанша уақыт болды.

Агротехникалық сараптама тағайындаған кезде марапшыға мынадай сұрақтар қойылуы мүмкін: алынған өсімдік осы алқапта өсірілген бе; осы алқапта қандай өсімдіктер егілген; осы егіннен алынатын өнімнің мөлшері шамамен қандай болмақ; тапсырылған өсімдік осы жылдың немесе басқа жылдың өнімінен алынған ба; бұл өсімдік арнайы өңдеусіз өз бетімен өсе ала ма; осы егілген өсімдік есірткілік пе; бұлар жабайы өскен бе, әлде баптап әдейі өсірілген бе?

Есірткені немесе есірткілік өсімдіктерді сараптамаға тапсырған кезде, оларды уақыт оздырмай тез арада жіберу керек, әйтпесе олардың уақыт өте өзгеріске ұшырайтын қасиеттері бар. Осы жағдай сараптаманы, қылмыстық іс қозғалмай тұрып, жасауға негіз болудың себебі.

Есірткілік дәрілерге немесе ашық дайындалатын есірткілік заттарға байланысты жасалған қылмысты тергеу кезінде жасалатын сараптаманың өз ерекшеліктері бар:

1. Белгі басылған өзгермейтін үлгідегі хаттаудан табылған заттарға сараптама тағайындалған кезде қойылатын сұрақтар:
 - тапсырылған зат есірткі болса, ол қайсысына жатады, мөлшері қандай?
 - Хаттауда жазылған атау заттың атауымен сәйкес келе ме?
2. Өзгермейтін үлгідегі хаттаудағы ашылған немесе қайтадан дәнекерленген белгілері бар заттарға сараптама тағайындаған кезде қойылатын сұрақтар:
 - тапсырылған зат есірткі болып табыла ма, егер солай болса ол қайсысына жатады?
3. Табылған есірткі заттың хаттауы жоқ болып шығады, бірақ бұл ашық өндірілгені туралы мәлімет бар, сонымен қатар ол ашық түрде сақталған. Бұл жағдайда салыстырмалы химиялық сараптама жүргізу керек.

Егер өсімдіктің өсу және вегетация фазасын анықтау қажет болса, бұл шикізаттың үлгілері тапсырылулары керек. Бұл өте қысқа мерзімде жасалған қылмыспен сараптамаға жіберу арасында олардың өсіп тұрған жерінен алынуы керек. Химик, биологтардың алдына мынадай сұрақтар қойылады:

- осы зат есірткі зат па, егер солай болса, ол қай түріне жатады, қандай тәсілмен жасалған және салмағы қандай?
- Тексеріліп жатқан затта есірткінің мөлшері қандай, ол қай жерден шықты?

- Бұл өсімдіктің түрі қандай және ол есірткілік пе?
- Бұл есірткінің өндіру технологиясы бір ме?
- Бұл өсімдіктің құрамында есірткілік затың ізі бар ма?

Соттық-медициналық және сот-психиатриялық сараптамаларды тағайындаған кезде, сарапшылар мынадай сұрақтарға жауап беруге тиіс:

1. Бұл адамда жақын арада есірткі қабылдаған белгі бар ма, бар болса қандай?
2. Осы адам нашақор ма, егер болса, еріксіз емдеуге жіберуге болса ма?
3. Бұл адам қылмыс жасаған кезде есі, қабілеттілігі қандай еді?
4. Есірткілік мүдделіктің пайда болуына қанша уақыт болды?

Есірткі қылмысына байланысты сарапшының қортындысы дәлелдеменің басты негіздерінің бірі болып табылады. Сарапшы қортындысы қылмыстық іс жүргізу заңында қаралған тәртіпке сәйкес және оның дәлелдеме ретінде пайдалану сапасына орай бағаланады. Осыған байланысты сарапшы тергеушінің ұсынған материалдарын пайдаланудағы әділдігі күдік келтірмей ме, сарапшы құқықтық мәселелерді шешуге жөнсіз араласқан жоқ па, міне осылар тексерілуі қажет.

Сарапшының қортындысының шындығын және оның өкілеттігін ғылыми жағынан бағалаудың маңызы айрықша. Бұл орайда сарапшының сол объектілерді ғана зерттегеніне, ұсынған объектінің алмастырылып кетпегеніне аса назар аудару қажет. Сонымен бірге сарапшы сүйенген бастапқы теориялық қағидалардың, оны қолдану әдісінің дұрыстығы, жүргізілген зерттеудің толықтығы, қылмысты істі нақты деректермен және сараптық зерттеу нәтижелерімен тұжырымдаудың негізділігі тексеріледі.